

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ**

**«БҰҚАР ЖЫРАУ ҮНІ»
республикалық ғылыми-шығармашылық конференция жинағы**

Астана, 2025ж.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
Б88

«Бұқар жырау үні» республикалық ғылыми-шығармашылық конференция материалдары. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2025 ж. 161 б.

ISBN 978-601-08-5478-9

Жинақ «Бұқар жырау үні» республикалық ғылыми-шығармашылық конференция материалдарын қамтиды. Жинаққа қазақ жыраулық өнерінің көрнекті өкілі Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармаларының тәрбиелік мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарыту негізіндегі мақалалар енгізілді. Жинақ білім беру мекемелерінің педагогтеріне, колледж студенттеріне арналған.

Редакция алқасы:

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы.

Мүшелері:

1. К.Б. Кипчакбаева – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК бөлім басшысы;
2. Ж.М. Кайркенова – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскер;
3. Ж.Т. Тулеугасимова – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскер;
4. Кусбекова Сандугаш Темировна – Астана қаласы әкімдігінің «№43 қосымша білім беру мектеп-орталығы» ШЖҚ МҚК директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
5. Кенжебаева Жұлдызай Құдабайқызы – Астана қаласының №75 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама 26.05.2025 ж. №2

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

ISBN 978-601-08-5478-9

©«Әдістемелік орталығы» МКҚК. 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Қолдарыңыздағы жинақ – халқымыздың рухани тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі, қазақ руханиятының аса көрнекті өкілі, дана жырау, кемеңгер мемлекет қайраткері, қазақ жыраулық өнерінің көрнекті өкілі Бұқар жырау Қалқаманұлына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарын біріктірген құнды басылым.

Мақсаты: Бұқар жырау Қалқаманұлының әдеби мұрасын кеңінен таныту, шығармашылығының маңыздылығын халық арасында насихаттау және жас ұрпаққа ұлы жыраудың идеяларын жеткізу.

Жинаққа енген баяндамаларда Бұқар жырау шығармашылығы жан-жақты талданып, тарихи, мәдени, әдеби және өнер салаларында жаңа қырынан танылды. Конференцияға ұсынылған бұл баяндамалар – тек ғылыми ой-тұжырымдардың жиынтығы ғана емес, сонымен қатар, ұлттық болмысымыз бен тарихи жадымызға деген жауапкершілікті сезінудің айқын көрінісі.

Пленарлық отырыста оқылған баяндамалар ішінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.О.Артықбаевтың «Бұқар жырау шығармаларындағы көне ұғымдар мен жұмбақ сөздер» атты еңбегі жырау тіліндегі терең мағыналы, беймәлім сөздер мен ұғымдардың мәнін ашуға бағытталса, философия докторы Ж.Т.Кәріпбаевтің «Бұқар жырау және қазақ мемлекеттігі» баяндамасы жырау мұрасының мемлекеттік тұтастық пен ел бірлігіне қосқан үлесін саралайды.

Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы Күліш Төлеуханқызының «Бабалар ізімен» атты баяндамасы ұрпақтар сабақтастығы мен тарихи таным мәселесіне арналса, Қалиасқар Шыныбек өзінің «Бұқар жырау жырындағы ұлттық рух» еңбегінде жырау туындыларындағы ұлттық идея, рух пен намыс мәселелерін талдайды.

Мәдениет саласының үздігі, өнер саласының ұйымдастырушысы Ермухамбетұлы Бауыржанның «Бұқар жырау – көмекей әулие» атты баяндамасы жыраудың өмірі мен оның тарихи бейнесін айшықтай түссе, суретші, ұстаз Амантай Нұртайұлы Акишевтің «Он бір бағыттағы он бір қадам» атты жұмысы руханият, өнер мен тәрбие тоғысындағы тың бастамаларға назар аударады.

Сондай-ақ, Күліш Төлеуханқызының «Бабалар ізімен» атты баяндамасы ұлт жадының сабақтастығына назар аудартса, Қалиасқар Шыныбектегінің «Бұқар жырау жырындағы ұлттық рух» баяндамасы елдік идея мен рухани тұтастықты алға тартады. Ермухамбетұлы Бауыржанның «Бұқар жырау – көмекей әулие» атты баяндамасы жыраудың дара болмысын тереңнен суреттесе, Амантай Нұртайұлы Акишевтің «Он бір бағыттағы он бір қадам» еңбегі ұлттық тәрбие мен шығармашылықтың тоғысындағы тың идеяларды ұсынады.

Конференция төрт секциясы да Бұқар жырау шығармашылығы мен тұлғасын әр қырынан тануға бағытталған:

№1 секция – «Жыраудың ізімен». Бұл секцияда қатысушылар Бұқар жыраудың толғаулары негізінде өз шығармашылық туындыларын – төл толғауларын оқыды. Жыраулық дәстүрді жалғастырушы жастардың орындау шеберлігі мен мазмұн тереңдігіне ерекше мән берілді. Өзге ұлт өкілдері кемінде 15 жыр-толғауды жатқа, мәнерлеп орындау арқылы жырау мұрасына деген құрметін танытты. Қазылар алқасы көркем оқу мәнерін, сахналық бейнесін, ұлттық киім үлгісін бағалады.

№2 секция – «Бұқар жырау үні». Секция қатысушылары Бұқар жырау Қалқаманұлының толғауларын ұлттық аспаптарда (қобыз, домбыра, сырнай, т.б.) орындау арқылы рухани үндестік орнатты. Жыраулық саздың тереңдігін жеткізе білген орындаушылар халықтың рухын сезіндіре білді.

№3 секция – «Ай, айтамын, айтамын». Бұл бағытта Бұқар жыраудың ел тағдырындағы тарихи рөліне, саяси-әлеуметтік қызметіне арналған ғылыми баяндамалар ұсынылды. Қазылар алқасы баяндамалардың өзектілігіне, ғылыми дәйектілігіне және баяндау шеберлігіне баса назар аударды.

№4 секция – «Толғаулардан туындыға». Секцияның ерекшелігі – жырау шығармаларындағы көркем бейнелер мен тарихи оқиғалардың негізінде бейнелеу және қолөнер туындыларын жасау. Қатысушылар сурет, ағаш ою, батик, киізбен жұмыс, тоқыма, кесте, жұмсақ ойыншық сынды әртүрлі қолөнер бағытында өз еңбектерін ұсынды. Сонымен қатар, конференция барысында қатысушыларға арнайы тапсырма бойынша туындыны сол жерде орындау міндеттелді. Қазылар алқасы туындылардың техникалық күрделілігіне, идеялық мазмұнына және ұлттық нақышының сақталуына ерекше мән берді.

Бұл жинақ – қазақ руханиятының тамырына терең бойлаған ғылыми еңбектер арқылы Бұқар жырау мұрасының жаңа қырларын ашып, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие мен тарихи сананы қалыптастыруда таптырмас құрал бола алады деп сенеміз.

Конференцияға қатысып, баяндамаларын ұсынып, осы басылымның жарық көруіне үлес қосқан барша ғалымдар мен мамандарға шынайы алғыс білдіреміз.

Конференцияның ұйымдастыру комитеті

Бұқар жыраудың ұлт тұтастығын сақтау жолындағы тарихи рөлі

Бұқар жыраудың даңқты сөздері ұлттың рухани дүниесін жаңғыртып, қазақ мемлекеттілігі мен тәуелсіздігі жолында маңызды құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге септігін тигізді.

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығы мен оның тарихи рөлі қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасу кезеңімен тығыз байланысты. Жыраудың шығармалары, оның саяси көзқарастары халықтық ұлттық рухының бірігуіне ықпал етті.

Бұқар жырау – XVIII ғасырда өмір сүрген ақын. Бұқар туралы нақты дерек - XVIII ғасырдың екінші жартысында хандық құрған Абылайдың кезінде өмір сүруі.

Жырау өз шығармаларында қазақ халқының бірлігі мен ынтымағының маңыздылығын үнемі көтерген. Оның жырлары мен толғауларында қазақ қоғамының саяси жағдайы, хандықтың ішкі тұрақтылығы, елдің тұтастығы мен ортақ мүдде үшін бірігу қажеттілігі басты орын алады. Әсіресе, қазақ хандығының ішкі саяси жағдайында, әртүрлі ру-тайпалар арасындағы алауыздықтар мен қақтығыстардың ұлттың бірлігіне кері әсер еткенін түсініп, Бұқар жырау елді ұлттың болашағы үшін бірлік пен ынтымаққа шақырды.

Бұқар жыраудың «Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестің қиын кезеңінде» қазақ халқының бірлігін сақтаудың қаншалықты маңызды екенін түсінгені көрінеді. Ол ұлттың бірлігін сақтау арқылы тек сыртқы жаулардан ғана емес, ішкі мәселелерден де қорғауға болатынын айтты.

Бұқар жырау өнернамасы заманның тілі, үні, сыры деуге лайық. Академик-жазушы Сәбит Мұқанов «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» дейтін кітабында (1942): «Бұқардың сөздері XVIII ғасырдағы қазақ тіршілігінің энциклопедиясы» деп жазады. Оның шығармаларындағы ұлттық философия мен адамгершілік құндылықтар бүгінгі ұрпаққа да өте маңызды. Қазақ халқының тарихын, батырлықты, ерлікті, әділдікті дәріптеу арқылы ол ұлттың тарихи санасын қалыптастырды.

Бұқар жырау қазақ хандығының саяси құрылымының тұрақтылығын сақтауға және мемлекеттің бірігуін қолдауға барын салды. Оның шығармаларында мемлекеттік биліктің әділ болуы, елдің ішкі саяси тұрақтылығының маңызы, хан мен халық арасындағы байланыс туралы идеялар кеңінен көрініс тапты. Ол хандық билікті халықтың игілігі үшін жүргізуге шақырды.

Бұқар жырау «ханның әділ болуы» және «қоғамның әділ болуы» идеяларын насихаттай отырып, ұлттың болашағы үшін саяси тұрақтылықтың

қаншалықты маңызды екенін түсіндірді. Ол әділ билік жүргізетін ханның ғана елдің бірлігін қамтамасыз ете алатынын айтты.

Қазақтың хандық дәуірінде қазақ хандары Бұқар сияқты халықтың сөзін ұстанған жыраулардың айтқан сынын тыңдап, содан нәтиже шығарып, тіпті қысылғанда жыраулардың кеңесіне құлақ асып іс қылғанына ескі тарих куә. Хан Абылай да Бұқар жыраудың өткір сындарына әр кез құлақ асып, оны ел ісінде ескерген. Міне, бұрынғы билікпен оның тағылымы осы. Бұған мысал жыраудың Абылай ханға айтқан мына сөздері

Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атаңды білмес құл едің.
Ата тегін сұрасаң,
Арқар ұранды жат едің,
Қай жеріңде төре едің?!
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма!
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба!
Күнінде мендей жырлайтын
Тоқсан үште қария
Енді саған табылмас!

Бұқар өз кезеңінің қабырғалы биінің бірі болған. Ол көп уақыт сарай маңында болып, ел басқару ісіне де тікелей араласып Абылайға ақыл-кеңес беріп, ықпалын тигізіп отырған. Жырау бір өлеңінде:

Шашырап шыққан қандар көп

Шашау жатқан малдар көп, - деп, елді шашау шығармауға үндейді. Жырау Абылай қателескен кездерде кемшілігін бетіне басып айтса, реті келген жерде ел арасында мақтап та отырған. Оны мына бір үзіндіден айқын көруге болады:

Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың,
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың,
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз...

Жалпы, Бұқар жыраудың телегей-теңіз жыр жолдары халқымыздың тарихынан мол дерек беретін қайнар бұлақ.

Оның негізгі көзқарасын айқындайтын «Абылай туралы», «Керей қайда барасың», «Айналасын жер тұтқан» т.б. өлеңдерін алсақ, Бұқар, сол таптың қамқоршы кәриесі, қадір тұтқан жырауы екендігі аңғарылады. Бір жағынан ол Абылайды мақтап, оны басқалар алдында бедел етіп дәріптесе, екінші жағынан оның кемшіліктерін бетіне басып сынайды.

Бұқар жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері де мейлінше әшкереленеді.

Мысалы, «Қилы заман» толғауында мысықтабандап келе жатқан бұлдыр заманды елестетеді: «Күнбатыстан келер бір дұшпан, Ақырда шығар сол тұстан. Өзі сары, көзі көк, Діндарының аты – боп. Күншығысқа қарайды, Шашын алмай тарайды. Құдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жоқ, Затсыз, тексіз бір кәпір. Аузы-басы жүн кәпір. Жаяулап келер жұртыңа. Жағалы шекпен кигізіп, Балды май жағар мұртыңа. Жемқорларға жем беріп, Азды көпке теңгеріп, Ел қамын айтқан жақсыны Сөйлетпей ұрар ұртыңа. Бауыздамай ішер қаныңды, Өлтірмей алар жаныңды, Қағазға жазар малыңды, Есеп алар пұлыңа, Солдат алар ұлыңнан. Күндердің күні Абылай, Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан».

Қазақ қоғамының шынайы сәнінен, мәнінен айырылатынын, дінінің, тілінің тозатынын, қабілетсіздер, көргенсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, шынайы дәрменсіздік жайлайтынын, марқасқалардың төбесінде қара бұлт үйірілетінін баяндаған.

Бұқар жырау жыраулық өнер арқылы қазақ халқының рухани тәуелсіздігі мен ұлттық тәуелсіздігінің маңызды екенін насихаттады. Оның жырларындағы «тәуелсіздік» ұғымы тек сыртқы жаудан ғана емес, ішкі рухани құлдықтан да арылу деген мағынада көрінеді. Жыраудың шығармалары қазақ халқының еркіндігі мен ұлттық егемендігін сақтауда үлкен рөл атқарды.

Жалпы жыраулардың өлең құрылысы тәрізді Бұқар өлеңдері де ылғи толғау. Толғау-заманындағы әлеуметтік ірі мәселелерді қамти айтатын үгіт, дидактикалық өлеңдер. Жырау қоғамдық мәні бар үлкен-үлкен тақырыпты алады да, аз сөзге көп мағына сыйғызып, кеңінен шоли айтады, жарқыншақ ой болмайды. Толғауда ой желісі үзілмей пікірі тұтас, бір қазықтың айналасында болып шығады. Ой өрісінде шашыраңқылық жоқ, бір бүтін кесек, «дауын да, шешуін де» өзі айтқан пікір болып келеді. Бұқар жырау ханға немесе билік басындағыларға бағытталған сөздерінде елдің игілігі үшін дұрыс басшылықтың, халықтың қамын ойлаудың маңыздылығын көрсетеді. Ол ханға арнаған өсиеттерінде әділ, дана, халықты сүйетін басшы болу керектігін айтқан. Билікке ие болған адамның қоғамға жауапкершілігі жоғары болуы тиіс деп санады.

Бұқар жырау шығармаларында рухани құндылықтарға ерекше көңіл бөлінді. Ол өз шығармаларында тек материалдық игіліктерді емес, рухани құндылықтарды да дәріптеді. Жырау халықты рухани тазалыққа, имандылыққа және сабырлылыққа шақырды. Бұқар жыраудың поэзиясындағы моральдық-этикалық құндылықтар қазіргі заман үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жырау өзінің терең даналығы мен көрегендігі арқылы ұрпақтар арасында әділдік, адалдық және адамгершілік сияқты құндылықтарды сақтауға үндеді.

Қорытындылай келе, Бұқар жырау өзінің шығармашылығында ұлттың бірігуі мен өз тарихына деген құрметті, билікке әділдік талаптарын, ұлттық тәуелсіздікті сақтау идеяларын насихаттап, қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына үлкен үлес қосты. Оның моральдық және философиялық мұрасы ұлттың рухани дамуының маңызды бөлігі болып табылады. Бұқар

жырау өзінің поэзиясында қазақтың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлерін, мемлекеттің бірігуін, әділ билік пен халықтың бірлігін сақтаудың қажеттілігін уағыздай отырып, ұлттың болашағы үшін терең ойлар қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-том. Алматы, 1958 ж.
2. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Құрастырғандар: М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы. 1989 ж.
3. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. Алматы, 1991 ж.
4. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, 1995 ж.
5. Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Құрастырушылар: Адамбаев А. Жарқымбекова Т. Алматы, 1989 ж.
6. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ елінің тарихы. Алматы, 2010 ж.
7. <https://stud.kz/referat/show/47395>
8. <https://abai.kz/post/17755> Ақпараттық портал. Қазақтың ханы Абылай.
9. <https://egemen.kz/article/336835-buqar-dgyraudynh-danalyq-ghibratnamasy>
10. <https://www.bjj-gazeti.kz/kk/news/id/9597>

Агадилов Багдат Балтабекұлы
Астана қаласы, 43 ҚББМО
тарих пәнінің мұғалімі

Бұқар жырау шығармалары арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу

Бұқар жырау дәуір алшақтығына қарамай, жырларының әлеуметтік-саяси мазмұны мен тақырыбы жағынан да, бейнелеу тәсілдері мен көркемдік құралдары жағынан да өзінен бұрынғы жыраулармен терең үндесіп жатыр. Әсіресе, патша өкіметінің отарлау саясатын әшкерелу, Жиделібайсын секілді құтты қонысқа көшу жайындағы қоғамдық ойларымен ол, жыраулық поэзиясының басында тұрған Асан қайғыға егіздің сыңарындай ұқсас, рухтас дей аламыз. Бұл орайда Бұқарды Асан қайғының ісін жалғастырушы шәкірті деп бағалаған Бисембай Кенжебаев пікірін орынды деп санаймыз. Бір жағынан отаршылдық саясат белең алған кезде, екіншіден жоңғар басқыншылары халқымызды «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшыратқан тұста Абылай ханның қасында қолдаушы болған жырау.

С.Мұқанов Бұқар жыраудың толғауларының басым көпшілігі Абылай ханға арналып айтылғандықтан, жыраудың өзі сырттай Орда ақынына ұқсағанымен, толғаулары сол кездегі саяси-әлеуметтік тұрмыстың нақты көрінісінен туғанын айта келе: «Бұқар жыраудың шығармаларында

азаматтық, саяси мотиві терең, әлеуметтік маңызы зор. Ол Абылайдың мақтаушысы ғана емес, сыншысы да», - дейді.

Жыраудың шығармашылығынан туған жырлардың мазмұнына қарап насихат жырлар, толғаулар және арнаулар деп бөлуге болады. Бұқардың насихат жырлары адамгершілік тәрбиелік мәні зор идеяларға толы. Олүнемі ұрпаққа өлмес үлгі өнеге ретінде, жыраудың ұзақ жылдар бойғы тәжірибисінен туындаған адамгершілік тағылымдар. Ал жыраудың толғаулары уақыттың тезінен, Бұқардың талантынан туған философиялықметафизикалық, диалектикалық идеяларға толы дүниелер деп айта аламыз. Бұқардың шығармаларының жарық көруіне бірден-бір себеп болып, оны жинап зерттеген жазушы, ғалым М. Мағауин «Бұқар толғауларынан жыраудың өмірге, өзін қоршаған ортаға көзқарасы айқын аңғарылады» – деп, жазған болатын . Үшінші арнау жырлары болса өз заманының маңызды мәселелері мен әлеуметтік қайшылықтарын шешу жолында дүниеге келген, жыраудың өткір рухын, көрсететін туындылар болып табылады. Міне, осы үш бағытты ескере отырып Бұқардың жырларына үңілсек, біз оның әлеуметтік–философиялық дүниетанымына тереңірек бойлаймыз. Бұны Бұқардың дүниетанымын танудың методологиялық тәсілі сияқты қарауымыз керек.

Бұқар жырау өзі өмір кешкен тұста басқыншы жаудың езгісінде қалған халықтың басын құрап, азаттық күреске бастайтын қолбасшы батыр мен алғыр басшы қажет деп түсінді. Сыншы, болашақты болжағыш әулие жырау кісі есігінде жүрген Сабалақты жүріс-тұрысынан, мінезінен тегін адам емес екенін байқап, кереметтей қасиеттілігін танып, Орта жүзге хан болуына Бөгенбаймен бірге көп ықпал еткен. Ел басына күн туған кезде де ел басқарушылық қасиетін танып, үш жүздің басын қосар, заңғар қызмет атқарар, арыстан мінезді хан деп Абылайға зор сенім артады. Оның шығармаларының өзекті тақырыбы Отанды сүю, патриотизм болды. Ол қазақ халқының Жоңғар феодалдарына қарсы азаттық күресін жырлады, халықты бірлікке, ерлікке шақырды, осы күрестің ерлері – Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек сынды батырларды мадақтады. Жырау қазақтың үш жүзінің басын қосатындай бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құруды армандады. Қазақ елі сыртқы жаулардың шабуылы мен ішкі қырқыс-тартыстардан әлсіреген кезеңдегі хандардың ішіндегі ең мықтысы Абылай еді. Бұқар жырау халық үмітін ақтайды деген ниетпен хан образын асқан тұлға ретінде жырлады.

Бұқар жырау ел ішінің, ағайын арасының бірауызды болуын насихаттап, берекелі бірлікке үндейді. Жырау елдің тағдыры – «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығарып, қазақтың өзара елдігін сақтауында, сонда ғана тізгінін жауға бермейді – деп ынтымақшыл, бауырмашыл болуға шақырады. Яғни, жерінің бүтіндігін сақтау, қоныстарын жатқа алдырмау дұшпанға тізгін бермей, әрдайым сақ болып, жауынгерлік әзірлікте тұру қажеттігі – жырау идеяларының бірі. Оқу үдерісі — өте күрделі құбылыс. Мектепте білім берумен қатар оқыта отырып тәрбиелеу, оқушы санасының күнбе-күн жаңа біліммен жетіліп жаһандану үдерісіне еркін араласатындай

дамып отыруына күш салу, оқыта отырып өзіндік көзқарасын қалыптастыру, жан дүниесінің толығып, баюына, адамгершілік қасиеттер мен игі ұстанымдарға жол басшы болатын негіздердің қалыптасуына, сезімі мен мәдениетін көтеріп, адамгершілік ұғымдарын кеңейтуге, бәсекеге қабілетті жан-жақты, толық адам етуге күш салу, сол арқылы жеке тұлға қалыптастыру көзделеді. Кез-келген ортада әртүрлі жағдаяттарда өзінің құзіреттілігін таныта алатын жеке тұлға қалыптастыру, алған білім мен дағды, машықты өмірдің әр кезеңдерінде тиімді қолдана алатын, өзін жанжақтылыққа бағыттай алатын тұлға тәрбиелеу міндеттері жүктеліп отыр. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбында Бұқар жырау шығармашылығы мен толғаулары қамтылған. Бұл сыныпта оқушылардың мақамы да өзгере түседі, яғни алдыңғы сыныптарда таныс болған жыраулар толғауы енді таныс тақырыпқа айналып, тақырыптық аясын түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылар ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрларымен танысып, әдебиеттің келесі кезеңдерімен танысуға бет алады. Осы тұста зерттеу нысанына алынып отырған 9 сыныпта жыраулар поэзиясы келесі зерттеу объектісіне айналады. Жыраулар шығармаларымен танысу барысында оқушылардан талап етілетін басты мәселе толғаудың мазмұнымен танысып шығу болады. Толғаудағы басты ерекшеліктің бірі болып танылатын ырғақты сақтай отырып, жырдың өр рухын таныту үшін шығарманы мақамымен оқи білу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Х. Сүйінішәлиев «VIII- XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті», Алматы «Мектеп» 1989 ж
2. Әдебиетті оқыту әдістемесі/ Бітібаева, Қанипа, - Алматы : Рауан, 1997 . - 285 б
3. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 220
4. М. Көпеев. Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері. 7-том. Павлодар, 2006
5. Сыдықов Қ. Көркемдік өрнектер : (ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы ақын, жыраулар мұрасының көркемдік ерекшеліктері). - Алматы : Рауан, 1992. - 80б.
6. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілік оқармандарға арналған /құраст. Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. – Алматы. – Алматы кітап, 2011. – 150-159 б.
7. Бес ғасыр жырлайды : XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын жырауларының шығармалары. Екі томдық. Т. 1. / құраст.: М. Мағауин, М. Байділдаев. - Алматы : Жазушы, 1989. - 384б.
8. Алдаспан : XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы / құраст.: М. Мағауин. - Алматы : Жазушы, 1971. - 280б.
9. Қ. Мұхаметханов. «Қазақ әдебиеті» газеті. - №31, 32, 1982 ж.
10. Бабанский Ю. К. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985. - 208 с
11. Мағауин М. XV-XVII ғасырларда жасаған жыраулар. // Ана тілі, (1992, 8-16 бб.)

- 12.Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. 176 б. 22.
- 13.Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. 23.
- 14.Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы, 1995.
- 15.Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: Теориясы және практикасы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. - 304 б.
16. Ақын-жыраулар поэзиясы. Оқу құралы – Алматы: Ғылым, 2001. - 280 б.
- 17.Қалиев С. XV-XIX ғасырлар ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ойлар. – Алматы: Рауан, -1990. 88 б. 8.
- 18.Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998. 128 б.

Алпысбаева Назгуль Абдильдаевна
Шәкәрім университетінің магистранты,
Астана, №83 мектеп-гимназия,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бұқар жырау - ірі қайраткер

Ел арасында «*Көмекей әулие*» аталып кеткен әйгілі ойшыл Бұқар жырау Қалқаманұлын (1693–1787) білмейтін қазақ кем де кем шығар. Бірі Бұқар қаласының маңында туғандықтан Бұқар есімі берілді десе, енді бірі:

*«Есімің Бұқар болсын
Мінгенің тұлпар болсын,
Дауысың сұңқар болсын,*

Ісіңе халқың іңкәр болсын» деп бата берген Әнет бабасы қойған дейді. Кішкентай кезінен томаға тұйық болып ел арасында «кісікіік» атанған Бұқарды көпшілігі мылқау екен деп ойлаған [1]. Тек 12 жасқа толғанда арнасынан тасыған өзендей жыр толғауларымен бірден ел арасына танылып кетеді. Жыраудың әкесі Қалқаман батыр Тәуке ханның 90 мың қолын басқарған атақты қолбасшы әрі Бөгенбайдың әкесі Ақшаның сол заманда атағы шыққан сарбазы болған. Бұқардың жауға қарсы шығарған жырлары, елді бірлікке үндеген толғаулары ел арасына тез тарап, сол дәуірдің айнасына айналған. Өмірі жаугершілік заманмен тұспа-тұс келген абыз сол уақытта хандық еткен Абылайдың ақылшы биі болған. Тәуке ханның тұсында би болып атағы шыққан Бұқар Абылай ханға дейінгі хандардың бірімен де тіл табыса алмаған деседі тарихи деректер. Тіліп түсер турашылдық бірден байқалатын жырларының басты тақырыбы халқына деген ыстық махаббат болса, кей хандардың мүддесінің ел мүддесімен ұштаспай жатқан кездерінде бірбеткей мінезімен хандарға қарсы келген тұстары ұнамаған болар, кім білсін?.. Бұқар жырау жай өлең шығарып қана қоймай, түсінде көргендерін болжап, күрделі мәселелердің шешімін дәлме-дәл айтып отырған. Сондықтан болар сәуегейлігіне қатты сенген Абылай ылғи да «*сәуе айтшы*» деп үнемі өз өтінішін білдіріп отырған деседі. Жыршы көптеген толғауларын Абылай ханға арнаған. Ханды жоғары бағалап, көрегендігіне, даналығына, ұстанған

саясатына бас иген. «*Кіші қара қалмақ бұлерде, бұлт бұрқан болысты*» деп көп нәрсенің ел басқарып отырған ханға байланысты болатындығын, тақ үшін талас, қара басының қамын ойлаған билік ешқашан жақсылыққа апармайтынын өлеңдері арқылы ханға құлаққағыс қылып айтып отырған. Орыс зерттеушісі А.И.Левшинің өзі Абылайды Ресей мен Қытай сияқты екі алыптың ортасында жоғалып кетпеу үшін ұстанған саясатына тәнті болған. Ел бірлігін сақтауда, Жоңғар соғысы кезінде тамаша тактика ұстанған Абылайдың мәртебесі қаншалықты зор десек, оған ақылшы боп, жол көрсетіп отырған Бұқардың да алар орны ерекше. Абылай хан да Бұқарға үлкен сенім артып, одан үнемі кеңес алып отырған. «*Үш жүздің басын құрадың*» деп мадақтай отырып, кемшілігіне де тоқталған Бұқардың «*Ей Абылай, Абылай*» деп деп өктем сөйлеген сөзіне де реніш білдірмей, дұрысын дұрыс, бұрысын бұрыс деп шындықты бетке айтатын жыраудың даналығына сенген.

Бұқар елді біріктіруге арнап жазған саяси-әлеуметтік мәнді, өткір жыр-толғауларымен жалынды күрестің жыршысына айналады. Сол өзі өмір сүрген алмағайым тұстағы халықтың жан күйін, тарихын, тағдырын толғаулары арқылы жеткізе білген. Жалпы Бұқар өмір сүрген заман:

«Ай, заман-ай, заман-ай,

Түсті мынау тұман-ай,

Істің бәрі күмән-ай» болған шығыстан Қытай, батыстан орыстың қыспағына түсіп, жоңғарлардың ел мазасын алған, қайта-қайта шабуылы болып тұрған заманы еді [2]. Қытай императоры 1756 жылы қазақ даласына басып кіргенде:

«...Егер шүршіт қаптаса,

Алып бір кетер ақтарып

Көмулі көрден денеңді» деп жырау әсіресе жұмыртқадан жүн қырыққан Қытайдың жымысқы саясатынан тіксінген [3]. Сол жылдары оннан астам шайқас болып, шешуші «Шүршіт қырған» соғысында 20 мың қытайдың 2 мыңы ғана өз еліне оралғаннан кейін барып екі ел арасында тыныштық орнайды. «*Қытайдан қашсаң, орыс бар*», – деген ханға:

«Бөтен елмен үйір болып,

Іргеңізді қоспаңыз.

Зәбірі қатты бұ кәпір,

Алмай қоймас деменіз» – деп толғайды...

Бұқар куә болған қазақ пен жоңғар арасындағы соғыс әріден 1635 жылы билік басына Қара-Құл тайшының баласы Батыр қонтайшының келуімен басталады. Халдан Бошақты, Сыбан Рабтан, Қалдан Серен сынды қонтайшылар тұсында үлкен ұрыстар да болып тұрғаны тарихтан аян. Кейін Жалаңтөс Бахадүрден соққы алып, Орбұлақтағы жойқын соғыста жеңіліс тапқан жоңғар-қалмақтардың тіпті Тәуекел ханға бағынған кездері де болған. Бірде жеңіп, бірде жеңіліп өмір кешіп жатқан көршілес екі ел арасындағы осындай үлкен ұрыстар елді қатты титықтатып жібереді. Сол сияқты қашаннан қазақ жерін Азияға ашылатын қақпа деп есептейтін орыстар қазақты өзіне тәуелді ету үшін әскери бекіністер салып, түрлі экспедициялық жорықтар жасап, орыс мұжықтарын қазақ жерінің бай

құнарлы жерлеріне көшіру арқылы ақырындап территориямызға дендеп ене бастаған еді. Жоңғар қалмақтарының өктемдігі Бұқар өмірінің бірінші кезеңімен тұспа-тұс келсе, өмірінің екінші жартысында орыстардың қоқан-лоқысына куәгер болып, бүкіл саналы ғұмырында жауларымен алысып өткен. Тіпті реті келгенде қолына қаруын алып елмен бірге жауға шығып та отырған. 1723 жылы *«Фәни болған заман-ай»* деп Бұқар жырлаған атақты *«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»* басталып, Сарыарқа төрінде қазақ пен қалмақ арасындағы қанды соғыстар өршіп тұрған тұста Бұқар да батырлармен бірге ел қорғап, сол кездегі шешуші шайқастар мен тарихи оқиғалардың бел ортасында жүрді. Жырау 1726 жылы Шұна Дабо әскеріне қарсы Шұбартеңіз соғысына, 1727 жылы Бұланты шайқасына қатысып, сол жылы үш жүздің басы қосылған Ордабасы кеңесіне қатысады. Қалмақтар иеленген Балқаш жағасына келіп, жорық шатырын тіккенде жауынгерлерге рух беріп, батырлардың арасында жүрді. 1731 жылы Ресейден А.И.Тевкелев елшілігі келгенде Сәмеке хан жанында кеңесші болып отырған Бұқар: *«Ежелгі дос жау болмас, ежелгі дұшпан ел болмас»*, -деп өз ойынан хабар берген.

Бұқардың толғаулары елді бірлікке, татулыққа шақырады. Балапан басы, тұрымтай тұсы болған заманда *«Өлетұғын тай үшін, қалатұғын сай үшін, қылмаңдар жанжал, ерегіс»* деп мал мен жер үшін ерегесуге қарсылығын білдіріп, *«Ағайынның аразы елдің сәнін кетірер»* деп мұсылманның баласын бірауызды болуға үндеген.

Бұқар 1733 жылы Әбілмансұрдың *«Абылайлап»* кеп қолындағы қылышымен қалмақтың басын шауып алған мезетінің куәгері болып, кейін Баянауылдағы Сабындыкөл жағасында Абылайды Орта жүздің сұлтаны сайлаған елдің үлкен жиынын басқарады. 1739 жылы Телікөлде Әбілмәмбет хан сайланғанда Бұқар ел бірлігі, төрелер арасындағы алауыздық туралы айта келіп: *«Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз!»* деп елді біріктіруге тырысқан. Ал 1739 жылы Шардан батыр Тарбағатайға дейінгі жердегі қалмақтың бәрін кері қуғанда: *«Қалданменен ұрысып, Жеті күндей сүрісіп...»*деп жырлаған. 1740 жылы Бұқар жырау Башқұрт көтерілісін басқарып, жеңілген соң қазақ даласына қашып келген Қарасақалға ара түсіп, жанын алып қалған санаулы адамның бірі болды. Тарбағатай мен Алтайдан айырылып қалмау үшін жіберілген елшілік ішінде де жырау болған еді. 1760 жылы Абылайдың Қоқанға қарсы жорығында жасақ Шудан асып, елшілік Қоқан төңірегіне жетіп, соғыс өрті өршиін деп тұрған тұста:

«Ашуыңызды бассаңыз,

Айыбын аттай арқалап,

Алдыңызға келмей ме?» деп екі елді бейбіт жолға бастап жібереді.

Кейін *«Шаңды жорық»* барысында Абылай ордасы тігілген Шұбарағаш деген жерге Торғауыт елшілері келгенде:

«Кең Абылай – кең аям,

Телі менен тентегің

*Иіліп алдыңа келді, аям»*деп жауының аяғына келіп жығылғанын мақтанышпен жырлайды.

1765 жылғы Қоқанмен соғыста жараланған Абылайдың қасында болған Бұқар:

*«Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбандық қылсам,
Сонда да қалар ма екен жаның-ай?!»* деп күйзеледі [4].

Бұқар тек аласапыран соғыстарға қатысып қоймай, ел ішінде билік басында болып жатқан іргелі істердің басы-қасынан табылған. Тәуке хандық құрған тұста Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен бірігіп, 1710 жылы Қарақұмдағы Құрылтайда қабылданған «Тәуке ханның заңдары» деген заңды құрастыруға ат салысады. *«Алла аспанда емес, жерде емес – әркімнің жүрегінде... Ал заң сол сенімнен жоғары емес. Араб дәстүрі қазақ даласына келе бермейді, жері бөлек, ауасы жат, қылығы басқа»*, - деп қазақтың әдет-ғұрып пен шарифат заңдарына қатысты өз ойларын жеткізген. Сонымен қатар жырау 1741-1743 жылдары Әбілмәмбет ханмен Абылайды тұтқыннан босату мәселесімен де айналысып, 1743 жылы Нияз, Қазыбек би, Малайсары батыр бастаған қазақтан үш жүздей адамы қалмаққа елшілікке барып, Әбілмәмбет хан баласы Әбілпейіз сұлтанды аманатқа тапсырып, Абылайды тұтқыннан босатып алады [5]. Бұқар тек өзі ғана емес, баласы Жарылғапты да саяси іске араластырып отырған. 1769 жылы Абылайдың ұлы Уәлимен бірге Жарылғаптың елші болып барып, достық қатынас орнатып келуі осының айғағы. 1771 жылы жаз соңында Бұқар жырау Түркістанда Абылайдың үш жүзге хан сайлану рәсіміне қатысып, осы тойда ең бір ғажап толғауларын шығарады.

Абылай хан 1779 жылы Түркістанға сапарында Далба тауының баурайындағы Бұқар ауылына соғып: *«Мен жақында түс көрдім»* деп түсін жорып беруін сұрайды. *«Түсімде бір жолбарыс келіп шатырымның алдына мойнын созып, шөгіп жатып алды. Бұл не қылғаны деп жанына жақындап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. Аюға жақындасам, ол қасқырдай ырылдап ит-құсқа айналып, енді ит-құсқа қарасам, ол түлкі болып шыға келді. Осыдан кейін түлкінің орнына қарсақ, қоян, бақа-шаян, әйтеуір, неше түрлі жәндік толып кетті. Осы болды көргенім»*. Ханның жорамалы мен Бұқардың жоруы дөп келіп, екеуі де үнсіз қалады...

«Қызыққа тоймас адамзат! Өмірге тоймас адамзат! Үмітін қоймас адамзат!» деп жырлаған абызды өзі тапсырғандай Сарыарқа төсіне жерлейді халқы. *«Тоқсан жеті жасында, Асқар тауы құлатып, Арыстанды сұлатып, Шыдап қалай тұрайын, Егіліп мен жылайын»* деп досы Үмбетей жоқтап қала береді...

Өз заманының көрнекті өкілі, ұлы ойшылы, әйгілі жырау Бұқар жырау Қалқаманұлы халқының басына қайғылы күн туғанда халқын жырымен жебеп, жауын найзамын күйреген нағыз патриот жан бола білді. Толғауларынан заман лебін, елге деген, туған жерге деген махаббатын көреміз. Артынан қалған мұрасы әлі көп ұрпаққа азық болары анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Артықбаев Ж. «Атыңды Бұқар қойған сол себептен». Мақала. «Ана тілі» газеті, 23 тамыз, 2018 жыл.
2. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. -1 том. -Алматы, «Жазушы», 1989. -81-106 б.
3. Қуанғанов Ш.Т. Бұқар жырау және оның заманы - Алматы: Ғылым, 1992.- 48 б
4. Мағауин М. Қобыз сарыны: XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. Монография. - Алматы: «Атамұра», 2006.- 264 б.
5. <https://sputnik.kz/20230724/buqar-zhyrau-turaly-qyzyqty-dereker-37045154.html>

Альжанова Назгуль Сапарбековна

Қосшы қаласы, №1 Р.Қошқарбае атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі

Бұқар жырау Қалқаманұлы – Даланың дана жыршысы

Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ халқының XVIII ғасырдағы ұлы жырауы, көреген биі әрі мемлекет қайраткері. Ол шамамен 1668 жылы дүниеге келіп, 1781 жылы өмірден өткен. Бұқар жырау – Абылай хан дәуірінің рухани тірегі, қазақ елінің бірлігін, азаттығын ту еткен тұлға.

Жырау халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін терең сезініп, өлең-жыр арқылы жеткізді. Оның шығармаларында ел тағдыры, ұлт бірлігі, ерлік пен парасат тақырыптары айқын көрінеді. Бұқар жырау тек сөз шебері ғана емес, ел ішіндегі күрделі мәселелерді шешуде ханға ақыл берген кеңесші болған.

Бұқардың толғаулары философиялық тереңдігімен, нақыл сөздерге толы мазмұнымен ерекшеленеді. Ол халықты ынтымаққа, татулыққа шақырды, жікшілдікті сынға алды. Әсіресе, Абылай ханның жүргізген саясатына бағыт-бағдар беріп, мемлекет мүддесін жоғары қойған.

Жыраудың шығармашылығы – қазақ руханиятының алтын қазынасы. Оның «Атам десем атыңа лайық бол», «Бірлік керек, ағайын», «Көмек болмас ағайыннан» сияқты нақылға айналған жырлары бүгінге дейін мәнін жоғалтқан емес.

Бұқар жыраудың басты мұраты – қазақ елінің дербестігі мен тұтастығы еді. Ол өз заманының шынайы шежірешісі ретінде тарихтың қиын-қыстау кезеңдерін жыр жолдары арқылы ұрпаққа аманат етті.

Бүгінде Бұқар жыраудың өнегелі сөздері, елшіл рухы бізге үлгі болып келеді. Оның мұрасы – ұлттық бірліктің, халық даналығының мәңгілік ескерткіші.

Бұқар жырау тек ақын емес, саяси тұлға болды. Ол қазақ хандығының біртұтастығын сақтау үшін Абылай ханмен бірге маңызды шешімдер қабылдауға атсалысты. Жырау халықтың мұң-мұқтажын ханға жеткізіп, ел арасындағы бейбітшілікті нығайтуға тырысты. Оның «Ел бірлігі – басты байлық» деген идеясы бүгінгі күнге дейін өзекті.

Бұқар жыраудың шығармалары ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен. Оның өлеңдері мен толғаулары ұлттық рухты сақтауға және мәдениетті дамытуға үлес қосуда. Қазіргі таңда оның мұрасы Қазақстанның тарихи-мәдени қазынасының маңызды бөлігі болып табылады.

Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ халқының бірлігін ту еткен, даналық пен парасаттың биік үлгісін көрсеткен ұлы тұлға. Оның жырлары халқымыздың елдік рухын оятып, қиын заманда жол сілтеген шамшырақ болды. Бұқар жырау – өз заманында елдің болашағын ойлаған кемеңгер, халықты татулық пен әділетке үндеген ұлағатты ойшыл.

Бүгінгі күні Бұқар жыраудың асыл мұрасы – қазақтың рухани байлығының ажырамас бөлшегі. Оның әрбір толғауы – тарихтың тереңінен сыр шерткен, ұрпақты адамгершілік пен отансүйгіштікке шақырған асыл қазына. Бұқар жыраудың мұралары мәңгі жасайды, ал оның өнегесі әрдайым халық жадында сақталады.

Сондықтан, біз Бұқар жырау сынды дана бабаларымыздың аманатына адал болып, елдің бірлігін, тұтастығын, тәуелсіздігін көздің қарашығындай қорғауға тиіспіз. Оның сөзі – бүгінгі ұрпақ үшін де, болашақ үшін де бағасы шексіз рухани мұра.

Апендова Бейнегуль Тлеужановна

Күләш Байсейітова атындағы

ҚазҰОУ Дарынды балаларға арналған

мамандандырылған мектеп-интернатының

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

Бұқар жыраудың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі

Бұқар жырау — қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, өз дәуірінің терең ойшылы және философы. Оның шығармалары арқылы қазақ халқының рухани өмірі, қоғамдық қатынастары және адамгершілік құндылықтары көрініс тапқан. Жыраудың өмірі мен шығармашылығы үлкен әлеуметтік мәселелерді қозғап, сол дәуірдегі әділетсіздікке, қоғамдағы теңсіздікке қарсы күресті бейнелейді. Оның өлеңдері мен толғауларында халықтың әлеуметтік жағдайы, әділеттілік, теңдік мәселелері басты орын алады. Бұқар жыраудың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі — оның шығармашылығының негізгі тақырыптарының бірі.

«Бұқар жыраудың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі» тақырыбын алудағы басты мақсатым — Бұқар жыраудың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес тақырыбындағы шығармашылығын талдап, оның бүгінгі күнге дейінгі өзектілігін көрсету.

Бұқар жыраудың шығармаларында әлеуметтік әділетсіздік, халықтың тұрмысы мен биліктің халыққа қарсы әрекеттері кеңінен талқыланады. Жырау өзінің толғауларында ел ішінде орын алған әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы күресіп, әділеттіліктің орнығуын талап етеді. Әлеуметтік теңсіздік, биліктің халыққа деген дөрекі қатынасы, бай мен кедей

арасындағы алшақтық — бұл мәселелер жыраудың шығармаларында жиі кездеседі.

Жырау қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті ашық түрде сынайды. Оның ойынша, әділетсіз билік халықтың жағдайын ауырлатып, қоғамда тұрақсыздықты тудырады. Бұқар жырау бұл мәселелерді өзінің шығармаларында көтеріп, ел басшыларына әділ әрі халыққа қызмет ететін билік жүргізуді ұсынады.

«Теңдікті бер, әділдікті сақта,
Құдайға шүкір, адам боларсың.
Әділетсіздік пен теріс жолдан аулақ бол,
Қоғамда әділдік тұрса, тыныш боларсың».

Бұл өлең жолдарында жырау билеушіге әділетті болуды және халықтың әл-ауқатын ойлауды өсиет етеді. Әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес оның шығармашылығында үнемі байқалады, өйткені жырау қоғамда әділдіктің орнауын және халықтың тең құқықтық жағдайын қалайды.

Сонымен қатар, Бұқар жыраудың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресіндегі басты мәселелердің бірі — билік. Жырау билікке қатысты өз пікірін жиі білдірген. Ол билеушілердің әділетсіз әрекеттері мен халыққа қарсы қылықтарын ашық сынаған. Билеуші халықтың сеніміне ие болуы керек, өйткені билік халықтың жағдайын жақсарту үшін, қоғамның игілігі үшін қызмет етуі тиіс. Жыраудың пайымдауынша, билеуші тек күш көрсету арқылы емес, әділдік пен шындық негізінде басқаруы керек.

Жыраудың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі билікке деген әділетті талаптарды қойып, оның халқына деген жауапкершілігін ескертуде көрінеді. Билеушілердің, яғни ханның билігінде әділетсіздік орын алса, ол халықты жоқшылыққа, аштыққа, теңсіздікке әкеледі. Жырау бұған қарсы тұрып, ханға халықтың қамын ойлауды, оның жағдайын жақсартуды ұсынады.

«Ел билеуші әділ болса, халық тыныш,
Қолында қамқорлығымыз болар еді.
Ал әділетсіз билік болса,
Қара халық жапа шегеді, жылайды.»

Бұл өлең жолдарында жырау биліктің әділ болмауы халықтың ауыр жағдайына алып келетінін ескертеді. Әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес тек жеке тұлға ғана емес, бүкіл қоғамның мүддесі үшін маңызды екендігін көрсетеді. Жыраудың пікірінше, билеуші әділетті болуы қажет және халықтың тыныштығын қамтамасыз етуі керек.

Бұқар жырау әлеуметтік әділетсіздіктің салдарларын өте терең әрі түсінікті түрде талдайды. Әлеуметтік теңсіздіктің орнауы қоғамдағы тұрақсыздықты тудырады. Бай мен кедейдің арасындағы үлкен алшақтық, әділетсіз билік халықтың наразылығына, қақтығыстарға, әлеуметтік дағдарыстарға әкеледі. Жырау бұл мәселелерді жырларында көрсету арқылы әділетсіздіктің қоғамға, халыққа тигізетін залалдарын айтады.

«Әділетсіз билік халықты жояды,
Жұрттың көңілін қашырады.

Бірге тұрып, бір ел бола алмаймыз,
Егер әділеттілік болмай қалса.»

Бұл өлең жолдарында жырау әділетсіздіктің қоғамды жоятынын және оның ауыр салдары болатынын баяндайды. Әлеуметтік әділетсіздік халықтың алаңдаушылығына себеп болады және қоғамдық бірлікті бұзады. Бұқар жыраудың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі осы мәселелердің алдын алу үшін әділдік пен теңдікке шақырады.

Бұқар жырау әділеттілік туралы өз философиялық көзқарастарын өз шығармашылығында айқын жеткізеді. Әділеттілік — оның пікірінше, тек заңдармен емес, адамның жүрегімен қабылданатын құндылық. Ол әділеттікті адамгершілік пен ар-ожданнан жоғары деңгейде болуын талап ететін қасиет ретінде қарастырады. Әділетсіздік қоғамда үлкен түйткілдер туғызып, халықтың сенімін жоғалтады. Жыраудың шығармаларында әділеттілік қоғамдық өмірдің негізгі тірегі ретінде тұрады.

«Әділ бол, адал бол,

Қиянат жасама, о, патша!»

Бұл өлең жолдары арқылы жырау әділдік пен адалдықты жоғары қойып, патша мен билеушілердің халық алдындағы жауапкершілігін ескертеді. Оның пайымдауынша, әділеттілік қоғамда тыныштық пен тұрақтылықтың кілті болып табылады.

Бұқар жыраудың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі мен қазіргі заман туралы айтатын болсақ, оның әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресінің маңызы бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап отыр. Қазіргі қоғамда да әділетсіздік, теңсіздік және әлеуметтік проблемалар азайған жоқ. Бұқар жыраудың шығармалары арқылы біз әділетсіздікке қарсы күрестің, халықтың мүддесін қорғаудың және қоғамдық тұрақтылықты сақтаудың маңыздылығын түсіне аламыз. Оның ұстанымдары бүгінгі билік пен қоғам үшін де маңызды ойлар мен бағыттар береді.

Бұқар жыраудың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі қазіргі уақыттағы әлеуметтік әділеттілік мәселелерін шешу үшін де маңызды бағдар бола алады. Оның өлеңдеріндегі әділеттілік, теңдік және халықтың құқықтарын қорғау туралы ойлар қазіргі қоғамда әлі де өзекті болып қала береді.

Қорытындылай келе, Бұқар жыраудың шығармашылығы қазақ халқының әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі жолындағы үлкен үлес болып табылады. Оның шығармалары арқылы әділеттілік, теңдік және қоғамның болашағы туралы терең философиялық ойлар айтылады. Жырау әлеуметтік әділетсіздіктің халыққа тигізетін залалдарын, оның қоғамға әсерін айқын көрсетіп, билеушілерге әділдік пен халықтың игілігі үшін қызмет етуге шақырады. Бұқар жыраудың шығармалары бүгінгі күні де әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрестің, әділеттілікті қалпына келтірудің маңыздылығын айқындайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әуезов М. «Әдебиет тарихы». — Алматы: Жазушы, 1972. 210 бет.

2. Қирабаев С. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Мектеп, 1990. 120-130 бет.
3. Сүйіншәлиев Х. «Бұқар жырау және қазақ әдебиеті». — Алматы: Ғылым, 1985. 90-95 бет.
4. Жұмабаев М. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Атамұра, 1997. 250 бет.
5. Кенжебаев Б. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Қазақ университеті, 2001. 135-140 бет.
6. Сағындықұлы М. «Бұқар жыраудың әдеби мұрасы». — Алматы: Қазақстан, 2000. 110 бет.

Ахмедова Саламат Оразовна

Ақмола облысы, Целиноград ауданы
«Өтеміс ауылының жалпы орта білім
беретін мектебі», тарих және география
пәнінің мұғалімі

Бұқар жырау – халық үні мен ел болашағын жырлаған дара тұлға.

Қазақ тарихынан елеулі орын алып, артына өшпес мұра қалдырған, көрнекті жыраулардың бірегейі Бұқар жырау Қалқаманұлы. Жиделі Байсын өлкесінде атақты Қалқаман батырдың шаңырағында дүниеге келген торсықтай ұлға Әз Тәуке бата беріп, Бұқар деген ат берген екен. Қазақ хандығының ірі мемлекет қайраткері, қазақтың ұлы [жырауы](#), [18 ғ. жоңғар](#) басқыншыларына қарсы [Қазақ-жоңғар соғысының](#) бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты [Абылай ханның](#) ақылшысы.

Шыққан тегі [Арғын](#) арысының, [Сүйіндік](#) тайпасының [қаржас](#) руынан шыққан. Заманындағы сыншылар оны «көмекей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. Әнет бабаның ақылымен 1695-1702 жылдар аралығында Бұқара шахарында Көкілташ медресесінде білім алып шыққан. Бұқар жырау араб, парсы тілдерін жетік білген.

Бұқар жырау өз заманында алқалы топты тамсандырып, қалың қауымды соңынан ерткен көсемсөз иесі, шешендік өнерді кемел меңгерген, ділмәр, ойшыл, көріпкел сахаба болды.

Ол туралы өз өлеңінде былай дейді:

Ел бастау қиын емес-қонатын жерден көл табылады

Қол бастау қиын емес -шабатын жерден ел табылады

Бәрінен де шаршы топта сөз бастаудан қиындықты көрген жоқпын.

Тарихта Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама аталған аумалы төкпелі заманға душар болған ел жұртқа бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, басқыншы жаудың бетін қайтарып, өз тәуелсіздігін қорғап қалу немесе жау табанында шаншылып, құрып біту мәселесі көлденең тұрды.

Былай барсаң қалмақ бар,

Күшіңді еппен алмақ бар.

Былай барсаң орыс бар,

Балаңды берсең қоныс бар
Былай барсаң Қоқан бар,
Қоқаңдаған әкең бар.
Былай барсаң Қытай бар.

Жапырағыңды бұтай бер,-деп толғаған Бұқар жырау жан жақтан сақтануға шақырды.

Жыраудың «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жасауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталады. Ал, «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекең біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз етеді. Бұқар Жыраудың Абылай хан саясаты жөніндегі байламды пікірлері де орнықты, әділ. Ол қасындағы Қытай мен Ресей туралы да ұстамды бағыт ұстанады. Соның арқасында ата жауы Жоңғарлардың іштей іріп, азып-тозуы үшін ұтымды саясат қолдана отырып тарих сахнасынан кетуіне қолайлы жағдай жасағанын мақтанышпен жырлайды. Бұл орайда жырау Абылай ханды «әділдігі Наушаруандай, жомарттығы Хатымдайдай» деп бейнелейді. Тіпті, ханның әділдігі мен адамгершілік қасиеттерін де жоғары бағалай келіп, оның байлық-салтанатын «қырық мың атан тарта алмас» деп сипаттайды.

Бұқар Жырау Абылай ханның «бәйгелі жерде бақ болған» әйгілі батырларын «өзіңе тұғыр болған төрт тірек» деп лайықты бағалай отырып, олардың тарихи ерлік істерін қазақтың абырой-арына біткен ерлер деп асқақ жырлайды.

Толғаулары. Жыраудың «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жасауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғайды. Бұқар Жыраудың толғаулары, шын мәнінде, Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі — жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі. Әсіресе, Бұқар Жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді:

Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақырында шығар сол тұстан.

Өзі сары, көзі көк,
Діндарының аты боп,
Күншығысқа қарайды.
Шашын алмай, тарайды,
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ,
Затсыз, тексіз бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір,
Жемқорларға жем беріп,
Азды көпке теңгеріп,
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды.
Есен алар пұлыңмен,
Солдат алар ұлыңнан,
Күндердің күні, Абылай,
Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа,
Есе тимес өзіңе,
Есіктегі құлыңнан»

Бұқар Жырау шығармаларының тақырыптық аясы, шеңбері — Жақсылық пен Жамандық, Елдік пен Ерлік, Ізгілік пен Зұлымдық, Әділдік пен Әдептілік, Жастық пен Кәрілік, Татулық пен Араздық, Достық пен Дұшпандық, Адалдық пен Арамдық, Тектілік пен Азғындық, Тұтастық пен Бірлік. «Бұхарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, — деп жазады жыраудың тұңғыш библиографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев — бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек. Бұл — болашақтың ісі.

Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жайлайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған.

Бұқар шешен ғасырға жуық жасаған ғұмырында қазақты билеген тоғыз ханға кеңесші болып, қолдау көрсеткені оның данышпандық қасиетінің дәлелі.

Бұқар бабамыз туралы қысқаша деректі әңгімемізді жыраудың ел жұртына арнаған.

«Тілек» атты жырымен аяқтауды жөн көрдік

• Бірінші тілек тілеңіз

Бір Аллаға жазбасқа.

• Екінші тілек тілеңіз,

Бір шұғыл пасық залымның
 Тіліне еріп азбасқа
 •Үшінші тілек тілеңіз
 Үшкілсіз көйлек кимеске
 •Төртінші тілек тілеңіз,
 Төрде төсек тартып жатпасқа.
 •Бесінші тілек тілеңіз,
 Бес уақытты бес намаз
 Біреуі қаза қалмасқа
 •Алтыншы тілек тілеңіз,
 Алпыс басты Ақ Орда,
 Ардақталған аяулың
 Күнінде біреуге
 Тегіннен тегін олжа болмасқа.
 •Жетінші тілек тілеңіз,
 Желкілдеген ту келіп,
 Жер қайысқан қол келіп,
 Сонан сасып тұрмасқа.
 •Сегізінші тілек тілеңіз,
 Сегіз қиыр шартарап
 Жер тұлданып тұрмасқа.
 •Тоғызыншы тілек тілеңіз,
 Төреңіз тақтан таймасқа.
 Тоқсандағы қарт бабаң
 Топқа жаяу бармасқа.
 •Оныншы тілек тілеңіз,
 Он ай сені көтерген,
 Омыртқасы үзілген,
 Аязды күнде айналған,
 Бұлтты күнде толғанған,
 Тар құрсағын кеңіткен,
 Тас емшегін жібіткен,
 Анаң бір аңырап қалмасқа.
 Баба тарихын білу бүгінгі ұрпақ борышы...

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2009 [ISBN 978-601-01-0268-2](#)
2. »Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «[Қазақ энциклопедиясы](#)» Бас редакциясы, 1998 жыл, [ISBN 5-89800-123-9](#), II том
3. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 [ISBN 9965-26-322-1](#)
4. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. [ISBN 9965-32-491-3](#)

Ахметова Назгуль Муратовна

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні мұғалімі
Астана қаласы, № 99 орта мектеп

«Қасым ханға арнау» шығармасындағы Бұхар жыраудың билік пен басқару туралы ойлары

Бұхар жырау — қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алып, артынан өшпес мұра қалдырған XVIII ғасыр әдебиетіндегі жыраулық поэзиясының аса көрнекті өкілдерінің бірі, әрі қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған ерекше тұлға. Оның поэзиясы өз заманының тыныс-тіршілігін бейнелей отырып, үлкен әлеуметтік мәнге ие болды. Бұхар жырау шығармаларында халықтың тұрмысы, қоғамның жағдайы, адами құндылықтар мен билік пен басқару мәселелеріне қатысты көкейкесті, күрделі тақырыптарды терең талқыланған. Мұндай мәселе, әсіресе, «Қасым ханға арнау» шығармасынан айқын көрінеді. Яғни, бұл шығарма – билік пен басқару туралы терең ойлар мен түсініктерді білдіретін туынды.

Сонымен, Бұхар жыраудың билік пен басқаруға қатысты жалпы көзқарасы қандай болған?

«Қасым ханға арнау» шығармасында жырау Қасым ханға кеңестер айтып, оның басқару жүйесіндегі кемшіліктер мен артықшылықтарды ашып көрсетеді. Бұхар жыраудың билік пен басқару туралы көзқарастары, оның әділет, ел басқару мәселелері жайындағы пікірлері қазақ қоғамы үшін өте маңызды болып табылады. Бұл шығарма Бұхар жыраудың билік пен басқару мәселелері туралы айтқан ойларын талдауға және олардың мәнін бүгінгі қоғам тұрғысынан бағалауға болады.

Бұхар жырау «Қасым ханға арнау» шығармасында билік пен басқару мәселесіне, билеуші мен халық арасындағы өзара қарым-қатынасқа ерекше назар аудара отырып, билік тек билеушіге ғана емес, бүкіл қоғамға қатысты маңызды құбылыс екенін көрсетеді. Билеушінің шешімдері халықтың тағдырына әсер етеді, ал оның әділ әрі дұрыс шешімдері елдің болашағын айқындайды. Бұхар жырау билікке қатысты өте әділ әрі көреген көзқарастар ұстанған. Оның шығармаларында әділдік, билікке жауапкершілік, халықтың қамын ойлау сияқты маңызды ұғымдар терең философиялық мәнге ие.

Бұхар жырау билік мәселесіне қатысты ойларын «Қасым ханға арнау» шығармасында нақты әрі айқын түрде білдіреді. Бұл арнау арқылы ол Қасым ханға үлкен тәлім мен тәрбие беріп, ел басқарудағы жауапкершілікті, әділдікті және халықтың қамын ойлауды баса айтады.

«Қасым ханға арнау» шығармасының мазмұны мен маңызын қарастыратын болсақ, бұл шығарма — Бұхар жыраудың өз заманының саяси өміріне, оның ішінде ханның билік жүргізуіне қатысты айтқан ойларын тұжырымдаған туынды. Бұл шығармада жырау Қасым ханға ел басқару

туралы кеңестер мен ақыл-кеңестер беріп, ханның жауапкершілігін айқындайды. Шығармада жырау ханның ел басқарудағы жауапкершілігі мен міндеттеріне айрықша мән беріп, билік басындағылардың қоғам алдындағы міндеттерін сипаттайды, яғни ханға өз елін әділетті басқаруға, адамдардың құқықтарын қорғауға, қоғамдық тұрақтылықты сақтауға шақырады. Осы тұрғыда ол ханға үлкен жауапкершілік жүктейді және биліктің тек күш көрсету емес, халықтың игілігі үшін жүзеге асырылуы қажет екенін айтады.

Бұхар жыраудың билік пен басқару туралы айтқан пікірлері осы шығарманың өзегін құрайды. Ол Қасым ханға басқарудағы әділдік, халықтың мүддесін қорғау, қоғамдағы әділетсіздікпен күресу қажеттілігін баса айтады. Жырау ханның адалдық, әділдік, батылдық және халыққа деген сүйіспеншілігінен қателік пен әділетсіздікке жол бермеуі керектігін атап өтеді.

Шығармадағы ең маңызды мәселелердің бірі — биліктің халыққа қызмет етуі керек екендігі. Бұхар жырау ханға ел басқарудағы негізгі құндылық ретінде халықтың сеніміне ие болу қажеттігін айтады. Хан халықтың арасында әділ, мейірімді және ұрлық-қарлыққа жол бермейтін билеуші болуға тиіс. Бұхар жырау ханның күшін тек әділдікпен, шынайылықпен ғана сақтауға болатынын дәлелдейді.

Бұхар жырау өз шығармасында әділдікті басты принцип ретінде қарастырады. Әділдік, оның ойынша, биліктің негізгі құндылығы болып табылады. Әділ басқарушы халықтың сенімін қанағаттандырады және елдің дамуына ықпал етеді. Жырау ханға әділ болудың маңыздылығын түсіндіре отырып, ел басқарудың әділ әрі мейірімді болуы тиіс екенін айтады.

Оның пікірінше, әділетсіздік биліктің нығаюына емес, қоғамның ыдырауына алып келеді. Бұхар жыраудың бұл тұжырымы бүгінгі күні де өзекті болып отыр, өйткені әділеттілік пен адалдық басқаруда шешуші рөл атқарады. Бұхар жырау «Қасым ханға арнау» шығармасында әділетсіздікті, парақорлықты және халыққа қиянат жасауды қатты сынға алады. Мысалы:

«Қара қылды қақ жарған болар,

Сіздерден байлық болар ма,

Жүйрік емес тұлпарлар да,

Шыға алмайды балшықтан» - деп, жырау әділдіктің маңызын ерекше көрсетеді. «Қара қылды қақ жарған» деген тіркес әділдік пен шыншылдықты білдіреді. Әділдік пен әділетсіздік арасындағы айырмашылықтың биліктің әрі қоғамның дамуына әсер ететінін айтады.

Сонымен қатар, Бұхар жырау шығармаларында билеушілердің халыққа деген жауапкершілігіне жиі тоқталады. Ол билеушіні тек күш қолданушы емес, халықтың жағдайын жақсартушы ретінде қарастырады. Қасым ханға арналған арнауында жырау билеушінің тек күш қолданумен емес, халықтың жағдайын ойлап, оларға қамқорлық көрсетуі керектігін айтады. Бұхар жыраудың пікірінше, әділ және мейірімді билеуші халықтың құрметіне ие болады, халықты қиындықтан шығарады. Мысалы шығарманың өзінде:

«Әділ патша — мұрат еді,

Қара қылды қақ жарған.

Құл да болса, қиянатты,

Соттайтын болар тағдыр», - деп, жырау әділ билік жүргізудің қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Әділ билік халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдайды, ол өз кезегінде қоғамның дамуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтып өткендей, Бұхар жыраудың «Қасым ханға арнау» шығармасы оның билік пен басқару туралы көзқарастарын терең көрсететін маңызды туынды болып табылады. Бұл шығармадан біз жыраудың биліктің әділдігіне, халықтың мүддесін қорғауға және халықтың сенімін ақтауға деген ұстанымдарын көре аламыз. Бұхар жыраудың ойлары бүгінгі күнге дейін өзекті болып қалуда, өйткені оның әділдік, ел басқарудағы жауапкершілік, халыққа деген қамқорлық туралы айтқан пікірлері қазіргі қоғам үшін де маңызды болып табылады. Бұл шығарма бізге билік пен басқарудың моральдық және әлеуметтік жауапкершілігін еске салады. Оның пікірлері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған маңызды ұстанымдар болып табылады және Бұхар жыраудың шығармашылығы қазақ әдебиетінің рухани байлығына қосылған ұлы мұра болып қалмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әуезов М. «Әдебиет тарихы». — Алматы: Жазушы, 1972. 210 бет.
2. Қирабаев С. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Мектеп, 1990. 120-130 бет.
3. Сүйіншәлиев Х. «Бұхар жырау және қазақ әдебиеті». — Алматы: Ғылым, 1985. 90-95 бет.
4. Жұмабаев М. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Атамұра, 1997. 250 бет.
5. Кенжебаев Б. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Қазақ университеті, 2001. 135-140 бет.
6. Сағындықұлы М. «Бұхар жыраудың әдеби мұрасы». — Алматы: Қазақстан, 2000. 110 бет.

Байшокина Айжан Сайыновна

Астана қаласы №104 орта мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі

Бұқар жырау -көшбасшылықтың тарихи моделі

Бұқар Қалқаманұлы — қазақ халқының тарихи тұлғаларының бірі, оның шығармашылығы мен саяси қызметі қазақ елінің тарихында ерекше орын алады. Ол — көрнекті жырау, саяси қайраткер және қазақ хандығының ұлттық бірлігін сақтауға үлес қосқан тұлға ретінде тарихта қалды. Бұқар Қалқаманұлының көшбасшылық қасиеттері, оның өз дәуіріндегі саяси және әлеуметтік жағдайларды бағалауы бүгінгі күнде де өз мәнін жоғалтқан жоқ. Бұл баяндамада біз Бұқар Қалқаманұлының көшбасшылық модельін талдай

отырып, оның тарихи тұлғасын және көшбасшылық қасиеттерін қарастырамыз.

Бұқар Қалқаманұлы XVIII ғасырда қазақ хандығының саяси өмірінде маңызды орын алған тұлға. Ол тек ақын емес, саяси ойшыл әрі қоғам қайраткері ретінде елдің тарихи дамуына зор ықпал етті. Бұқар жыраудың шығармашылығы қазақ халқының мәдени, рухани дамуына үлкен әсер еткен. Оның жырлары мен термелері елдің тарихи жағдайын, ішкі саяси қайшылықтарын, ұлттық бірліктің маңыздылығын көрсететін маңызды әдеби ескерткіштер болып табылады.

Бұқар Қалқаманұлының ең басты ерекшелігі — ол елдің саяси мәселелеріне терең араласып, өзінің ақындық сөздерімен халықты ұйыстыруға тырысты. Оның көсемдік қасиеттері мен сөздері халықтың рухын көтеріп, бірігуге, алға жылжуға шақырды. Бұқар қазақ халқының тарихында ғана емес, бүкіл түркі дүниесінде көшбасшылықтың үлгісін көрсетті.

Бұқар Қалқаманұлының көшбасшылық қасиеттері

1. Бұқар Қалқаманұлын кәзіргі заманмен салыстырсақ өз заманының көшбасшысы бола білген. Көшбасшыға тән қасиеттерінің бірі
2. Көрегендік. Бұқар Қалқаманұлының ең басты қасиеттерінің бірі — оның көрегендігі. Ол өз заманының саяси жағдайларын алдын ала болжай отырып, ұзақ мерзімді мақсаттарды көздей білді. Ол өз халқының болашағы туралы терең ойланып, оларды ұлтты біріктіруге шақырды. Бұқар Қалқаманұлының шығармаларында қазақ жерінің тәуелсіздігі мен болашағы туралы пайымдар көптеп кездеседі.
3. Бұқар жырау халықтың бірлігін сақтау және әділ басқару жөнінде өз билеушілеріне де кеңес береді. Ол көрегендікпен халықтың келешегі үшін қандай қадамдар жасау керек екендігін алдын ала біле отырып, солай өмір сүруді насихаттайды. Бұл жолдардағы көрегендік қасиеті - тек қана болашақтағы қауіптерді болжау ғана емес, сонымен бірге сол уақытта дұрыс шешімдер қабылдай отырып, елдің бағытын айқындау болып табылады.
4. Әділдік. Абылайды бұқара халықпен үзбеу үшін тәкәпарлықтарын, өзімшілдіктен қара басының қамын ойлап кетпеу үшін сақтап отырған.

Сен қай жерде жүріп жетіктің?

Үйсін Төле билердің

Түйесін баққан құл едің.

Сен жиырма жасқа жеткен соң,

Алтын тұғыр үстінде

Ақ сұңқар құстай түледің.

Дәулет құсы қонды басыңа,

Қыдыр келді қасыңа.

Бақ үйіне түнедің.

5. Шабыттандырушы, ынталандырушы. Бөгембай, Наурызбай батырларға болған жағдайды қолдап шабыт беріп отырған.

Жау түбіне жетелік.
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шапырашты Наурызбай!
Үшеуінде құт-береке,
Қазақтың бүркіт түлегі!
Жауға салса — жарағы,
Күреске салса — білегі!
Ала болсақ өзіміз,
Қалмақ сонда бүледі.
Бүлдіріп бәрін, тұлдыр қып,
Ыржаландап күледі.
Сақта қазақ бірлігін!
Токсанға келген қарт Бұқар,
Осы соңғы тілегі.

Бұқар жырау сөзінен кейін һәммесі орнына келді, батырлар сабасына түсті, хан қатесін түзеді, қазақтың үш арсылайы бұдан кейін үнемі Абылайдың төңірегінен табылды.

6. Тәуекелді басқарушы: Бұқар жырау қазақ қоғамындағы тәуекелді басқару мәселесін терең түсініп, оны өз шығармаларында көрегендікпен бейнелеген. Оның өлеңдерінде тәуекелді дұрыс бағалау, шешім қабылдау және әрекет ету дағдыларының маңыздылығы айқын көрінеді.

Мысалы, оның:

«Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады»

деген өлең жолдары тәуекелді басқарудың мәнін ашады. Жырау ел басқару мен қол бастау ісінің сырттай қарапайым көрінгенімен, оның артында үлкен жауапкершілік пен дұрыс шешім қабылдау қабілеті жатқанын меңзейді. Бұл жолдар тәуекелді басқарушының шешім қабылдау процесінің күрделілігін және оның қоғамға әсерін көрсетеді.

7. Абылайдың іс -әрекетінің неге алып баратынын болжап, оның алдын алу шараларын жасап отырған,

Ай не болар күшпен соң,
Күн не болар айдан соң.
Құбылып тұрған бәйшешек
Құрай болар солған соң.
Хапдар киген камқа топ
Шүберек болар тозған соң.
Еңсесі биік кең сарай
Мортық болар бүлген соң.

8. Ынтымақтастық, бірлікті сақтау қабілеті болған.

Бұқар жырау:
Бірлік түбі – береке,
Келісімнің керемет.
Ағайын тату болса – ат көп,
Абысын тату болса – ас көп.
Бірлікті ел бұзылмас,
Түндегі шоқтай маздамас.
Бақ қайда барасың десе,
Бірлігі бар елге барам дер.

9. Қарым-қатынас дағдылары. Бұқар Қалқаманұлының көшбасшы ретінде тағы бір маңызды қасиеті — оның халықпен қарым-қатынас орнатуы. Ол өз сөздері арқылы халықтың көңілін таба білген, олардың ойларын, сезімдерін терең түсініп, сол арқылы өз идеясын жеткізе білді. Оның жырларында әрбір сөз бен ой халықтың ішкі қажеттіліктерін, сезімдерін ескерілген. Бұқар жыраудың «Тілек» деп аталатын толғауы адамдарды өзара сыйластық пен әділдікті сақтауға шақырады.

Мысалы Ертелі кеш бул дуние,
Барша жаннан өшпес пе?
Дуние малың бір куні
Колдарыңнан кетпес пе ?

10. Сенімділік. Бұқар Қалқаманұлы қиын-қыстау кезеңдерде өз шешімдеріне сенімді болып, халқына жол көрсетіп отырды. Ол көп жағдайда әділеттілік пен рухани бірліктің маңыздылығын айтып, қиын сәттерде халыққа сенімділік ұялата білді. Оның сөздері мен өлеңдері қазақ халқының өзіне және болашағына деген сенімін арттырып, алға жылжуға ынталандырды.

11. Төзімділік және сабырлылық. Бұқар Қалқаманұлының төзімділігі мен сабырлылығы да көшбасшы ретіндегі үлкен қасиеттердің бірі болды. Ол халықтың ішкі қайшылықтары мен дау-дамайларын дұрыс түсініп, сабырлықпен шешімдер қабылдауға тырысты. Тарихи кезеңдердегі қиындықтарға төтеп бере отырып, ол халықтың рухын түсірмей, бірігуін қамтамасыз етті.

Биік тауга жарасар,
Ығынан тиген панасы ,
Терең сайға жарасар,
Тобылғылы саласы.
Ер жігітке жарасар,
Колына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Еліне тиген пайдасы.

12. Ұйымдастырушылық қабілет. Бұқар Қалқаманұлы әрқашан ұйымшылдық пен бірліктің маңыздылығын айтқан. Ол қазақ халқын тек саяси жағынан емес, рухани жағынан да біріктіруге тырысты. Оның ақындық шығармашылығы халықты бір идея мен мақсатқа жұмылдырып, елді алға жетелеуге арналған болды.

Батыры ханга сай болды,
Елші жалпак, бай болды,
Кыс кыстауы тау болды,
Жаз жайлауы кел болды,
Салқын сары бел болды,
Елге лайық, ер болды

13. Эмоционалды интеллект. Бұқар Қалқаманұлының шығармалары оның эмоционалды интеллектінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Ол халықтың сезімдерін, эмоцияларын өте жақсы түсініп, әрбір сөзінде соларға жауап беріп отырды. Бұл оның көшбасшы ретіндегі негізгі қасиеттерінің бірі. Осы өлең жолдарында көрсетілген

Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етекті кессе жең болмас.
Қараша торғай қаз болмас,
Шағала келмей жаз болмас,
Шаңқан болмай боз болмас,
Іштен қыңыр туғанды
Тезге салсаң түзелмес.

14. Шешім қабылдау дағдылары. Бұқар Қалқаманұлы қиын жағдайда жылдам әрі дұрыс шешімдер қабылдай білуі арқылы көшбасшылық қасиетін көрсетті. Оның шешімдері әрқашан әділ, теңдестірілген әрі ұлттың мүддесіне сәйкес болды.

Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз.
Айнала ішсе азайып,
Көл суалмас деменіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас деменіз.
Жарлыны жарлы деменіз,
Жарлы байға тең келіп,
Жайлауға жарыса көшпес деменіз.
Жалғызды жалғыз деменіз,
Жалғыз көпке теңеліп,
Бір жаһанда соғысып,
Кегін алмас деменіз.

Бұқар Қалқаманұлының көшбасшылық моделі. Бұқар Қалқаманұлының көшбасшылық моделінде екі негізгі бағытты бөліп қарастыруға болады:

1. *Рухани көшбасшылық.* Бұқар Қалқаманұлының көшбасшылығы көбіне рухани салада байқалды. Ол қазақ халқын рухани бірлікке шақырып, оның мәдени және тарихи болашағына деген сенімін арттыруға күш салды. Оның шығармалары мен сөздері ұлттық сананы оятып, халықтың рухын көтеруге бағытталды.

Өкпеңменен қабынба,

Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба.
Күнінде мендей жырлайтын,
Тоқсан үште қария
Енді саған табылмас!

2. *Саяси көшбасшылық.* Бұқар Қалқаманұлы қазақ хандығының саяси өміріне терең араласып, елдің тәуелсіздігі үшін күресті. Ол өзінің ақындық және саяси көзқарастарымен хандықтың билігін сақтап, елдің бірлігін қамтамасыз етті. Оның саяси ақыл-ойы мен пайымдаулары бүгінгі күнге дейін өз маңызын сақтап келеді. Абылай ханға дейін жеті ханды көргені туралы, және оларға бағыт бағдар беруі саяси көшбасшылықтың белгісі

Бұқар Қалқаманұлының көшбасшылығы тек қана саяси немесе рухани бағытта ғана емес, сонымен қатар халықтың ішкі бірлігі мен тұрақтылығын сақтауға бағытталған. Оның көшбасшылық моделі бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Бұқар Қалқаманұлының тарихи рөлі, оның көшбасшы ретінде ұлттың рухын көтеруі, әділдік пен бірлік үшін күресуі бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болып табылады. Көшбасшы болу дегеніміз тек басқарушы болу ғана емес, халықтың жүрегіне жол табу, оларды дұрыс бағытқа жетелеу, әрі елдің болашағы үшін күресу деген сөз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.«Бұқар жырау Қалқаманұлы. Толғаулар». – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1986– Бұқар жыраудың толғаулары жинақталған.
2. «Бұқар жырау. Шығармалары»– Алматы: «Атамұра», 2002– Жырау поэзиясының кеңірек нұсқалары берілген.
- 3.«Үш ғасыр жырлайды» (антология)– Алматы: «Жазушы», 1984– Бұқар жыраудың өлеңдері басқа ақындармен бірге қамтылған.
- 4.Бұқар жырау Қалқаманұлы. Год издания: 1992 г. Количество страниц: 97 стр.
- 5.Қуанғанов Ш.Т. Бұқар жырау және оның заманы. – Алматы: Республикалық «Мұрагер» қоғамы, «Ғылым» баспасы, 1992. – 48 б.
- 6.Джаксыбаев С.И. Записки краеведа. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 240с.
- 7.Шыныбектегі Қ. Ботақара –ием Бұқар жырау –кием: өлеңдер, әндер, күйлер, мақалалар мен новеллар. – Қарағанды:Баспа, 2008. – 197 б.
- 8.Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты. (Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалды.- Ботақара, 3 желтоқсан,2009 ж.) – Қарағанды: «Болашақ-Баспа»РББ, 2009.-442 б.
- 9.Бұқар бабаға тағзым // М.Шибаева, А.Жексенбаева, Ж.Ельжанов, М.Асқарова, Қ.Шыныбектегі. –Қарағанды: «TENGRİ LTD» баспаханасы, 2013. – 195 б.

10.Бұқар жырау тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер жинағы. – Қарағанды, 2015.-464 бет.

Бердешова Баянсулу Бекполатовна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Алматы облысы, Жамбыл ауданы

«Қарғалы №2 мамандандырылған лицейі»

КММ

Елдің бірлігін ту еткен Бұқар жырау

«Ел бірлігін ту еткен Бұқар жырау» тақырыбында жазылған бұл баяндамада XVIII ғасырда өмір сүрген қазақтың көрнекті жырауы - Бұқар жыраудың ел бірлігін сақтау жолындағы қызметі баяндалады. Жыраудың даналығы, Абылай ханға кеңесші болып, бірлік пен татулықты насихаттауы, сол арқылы халықты рухани тұрғыдан ұйыстыруы негізгі назарға алынады. Аннотацияда Бұқар жыраудың отаншылдық ойлары мен өлеңдері арқылы қазақ халқының тұтастығын сақтауға қосқан үлесі сипатталып, оның бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлық тұлға екені көрсетіледі.

Бұқар Қалқаманұлы – қазақ халқының ұлы жырауы, елдің бірлігі мен болашағы үшін күрескен қоғам қайраткері. XVIII ғасырда өмір сүріп, Абылай хан тұсында мемлекет ісіне араласқан ірі қоғам қайраткері. Абылай ханның ақылшысы, кеңесшісі болған, сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан өлең сөз төгілгендіктен «көмекей әулие атанған». Әкесі Қалқаман батыр болған. Бұқар жырау 1668 жылы қазіргі Баянауыл ауданы, Далба тауының баурайында туып, 1781 жылы өз елінде қайтыс болған. Арғын руының қабырғалы, беделді билерінің бірі болған. Өмірінің көп бөлігін хан сарайында өткізіп, ел билеу істеріне араласқан. Мұсылманша сауат ашқан, өте сауатты кісі болған. Ол Абылай ханның ақылшысы ретінде қателігін түзеп, тура жол көрсетіп, халық пен ханды жақындастыратын дәнекер, кемеңгер ақылшы да бола білді. Бұқардың бізге жеткен шығармалары өткен ғасырдың екінші жартысы, үстіміздегі ғасырдың бас кезінде негізінен ел аузынан жазылып алынған. Бұқар жырау мұраларының ішінде өз заманын, сол кездегі тарихи шындықты бинелейтін толғау-жырлар мен шешендік – нақыл сөздері аз емес. Бұқар мұрасынан біздің заманымызға жеткені — 1300 жол шамасында. Бұл, сөз жоқ, жырау туғызған көл-көсір жырлардың бір бөлігі ғана. «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры... Аплатонның ақылы керек», — деген еді Мәшһүр. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің өмірі қыл үстінде тұрғанда, сол замандағы күрделі мәселелерге өз толғауларымен жауап бере білген өткір тілді шешен болған. Сонымен бірге сол кездегі саяси жағдай, хан мен халықтың қарым-қатынасы, сыртқы жауға қарсы күрес, ел болашағы кеңінен жырланады. Оның шығармашылығын екі кезеңге бөлуге болады. Абылайға дейінгі кезең және Абылай тұсындағы кезең. Осыған орай шығармалары екі топты құрайды:

1. Бұқардың қуғын көрген кезде шығарған толғаулары.
2. Абылай хан ордасында туған өлеңдері.

XVIII ғасырда болған жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының жойылып кету қаупін тудырған. Бұқар Қалқаманұлы өмір сүрген дәуірдің ең үлкен оқиғасы да осы жоңғар-қалмақтарының қазақ еліне жасаған басқыншылығы болды. Абылай Ресеймен өзара қарым-қатынасында тату-тәтті көршілік саясатын ұстануға тырысты. Өзінің күш-жігерін жоңғар шапқыншылығын әлсіретуге бағыттады. Жоңғарлар Цинь империясымен бейбіт келісім жасағаннан кейін барлық күшін батысқа бұрды. Сөйтіп 1741 жылы қазақтарға қарсы үлкен жорық ұйымдастырды. Жоңғарлардың тұтқиылдан шабуылынан Абылай хан тұтқынға түсті. Халықтың басына түскен ауыртпашылықты Бұқар елімен бірге көтерді. Осындай кезде Бұқар жырау ақылмен, даналықпен ел билеу істеріне араласып отырды. Абылай да Бұқар жырауға арқа сүйеді. Бөгенбай батырдың өлімін Абылай ханға естіртушілердің бірі болды. Ол батырдың ерлігі мен өрлігін өз жырына қоса білді. Қазақтың батырларының ішінде Бөгенбайды ерекше дәріптеген. Бұқар жырау Абылайдың тұсындағы данагөй билердің бірі болды. Өзінің толғауларында Абылайдың мінін ашық та батыл айтумен бірге оны қоғамды алға сүйрейтін мықты мемлекет қайраткері ретінде де мадақтады:

Хан Абылай атандың,
Дүниеден шықпай еш мінің.
Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың,
Жетім мен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.

Ерлікті, елдікті насихаттап, кімнен қорғану керектігін ескертеді. Бұқар жырау шындықты тура айтқан. Болашақты болжай білген көріпкелдік дарыны да бар. Ол өзінің жыр-толғауларында патша өкіметінің алысты көздейтін отаршылдық саясатының зардабы болатынын күні бұрын сезіп, болжай білді. Бұқар жырау шығармаларының негізгі тақырыбы туған елге, өскен жерге деген шексіз сүйіспеншілік, отаншылдық, қазақ батырларының ерлігі. Сыртқы жаулардан қатер төнгенде халықты жұмылған жұдырықтай жұмылдырып, бірлікке, топтасуға шақырды. Қазақ елінің тәуелсіз ел болуын армандап өтті.

Жырау толғауларында имандылық тақырыбы да орын алған. «Бірінші тілек тілеңіз» атты толғауында айтылған он бір тілектің адам үшін барлығы да маңызды болып табылады. Жыраудың:

Бірінші тілек тілеңіз:
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз:
Әзәзіл, пасық залымның

Тіліне еріп азбасқа, - деп басталатын тілектері залымның тіліне ермеуге, төрде төсек тартып жатпауға, жау келгенде сасқалақтап тұрмауға шақырып, адам баласы үшін қасиетті бес уақыт намаздың біреуін қаза қылмау, ардақтаған аяулының тегін олжа болмауы,

төренің тақтан таймауын тілейді. Сонымен бірге, оның өлеңдерінде үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, елге қызмет ету, адалдық пен ар – намысты жоғары қою сияқты құндылықтар кеңінен көрініс табады. Мысалы «Тілек» толғауында:

Айналайын ақыл жас,
Асып сөйлеп тасыма
Ата-ананы сыйласаң,

Алдың ашық басыңа, - деп жастарды үлкенге құрметпен қарауға, кішіпейілдікке шақырады. Ел билеушілеріне әділеттілік пен парасаттылықты насихаттайды. Оның толғаулары – тек поэзия емес, рухани тәрбие құралы. Әр жолы халықтың санасын оятып, ұлт ретінде ұйысуға шақырады. Бұқар жырау шығармалары бүгінгі күнге дейін өзекті. Өйткені ол айтқан тәрбиелік ұғымдар – мәңгілік ұғымдар болып қала бермек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. С.Ч. Тұрсынғалиева, Г.Р Бекенова «Қазақ әдебиеті» 9-сынып «Арман-ПВ» баспасы, 2013ж.
2. М.Ж.Әбдіров, Х.М.Әбжанов, Н.С.Бакина «қазақстан тарихы» 8-сынып «Атамұра» 2016ж.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Бұқар жырау туралы жазбалар» , «Эко» баспасы, 2003 ж.
4. «Бұқар жырау - мемлекетшіл тұлға» Қазақстан тарихы порталы. <https://e-history.kz/kz/news/show/339286>
5. Электрондық ресурсы: <https://dalanews.kz/kz/article/el-tutastigin-ansagan-buqar.html>

Букетова Гульмира Калиевна

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Астана қаласы Шерхан Мұртаза атындағы
№63 мектеп-гимназия

Бұқар жырау толғауларындағы Абылай хан бейнесін талдап оқыту

Қазіргі таңда білім беру кеңістігі екі негізгі тенденциямен сипатталады: біріншісі – мемлекеттік стандарттармен ұсынылатын оқытудың инновациялық тәсілдері арқылы дәстүрлі білім беруге бейімділік; екіншісі – қойылған міндеттерге қысқа мерзімді қол жеткізуге бағытталған оқытудың авторлық әдістері мен тәсілдерін қолдануға жеке-кәсіпкерлік көзқарас. Бірінші тенденция-Кембридж дәстүрлі оқытуды 7 модульдік оқыту бағдарламасын жүзеге асыру арқылы орындалады. Бұл оқыту моделі Кембридж университетімен ұсынылған және еліміздің жетекші зияткерлік мектептерінде сәтті қолданылатын жаңартылған білім беру мазмұнының іргелі негізі болып табылады. Бағдарлама келесі модульдерден тұрады: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту мен оқуды

бағалау үшін бағалау, АКТ-ны оқыту мен оқуда қолдану, дарынды және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жасына сәйкес оқыту, менеджмент және білім берудегі көшбасшылық. Жалпы, бұл модель оқу процесінің дәстүрлілігін айналып өтпей, оқытудағы барлық қажетті тиісті әдістер мен тәсілдерді қамтиды. Бірақ соған қарамастан, пән бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасуы мен дамуын ескере отырып, сандық оқытуға толық енуден тұратын инновациялық-интеграцияланған оқытуды сәтті қолданатын тәжірибелер де бар. Біз мақаламызда Бұқар жырау шығармаларын нысанға алдық.

Бұқар жырау Қалқаманұлы – ұлықазақ жырауы, би-шешен және XVIII ғасырдың мемлекет қайраткері. Ол – Абылай ханның кеңесшісі, ел бірлігі мен халықтың тағдырын дәріптеген өз заманының рухани көшбасшысы. Бұқар жырау-халық поэзиясын жоғары деңгейге көтерген, адамдардың санасында адамгершілікті дәріптейтін терең ойлар, мақал-мәтелдер қалдырған дана тұлға. Бұқар жырау 1668 жылы қазіргі Қарағанды облысы Ұлытау ауданында дүниеге келген. Оның әкесі Қалқаман елінде танымал және құрметті адам болған. Бұқар жырау өзінің шешендігімен және Ел ішіндегі дауларды шешуге ерте араласуымен кеңінен танымал болды. Ол хан сұлтандармен бірге әділ билікке ие болды және қоғамның құрметіне ие болды. Бұқар жыраудың шығармалары ел бірлігі, батылдық, естілік, әділ шешім және елді басқару туралы терең философиялық ойларға толы. Өмір бойы Абылайханның қасында бола отырып, ол өз саясатындағы басты тұлғалардың біріне айналды. Жырау шығармаларының негізгі өзегі – Ұлт бірлігі, жердің тұтастығы және Хан мен халық арасында өзара сенім орнату.

Бұқар жырау шығармаларының бел ортасында Абылай бейнесі тұрады. Мұнда әсірелеу мүлде аз, болған оқиғалар тарихи өлең шартына сай мейлінше нақтылы тізіліп, нанымды баяндалады. «Заманның да, қаһарманның да басындағы қайшылықтар аттап өтілмей, шындықтың шырайы барынша толық, жан-жақты көрінетіні жырау туындыларының хас өрнегі болып табылады. Бұқар жырау Абылайдың қамқор тілектесі ғана емес, қатал сыншысы да болып елестейді. Ұлы жырау қазақ ханының балалық шағындағы ауыр күндерін, қиын халін айта отырып, Абылайдың барлық атақ пен даңққа халықтың қолдуымен және жеке басының қасиеті арқасында жеткенін толғайды» [1, 187 б.]

Жырау ұғымы бойынша Абылай – қазақ халқының басына ауыр қайғылы жағдай төнген кезде Алаш мемлекеттілігін сақтауға, нығайтуға тиіс туған қайраткер. Ханды мақтап, кейбір істер жасап, ішкі, сыртқы саясатқа кеңес бергеніне қарамастан, Бұқар тек қазақтың ынтымақтастығы мен әдет-ғұрпына қатысты болды. Мәселен, жырау поэмаларының басты кейіпкерлері Абылай және оның батырлары – Орда, мәслихаттардағы билер, ал басты кейіпкер қазақ халқының өзі болды.

Енді біз жыраудың Абылай ханға айтқанына құлақ түрейік:

«Ай, Абылай, сен он бір жасыңда

Әншейін-ақ ұл едің.

Он бес жасқа келгенде

Арқада әбілмәмбет өренің
Түйесін баққан құл едің
Абылай атың жоқ еді,
Сабалақ атпен жүр едің.
Оны да көрген жерім бар.
Жиырма жасқа келгенде,
Бақыт берді басыңа,
Тақыт берді астыңа.
Отыз жасқа келгенде» [2, 205 б.]

Осылайша Бұқар жырау толғауларында Абылай бейнесі сомдалады.

Толғауларды оқи отыра Абылай бейнесі жақсы ашылғанын көреміз. Абылай өз заманының кемеңгер ханы, айбынды қолбасшысы, парасатпайымымен өз халқына қорған бола білген ірі тұлға деп білеміз.

Әдебиет сабақтарындағы оқытудың жаңа модельдерінің бірі – жобалай оқыту әдісі [3] проблемалық оқытуды жүзеге асыру ретінде қарастырылды және оқушылардың өзіндік және шығармашылық белсенділігінің деңгейіне сәйкес болды. Проблемалық оқытуды біз Бұқар жырау нақыл сөздерін оқытуда қолданамыз. Бұқар жырау афоризмге толы сөздері арқылы халық даналығымен үндеседі. Оның көптеген жырлары ел аузындағы мақал-мәтелдермен мағыналас келеді:

- «Тар пейілді кеңімес, кең пейілді кемімес» – «Кең болсаң, кем болмайсың»
- «Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас» – мақалмен үндес
- «Жақсымен жолдас болсаң, айырылмасқа серт етер» – «Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа» деген ойды толықтырады

Қазіргі күнмен сабақтастығы

Жыраудың:

«Сыйлай бергін көнені, сыйламаған күң қылар енені» – деген сөзі атананы қадірлеу, «Қартайсаң қарт бабаңды сыйлай бер...», – дегені қарияны құрметтеу жайлы терең тәрбиелік мағына береді. Бұл ойлар қазіргі қоғамда өзектілігін жоғалтпаған.

Бұқар жырау толғаулары – адамгершілік, имандылық, әділдік пен бірлік туралы ойларды көркем тілмен жеткізетін рухани бағыт-бағдар. Оның терең мазмұнға ие жырлары қазақ халқының мақал-мәтелдерімен үндес, өмірлік ұстаным мен адами құндылықтарды дәріптейді. Бүгінгі ұрпақ үшін де бұл мұра – асыл қазына.

Менің ойымша, оқушылар 5-ші сыныптан бастап жобалар жасай алады және сыныптары өскен сайын осы әрекеттерін күрделендіре алады. Мұндай жобалар оқушылардың көркем мәтінді шығармашылық тұрғыдан түсінуімен және түпнұсқа туындыларды жасауымен сипатталады. Бұл бірлескен газет, альманах, шығарма, бейнефильм, мереке сценарийі, драматизация және т. б. болуы мүмкін.

Әдебиет сабақтарындағы оқытудың жаңа модельдерінің бірі – жобалай оқыту әдісі [4] проблемалық оқытуды жүзеге асыру ретінде қарастырылды және оқушылардың өзіндік және шығармашылық белсенділігінің деңгейіне

сәйкес болды. Жобалай оқыту технологиясы әдебиет сабақтарында оқушыларды халықтың рухани құндылықтарына бағдарлаудың белсенді және интерактивті әдістерін қолдануға мүмкіндік береді (батырлар жыры, көрнекті тарихи тұлғалар, салт-дәстүрлер және т. б.). Бұқар жырау шығармалары бойынша оқушыларға мынандай тақырыптарда жоба ұсынуға болады:

1. Бұқар Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығы.
2. Бұхар жырау шығармаларының жиналып, зерттелу тарихы.
3. Бұхардың өлең-жыр толғауларындағы Абылай хан тұлғасы.
4. Бұхардың «Айтар болсаң алланы айт» толғауы.
5. Бұхардың «Айналасын жер тұтқан» толғауы.

Поэзияны оқытуды жоспарлағанда, оқушыларға кіріспе сабағын немесе поэзия элементтеріне шолу жасауды қарастырмыз. Оларға жол картасын көрсете отырып, олар бүкіл бөлімшеде қайда бара жатқаны туралы нақты түсінікке ие болады және әрбір шағын сабақтың жалпы суретке қалай сәйкес келетінін көре алады. Біз поэзия жанрын оқушыларға басқа жанрлармен таныстыратындай түсіндіреміз. Біздің ойымызша, оқу бөлімдерін осылайша енгізу өте күшті және бұл жағдайда кіріспе шолу сабағы оқушыларға поэзия негіздерін түсінуге көмектеседі. Өлеңнің формалары мен құрылымын үйрету. Екінші күні поэзияның формалары мен құрылымы туралы айтамыз. Шағын сабағымызда оқушыларды сызықтар, шумақтар, рифма, тоқтау және енжарлық сияқты негізгі ұғымдармен таныстырамыз. Содан кейін оқушыларды осы элементтерге мұқият қарауды және олардың жалпы өлеңге қалай үлес қосатынын қарастыруға шақырамыз. Біз мұны бірнеше түрлі жолмен жасай аламыз! Сыныпта әр түрлі өлеңдерді (баллада, толғау, шумақ, еркін өлең және т.б.) таныстырамыз. Оларды пішіні мен құрылымы бойынша бақылауларды жазып алуға шақырамыз, содан кейін олардың нәтижелерін топтарда талқылаймыз. Осыдан кейін, осы форма мен құрылымды табу сияқты көңілді поэтикалық ойынға қосуды қарастырамыз.

Бұқар жырау шығармаларында оқушылардың тіл байлығын дамытуға болады. Мысалы жырау шығармаларындағы сөздерді талдау арқылы мағыналық талдаулар жасауға болады. Жырлардағы «жер қайысқан» тіркесінің көптік мағынасын беретіндігін түсінбейтін оқушы шығуы мүмкін. Бұқар Қалқаманұлы:

Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа

Ақын толғауларындағы Абылай бейнесін проблемалық сұрақтар арқылы оқушылардың өздеріне талдау жасату да маңызды, нәтижелі болады.

Қазіргі әдістемелік әдебиеттерде оқу жобаларының бірнеше түрлері бар. Әдебиет сабақтарында жобалай оқыту әдісінің бірнеше түрін бөлуге болады:

- зерттеу жобасы;
- ақпараттық жоба;
- рөлдік (ойын) жоба;
- тәжірибеге бағытталған жоба;

- шығармашылық жоба.

Біздің ойымызша, Бұқар жырау шығармаларын оқытуда ұсынылатын жобалар оқушылардың көркем мәтінді шығармашылық тұрғыдан түсінуімен және түпнұсқа туындыларды жасауымен сипатталады. Бұл бірлескен газет, альманах, шығарма, бейнефильм, мереке сценарийі, драматизация және т. б. болуы мүмкін.

Бұқар жырау толғауларында Абылай хан образы үш басты қырынан көрінеді:

1. *Кемеңгер басшы.* Бұқар жырау Абылайды қиын-қыстау заманда елді біріктірген, сыртқы жаудан қорғай білген, дана шешім қабылдай алатын тұлға ретінде сипаттайды. «Ханға айтқан» толғауларында Бұқар ханның ел басқарудағы парасатын, сабырын жоғары бағалайды. Жырау ханның тек билікті иеленіп қана қоймай, сонымен қатар әділдік пен ақылдылықты қатар алып жүруін негізгі қасиет деп біледі: *«Әлемге даңқы кеткен Абылайдай хан қайда?»* Бұл жолдарда жырау ханның тарихи тұлға ретінде биік дәрежесін көрсетуге тырысады.

2. *Батыр қолбасшы.* Бұқар жырау Абылайдың жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстағы ерлігін, елін, жерін жаудан қорғаудағы батырлығын ерекше мадақтайды. Халық басына қауіп төнгенде, хан ретінде атқа қонған қайраткер бейнесін сомдайды. Бұл арқылы Абылай – ел тағдырын өз мойнына алған ер тұлғасы ретінде көрініс табады.

3. *Рухани тұлға, елдің тірегі.* Бұқар жырау үшін Абылай – тек саяси басшы емес, елдің тұтастығының кепілі, рухани бірліктің символы. Ол ханға халықтың амандығы мен келешегі үшін жауапкершілік жүктейді. Жырау толғауларында Абылайдың көкейіндегі алаңдаушылық пен ел тағдырына деген жанашырлығы шебер беріледі. *«Ханның да айтқан сөзі бар, Асыл туған Абылай!»* Бұл жолдарда жырау ханның тегін, болмысын, ел алдындағы миссиясын мадақтай отырып, оны тарихи санаға мәңгілік тұлға ретінде енгізеді.

Қорытыта айтқанда, Бұқар жырау толғауларындағы Абылай хан бейнесі – қазақ әдебиетіндегі ең көркем әрі шынайы сомдалған тарихи образдардың бірі. Ол – өз халқын қиын-қыстау кезеңде біріктіре білген, даналығымен дараланған, ерлігімен еленген ұлы тұлға. Жырау поэзиясында Абылайдың бейнесі тек тарихи шындықпен шектелмей, рухани идеал деңгейіне дейін көтеріледі. Бұл – жырау шеберлігінің, поэзия қуатының айқын көрінісі. Сондықтан да Абылай ханның Бұқар жырау толғауларындағы бейнесі ұлт руханияты үшін мәңгілік үлгі бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дәуітов С. «Жыраулар толғауындағы Абылай хан бейнесі», Жұлдыз. – 2012. – №4. 183-187 б.
2. Әзібаева Б. «Абылай хан» тарихи жырлар, 1том, – Алматы: Білім, 1995. — 288 б.

3. Андирова К. Н. Қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технологияны қолданудың тиімділігі // <https://zkoipk.kz/kz/2016smart5/2587-conf.html>

4. Фатеева И. А. Метод проектов как приоритетная инновационная технология в образовании / И. А. Фатеева, Т. Н. Канатникова. // Молодой ученый. - 2013. - № 1 (48). - С. 376-378. - URL: <https://moluch.ru/archive/48/6113/>

Генжегулова Алима Есенкосовна

№ 112 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Бұқар жыраудың сыртқы саясаттағы көзқарастары

Бұқар жырау Қалқаманұлы — XVIII ғасырдағы қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын көрнекті жырау, би және мемлекет ісіне араласқан көреген кеңесші тұлға. Ол тек жыр-толғауларымен ғана емес, сонымен қатар ел басқару ісіне қосқан үлесімен де танымал. Бұқар жыраудың шығармалары мен қоғамдық қызметі қазақ халқының басынан өткен күрделі тарихи кезеңдермен тығыз байланысты болды.

XVIII ғасыр — қазақ елі үшін саяси және әскери тұрғыдан аса ауыр кезең еді. Бұл ғасырда қазақ жұрты жоңғар шапқыншылығы мен сыртқы қауіп-қатерлерге қарсы күрес жүргізді. Сонымен қатар, Ресей және Қытай секілді ірі империялармен қарым-қатынас орнатып, елдің болашағына қатысты маңызды саяси шешімдер қабылдау қажеттігі туындады.

Осындай күрделі заманда Бұқар жырау Абылай ханның сенімді серігі әрі кеңесшісі ретінде көзге түсті. Ол ханға тек ішкі саясатта ғана емес, сыртқы саясатта да бағыт-бағдар беріп, халықтың мүддесін алдыңғы орынға қойған. Бұқар жырау ел бірлігін сақтап, тәуелсіздікті қорғауға үндеген кемеңгер тұлға ретінде қазақ тарихында өшпес із қалдырды.

Бұқар жырау Қалқаманұлы XVIII ғасырда Қазақ хандығының саяси сахнасында ерекше орын алған тұлға болды. Оның Абылай хан тұсындағы рөлі айрықша маңызды. Бұқар жырау – тек жырау емес, ел мен елді, хан мен халықты жақындастыра білген ақылман кеңесші. Ол Абылай ханның сенімді серігі ретінде ішкі және сыртқы саясатқа тікелей араласып отырған. Бұқар жырау Абылай ханға ел басқаруда бағыт-бағдар беріп, саяси шешімдерге ақыл қосқан дана кеңесші болды. Хан ордасындағы билік мәселелерінен бастап, елдің болашағына қатысты маңызды істерге араласып отырған. Ол ханға тек биліктің қуатын арттыруды емес, халықтың ынтымағы мен тұрақтылығын сақтауды да насихаттады.

Жыраудың басты мақсаты — ел ішіндегі алауыздықты жою, ру-тайпалар арасындағы татулықты сақтау болды. Ол өз толғауларында халықты бірлікке, татулыққа, отанға адал қызмет етуге шақырды. Бұқар жырау елге төнген қауіптің тек бірлік арқылы ғана жеңілетінін жақсы түсінді және бұл ойларын ханға да, халыққа да ашық жеткізді.

Бұқар жырау Абылай ханның Ресей мен Қытай арасындағы саяси тепе-теңдікті ұстануына, жоңғарлармен күрестегі шешімдеріне, ел мүддесіне сай

бағыт таңдауға ықпал етті. Ол Абылай ханға сыртқы саясатта ұтымды шешімдер қабылдау үшін терең ой мен сабырлы қадам керектігін үнемі ескертіп отырды. Жыраудың бұл кеңестері ханның көреген саясат ұстануына сеп болды.

Осылайша, Бұқар жырау — Абылай ханның билігі тұсында ел мүддесін қорғаған, мемлекеттің сыртқы саясатында маңызды рөл атқарған тарихи тұлға ретінде танылады.

XVIII ғасырдағы қазақ халқы үшін жоңғар шапқыншылығы ең ауыр әрі қасіретті кезеңдердің бірі болды. Елдің тәуелсіздігіне төнген қауіпке қарсы бүкіл халық бірігіп күресуге мәжбүр болды. Осындай қиын-қыстау заманда Бұқар жырау елдің рухын көтеріп, ерлікке үндеген жырау ғана емес, халықты қорғаныс пен бірлікке шақырған саяси тұлға ретінде де танылды.

Бұқар жырау жоңғар шапқыншылығы кезінде халықтың еркіндігін, жерінің тұтастығын, тәуелсіздігін басты құндылық деп білді. Ол өз толғауларында елдің сыртқы жауға қарсы бірігіп, азаттық үшін күресу керектігін жырлады. Жырау үшін жауға қарсы тұру – бұл тек қана соғыс емес, ұлттық рухты сақтау, болашақ ұрпақтың амандығын қамтамасыз ету жолы болды.

Ол халықтың бойындағы намыс пен қайратты оятып, ерлік пен батырлыққа үндеді. Бұқар жырау өз ойларында ел басына күн туған шақта тайсалмай, батыл қимылдауға шақырып, қорқақтық пен бейқамдықты қатты сынаған.

Бұқар жырау ел қорғаны болған батырларды ерекше құрметпен жырлады. Ол Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды батырларды елдің шын мәніндегі қаһармандары деп бағалады. Бұл батырлар арқылы жырау бүкіл қазақ жастарын ерлікке, ел қорғауға, Отан алдындағы парызын өтеуге шақырды.

Оның жырларында жоңғар басқыншыларына деген ашық қарсылық, ұлттық еркіндікті қорғау идеологиясы анық көрінеді. Жырау батырларды тек мадақтап қана қоймай, олардың ерлігі мен тұлғалық қасиеттері арқылы халықтың бойына үміт, сенім және отансүйгіштік рухын дарытты.

Осылайша, Бұқар жырау жоңғар шапқыншылығы кезеңінде ұлттық рух пен күрескерлік идеяны алдыңғы орынға қойған, халық санасына тәуелсіздіктің маңызын сіңірген бірегей тұлға болды.

Бұқар жырау Қалқаманұлы — өз дәуірінің ғана емес, бүкіл қазақ тарихындағы аса көрнекті ойшыл, ел қамын жеген кемеңгер саясаткер. Ол ханға да, халыққа да ел бірлігі мен тәуелсіздігін басты мұрат ету қажеттігін айтып, соған бағыт сілтей білді. Бұқар жыраудың сыртқы саясатқа қатысты көзқарастары оның көрегендігін, алыс болашақты болжай алатын саяси даналығын көрсетеді.

Жырау ұстанған сыртқы саясаттағы ұстанымдар – бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның да басты құндылықтарымен үндес. Ол елдің дербестігін сақтап қалу үшін алпауыт мемлекеттермен тең дәрежеде қарым-қатынас орнату, жаудан қорғану жолында ауызбіршілік пен ынтымақтың маңызын жырлады.

Бұқар жырау үшін басты мақсат – ел тыныштығы мен халық амандығы болатын.

Бүгінгі таңда Бұқар жыраудың мұрасы – тәуелсіздікке деген ұмтылыстың рухани іргетасы. Оның жырлары мен ой-тұжырымдары әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Сондықтан да Бұқар жыраудың сыртқы саясаттағы көзқарастары тек тарихи мәнге ие ғана емес, бүгінгі буын үшін де үлкен тағылым көзі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Б.Мәметова. Бұқар жырау және оның заманы. — Алматы: Ғылым, 1993.
2. А.Х.Қасымжанов. Қазақ философиясы тарихынан. — Алматы: Рауан, 1998.
3. Ә.Нысанбаев, К.Әбішев. Қазақ ойшылдары: тарихи-философиялық очерктер. — Алматы: Білім, 1994.

Джунусова Айнур Балгабаевна
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
«CA GARDEN SCHOOLS» ЖШС

Бұқар жырау шығармаларындағы афоризмдер

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі — Бұқар жырау Қалқаманұлы. Ол XVIII ғасырда өмір сүрген, Абылай ханның кеңесшісі әрі ақылгөй жырау ретінде ел есінде қалған тарихи тұлға. Бұқар жыраудың шығармалары — халқымыздың рухани мұрасы, ел тағдыры мен елдік мәселелерді арқау еткен көркем де терең мазмұнды туындылар. Жыраудың поэзиясы тек тарихи оқиғалармен ғана емес, сонымен қатар философиялық, даналық ойларымен, афоризмдерге бай ерекшелігімен де құнды.

Афоризм — халықтың немесе белгілі бір тұлғаның өмірлік тәжірибесінен туған қысқа, мағыналы, терең ойлы сөз. Бұқар жыраудың шығармаларында осындай даналыққа толы сөздер жиі кездеседі. Бұл афоризмдер ғасырлар өтсе де өзектілігін жоғалтпаған.

Бұқар жыраудың поэзиясы — ақыл-ой мен тәрбие мектебі. Ол өз жырларында өмір шындығын, халықтың тұрмыс-тіршілігін, хан мен қараның қарым-қатынасын, ел бірлігі мен татулықты жырға қосқан.

Жыраудың бүкіл жыр-толғаулары афоризмдерден өрілген. Ақылгөй абыз дәулетке, баққа қызықпа, арыңды ақсатпа, малға сатпа, ол мәңгілік нәрсе емес, «өзгереді, өзгергенді көз көреді»-дейді. Ол арамзалық алысқа шаппайды, «Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам» ұзаққа бара алмайсың, халықтың шындық атты қақпаны бар, адалдық атты тұзағы бар, соған түспей өтпейсің,- деп ескертеді. «Жаманмен жолдас болсаң, көрінгенге күлкі етер, жақсымен жолдас болсаң, айырылмасқа серт етер»- деп бірліктің басталатын қайнар көзін ашып береді.

Жырау қарапайым сөздің сыры сезілмес, жымы білінбес шеберлікпен шендестіру арқылы ғаламат қуат күшін оятады. Жай ғана бір сөздің ұйқасы мен үйлесімінің арасына ол тіршіліктің қария даналығын орнықтырады.

Бұхар жырау тірліктің, жарық дүниенің сәулелі нұрын құштарлықпен құшақтайды. Оның ойы-аспаннан биік, сезімі- теңізден терең. Ол құйқылжыған, қайшылығы, қарсылық күресі, текетірес құбылысы көп дүниеден тиянақ табуға баулиды. Басу айтып, сабаңа түсіреді. Аласұрған көңіл, арпалысқан сезімді ауыздықтаудың сиқырын, сырын жеткізеді. Пенделіктен жоғары тұрар қасиеттерді сақта дейді. Жыраудың толғаулары дүние шартын тізбелеген нақыл, афоризм көмбесі. Ол өзінің өлеңдерінде моральдық сарынға беріліңкіреп, ағайыншылықты, татулықты, достықты үгіттейді, өзімшілдіктен сақтандырады.

Азамат ердің баласы,
Атадан алтау тумас па?
Атадан алтау туғанмен,
Ішінде оның біреуі,
Арыстаны болмас па?-дейді ол.

Мысалы, Жыраудың:

«Ханың жақсы болса — жұрт тыныш» — деген бір ауыз сөзі арқылы ел басқарудағы әділдік пен даналықтың қаншалықты маңызды екенін білдіреді.

Бұл — хан мен халықтың қарым-қатынасы жайлы маңызды тұжырым.

Тағы бір терең ойды мына жолдардан көруге болады:

«Асыл тастан шығады, ақыл жастан шығады»

Бұл жолдар — қазақ халқындағы жастықтың қадірі мен жас ұрпақтың ақыл-парасатына деген сенімнің көрінісі. Бұқар жырау жастардың білімді, ойлы болуын жоғары бағалаған.

Сондай-ақ:

«Басына іс түскен пақырға, қол ұшын бермес жамандар...» — деген сөзінде жырау адамның адамгершілік қасиетін, қиын шақта көмек берудің маңызын көрсетеді.

Бұқар жыраудың афоризмдері тек жеке адамның мінез-құлқы жайында ғана емес, сонымен қатар қоғамдық мәселелерді де қамтиды. Ол ел бірлігін сақтау, ынтымақ пен адалдықты сақтау жөнінде де ой тастайды. Мәселен:

«Бірлік болмай тірлік болмас». Бұл афоризм халық арасында кең тарап кеткен және қазіргі күнге дейін жиі қолданылады.

Жыраудың осындай нақыл сөздері ел басқарған хандар мен бектерге, жалпы халыққа ой салып отырған. Ол тек жырлап қана қоймай, ұлттың болашағы үшін стратегиялық кеңес беруші рөлін де атқарған.

Бұқар жырау Қалқаманұлының афоризмдері — қазақ халқының өмір сүру философиясының, дүниетанымының, моральдық қағидаларының айнасы іспетті. Оның қысқа да нұсқа, терең мағыналы сөздері — ғасырлар өтсе де маңызын жоймаған асыл қазына.

Қазіргі заманда да Бұқар жырау афоризмдері тәрбиелік мәнін жоғалтқан жоқ. Жастарды елін, жерін сүйуге, адалдық пен әділдікке, татулық пен бірлікке шақыратын осы нақыл сөздер мәңгілік мұра болып қала береді.

Сондықтан да, Бұқар жырау шығармаларындағы афоризмдер тек әдеби мұра ғана емес, ұлттық тәрбие мен рухани жаңғырудың негізі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дала даналары,. Алматы: Қазақстан даму институты. 2001-640б
2. Қ. Өмірәлев 18-19 ғ. Қазақ поэзиясының тілі
3. Қуанғанов Ш.Т . Бұхар жырау
4. М.Жармұхамедов. Көненің көзі. Алматы, Санат, 96
5. М.Мағауин. Қобыз сарыны, Алматы: Жазушы, 68
6. Х.Сүйіншәлиев. 18-19 ғ. Қазақ әдебиеті, Алматы:Мектеп,1989
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том 2 кітап, 64
8. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. Алматы, 92
9. Бұқар жырау. Ай, Абылай, Абылай! Алматы: Жалын,93
- 10.Бес ғасыр жырлайды. Алматы,1985
- 11.Ай, заман-ай, заман-ай. Алматы,92
- 12.Ұлт тағылымы. Ғылыми педагогикалық басылым,2004, № 2

Дулатбай Күлхан Кеңесқызы
Астана қаласы, №15 мектеп-лицейі

**Бұхар жыраудың шығармаларындағы даналық
пен тәлім-тәрбие мәселелері**

Қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі, ұлттық философия мен дүниетанымның негізін қалаушылардың қатарында Бұхар жырау ерекше орын алады. Оның шығармашылығы халықтың моральдық және этикалық құндылықтарын, қоғамдағы түрлі мәселелерді терең түсініп, соларға қатысты ойларын білдірген. Бұхар жырау тек поэзияның шебері ғана емес, сондай-ақ өсиет, тәлім-тәрбие беруші тұлға ретінде де танымал. Оның шығармаларында адамгершілік пен рухани тазалықтың, әділеттілік пен имандылықтың маңызды рөл атқаратындығы жиі көрініс табады. Осы тұрғыда Бұхар жыраудың даналық сөздері мен тәлім-тәрбие мәселелері қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтпайды.

Ендеше, осы тақырып бойынша Бұхар жыраудың шығармаларындағы даналық пен тәлім-тәрбие мәселелерін тереңінен талдап, оның маңыздылығын көрсетейік.

Жоғарыда айтып өткендей, Бұхар жыраудың шығармаларында даналық ұғымы кеңінен қарастырылады. Жырау өзінің өлеңдерінде әртүрлі өмірлік мәселелерді шешуге бағытталған даналық ойларды айтқан. Оның шығармаларында өмірдің мәні, адамдар арасындағы қарым-қатынастар, дүниетаным мен рухани құндылықтар туралы тұжырымдар бар. Бұхар жыраудың даналық көзқарастары тек философиялық мәнге ие болып қана қоймай, адамдарға тәлім-тәрбие беру мақсатында да қолданылған.

Бұхар жырау өз шығармаларында тек білім мен тәжірибенің ғана емес, адамның жан дүниесінің тазалығы мен ар-ұятының да маңызды екенін атап өтеді. Оның пайымдауынша, даналық — бұл адамның өмірді түсінуі, әділеттілікке, адамгершілікке ұмтылуы. Даналықтың мәні тек дүниелік мәселелерде ғана емес, сонымен қатар адамның өз ішкі дүниесін түсінуінде де жатыр. Жыраудың өлеңдерінде адамзаттық қасиеттерді дамыту үшін адам жанын рухани тұрғыдан жетілдіру қажеттілігі айқын көрінеді. Жырау даналықтың өмірде адамға бағыт-бағдар беретін жарық екенін айта отырып, дұрыс жолды табуына көмектеседі. Ол:

«Даналық — қараңғы түнде жарық болар,

Адасқан жанды жолға салар», - дей келе, өзінің даналық өсиеттерінде жас ұрпақты өздерінің адасушылықтарынан сақтандырып, дұрыс өмір сүру жолын таңдауға шақырады.

Сондай-ақ, Бұхар жыраудың шығармашылығындағы елеулі тақырыптардың бірі — тәлім-тәрбие. Жырау өз өлеңдерінде халыққа дұрыс тәрбиенің маңыздылығын, жас ұрпақтың бойына адамгершілік пен адалдық қасиеттерін сіңірудің қажеттілігін жиі айтып отырған. Оның шығармалары тәлім-тәрбие тұрғысынан көркем құндылықтарды насихаттайды. Жыраудың пікірінше, тәрбие тек білім беру ғана емес, сонымен қатар адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруды да қамтиды.

Бұхар жырау қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарына сүйене отырып, жастарды тәрбиелеуде ұлттық мораль мен этикалық нормаларды ұстанудың маңыздылығын түсіндіреді. Оның шығармаларында ата-бабадан келе жатқан тәлім-тәрбиенің қадірі, халықтық дәстүрлер мен рухани құндылықтарды сақтаудың маңыздылығы айқын көрсетіледі. Мысалы:

«Адам болар балаға тәлім берген,

Өзгелерден көрген жолды түсінген», - деп, осы өлең жолдары арқылы жырау жас ұрпаққа дұрыс бағыт көрсету үшін олардың тәрбиесіне көңіл бөлуді, ұрпақ тәрбиесінің маңызды екенін айтады. Жырау «адам болар балаға» деген сөз арқылы тәрбиенің адам өміріндегі басты құрал екенін атап өтіп, оған дұрыс көңіл бөлу қажет екенін түсіндіреді.

Бұхар жыраудың шығармаларындағы тағы бір маңызды тақырып — адамгершілік және адалдық мәселесі. Оның философиясында адам бойындағы этикалық қасиеттер маңызды орын алады. Жырау адамдардың бір-біріне деген адалдығын, жақсылығын, құрметін, және адамгершілік қасиеттерін жоғары бағалайды. Адамның адал болмауы, жалғандық пен өтірікке жол беру оның өмірінде ғана емес, бүкіл қоғамда үлкен зардаптар әкеледі деп түсінеді. Бұхар жырау өзінің өлеңдерінде адамдарды жақсы, адал болуға, бір-біріне қиянат жасамауға, әркімнің өз ісіне жауапты болуға шақырады. Оны мына өлең жолдарынан көруге болады:

«Адам болар жүрегі таза,

Өтірік айтсаң, жаның жазаға тартар».

Бұл өлең жолдарында жырау адамның жүрегінің тазалығын алға тартады. Ол адамды өтірік пен екіжүзділіктен сақтандырып, адал болуға

шақырады. Жыраудың пікірінше, тек адал адамдар қоғамда жақсы өмір сүреді және бұл адамдардың бір-біріне деген құрметі мен сенімі артады.

Бұхар жырау тәрбиеде халықтық дәстүрлерді қолданудың маңыздылығын үнемі айтып өткен. Ол халықтың моральдық құндылықтарын, өмір сүру дағдыларын, еңбекқорлық пен адалдықты жастарға ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Бұхар жырау өз өлеңдерінде тәрбие процесінде халықтың тұрмыстық өмірінен алынған тәжірибелер мен даналықты жиі қолданған. Жыраудың пікірінше, халықтың дәстүрлері мен мәдениетінің түпкі мәнін ұғыну, сол арқылы тәрбиелеу — жас ұрпақтың адамгершілік және рухани тұрғыда қалыптасуына ықпал етеді. Мысалы:

«Ұрпақ өсер, қолында тәлім алса,

Ата жолын сақтап, елін қастерлесе».

Бұл өлең жолдарында жырау ұрпақтың ата-баба жолын ұстанып, олардың дәстүрлерін сақтауға шақырады. Бұхар жырау халықтық тәрбиенің терең мәніне мән бере отырып, оны жас ұрпақтың бойына сіңіруді ұсынады.

Бұхар жыраудың шығармашылығының тәрбиелік мәні бүгінгі таңда да өзекті болып табылады. Оның даналық өсиеттері, адамгершілік, адалдық, ұлттық құндылықтар туралы ойлары қазіргі қоғамда да үлкен мәнге ие. Қазіргі жастарды тәрбиелеуде Бұхар жыраудың шығармаларында айтылған құндылықтарды насихаттау маңызды. Оның ұстанымдары жастардың рухани дүниетанымын қалыптастырып, оларды өз халқының тарихи-мәдени мұрасымен таныстыруға ықпал етеді.

Жыраудың шығармаларындағы даналық пен тәрбиелік тұжырымдар қазіргі жастарды тәрбиелеуде рухани бағдар ретінде пайдалануға болатын құнды мұра болып табылады. Бұхар жырау өмірдің мәнін түсіну, өз жолыңды табу, халықтың рухани құндылықтарын сақтау сияқты мәселелерді көтеріп, сол арқылы жастарға дұрыс бағыт береді.

Сонымен, қорыта айтқанда, Бұхар жыраудың шығармаларында даналық пен тәлім-тәрбие мәселелері ерекше орын алады. Оның өлеңдері мен толғауларында халықтың адамгершілік құндылықтары, тәрбиенің маңызы, адалдық пен әділеттілік туралы ойлар терең жеткізілген. Жырау өзінің шығармашылығында жастарды тәрбиелеуге, оларға өмірдің қиыншылықтарына қарсы тұру үшін моральдық-этикалық қасиеттерді бойларына сіңіруге бағытталған өсиеттер қалдырған. Бұхар жыраудың даналық ойлары мен тәрбиелік тұжырымдары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, жас ұрпақ үшін рухани бағдар болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. «Әдебиет тарихы». — Алматы: Жазушы, 1972. 210 бет.
2. Қирабаев С. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Мектеп, 1990. 120-130 бет.
3. Сүйіншәлиев Х. «Бұхар жырау және қазақ әдебиеті». — Алматы: Ғылым, 1985. 90-95 бет.
4. Жұмабаев М. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Атамұра, 1997. 250 бет.

5. Кенжебаев Б. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Қазақ университеті, 2001. 135-140 бет.

6. Сағындықұлы М. «Бұхар жыраудың әдеби мұрасы». — Алматы: Қазақстан, 2000. 110 бет.

Ермухамбетов Бауыржан Ермухамбетович

«Тәттімбет атындағы Қарағанды

өнер колледжі» КМҚК директоры, домбыра

сыныбының оқытушысы

«Қилы заманның» құбылысы – жырау Бұқар

Бұқар жырау өмір сүрген кезең – Қазақ хандығын Тәуке, Болат хан, Абылай хандар билеген заман болатын. Бұқар жырау – аса ірі тарихи тұлға. Өзі тұстас көрнекті қайраткерлер арасында ең көп жасағаны да, қазақ өміріндегі ірі оқиғаларға ең көп қатысып, оларды өз шығармашылығы арқылы суреттеп, шығармаларында тарихи дәуірдің іздерін ең көп қалдырған да – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы жеріндегі Далба тауының етегінде дүниеге келіп, ұзақ жасап, туған өлкесінде өмірден өткен әйгілі Бұқар жыраудың бізге жеткен мың екі жүз жолдық туындыларына: толғаулары мен жырларына қарасақ, ол жүріп өткен жолдың аса ауқымды екеніне көз жеткіземіз.

Бұқар жырау – қазақ мемлекеттілігінің әбден қалыптасуы мен ыдырау дәуірін қатар көрген мемлекетшіл тұлға. Бұқар – ең әуелі қазақ әдебиетінің ірі өкілі. Ол қазақ әдебиетіндегі жыраулар дәуірі аталатын кезеңдегі белгілі шығармашылық иелерінің бірі болып табылады. Бұқар жырау есімінің ұмытылмай жетуінің өзі де оның шығармашылдық қырымен байланысты.

Жырау – өз жанынан өлең, жыр, толғаулар шығарып айтумен қатар, эпикалық дастандар мен толғауларды халық көпшіліктің ортасында таңды таңға ұрып орындайтын ерекше өнер иесі. «Жырау» деген атаудың түбірінің өзі «жыр» сөзінен шығып отырғанын ескерсек, жырау – жыр айтатын адам деген мағынаны беріп тұрғанын көреміз.

Бұқар жырау шығармашылығы – ежелгі көшпелі мемлекеттерінің, одан бергі Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысындағы кеңесшілік институттың айқын көрінісі. Ежелден бергі кезеңде көшпелі ордаларды басқарған хандардың, айтулы билер мен сардар батырлардың жанында олардың рухани, идеологиялық мәселелер бойынша кеңесшісі ретінде жыраулар жүріп, билеушіге үнемі көмекші, ақылшы болып келген. Абылай ханның заманында Бұқар жырау, Тәтіқара жырау, Үмбетей жырау қатарлы әйгілі жыраулар болғаны оларға қатысты айтылатын түрлі оқиғалар тарихтан белгілі.

Бұқар жырау – осы аталған және өзіне дейінгі, өзінен кейінгі дәуірлердегі хан-сұлтандар жанындағы кеңесші жыраулар арасындағы ең көрнектісі ретінде тарихта қалды. Бұқар жыраудың кеңесшілігіндегі ең басты идея – ел бірлігі. Бұл оның әрбір бізге жеткен еңбегінде көрініс тауып

жатады десек болады. Бұқар жыраудың балалық, ересектік шағында билік құрған Тәуке ханның заманында «Жеті жарғы» заңы жазылып, қазақтардың бір орталыққа бағынуы қалыпқа келтірілгенімен, айналасында қалыптасқан саяси жағдайларға байланысты елдің бірлігіне үлкен қауіп төніп келе жатқан болатын. Солтүстіктен ентелеп келе жатқан Ресей империясының ниетін, болашақ ұрпаққа тигізер зиян-залалын Көмекей әулие ерте білген. Мұны Бұқар жыраудың бізге жеткен «Қилы заман» деген толғауынан анық аңғауға болады.

Күн батыстан бір дұшпан,
Ақырда шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Діндарының аты – поп.
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды.
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ,
Затсыз, тексіз бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір,
Жаяулап келер жұртыңа.

Бұл – жыраудың Абылай ханға сонау ХҮІІІ ғасырдың ортасында айтқан көріпкелдік жыры екенін ескерсек, Бұқар жырауды қазақ тарихындағы Мөңке бидің немесе Еуропадағы Нострадамустың стиліндегі болашақты болжаушылар қатарына жатқызуымызға әбден болады. Сондықтан да оны «Көмекей әулие» деп атаған. «Көмекей әулие» дейтіні – сәуе көріп, оны айтарда көмекейі бүлкілдеп, төгіп-төгіп жырлайтындығынан болса керек. Көмекей әулие қазақ халқының Абылай дәуірінен арғы жағдайын, яғни «жаяулап жеткен затсыз, тексіз» жұртқа кіріптар болғаннан кейінгі тұрмысын былай деп болжаған екен:

Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жемқорларға жем беріп,
Азды көпке теңгеріп,
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртыңа.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есеп алар пұлыңа,
Солдат алар ұлыңнан.
Күндердің күні Абылай,
Есе тимес сөзіңе,
Есіктегі құлыңнан.

Бұқар заманында мұндай халге келіп түспегенімен де, Абылай дүниеден өткен соң, Орта жүздің өзінде екі бірдей хандық құру арқылы қазақтардың ішкі ісіне еркін араласа отырып, жағалай бекініс салып

ілгерілеген Патшалық Ресей билігі 1822 жылы «Хандық билікті жою туралы» жарғы шығарса, 1868 жылы аға сұлтандықты да жойып, қазақтарға тиесілі ең үлкен басқару билігін «болыстық» деңгейіне түсіріп, елді әбден бөлшектеп тастаған еді. Бұл – Абайдың «бас-басына би болған өңкей қиқым» деп атаған дәуірі болатын. Жоғарыдағы Бұқар жыраудың толғауында айтылған жағдайлардың бәрі ХІХ ғасырдың ортасында қазақ даласында орын алып болған еді.

Бұқар жыраудың шығармашылығында болсын, мемлектшілдік іс-әрекеттерінде болсын, қазақтың ұлы ханы Абылайдың алар орны ерекше. Бұқар жырау – Абылай ханның қазақ халқын бір тудың астына жинап, күшті ел болдыруға деген ұмтылысын сөзсіз батыл қолдаушы, дем беруші ретінде тарихта қалды. Оны жыраудың көптеген толғауларында анық аңғарамыз. Атап айтқанда бірде «Сәдір қайда барасың?», бірде «Керей қайда барасың?» аталып жүрген толғауында, елдің бірлігі сыналар қысылтаяң шақта бөліне көшкен Сәдірдің қылығын бетіне басып, Абылай ханның алдында бітісуін қатаң талап етеді.

Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын.
Егер Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын:
Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа,
Көш соңынан жете алмай,
Есің шығар сол шақта.
Жар басына қамалып,
Жарты лашық тігерсің.
Ауызыңнан ас кетер,
Қара көзден жас кетер.
Бұ қылығың қоймасаң,
Сонау кеудедегі дулығадай бас кетер.

Бұқар жырау – Абылай ханды тиянақ ете отырып, Сәдірге айбат көрсетеді. Осы арқылы ел іргесінің тыныштығын сақтауға ұмтылады. Бұл – қажет кезінде қатаң дипломатияға жүгіну деген сөз болып табылады.

Бұқар жырау – ұзақ жасаған жасында шығармашылық қабілетінен ажырамаған, өзінің елшілдік мұратынан айнымаған жан. Тоқсан үш жасқа келіп отырса да, жыр толғаудан қалмаған.

Менің жасым тоқсан үш,
Мұнан былай сөйлеуім
Маған да болар ауыр күш, -

деуі – сөзімізге дәлел болады. Бұқар жырау – Абылай ханның Арқадан оңтүстік өлкеге қоныс аударып барып, сол жерде қоқандықтардың шабуылына ұрынып, құсаланып өмірден өтерінде де бірге болған айнымас серігі.

Бірі етек, бірі жең болған,
Ежелден саған ел болған.

Орта жүзден кісің жоқ,
Найзасының ұшы алтын,
Кіші жүзден кісің жоқ.
Енді бұған қарап тұрғаннан,
Басқа қылар ісің жоқ...

Абылай хан Ханқорған деген жерде қайтыс болып, Түркістан қаласына, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанына жерленеді. Бұқар жырау Арқаға қайтып келеді. Өмірінің соңына дейін елдік мұраттан айнымаған есіл ердің, Бұқар жыраудың өмір жолы – мемлекетшілдіктің айқын үлгісі ретінде дәріптеле бермек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. М. Жармұхамедов. «Көненің көзі» А. 1996 ж, 128-129-130-131-бет;
2. Ә. Дербісәлин. «Әдебиет туралы толғаныстар», А. 1990 ж.;
3. Х. Сүйіншалиев. »Қазақ әдебиетінің тарихы», А. 1995 ж.;
4. М. Мағауин. «Қобыз сарыны», А. 2003ж.

Есимсеитова Алмагуль Жаппасовна

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Д.Бабатайұлы атындағы №89 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

Бұқар жырау Қалқаманұлы- аса ірі тарихи тұлға

Баяндамада аса ірі тарихи тұлға Бұқар Қалқаманұлының тарихтың ақтаңдақ беттерінің бірі ретінде оның тек қазақ әдебиеті ғана емес, тарихи тұлға ретінде сіңірген еңбектерін болашақ ұрпаққа жекізу мақсатында өнегелі өмірінің жаңа қырлары ашылған.

Бұқар Қалқаманұлы қазақ халқының аса көрнекті ойшылы, жырау, Тәуке хан мен Абылай хан тұсындағы беделді билердің бірі, Абылай ханның бас кеңесшісі, абыз, «көмекей әулие»болған. Ол- өз заманының білімдар адамы. Осы күнге оның поэтикалық мұрасынан 1200- ге жуық өлең жолдары жеткен.[1,152-б] Бұқар жырау қазақ халқының Жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап берген жалынды күрестің жыршысына айналды. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханның жанынан табылып, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға мемлекет құруға күш салды, екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстану мен әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге үлкен үлес қосты. Ол Абылай ханға қоғамдық пікірді жеткізгендіктен, хан ел ішінің ахуалын танып, күнделікті және күрделі қарекет қимылдарының оң- терісін бағамдап, алдағы ісін бағдарлап отырды. Осылайша билік тұтқасын қолға алған әз-Тәуке мен Абылай хан тұсында би болған, билік мен халық арасына көпір бола білген қайраткер ақын.[2,74-б]

Осы кезеңді Шоқан Уәлиханов: «Первое десятилетие XVIII века было ужасным временем в жизни киргизского (казахского-Ш.Е.) народа. Джунгары, волжские калмыки, яицкие казаки и башкиры с разных сторон

громили их улусы, отгоняли скот и уводили в плен киргизов целыми семействами», - деп жаза келе, қазақты тазы ит тобырын қосқан қоянға теңейді. Міне, осы теңеудің баламасын Ілияс Есенберлин «Қазақ елі бұл кезде көкпарға тартуға дайындалған серке тәрізді еді» дейді. [3]

Ел басына осындай қысылтаяң уақыт таянғанда, үш жүздің басын біріктіре білген Абылайды:

Қалданменен ұрысып, Жеті күндей сүрісіп, Сондағы жолдас адамдар:

Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек...

Өңкей батыр жиылып, Абылай салды жарлықты, - деп жырға қосты. [4, 10-б] Ол Абылай ханның қасында өмірінің соңына дейін жүруінің себебін:

Хан Абылай атандың, Дүниеден шықпай мініңіз. Алтын тақтың үстінде Үш жүздің басын құрадың. Жетім менен жесірге Ешбір жаман қылмадың. Әділдікпен жүрдіңіз, Әдепті іске кірдіңіз, - деп өзі жырлағандай, халық қамын жеген ханның жырау көңілінен шыққаны байқалады. [5, 19-б]

Осындай ел басына ауыр күн төнгенде, ел ішіне іріткі салғысы келген Садыр батырға айтқан сөзінен ынтымақтың, ел бірлігінің өте маңызды екенін және барлық халық бір тудың астына бірігіп, Абылайдың жанынан табылу қажеттігін айтқан. Бұқар жырау – Абылай ханның қазақ халқын бір тудың астына жинап, күшті ел болуға деген ұмтылысын сөзсіз батыл қолдаушы, дем беруші ретінде тарихта қалды:

...Абылай алдында сен бітсең,

Құдандалы таныспын.

Егер Абылай алдында бітпесең,

Атасын білмес алыспын, -деп жеткізе білген және айтқан сөзін тыңдамаса:

Көшің кетер бір жаққа, Малың кетер бір жаққа, Көш соңына жете алмай, Есің шығар сол шақта....Бұл қылығың қоймасаң, Сонау кеудедегі Дулығадай бас кетер!-деп, елдің бірлігі сыналар қысылтаяң шақта бөліне көшкен Садырдың қылығын бетіне басып, Абылай ханның алдында бітісуін қатаң талап етеді. [3,9-б]

Абылай хан көршілес екі алпауыт мемлекет: [Қытай](#) мен [Ресейге](#) қатысты шебер дипломатиялық қарым- қатынас орната білді. Соның арқасында ата жауы Жоңғарлардың іштей іріп, азып-тозуы үшін ұтымды саясат қолдана отырып тарих сахнасынан кетуіне қолайлы жағдай жасағанын мақтанышпен жырлайды. Бұл орайда жырау Абылай ханды «әділдігі Наушаруандай, жомарттығы Хатымдайдай» деп бейнелейді. Тіпті, ханның әділдігі мен адамгершілік қасиеттерін де жоғары бағалайды. [6]

Дуалы ауыз данагөй жырау хан шеше алмаған ауыр түйін, қиын жұмбақ, көмескі келешекті бұлжытпай болжауы тек оны ғана емес, елін де қауіп- қатерден сақтап қалды. Бірде Бұхар жырау Абылай ханның көршілес орыс еліне қарсы жорық ашпақ болғанда:

Ей, Абылай, Абылай! Сені мен көргенде,...[Үйсіндегі Төле бидің](#) түйесін баққан құл едін... , - деп, оның хан болып тумағанын, сондықтан шыққан тегін ұмытпау қажеттігін бетіне басып айтып отырған. Себебі жырау үшін бірінші орында ел тағдыры болған. ...Өкпеңменен қабынба, Өтіңменен

жарылма,...Мініңді айтып сынайтын, Тоқсан үштегі қария, Ендігәрі саған табылмас,- деп,Абылайды сөзімен тоқтатып, халықты қатерлі жаугершілік жолынан сақтап қалады. [3,37-39-б]

Бұқар жырау орыс отаршылдарының қазақтың шұрайлы қоныс, шүйгінді жерлерін біртіндеп басып алып, сол жерлерге бекіністер сала бастағанын көргенде, олардың бұзық пиғылдарын жұрттан бұрын сезіп, содан сақтануға шақырған.Бұқар жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттерін «Қилы заман» толғауында әшкерелейді. Абылай хан бір салтанатты күнде ат үстінде Бұқардан сұраған: «Асан қайғының қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар дегені не тантық, суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан шығады. Миға қонбайтұғын сөз ғой» — деп. Сонда Бұқарекең көзіне жас алып: «Әй, хан! Бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек!» , -деп, өз толғауын айтыпты.Атамекенінен, ата кәсібінен ажырап, абдырай бастаған тағдыр тәлкегіне ұшыраған халқының күйін Бұқар жырау былайша жоқтап зарлайды:

Өзің қонған Көкшетау, Кәпір қала салды, ойла!...Ұйлыққан қойдай қамалып,

Бүйірден шаншу қадалып,Сорлы қазақ қалды, ойла! [6]

Абылай хан төсек тартып жатып қалғанда, көңіл айтуға келген Бұхар жырау оның тұсында қазақ халқы «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманда өмір сүргенін айта келе, өзінің қазақ халқы үшін орнының зор екенін айтқан:

«Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай, Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай, Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай. Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,

Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай!». Бұқар жырау:«Әр мұсылманның жүрегінде Аллаға сенім орнаған, әр мұсылман Алладан келген бес парызды орындауға асық. Алла жүрегіне ұялаған адам үшін бір ғана заң бар, Алла аспанда емес, жерде емес – әркімнің жүрегінде, сезімінде, жанында. Ал заң сол сенімнен жоғары емес. Араб дәстүрі қазақ даласына, біздікі онда келе бермейді, жері бөлек, ауасы жат, қылығы басқа», - деді жырау[7]. Осы жыраудың сөзі Айдың, Күннің аманында дінінен адасып жүргендерге сабақ болса, қане?

Бұқар жыраудың есімі өзі өмір сүрген дәуірден Кеңес билігі күшейген тұсқа дейін қазақтар арасында өте танымал болып келгенімен, оның мемлекетшілдігі қазақ тарихы мен әдебиетіндегі белгілі тұлғаларға коммунистік идея тұрғысынан баға беріліп, оларды феодалдық-реакцияшыл, жат элемент ретінде қарауы 1937 жылға дейін Бұқар шығармашылығына қалам тартқан көптеген тарихшы, әдебиетшілердің жазықсыз жапа шегіп, сталиндік зұлматтың құрбаны болуы, Ермұқан Бекмаханов сияқты белгілі ғалымдар қудаланып, ұзақ жылға сотталуы рухани тұрғыда орны толмас соққы болды. 1959 жылға дейін Бұқар Қалқаманұлының жариялануына шығармашылығына тыйым салынды. Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының Бірінші хатшысы Н.С.Хрущев билікке келгеннен кейін өзінен

бұрынғы И.В.Сталиннің жіберген қателіктерін түзету мақсатында біршама жұмыстар жасады. Осы жылдары мемлекетшіл тарихи тұлғалардың есімі толықтай болмаса да, біртіндеп қайтарыла бастады. Солардың қатарында Бұқар жыраудың да есімі бар еді. Белгілі ғалым, жазушы Мұхтар Мағауиннің «Қазақ хандық дәуір әдебиеті» атты ғылыми жұмысы қорғалуы – жыраулар поэзиясының халқымен қайта қауышуына жол ашты. Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ. Халид, Г. Потанин, Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, М. Мағауин, Р. Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек етті. Бірақ «Үнді тарихын ағылшындардың көзімен емес, үнділердің көзімен қайта жазу керек», - деген Джавахарлал Нерудің сөзімен айтқанда, біз де өз тарихымызды, сол тарихтың куәгері боларлық, қайнар бастаулардан, сол дәуірдің тірі айғақтары ақын-жыраулар мұраларына ғылыми зердемен көз жүгіртетін уақыт болды. [9]

Серік Негимовтың айтуынша, Бұқардың жырлары жазылған парақтарды қазақ балалары бешпетінің астарына тіктіріп, тұмар қылып сақтаған. Бұқар жыраудың сарыны ақын Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінде кездеседі.[8] Осындай талай қазақ ақындарына ұстаз бола білген Бұхар Қалқаманұлының еңбегін Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Бұхарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек», - деп бағалаған. [6]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Тарихи тұлғалар» Б. Тоғысбаев, А.Сужикова, Алматы «АЛМАТЫКІТАП», 2022 ж, 152- бет.
2. «Алаштың ардағы» Е.Тілешов, Г.Әріпбекова, Астана «Зерде», 2008 ж, 74 бет.
3. «Абылай хан» С.Дәуіт, Алматы «Жазушы», 1993 ж 3-34-беттері.
- 4.Электрондық ресурс: Шерияздан Елеукенов «Абылай хан тарихи роман айнасында немесе өткеннен өнеге» Ақиқат 2012 ж <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/510>
5. Электрондық ресурс: «Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерінен» Қ. Әбуев, Алматы «Қазақстан», 1994 ж, 19-бет
- 6.Электрондық ресурс: Бұхар жырау Қалқаманұлы» Уикипедия, <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91>
7. «Бұқар жырау туралы қызықты деректер» <https://sputnik.kz/20230724/buqar-zhyrau-turaly-qyzyqty-dereker-37045154.html>
- 8.Электрондық ресурс: «Тұлға және тағылым» М. Қапанұлы, «Егемен Қазақстан» газеті 2023 ж <https://egemen.kz/article/337070-tulgha-dgane-taghylym>
9. Электрондық ресурс: «Жыраулар поэзиясындағы Абылайхан дәуірі» С.Жәмбек, https://adebiportal.kz/kz/news/view/zyraular-poeziiasyndagy-abylaixan-dauiri__20434

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫНА БЕЛСЕНЕ АРАЛАСҚАН КЕМЕҢГЕР ҚАЙРАТКЕР.

XVIII ғасыр – қазақ тарихындағы алмағайып, шешуші кезең. Осы дәуірде елдің тізгінін ұстаған хандар мен билердің жанынан табылған, рухани бағыт-бағдар беріп отырған кемеңгер жыраулар болды. Солардың ішіндегі ең шоқтығы биігі – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Ол – жыраулық дәстүрдің соңғы асқарына шыққан тұлға ғана емес, ел ісіне, дипломатиялық істерге араласқан тұлға ретінде ел тағдырын шешкен тарихи сәттердің ортасында жүрді, шешуші тарихи сәттерде Абылай ханның оң қолы болған ірі саяси қайраткер. Қазақтың тұтастығын, тәуелсіздігін сақтау жолында күрескен мемлекетшіл ойшыл.

Бұқар жырау Қалқаманұлы шамамен 1668 жылы дүниеге келіп, 1781 жылы қайтыс болған. Оның өмір сүрген кезеңі – Қазақ хандығының тарихындағы аса күрделі әрі шешуші оқиғаларға толы дәуір. Бұл – қазақ-жоңғар соғыстары, Ресей мен Қытай арасындағы ықпал күресі және үш жүздің қайта бірігу дәуірі.

1723 жылы жоңғар шапқыншылығы қазақ халқына аса ауыр зардаптар әкелді. Бұл кезеңде жүздеген ауыл-жұрт босып, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген зұлмат атымен тарихта қалды. «Арқада қазақтар мен қалмақтар арасында қанды қақтығыстар болып, күн санап күшейе түсті. Бүкіл халық атқа мініп, найзасы үйіне сүйелді. Бұқар жырау Ұлытауға келгеннен бері ол елді қорғаған батырлардың қоршауында уақыт өткізіп, олармен бірге болды. Жырау сол кездегі шешуші шайқастар мен тарихи оқиғалардың бел ортасында жүрді. Олар:

1726 жылы Сәмеке хан бастаған, Әбілқайыр хан қостаған Жайық бойы қалмақтарына қарсы жорық;

1726 жылы Шұна Дабо әскеріне тосқауыл жасаған Шұбартеңіз соғысы;

1727 жылы Бұланты шайқасы;

1727 жылы Ордабасы кеңесі;

1733 жылғы Жоңғария ордасын шабуылдаған Бөгенбай батыр бастаған жорық;

1734 жылы Баянауылдағы Сабындыкөл жағасында Абылайды Орта жүздің сұлтаны сайлаған елдің үлкен жиыны;

1739 жылы Әбілмәмбетті қазақтың ұлы ханы сайлап ақ кигізге көтерген ұлы той;

1740 жылы башқұрт көтерілісі.

Бұқар жырау осы трагедияны халық жадына терең сіңіріп, елдің рухын көтеру үшін жырларымен ел ішіне үміт сәулесін таратты. Елге рухани демеу

болып, жан-жаққа босқан халықты біріктіру идеясын көтеріп, аға буын билерге бірлік пен ортақ күрес қажеттігін жеткізді.

Қазақ жүздері бірігіп, жоңғарларға шешуші соққы берген атақты шайқас – 1730 жылғы Аңырақай. Бұл шайқастың алдында үш жүздің басшылары Қарақұмда құрылтай өткізіп, ортақ хан сайлау мәселесін талқылаған. Сонда Бұқар ел арасындағы алауыздықтың болмауына үндеп, ортақ жауға қарсы күресті қолдаған. Абылай бастаған билік жүйесін қолдап, үш жүз арасындағы бірлік идеясын насихаттаған.

Бұқар жырау Абылай ханды елге таныстыруда, оның беделін нығайтуда шешуші рөл атқарды. Ол халық арасында Абылайды көктен түскен көсем ретінде насихаттап, хандық билігін заңдастыруға үлкен үлес қосып, оның саяси беделін нығайта түсті. Бұқар жырау Абылай ханның сенімді серігі ғана емес, көреген саяси кеңесшісі болды. 1741-1743 жылдары Бұқар жырау Әбілмәмбет ханның жанында Түркістанда болған. Сол кезде Абылайды тұтқыннан босату мәселесімен де айналысты.

1743 жылы Нияз аталық, Қаз дауысты Қазыбек, Малайсары батыр бастаған қазақтан үш жүздей адам қалмаққа елшілікке барып, Әбілмәмбет хан баласы Әбілпейіз сұлтанды аманатқа тапсырып, Абылайды тұтқыннан босатып алды.

Ш.Уәлиханов шығармаларындағы «Абылай өлгенде айтқаны» деген өлеңін профессор Ә.Марғұлан Шоқан шығармаларының бірінші томына енгізген, ертерек жазылып алынған болса керек, сөздері түсіндірмені қажет етеді, дегенмен, жалпы мазмұны, Абылайды дәріптейтіні анық.

Бұқар жырау – ханның кеңесшісі болса да, қолбала ақын болған жоқ. Ол қажет болса, ханға да ашық пікір айтқан, билікті халық мүддесіне қызмет етуге шақырған кемеңгер.

Ханға жауап айтпасам – ханның көңілі қайтады,

Қандыра жауап айтпасам – халқым не деп айтады. Бұл — билік пен халық арасында ашық диалог орнату идеясының көне үлгісі.

Ханның қабылдаған көптеген шешімдері Бұқар жыраудың кеңесімен жүзеге асқан. Абылай ханның Қытай мен Ресей арасындағы тепе-тең саясат жүргізуі – Бұқар жырау бастаған билер алқасының ұстанымымен тығыз байланысты болды.

Бұқар жырау Ресей мен Қытай арасындағы саясатты терең түсінген. Ол Абылай ханның сыртқы саяси тепе-теңдік ұстанымын барынша қолдап, сол арқылы тәуелсіздікті сақтаудың жалғыз жолы – ақылмен келісім екенін көрсетті. Бұқар жырау «екі оттың ортасында қалған» қазақты құтқару үшін Абылайға тек өзара келісімді сақтай отырып, ішкі бірлікті нығайту жолын ұсынды. Ресейге толық тәуелді болуға қарсы болды, Қытаймен байланыста сақтықты ұстануды насихаттады, тәуелсіздікті сақтау идеясын бірінші орынға қойды.

1757 жылы Цин империясы мен Қазақ хандығы арасында дипломатиялық келіссөздер өткен. Бұқар жырау бұл келіссөздерге тікелей қатыспаса да, хан сарайында ел мүддесіне сай шешім қабылдау үшін кеңесші болғаны тарихи шындық.

Ежелгі дос жау болмас,
Шіркеуіште хаты бар.
Ежелгі жау ел болмас,
Көңілінде кірдің таты бар - деп ханға тікелей айтқан. Жұрт жырау сөзін мақұлдаған.

Қазақ жерінде орыс бекіністері салына бастағанына күмәнданып келген Бұқар жырау:

Шүршіт келеді деген сөз бар-ды,

Көктен түскен төрт кітап

«Енжіл» атты кәләмда,

Егер шүршіт келмесін,

Егер шүршіт қаптаса,

Алып бір жейді ақтарып

Көмулі көрден дененді, - деп, Қытай әскерінің қорқау қасқырдан кем емес жауыздығын айтып, жұртты күні бұрын ұлы айқасқа шақыра бастады. Қазақ елінің басына бұл кезде тағы бір қара бұлт төне түскен. Бұл қара бұлт Қоқан хандығы жағынан келе жатты.

Бұқар жыраудың поэзиясы – жай көркем шығарма емес, саяси, тарихи және әлеуметтік доктрина. Ол ел басқару, әділет, ерлік, бірлік, тәуелсіздік секілді ұғымдарды терең қозғап, оларды ел мүддесімен ұштастырды. Оның толғаулары — замана шындығын, халық тағдырын, ел мен ер болмысын терең бейнелеген көркем туындылар.

Бұқар жырау шығармашылығындағы тәлімдік-танымдық мазмұнын да көруге болады. Бұқар жырау толғауларында жас ұрпаққа өнеге боларлық нақылдар, өмір сабағы ретінде қабылдауға болатын тұжырымдар мол. Бұл жыраудың тек ел басқару емес, ұрпақ тәрбиесімен де айналысқанын дәлелдейді.

Жаманнан жақсы туса да, жақсыдан жаман туса да - тартпай қоймас негізге.

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз - жат жанының түңілсін: айнала алмай ат өлсін, айыра алмай жат өлсін.

Қарттарыңды сыйлай біл: күндердің күні болғанда кімдердің белі бүгілмес деген сөздерінде баланы ізгілікпен өсіру, жақсы ұрпақ қалдыру сияқты адамзаттық құндылықтар тұнып тұр. Бүгінгі рухани жаңғыру, Ұлт тәрбиесі, Адам капиталы сынды ұғымдармен тікелей қабысады.

Жырау шығармашылығында өткенді таразылай отырып, уақыттың үні мен болашаққа ескерту қатар жүреді. Ол тек өткенді саралап қоймай, келешекке көз тіккен ойшыл ретінде де бағаланады.

Бұқар жыраудың көптеген ойлары бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де маңызды. Мемлекетшілдік, бірлік, әділеттілік туралы ойлары қазіргі саяси дискурсқа сай келеді.

Аталыдан би қойсаң - адаспас жол мен жорадан, Атасыздан би қойсаң - босамас аузы парадан деген сөздері өзекті демеске болмас. Бұл қазіргі заман үшін де аса маңызды — құндылық дағдарысы кезеңінде оның ойлары жол көрсетеді.

Бүгінгі Қазақстанда ұлттық бірлікті сақтау, сыртқы саясатта тепе-теңдік ұстану, халықтың мұң-мұқтажын есту – Бұқар жырау көтерген басты идеялармен тікелей үндеседі.

Бұқар жырау үшін ең үлкен құндылық – бірлік. Ол әрдайым қазақты жік-жікке бөлінуден сақтандырып, үш жүздің басын қосып отырған Абылай ханның елшіл саясатын қолдады. Бұл идея қазіргі Қазақстандағы ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісім ұстанымымен толық қабысады.

Ол – ұлтты ұйыстырған, халықтың өз болмысын тануына жол ашқан тұлға. Бұқар жырау жыраулық поэзияны саяси құрал деңгейіне көтеріп, оны ұлттық идеологияның өзегіне айналдырды.

Ол жазған жоқ, бірақ ел есінде мәңгі қалды. Оның сөзі – дала конституциясы іспетті. Бұқар жырау идеясын бүгінгі тәуелсіздік саясатына, ұлттық бірлік идеясына, мемлекеттік басқару моделіне, рухани жаңғыру бағытына оңай байланыстыруға болады.

Жырау – тек ақыл айтушы емес, қоғамның айнасы. Ол тек ханға ғана емес, бүкіл қазақ қоғамына бағыт-бағдар сілтеді.

Абысынның арызы - ағайын сәнін кетіретер,

Ағайынның арызы - елдің сәнін кетіретер.

Дін мұсылман болмаса, тіл мұсылман не пайда?– деген сөздері намыс, ынтымақ, елдік сана сияқты ұғымдарды терең қозғайды. Оның идеялары – қазаққа ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ рухани құндылықтар. Сол себепті Бұқар жырауды тек тарихи тұлға ретінде емес, қоғамдық ойдың философы, рухани ұстаз ретінде бағалау қажет. Оның поэзиясы арқылы қазақ халқы: – Өзіне сұрақ қоя білді, ел тағдырына бейжай қарамауды үйренді, рухани тұтастықтың қадірін ұғынды.

Бұқар жыраудың өлеңдері жазба түрде сақталмағанымен, халық жадында, ауыздан-ауызға көшіп, тарихи жырлардың құрамында бүгінге жетті. Оның шығармалары XX ғасырдан бастап зерттеле бастады.

Бұқар жырау – қазақ халқының тағдырындағы маңызды тарихи сәттерге қатысқан, тарихтың құрғақ куәгері емес, оны жасаушы, бағалаушы, бағыт беруші тұлға, белсенді ықпал еткен ірі қайраткер. Ол ел басына күн туған тұста сөзбен де, ақылмен де, ерлікпен де елге тірек болды. Хан мен халық арасындағы алтын көпір болған дара тұлға. Абылай ханның тұсында ғана емес, тұтас XVIII ғасырдағы тарихи процестердің қатысушысы болған жырау – қазақ руханияты мен мемлекеттігінің қайнар көзі. Ол – халықты бөліп емес, біріктіріп басқарудың үлгісін ұсынған ойшыл. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де Бұқар жыраудың мұрасы – ұлттық болмыстың темірқазығы.

Шығармашылығы – тәуелсіз қазақ рухының көркем тілімен жазылған тарихы.

Оның мұрасы – уақыттың емес, ұлттың еншісіндегі мәңгілік мұра. Ол бізге:

Тарихты түсінуді,

Болашақты болжауды,

Билік пен халық арасындағы тепе-теңдікті,

Сөз өнері арқылы ел басқарудың үлгісін үйретіп кетті.

Оның әдеби мұрасы – тек өткеннің шежіресі емес, бүгін мен болашақтың бағдаршамы.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Ә.Х.Марғұлан. Шоқан Уәлихановтың шығармаларының 5-томдық толық академиялық жинағы 1958ж. Алматы
2. Бұқар Жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. М.Жармұхамедұлы. Алматы, 1992 ж 94 б
3. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1- кітап. Алматы, Қазақ Ун-ті, 2001 ж. 467 б.
4. Қазыбайұлы. С. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті: жыраулар поэзиясы- Ақтөбе. А-Полиграфия, 2005ж. 296 б
5. Қуанғанов Ш.Т. Бұхар жырау және оның заманы. Алматы. Ғылым- 1992 ж. 48 б.
6. Мағауин М. Бұқар жырау // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: (XV-XVIII ғасырлар).- Алматы, 1992.- 93-112 б.
7. Мағауин М. Қобыз сарыны: XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары - Алматы: Мектеп, 2003.- 192 б.-(Жетінші сөз)
8. Мағауин. М. Бұқар жырау. // Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер – Алматы. 1991 ж. 81-89 б.
9. Мұхтар Мағауин. *Бес ғасыр жырлайды.* – Алматы: Жазушы, 1989.

Жумагулова Шолпан Амантаевна
Астана қаласы әкімдігінің
«№96 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Бұқар жырау – бірлік пен мемлекетшілдік жыршысы

Қазақ халқының тарихында ел тағдырын шешетін сәттерде жол сілтеп, бағыт көрсеткен тұлғалар аз емес. Солардың ішіндегі ең шоқтығы биік, ең көп жыр толғаған, ең көп тарихи оқиғаның куәсі болған, әрі сол дәуірдің рухани айнасына айналған бірегей тұлға – Бұқар жырау Қалқаманұлы.

Бұқар жырау – XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті мен саяси өміріндегі аса көрнекті қайраткер. Ол – Тәуке ханнан бастап Абылай ханға дейінгі жеті бірдей ханның билігін көрген, жыр-толғаулары арқылы ұлт тағдырына араласқан, қазақ мемлекетінің мызғымастығын аңсаған көмекей әулие. Қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Далба тауының баурайында дүниеге келіп, туған өлкесінде дүниеден өткен жыраудың артында мың екі жүз жолдан астам рухани мұра қалды.

Бұқар жырау өмір сүрген уақыт – Қазақ хандығының саяси құрылымы бекіп, қалыптасқанымен, ішкі алауыздық пен сыртқы басқыншылықтың қатар келген кезеңі. Ол – жоңғар шапқыншылығынан елін қорғаған батырлармен қатар жүріп, Абылай ханның сенімді серігіне айналған кемеңгер. Жырау хан кеңесшісі ғана емес, халық пен биліктің арасындағы

рухани дәнекер қызметін атқарды. Оның жырларынан ханға ғана емес, халыққа да арнаған сындарлы сөз, әділет пен ынтымаққа үндейтін үн анық сезіледі.

Жыраудың толғаулары ішкі қоғамдық өмірді бейнелеумен қатар, елдік мәселелерді шешуге бағытталған. Ол Абылай ханның сыртқы саясатын қолдап, сол арқылы қазақ жерін бір орталыққа біріктіруге күш салды. Бұл – Бұқардың мемлекетшіл тұлға екенін көрсететін айқын дәлел.

Қазақ тарихында жырау тек жыршы емес, ұлттың рухани жетекшісі, зерделі стратег, рухани сәуегей саналған. Бұқар жырау бұл биіктікті толық меңгерген тұлға. Ол көріпкелдік дарыған, сөз арқылы болашақты болжаған кемеңгер. Оның «Қилы заман» атты жыры – соның айғағы. Жырау бұл толғауында патшалық Ресейдің қазақ даласына отарлық саясатын, оның қазақ қоғамына тигізетін теріс ықпалын дәл суреттеген.

Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есеп алар пұлыңа...

Бұл жолдар отарлық жүйенің қансыз отарлау саясатына нақты сипаттама беріп қана қоймай, жыраудың көрегендігі мен алысты болжай білетіндігін дәлелдейді. Сондықтан Бұқар жырауды өз дәуірінің саяси идеологы, көшпенділер даналығының жыршысы деуге толық негіз бар.

Бұқар – қазақ поэзиясында толғау жанрын жетілдірген шебер. Оның шығармалары – көркем сөздің ғана емес, философиялық ойдың, саяси бағдардың, моральдық-этикалық нормалардың коды. Жырау өлеңдерінде халықтың бірлігі, әділеттілік, парасат, достық, адамгершілік секілді мәңгілік құндылықтар айқын көрініс тапқан. Оның:

«Ел бастау қиын емес,

Қонатын жерден көл табылады» –дегені де халықты бірлікке шақырған бейбіт үн.

Сонымен қатар, Бұқар жырау шығармаларында өмір философиясы – жас пен кәрінің ара салмағы, адам болмысының өткіншілігі терең сипатталған. Мысалы, «Атан болған жиырма бес», «Жетпіс бес жасқа келгенде» атты толғаулары – қазақ ақыл-парасатының көркем үлгілері.

Бұқар жырау Қалқаманұлы поэзиясының негізгі алтын арқауы – ел бірлігі. Ол ел ішіндегі алауыздық пен бақталастықтың мемлекеттің болашағына тікелей әсер ететінін жақсы түсінді. «Ағайынның аразы – елдің сәнін кетіреді» деген жолдарында әрбір шаңырақтағы татулық пен тізе қосқан тірліктің тұтас мемлекеттің тұрақтылығына апаратынын меңзейді. Жырау хан мен батыр, би мен ел ағаларының өзара татулығын, мәмілеге келуін, бір тудың астында жұмылуын ең басты шарт деп білді. Осы арқылы Бұқар жырау ел тағдырын шешетін сәттерде мәмілешіл, бірлікшіл ой айтуға тырысқан. Жыраудың бұл идеясы – жыраулық дәстүрдің басты өзегі. Бұқардан бұрынғы Асан Қайғы, Сыпыра жырау, Доспамбет сынды жыраулар да ұлт бірлігін жырлады. Олар ханға тура сөз айтып, елдің ынтымағын сақтау жолында ел мен билік арасындағы алтын көпір болды. Бұқар сол дәстүрді

жалғастырып қана қойған жоқ, оны тереңдетіп, мемлекетшіл деңгейге көтере алды. Оның әрбір толғауында елдің бүгінгі күйі мен болашағына қатысты ой, тарихи шындық пен даналық үндесіп жатады. Бірлікке үндейтін бұл сарын – жыраулық поэзияның басты миссиясы екенін тағы бір дәлелдейді. Бұқар баба ұсынған идея – тек әдеби пайым емес, ел басқарудағы рухани бағдар. Ол елді бірлікке, хандарды парасатқа, батырларды әділетке үндеп отырды. Оның мұралары тек тарихи құндылық қана емес, қазіргі қоғам үшін де тағылымы мол, сабақ алар рухани бағдарлама. Бұл қасиетімен Бұқар жырау – жыраулық өнердегі биік тұлға, ұлт ұстазы.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ зиялыларының арқасында Бұқар есімі қайта жаңғырып, ғылыми айналымға енді. Мұхтар Мағауин, Сәбит Мұқанов, Ысқақ Дүйсенбаев сынды қаламгерлер мен ғалымдардың еңбектерінің арқасында Бұқар жыраудың тарихи және әдеби бейнесі толық ашыла бастады.

Қазіргі таңда Бұқар жырау шығармашылығы – тек әдеби мұра емес, ұлттың рухани темірқазығы. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Көне заманнан келе жатқан көшпенділер дәстүрі елді артқа тартатын емес, болашаққа бастайтын мықты қуат көзі болуға тиіс.» – деген еді. Бұл – Бұқар жырау сынды тұлғалар мұрасын бүгінгі гуманитарлық ғылым кеңістігінде жаңа деңгейде қарастыру қажеттігін білдіреді. Бұқар жырау – кешегі мен бүгінгі жалғайтын рухани көпір. Оның көрегендігі, мемлекетшілдігі, халыққа деген жанашырлығы бүгінгі ұрпаққа да үлгі. Қазақтың жыраулық өнерінің символы ретінде, көшпенділер өркениетінің шешендік философиясын бойына сіңірген дара тұлға ретінде Бұқар бабамыздың мұрасын ұрпаққа терең насихаттау – басты міндет.

Қорытындылай келе, Бұқар жырау Қалқаманұлы – өзінің көрегендігімен, шешендігімен, мемлекетшілдік болмысымен ғана емес, ел бірлігі мен рухани тұтастықты ту еткен ұлы жырау ретінде тарихта қалды. Ол өмір сүрген дәуір – қазақ халқы үшін алмағайып, сын сағаттарға толы кезең болды. Сол кезде де жырау сөздің құдіреті арқылы елдің еңсесін тіктеуге, биліктің бағытын түзеуге ықпал етті. Бүгінде Бұқар мұрасы – ұлттық сананы серпілтетін, өткеннен сабақ алып, болашаққа жол сілтейтін рухани бағдар. Оны тану – өз тарихымызды, төл болмысымызды терең ұғынудың бір жолы.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Ана тілі, 2002.
2. Қойгелдиев М. Бұқар жырау және оның әдеби мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1998.
3. Шәлекенов Б. Бұқар жырау. – Алматы: Мектеп, 1972.
4. Жолдасбеков Қ. Бұқар жырау – халықтың тарихи тұлғасы. – Астана: Фолиант, 2010.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Білім, 2006.
6. Сейітова М. Бұқар жырау және қазақтың философиялық ойы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2015.

«Бұқар - қаһарман рухты тұлға»

Қазақтың ұлы жырауы, халық даналығының алтын көпірі болған Бұқар Қалқаманұлы -XVIII ғасырдағы қазақ тарихының аса көрнекті тұлғасы. Оның жырлары мен толғаулары ұлттық бірлікті сақтауға, елдікті нығайтуға үндеген рухани мұра болып табылады. Бұқар жыраудың өлең-толғауларында қазақ жұртының арманы, мұңы, мақсаты, жалынды шешендіктің буы мен асқақ рухты қаһармандықтың лебі бар.

Бұқар жырау – тек ақын ғана емес, саясаткер, мемлекет қайраткері, Абылай ханның сенімді кеңесшісі ретінде тарихта қалған дара тұлға. Оның шығармашылығы -халықтың үнін жеткізген, заманының айнасы болған асыл қазына.

Бұқар Қалқаманұлы шамамен 1668 жылы қазіргі Қарағанды облысының Ұлытау өңірінде дүниеге келген. Оның шыққан тегі Арғын тайпасының белгілі бір руынан тарайды. Бұқардың әкесі Қалқаман момын, тақуа адам болған деседі. Ал анасы туралы аңыз-әңгімелерде оның ерекше дана, парасатты кісі болғаны айтылады. Бұқар бала кезінен сөз өнеріне бейімділігімен, ерекше зеректігімен көзге түскен. Жастайынан шығыс әдебиетін, шариғат ілімін меңгеріп, дәстүрлі халық ақыл-ойының тереңіне бойлай білген.

XVIII ғасыр - қазақ халқы үшін ауыр кезең болды. Ол -жоңғар шапқыншылығы, сыртқы саяси қысым, ішкі бірліктің әлсіреуі ел басына қауіп төндірді. Осындай қиын-қыстау уақытта Бұқар жырау Абылай ханның сенімді серігі, ақылшысы болды. Ол ханның жанында жүріп, ел ішіндегі татулықты сақтау, сыртқы саясатты жүргізу ісіне ықпал етті. Ол «Бірлік болмай-тірлік болмас» деген ойды алға тарта отырып, Абылай ханның саясатын қолдап, оның әділдігін, даналығын жырлады.

Бұқар жырау шығармаларының негізгі өзегі – ел бірлігі, әділеттілік, халық қамы. Ол өлеңдерінде халықты татулыққа, бірлікке шақырды, билік басындағыларға ақыл-кеңес берді.

1. Ел бірлігі:Жырау жырларында «бірлік», «тұтастық» ұғымдары жиі ұшырасады. Ол:«Ағайын тату болса - ат көп,

Абысын тату болса - ас көп» деп халықты ынтымаққа шақыра білді.

2. Әділет пен парасат:

Бұқар әділ билеушінің халыққа жасаған қамқорлығын ерекше мадақтайды. Ол зұлымдық пен озбырлықты әшкерелеп, парасатты басшылықты дәріптеді.

3. Халықтың мұңы мен үміті:

Бұқар өз толғауларында қарапайым халықтың ауыр тұрмысын, әділетсіздікке деген наразылығын да білдірді. Ол ел ішіндегі жағдайларға сезімталдықпен қарап, халықтың үні бола білді.

Бұқар жыраудың тілі шұрайлы, бейнелі келеді. Ол мақал-мәтелдерді шебер қолданған, ұтымды теңеулер мен астарлы сөздерге жиі жүгінген. Ол әрі поэзия, әрі шешендік өнердің үлгісі. Жырау шығармаларында дәстүрлі қазақ ауыз әдебиетінің элементтері —гипербола, метафора, аллитерация шебер пайдаланылады. Бұл оның сөз өнеріндегі шеберлігін көрсетеді. Жыраудың шығармашылығы қазақ халқының рухани дүниесінің тереңдігін, парасаттылығын танытады. Оның өсиет-насихаттары ғасырлар бойы өз құндылығын жойған жоқ. Бүгінгі күні де оның толғауларынан ұлт тағдырына алаңдаған жүректің үнін естиміз.

Бұқар жырау — өткен мен бүгінді жалғаған алтын көпір. Ол арқылы біз бабаларымыздың даналығын, көрегендігін танимыз.

Бұқар жырау Қалқаманұлы — халқымыздың тарихында мәңгі өшпейтін із қалдырған ұлы тұлға. Оның жырлары бізге ата-бабаларымыздың азаттық аңсаған асқақ рухын, елдік мұратын жеткізді. Бүгінгі жас ұрпақ Бұқар жыраудың үнімен сусындап, тағылымына сүйеніп, туған елінің нағыз адами тұлғасы болары сөзсіз.

Жыраудың асыл мұрасы — ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту жолында мәңгілік шамшырақ болып қала береді. Бұқар жырау-қазақ рухының биік белесі.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Әуезов М. «Әдебиет тарихы». — Алматы: Жазушы, 1972. 210 бет.
- 2.Қирабаев С. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Мектеп, 1990. 120-130 бет.
- 3.Сүйіншәлиев Х. «Бұхар жырау және қазақ әдебиеті». — Алматы: Ғылым, 1985. 90-95 бет.
- 4.Жұмабаев М. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Атамұра, 1997. 250 бет.
- 5.Кенжебаев Б. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Қазақ университеті, 2001. 135-140 бет.
- 6.Сағындықұлы М. «Бұхар жыраудың әдеби мұрасы». — Алматы: Қазақстан, 2000. 110 бет.

Искакова Мереке Ардаковна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы
тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ
Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ БОЛЖАМПАЗДЫҚ КӨРЕГЕНДІГІ ЖӘНЕ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ТОЛҒАУЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Бұл зерттеу жұмысы Бұқар жырау Қалқаманұлының (1668-1781) көрегендік қабілеті мен болжампаздық дарынына арналған. Мақалада жыраудың «Қилы заман» толғауы мен басқа да шығармаларындағы тарихи

болжамдары, әсіресе Ресей империясының отарлық саясатын алдын-ала көре білуі талданады. Зерттеу барысында жыраудың Абылай ханға берген кеңестері мен саяси болжамдарының кейінгі тарихи оқиғалармен дәлелденуі қарастырылады. Мақалада Бұқар жыраудың қазақ мемлекеттілігінің болашағы туралы көзқарастары мен оның XVIII ғасырдағы күрделі геосаяси жағдайды сараптау қабілеті көрсетіледі.

XVIII ғасыр қазақ тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі болды. Жоңғар шапқыншылығы мен Ресей империясының отарлық саясаты қазақ халқының тәуелсіздігіне қауіп төндірді. Осы тарихи жағдайда Бұқар жырау Қалқаманұлы тек ақын-жырау ғана емес, сонымен қатар ірі саясаткер, болжампаз ретінде алдағы тарихи үдерістерді көре білген тұлға болды.

Зерттеудің өзектілігі Бұқар жырау болжамдарының тарихи нақтылығын анықтау арқылы оның мемлекет қайраткері ретіндегі рөлін айқындау. Жыраудың болжампаздық көрегендігі қазіргі заманда да маңызды, өйткені ол қазақ тарихының болашағын көре білген, ұлттық мүдделерді қорғаудың маңыздылығын түсіндірген.

Зерттеудің мақсаты – Бұқар жырау толғауларындағы, әсіресе «Қилы заман» толғауындағы болжамдардың тарихи шындықпен сәйкестігін анықтау және оның саяси көрегендігінің ерекшеліктерін талдау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

1. Бұқар жыраудың болжампаздық қабілетінің көріністерін анықтау
2. «Қилы заман» толғауындағы тарихи болжамдардың анализі
3. Жырау болжамдарының кейінгі тарихи үдерістермен сәйкестігін көрсету
4. Бұқар жырау көрегендігінің қазіргі заманға маңыздылығын айқындау

Тарихи деректер мен халық жадында Бұқар жырау «Көмекей әулие» деген атпен танылған. Бұл атауға ие болуының басты себебі – оның көрегендік қабілеті мен болжампаздық дарыны. Жырау туралы мәліметтерде оның «сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен» деп сипатталады. Сонымен қатар, Абылай ханның өтінішімен, «сәуе айтшы» деген тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтатыны, бұлардың дәлме-дәл келіп отырғаны туралы деректер кездеседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазып қалдырған деректерге сәйкес, жыраудың болжамдары көбінесе дәл келіп отырған. Бұқар жырау тек өз заманындағы оқиғаларды ғана емес, алдағы уақыттағы тарихи үдерістерді де болжай білген. Ол «заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды» деп М. Әуезов атап көрсеткендей, нақты белгілер мен үрдістерді сараптай отырып, логикалық тұжырымдар жасаған.

Бұқар жырау Абылай ханның ең жақын кеңесшілерінің бірі болып, маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдауда үлкен ықпал еткен. Жыраудың «Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» ретінде Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери-дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасағаны тарихи деректерде көрсетілген.

Бұқар жыраудың Абылай ханға сыртқы саясат мәселелерінде, әсіресе Ресей мен Қытайға қатысты дұрыс позиция таңдауда маңызды кеңестер бергені анық. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталады.

Бұқар жыраудың ең көрнекті болжамдарының бірі – Ресей империясының отарлау саясатын алдын-ала көре білуі. Оның «Қилы заман» толғауында:

«Күнбатыстан бір дұшпан, Ақырында шығар сол тұстан. Өзі сары, көзі көк, Діндарының аты боп, Күншығысқа қарайды. Шашын алмай, тарайды, Құдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жоқ, Затсыз, тексіз бір кәпір, Аузы-басы жүн кәпір, Жемқорларға жем беріп, Азды көпке теңгеріп, Ел қамын айтқан жақсыны, Сөйлетпей ұрар ұртына. Бауыздамай ішер қаныңды, Өлтірмей алар жаныңды, Қағазға жазар малыңды. Есен алар пұлыңмен, Солдат алар ұлыңнан, Күндердің күні, Абылай, Жаяулап келер жсұртыңа, Жағалы шекпен кигізіп, Балды май жағар мұртыңа, Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан» деген жолдар арқылы орыс отаршылдығының негізгі белгілерін дәл суреттеген. Жырау орыстардың сыртқы келбетін («Өзі сары, көзі көк»), олардың қазақтарға діни ықпал жасау әрекеттерін («Діндарының аты боп»), жемқорлықты қолдауын, елдің мүддесін қорғайтын азаматтарды басу саясатын («Ел қамын айтқан жақсыны, Сөйлетпей ұрар ұртына») дәл болжаған.

Бұл болжамның нақтылығы XIX ғасырдағы Ресей империясының отарлау саясатымен дәлелденді: қазақ жерлерін қара шекпенділер мен келімсектерге бөліп беру, салық жүйесі, рекрут жүйесі, қазақ зиялыларын қудалау – осының бәрі жыраудың болжамдарымен сәйкес келді.

Бұқар жырау қазақ жерлерінің бірте-бірте қалай отарланатынын нақты географиялық аймақтарды атап көрсете отырып болжаған:

«Өзің қонған Көкшетау, Кәпір қала салды, ойла! Жарқайың деген жерлерге, Шашылып шеті барды, ойла! Атбасар мен Қалқұтан, Балығы тәтті су еді. Өзен бойын шаңдып ап, Сүзекісін салды, ойла! Нұрада бар Ақмола, Есілде бар Қараөткел, Екі өткелдің аузынан, Қараөткелді салды, ойла! Баянауыл, Қызылтау, Оны да кәпір алды, ойла!»

Жыраудың отарлау процесінің жүру механизмін сипаттауы да назар аударарлық: алдымен бекіністер салу, содан кейін халықты қысымға алу, жергілікті тұрғындарды шұрайлы жерлерден ығыстыру («Нулы, сулы, шүйгінді, орман-тоғайлы жерлерден қазақтарды қырға ығыстырды»). Бұл болжамдардың бәрі XIX ғасырда орын алған тарихи шындыққа айналды.

Бұқар жыраудың болжамдары XIX ғасырда толықтай жүзеге асты. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» мен 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы» қазақ хандығының билік жүйесін жойып, жерлерді отарлауға заңдық негіз жасады. Жыраудың «Қағазға жазар малыңды, Есен алар пұлыңмен, Солдат алар ұлыңнан» деген болжауы 1874

жылғы әскери реформамен, «Жаяулап келер жұртыңа, Жағалы шекпен кигізіп» дегені қазақ халқын христиандандыру әрекеттерімен дәлелденді.

Жырау болжаған географиялық пункттер (Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қараөткел, Баянауыл, Қызылтау) отарлау саясатының негізгі нысандарына айналды. Бұл аймақтарда бекіністер салынып, қазақ халқының өмір сүру дәстүрі бұзылды. Жыраудың «Ұйлыққан қойдай қамалып, Бүйірден шаншу, қадалып, Сорлы қазақ қалды, ойла!» деген болжамы қазақ халқының жағдайын дәл сипаттады.

«Қилы заман» толғауының туындау тарихы да қызықты. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жазуы бойынша, Абылай хан бір салтанатты күнде ат үстінде Бұқардан: «Асан қайғының қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар дегені не тантиқ, суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан шығады. Миға қонбайтұғын сөз ғой» — деп сұраған. Сонда Бұқар жырау: «Әй, хан! Бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек!» деп, көзіне жас алып, осы толғауды айтқан.

Бұқар жырау Асан қайғының «қарағай басын шортан шалар» деген метафорасын Ресей империясының қазақ даласына енуімен байланыстырып түсіндірген. Шортан – орыс отаршылдығының, ал қарағай – қазақ жерінің символы ретінде қолданылған. Бұл екі болжампаз тұлғаның көрегендігінің сабақтастығын көрсетеді.

Бұқар жыраудың болжампаздық мұрасы қазіргі қазақстандық қоғам үшін де маңызды. Оның отарлау қаупі туралы ескертулері ұлттық мүдделерді қорғаудың маңыздылығын көрсетеді. Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттік егемендікті сақтау, ұлттық құндылықтарды қорғау, шетелдік ықпалдарға сын көзбен қарау қажеттілігі жыраудың идеяларымен үндеседі.

Жыраудың «Еліңнің қамын же — сана, Есіліп кеңес айт — сана» деген өсиеті бүгінгі күні де өзекті. Отан мүддесін жеке мүддеден жоғары қою, ел тағдырына жауапкершілікпен қарау – Бұқар жырау болжамдарынан туындайтын басты тұжырымдар.

Бұқар жырау болжамдарының педагогикалық-тәрбиелік маңызы зор. Жыраудың отансүйгіштік идеялары, оның тарихи көрегендігі, ел мүддесін ойлаған қайраткерлік бейнесі жастарға патриоттық тәрбие беруде үлгі бола алады. Білім беру жүйесінде жыраудың «Қилы заман» толғауын оқыту арқылы оқушылар мен студенттердің бойында тарихи сана, ұлттық мүдделерді қорғау жауапкершілігі қалыптасады.

Жыраудың болжампаздық мұрасы шығармашылық ойлау мен сыни талдау қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді. Тарихи үдерістерді болжау, қоғамдық-саяси трендтерді анықтау, болашақты бағамдау – осы қабілеттердің бәрі Бұқар жырау шығармашылығы арқылы дамытылуы мүмкін.

Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ тарихындағы көрегендігімен ерекшеленген тұлға. Оның «Қилы заман» толғауындағы болжамдары тарихи шындыққа айналып, қазақ халқының тағдырына терең әсер еткен оқиғаларды алдын-ала көрсетті.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Бұқар жырау тек ақын-жырау ғана емес, ірі саяси болжампаз ретінде қазақ тарихының болашағын көре білген.

2. «Қилы заман» толғауындағы болжамдар Ресей империясының отарлау саясатымен толық дәлелденді. Жырау болжаған географиялық пункттер отарлаудың негізгі нысандарына айналды.

3. Жыраудың болжампаздық мұрасы қазіргі Қазақстан үшін де өзекті, ол ұлттық мүдделерді қорғаудың, тәуелсіздікті сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

4. Бұқар жырау шығармашылығы жастарға патриоттық тәрбие беруде, тарихи сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқара алады.

Бұқар жырау Қалқаманұлының болжампаздық мұрасын зерттеу қазақ тарихының түйінді мәселелерін түсінуге, ұлттық сананы жаңғыртуға, мемлекеттік егемендікті нығайтуға қызмет етеді. Жыраудың көрегендігі – қазақ халқының рухани қазынасы, оның идеялары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлттық құндылықтарды сақтауға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2009. – 376 б.

2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. – II том.

3. Жармұхамедұлы М. Бұқар жырау / М. Жармұхамедұлы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 215 б.

4. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет / М. Мағауин. – Алматы: Атамұра, 2010. – 328 б.

5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы / Р. Сыздықова. – Алматы: Арыс, 2004. – 290 б.

Калиева Самал Жанабилловна

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы, Зеленый Гай ауылы

«Зеленогай орта мектебі» КММ

Бұқар жырау толғауларының тәрбиелік мәні

Бұқар жырау әдебиет тарихынан елеулі орын алып, артынан өшпес мұра қалдырған жыршы. Бұқар жырау толғаулары халқымыздың рухани-мәдени мұраларының асыл қазынасы болып саналады. Оның жырлары тек тарихи оқиғаларды баяндап қана қоймай, терең тәрбиелік мәнге ие. Бұқар жырау жырлары- тек әдеби туынды ғана емес, ұлттық тәрбие мектебі. Оның шығармалары арқылы ұрпақ бойына елін сүйу, әділ болу, үлкенді сыйлау, даналықты қадірлеу сынды құндылықтар дарытылады.

Мен, өз тәжірибемде, алдымда отырған шәкірттерімді қазақ әдебиеті сабағында, тәрбие сағаттарында, сыныптан тыс іс-шараларда адамгершілікке,

инабаттылыққа тәрбиелеу мақсатында Бұқар жыраудың нақыл сөздерінен, толғауларынан үзінді келтіріп, сол жырлардың мән -мағынасын оқушыларыммен бірге талдап, мағынасын түсіндіруге тырысамын.

Бұқар жырау толғауларының басты тақырыбы: Адам және адамның ішкі сұлулығы. Нағыз адам болу үшін, ол адамдарға он бір тілекті орындауды ұсынады. Бұл «Он бір тілек тілеңіз» толғауы - халқымыздың ұлттық құндылықтарын, адамгершілік қасиеттерін дәріптейтін терең тәрбиелік мәні бар шығармалардың бірі. Бұл толғау жас ұрпақты ізгілікке, парасаттылыққа, елжандылыққа баулиды. Толғаудың тәрбиелік мәнін бірнеше бағытта талдауға болады. Біріншіден, адамгершілік пен имандылықты насихаттайды. Бұқар жырау жас ұрпаққа адал болуды, үлкенді сыйлауды, кішіпейіл болуды үйретеді. Бұл –ата-баба дәстүріндегі ең басты құндылықтардың бірі. Екіншіден, Білім мен парасатқа үндейді. Жырау тілеген тілектерінде жас ұрпақтың ақылды дана, білімді болуын армандайды. Бұл қазіргі қоғамда да маңызын жоймаған, заманауи тәрбиеге сай идея. Үшіншіден, туған елдің амандығын, бірлігін сақтау- әр азаматтың міндеті екенін айта отырып, жастарды Отанын қорғап, еліне, халқына адал болуға шақырады. Сонымен қатар, толғауда ер азаматтың отбасындағы, қоғамдағы жауапкершілігі мен рөліне де тоқталады. Осы толғау арқылы тұлға ретінде қалыптасуға бағыт береді. Келесі, оның ойы мақсат пен мұратқа жету жолындағы табандылық. Жырау баланың өмір жолы жеңіл болмасын, бірақ өз жолын таба білсін деген ой қозғайды. Бұл шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа жетелейді. Бұл толғау- тек көркем шығарма ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік мазмұны терең, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани мұра. Ол адам бойындағы ең асыл қасиеттерді ардақтауға шақырады.

Бұқар жыраудың қай жыр-толғауларын алсақ та, нақыл сөздерін алсақ та афоризмдерден өрілген. Мысалы: «Пейілі кең кемімес, пейілі тар кеңімес» - нақыл сөзінің мағынасы терең әрі астарлы. Мұнда екі түрлі адам сипаты салыстырыла отырып, олардың ішкі жан дүниесі мен болмысы сипатталады. «Пейілі кең кемімес»- пейілі, ниеті кең, жомарт, мейірімді адам ешқашан кемімейді, азаймайды. Ондай адам рухани бай, сабырлы, абыройлы болады, елге сыйлы, халыққа пайдасы көп тиетін адам туралы айтылса, «Пейілі тар кемімес» - іштар, қызғаншақ, арам ниетті адам ешқашан кеңеймейді, жақсылыққа жетпейді. Мұндай адам рухани тұрғыда да, өмірде де өспейтінін жеткізеді. Келесі, «Өтірікті шын қылған — ол адамның қызыл көзді пәлесі» - деген нақыл сөзіне тоқталатын болсақ, өтіріктің адам өміріндегі, қоғамдағы қауіпті жағын ашып көрсететін, жастарды адал болуға баулитын терең тәрбиелік мәнге ие дана сөз. Адамды игілікке баулитын тәрбиелік мәні зор нақылдары бүгінгі күнде де өз құндылығын жоғалтпаған. Олар халық жадында берік сақталып, осы күнде де кеңінен қолданып жүрміз.

Айтқан сөзге тұрмаған – жаман емей немене,

Сұрағанды бермеген – сараң емей немене,

Кісі ақысын көп жеген – арам емей немене,

Сыртыңдағы құлығың – амал емей немене,

Сусағанда берген су – шекер емей немене,

Ынжық ерге біткен мал – бекер емей немене?! –бұл жолдарда «...емей немене?» деген тіркес арқылы ол тыңдаушыны ойлантуға, жақсы мен жаманды ажырата біліп, адам бойындағы теріс қасиеттерден арылуға шақырады. Жыраудың: «Қартайсаң қарт бабаңды сыйлай бер, күндердің күні болғанда, кімдер де кімнің белі бүгілмес»-деген нақыл сөзінде ұрпақтар сабақтастығы, үлкенге құрмет, кішіге өнеге сынды қазақы дүниетаным көрініс табады. Тәрбиелік мағынасына тоқталсақ,- қартайған ата-ананың өз балаларын сыйлап, оларға үлгі көрсетуі керек екенін көреміз. Себебі бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі. Бұл жерде қария мен бала арасындағы сыйластық - бүкіл қоғамдағы тыныштық пен бірліктің негізі екенін жастардың да , қарттардың да санасына ұқтыруды көздейді. Бүгінгі күнде өз ата-аналарынан бас тартып, қариялар үйіне көш түзеген жастарымызға дәл тауып айтылған ақыл.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын болсам, Бұхар жыраудың адамды игілікке, әділдікке, ізгілікке тәрбиелейтін адамгершілік мәселесін көтерген нақылға толы толғаулары – оның ұрпағына қалдырған асыл қазынасы.Бұқар жырау мұрасының маңыздылығы, жыр-толғауларының қымбаттығы, асылдығы –оның орта ғасырлық қазақ жыраулық поэзиясының ең бір асыл үлгілерін соңына өлмес мирас еткендігі. Өз заманының ғана емес, бірнеше заманның куәсі бола отырып, жасы жүзден аса өмірден өтіп, еліміздің қиын-қыстау кездегі жағдайын, батырларымыздың образын, хандарымыздың тұлғасын сомдай отырып, артына өшпес мұра қалдырған бабамыздың аманатын жастарға жеткізе білейік демекпін!

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.Бес ғасыр жырлайды. Алматы,1985
2. Қуанғанов Ш.Т . Бұхар жырау
- 3.Электрондық ресурс: «Бұхар жыраудың толғаулары»
<https://muslim.kz/article/bukhar-zhyraudyn-tolgaulary>
4. Электрондық ресурс: «Бұқар жырау нақыл сөздері» <https://bilim-all.kz/figure/25?posts=quotes>

Кенжебекова Жұлдызай Құдабайқызы

Астана қаласы №75 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бұқар жырау мұрасы — ұлт рухының айнасы

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында жыраулар поэзиясы айрықша орын алады. Солардың ішінде Бұқар жырау Қалқаманұлының мұрасы — халқымыздың рухани әлемінің алтын қазығы. Оның шығармалары — ұлттық бірліктің, рухани тәуелсіздіктің мәңгілік жаршысы. Бүгінде жаһандану ықпалына ұшырап жатқан әлемде Бұқар жыраудың ойлары, елдік мәселелерге көзқарасы өзекті мәнге ие.

Бұқар жырау мұрасын зерттеу — тарихқа үңілу ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманғы ұлттық сана мен мемлекеттіліктің негізін түсіну. Оның идеялары ХХІ ғасырдағы Қазақстанның рухани жаңғыру үдерісімен сабақтасып жатыр.

Бұқар жырау өмірі мен тарихи дәуірі

Бұқар жырау 1668 жылы дүниеге келіп, 1781 жылы өмірден өтті. Ол Қазақ хандығының ең бір күрделі тұсында — сыртқы жаулардан қорғану, ішкі алауыздықты тоқтату, бір орталыққа бағынған мемлекетті құру жолындағы күрес кезеңінде өмір сүрді.

Бұқар жырау — Абылай ханның беделді кеңесшісі, халықтың көзі ашық сөзін сөйлеген тұлға. Оның даналығы мен көрегендігі бүгінгі мемлекеттік басқару ісінде де үлгі боларлық. Бұхардың ел басқару, халықтың басын қосу жолындағы идеялары қазіргі Қазақстанның ұлттық бірлігі мен тұтастығына қызмет етіп келеді.

Бұқар жырау шығармашылығы — ұлттық рухтың көрінісі

Бұқар жырау — ұлт тағдырын жырлаған тұлға. Оның негізгі тақырыбы — ел бірлігі, азаттық, әділдік пен парасат. Оның шығармалары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның ұстанған «Бірлік, тұрақтылық, даму» қағидаттарымен үндес келеді.

Жырау былай дейді:

- «Күш атасын танымас,
Білектінің заманы өткен,
Білімділер заманы туады.»

Бұл ойлар қазіргі интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясатына толық үйлеседі. Бұхар жырау ерте заманда-ақ білімнің маңыздылығын түсінген. Бүгінгі күні еліміз «Цифрлы Қазақстан», «Жаңа Қазақстан» сияқты бастамаларды жүзеге асырып отыр. Бұл — Бұхар жырау аңсаған білім мен парасат билеген қоғам құру жолындағы қадамдар.

Бұқар жырау Қалқаманұлы– қазақтың ұлы жырауы, ақылгөй биі. Ол ХVІІІ ғасырдағы қазақ қоғамындағы ең ірі тарихи оқиғаларға куә болып, өз жырларында сол кезеңнің маңызды мәселелерін қозғады. Бұқар жырау қатысқан ең ірі оқиғалар мен соларға байланысты жазған жырлары:

Бұқар жырау жоңғарларға қарсы күресті жан-жақты қолдап, елді бірлікке үндеген. Ол жырларында қазақ батырларының ерлігін дәріптеді, халықты ынтымаққа шақырды.

Мысалы, «Алаштың басы қосылып, Атаның ұлы баласы, Жауға шапты дегенде...» деген жыр жолдары бар.

Қазақ пен жоңғарлар арасындағы ең шешуші шайқастардың бірі – Аңырақай шайқасына байланысты, Бұқар жырау елге рух берген. Бұл шайқастан кейін қазақ елі азаттықтың алғашқы жеңісіне жеткен еді.

Бұқар жырау Абылай ханның ең жақын кеңесшісі болды. Оның жырлары Абылай ханның саясаты мен батырлығын мадақтады, әрі кейде ескертулер айтып, дұрыс жол сілтеді.

Ол «Абылайға арнау» жырларында елдің болашағы, сыртқы саясат, биліктің әділдігі туралы терең ой қозғады.

Бұқар жырау қазақтың үш жүзінің бірлігін армандап, оның маңыздылығын жырларында ерекше көрсетті.

Бірлік пен ынтымақ – оның негізгі тақырыптарының бірі болды.

Қысқаша айтқанда, Бұқар жырау қазақ халқының тәуелсіздік үшін күрескен дәуірінің ең шешуші оқиғаларына белсене араласып, өзінің жырларымен халықтың рухын көтерді.

Бұқар жыраудың поэзиясы — қысқа әрі нұсқа, мағынасы терең, жүрекке жететін сөздермен өрілген. Ол тіл тазалығын сақтай отырып, терең философиялық ой айтқан.

Бүгінде ақпараттық технологиялар заманы. Әлеуметтік желілер, блогтар, подкасттар — барлығы қысқа әрі әсерлі сөзді талап етеді. Осы тұрғыдан қарағанда, Бұқар жыраудың толғаулары қазіргі заманның тілдік талаптарына да сай келеді. Оның әрбір нақылы — бүгінгі motivational quotes секілді халықтың жүрегіне жол табады.

Мысалы:

«Басыңа іс түссе,

Жақсының жақсылығын ұмытпа,» —

деген өсиеті бүгінгі қоғамдағы адамгершілік құндылықтар, волонтерлік, қайырымдылық сияқты ізгі істердің бастауында тұрғандай.

Бұқар жырау мұрасының бүгінгі маңызы

Бүгінгі күні Бұқар жыраудың мұрасы «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың мазмұнын толықтырады. Ол көтерген ұлттық рух мәселесі — бүгінгі жаһандану дәуірінде өз тамырымызды ұмытпауымыз үшін ауадай қажет.

Қазақстан бүгінде әлемдік сахнада өз орнын нығайтып келеді. Дегенмен, ұлт ретінде сақталып қалу үшін ұлттық кодты, ұлттық дүниетанымды сақтау қажет. Бұқар жырау осы жолда бізге бағыт-бағдар сілтейді.

Оның мына сөзі бүгінгі жастарға да жолдаудай:

«Адал ұл туса — елінің ері болады,

Арам ұл туса — елінің соры болады.»

Бүгінгі ұрпақ саналы болса, ел болашағы жарқын болмақ. Осы идеяларды білім беру жүйесінде, жастар саясатында басшылыққа алу керек.

Бұқар жыраудың мұралары — ұлттық идеологияның қайнар көзі. Қазіргі заман көшіне ілескен Қазақстанда ұлттық рухты жаңғыртуда оның мұралары бағдаршам іспетті.

Бұқар жырау мұрасы — қазақ халқының ұлттық рухының, елдік санасының мәңгілік айнасы. Ол елдік мұраттарды көтерген, ұлттың еркіндікке деген ұмтылысын жырлаған.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан — Бұқар жырау армандаған елдің шынайы көрінісі. Бірақ оны баянды ету үшін біз Бұқар жырау секілді даналардың өсиеттерін ұмытпауымыз керек.

Оның идеялары ұлттық болмысымызды сақтауға, жаһандану жағдайында өз бет-бейнемізді жоғалтпай, Мәңгілік ел болуға үндейді. Бұқар жыраудың рухани мұрасын заманауи тұрғыда жаңғырту — ұрпақ парызы.

Бұхар жырау мұрасы — қазақ халқының мәңгілік құндылығы. Оның поэзиясы — ел тағдыры, ұлттық бірлік пен руханият туралы ойлардың мөлдір бастауы. Бұхар жырау шығармашылығы бізге тек өткен тарихты ғана танытпайды, сонымен бірге болашаққа жол сілтейді. Оның елдік мәселелерге қатысты айтқан даналық сөздері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін Бұхар жыраудың мұрасы ерекше мәнге ие. Ел бірлігін сақтау, әділеттілікке ұмтылу, рухани тазалық пен білімге құштарлық сияқты ұстанымдар қазіргі қоғам үшін де аса қажет. «Мәңгілік Ел» идеясының түп негізі де Бұхар жырау сынды дана бабалардың ойларынан бастау алады.

Жас ұрпақ Бұхар жырау толғауларынан туған елге деген сүйіспеншілікті, адамгершілік пен имандылықты үйренуі тиіс. Себебі ұлттық руханиятты сақтау — әр азаматтың парызы. Бұхар жырау аңсаған татулық пен әділеттілікке негізделген қоғам құру жолында біз оның аманатын ұмытпауымыз керек.

Бүгінгі таңда жаһандану дәуірінде ұлттық ерекшелігімізді сақтау, тілімізді, ділімізді, дінімізді қадірлеу маңызды. Бұл тұрғыдан алғанда Бұхар жыраудың әрбір сөзі біз үшін бағдаршам іспетті. Оның мұрасын зерттеп, заман талабына сай жаңғырту — өскелең ұрпақтың ұлттық болмысын сақтаудың кепілі.

Сондықтан да «Бұхар жырау мұрасы — ұлт рухының айнасы» деген сөз — уақытпен дәлелденген ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мекемтас Мырзахметұлы. *Бұқар жырау және оның заманы*. — Алматы: Ғылым, 1993.
2. Сүйіншәлиев Х. *Қазақ әдебиетінің тарихы*. — Алматы: Санат, 1997.
3. Бердібаев Р. *Қазақ эпосы*. — Алматы: Рауан, 1995.

Қуанбаев Серік

Астана қаласы «Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп - гимназия» ШЖҚ МКК тарих пәні мұғалімі

АЛ, АЙТАМЫН, АЙТАМЫН

Қазақ халқының тарихында елдің тағдырын жырлап, халықтың мұңын, арманын, үмітін жеткізген жыраулардың орны ерекше. Солардың ішіндегі ең танымал, әрі тарихи маңызы зор тұлғалардың бірі — Бұқар жырау Қалқаманұлы. Ол — ел басқару ісіне араласқан, сөз арқылы халықты бірлікке, елдікке үндеген кемеңгер ақын, данагөй кеңесші.

Бұқар жырау Қалқаманұлы шамамен 1668 жылы қазіргі Ақмола облысы, Ерейментау өңірінде дүниеге келген. Жастайынан-ақ ерекше зерек,

сөзге шешен бала болып өсіп, ел ішіндегі билер мен ақсақалдардың назарын аударған. Оның балалық шағы мен жастық кезі халық арасындағы аңыз-әңгімелерде сақталған. Бір аңызда ол бала кезінде түсінде аян алып, болашақта дана жырау болатыны айтылған деседі.

Бұқар жыраудың жастық шағы қазақ елінің жоңғар шапқыншылығына қарсы күреске толы кезеңге сай келеді. Ел бірлігінің, батырлық пен ерліктің аса маңызды болған осы бір тарихи тұста ол өз халқының азаттығы үшін рухани күрескер ретінде танылды.

Ол тек жыршы ғана емес, ел ішіндегі саяси жағдайға араласқан, саяси тұлға дәрежесіне көтерілген. Бұқар жыраудың ең танымал кезеңі — Абылай ханның тұсы. Ол хан ордасында кеңесші, ақылшы ретінде қызмет атқарды. Жырау хан мен ел арасындағы алтын көпір болды. Ол ханды асыра мақтамай, қажет кезде батыл түрде сын айтып, туралықты, әділдікті қорғады.

Бұқар жыраудың өмірінде діни білімнің де орны ерекше болғаны айтылады. Кейбір деректерге қарағанда, ол жас кезінде медреседе оқып, араб, парсы тілдерін меңгерген, діни және шығыстық әдебиетпен жақсы таныс болған. Осы білім оның толғауларына терең философиялық мән, өмір мен өлім, тағдыр, адамгершілік туралы ойларды енгізуге септігін тигізді.

Жырау ұзақ ғұмыр кешкен. Ол 1781 жылы шамамен 113 жасында дүниеден өтті деген деректер бар. Қайтыс болған жері — қазіргі Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы аумағы. Оның зираты осы өңірде, халық киелі орын ретінде құрмет тұтатын тарихи мекенге айналған.

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығы — қазақ әдебиетінің алтын қорына енген рухани мұра. Ол — XVIII ғасырдағы жыраулық поэзияның ең көрнекті өкілі, жыраулық дәстүрді жаңа деңгейге көтерген ақын, ойшыл, шешен және саясаткер.

Бұқар жыраудың жырлары мен толғаулары ел тағдырын, халық бірлігін, әділдікті, ерлік пен рухты, адамгершілік пен дін, уақыт пен заманның ағысын терең жырлайды. Оның шығармалары философиялық ойға, өмірлік сабақтарға, ұлттың болашағына бағытталған.

Бұқар жыраудың өлеңдері ел бірлігі, әділет, батырлық, адам өмірінің фило-софиясы сияқты мәселелерге арналған:

Ел бірлігі мен азаттық күресі: Жоңғар басқыншылығы кезінде халықты біріктіруге үндеген («Ағайынның аразы / Елдің сәнін кетірер») .

Әділет пен билік сыны: Абылай ханға насихаттарында әділетсіздікке қарсы тұрды («Абылай, хан болсаң халықпен бол!») .

Адам өмірінің кезеңдері: «Жиырма деген жасыңыз / Ағып жатқан бұлақтай...» деп жастық пен кәрілікті салыстырды .

Адамгершілік пен парасат: «Жаманмен жолдас болсаңыз / Көрінгенге күлкі етер» — жақсылық пен жамандықты салыстырған.

Бұқар жырау поэзиясы - қазақ халқының рухани геномы, оның әр өлең жолы ғасырлардың даналығын тасымалдайды. Осы тақырыптардың әрқайсысы бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жойған жоқ, әсіресе ұлттық бірлік пен адамгершілік құндылықтар мәселелерінде. Жыраудың шығармаларын зерттеу - бұл қазақтың ұлттық кодарын түсінудің ажырамас бөлігі.

Бұқар жырау Қалқаманұлы — тек жыршы ғана емес, қазақ халқының саяси өміріне белсенді араласқан тарихи тұлға. Оның жыраулық мұрасы мен терең ойлы толғаулары өз дәуіріндегі әлеуметтік, саяси мәселелерге тікелей байланысты болды. Бұқар жырау — XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының қоғамдық-саяси көзқарасын қалыптастырушы әрі ел басқару ісіне ықпал еткен кемеңгер ақылман.

Бұқар жырау Қалқаманұлы — қазақ тарихындағы аса көрнекті жырау ғана емес, ел билеушілерінің сенімді серігі, Абылай ханның рухани тірегі болған тұлға. XVIII ғасырда қазақ мемлекеті үшін ең маңызды мәселелердің бірі – елдің тұтастығы мен сыртқы қауіптерге қарсы күрес болса, осы кезеңде Абылай ханның жанында Бұқар жырау сияқты дана кеңесшінің болуы тарихи артықшылық болды.

Абылай хан – қазақ халқын біріктіріп, жоңғар шапқыншылығынан аман алып шыққан, көреген саясаткер. Ал Бұқар жырау — оның ең жақын кеңесшісі әрі халық пен хан арасын жалғаған ақылгөй данышпан.

Бұқар жырау хан сарайында отырып:

- Ішкі саяси мәселелерге араласты;
- Сыртқы саясатта көрегендік танытып, ханға дұрыс бағыт нұсқады;
- Қажет кезінде турасын айтып, сын айтуға да тайсалмады.

Бұқар жыраудың Абылай ханға кеңесші болуы — қазақ тарихындағы ерек-ше құбылыс. Ол тек ханның сенімді адамы ғана емес, мемлекет басқаруға оймен, сөзбен үлес қосқан қайраткер болды. Халық оны «ханның көмекшісі» емес, елдің рухани көсемі ретінде бағалаған.

Бұқар жырау Қалқаманұлының тарихи тұлға ретіндегі қызметі қазақ халқы-ның тағдыры таразыға түскен күрделі кезеңмен тығыз байланысты. XVIII ғасыр – қазақ даласы үшін ауыр, әрі шешуші кезең болды. Осы уақытта жоңғар шапқыншылығы күшейіп, елге қауіп төндірді. Міне, дәл осы тарихи сәтте Бұқар жырау жоңғарларға қарсы ұлттық рухты көтеруде және елдің тұтастығын сақтауда ерекше рөл атқарды.

Бұқар жырау жоңғар шапқыншылығы кезінде:

- Сарбаздарға рух беретін жырлар айтты;
- Соғыс алдында батырларға демеу сөздер арнап, олардың ерлігін дәріптеді;
- Жеңіс пен үміт отын жағып, халықтың рухын көтеруге қызмет етті.

Бұқар жыраудың жоңғарларға қарсы күрестегі қызметі — тек жыр айту емес, ұлтты біріктірген, рухты оятқан, саясат пен ел басқаруға араласқан тарихи миссия болды. Оның толғаулары сол дәуірдегі ерлікке, елдікке үндеген үн ретінде халқымыздың жадында сақталып келеді.

Бұқар жырау Қалқаманұлының жыр-толғаулары мен саяси көзқарастары тек XVIII ғасырдың шеңберінде ғана қалып қойған жоқ. Оның ойлары мен өсиеттері бүгінгі таңда да өзектілігін жоймаған, керісінше, қазіргі қоғамға бағыт-бағдар беретін рухани темірқазық болып отыр.

Бүгінгі таңда жастар арасында адамгершілік, парасаттылық, отансүйгіштік тәрізді рухани құндылықтарды нығайту қажет. Бұқар жырау

бұл мәселелерді өз жырларында ашық қозғап, тәрбие тағылымын сөзбен жеткізген.

Бұқар жыраудың толғаулары — тарихтың шынайы айнасы. Онда XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының ішкі жағдайы, саяси оқиғалар, халықтың мұңы мен арманы көрініс тапқан. Бұл — қазіргі зерттеушілер мен жастар үшін ұлттық тарихты танудың маңызды көзі.

Бұқар жыраудың мұрасы – өткеннің ғана емес, бүгін мен болашақтың да игілігі.

Бұқар жырау — ұлт рухының жыршысы, халықтың ішкі үнін жеткізуші, саяси ойшыл әрі көркем сөздің шебері. Оның шығармалары — тек әдеби туындылар ғана емес, халықтың рухани байлығы, тарихи естелігі, өмір мектебі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2 томдық. – Алматы: Ғылым, 2001.
2. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1981.
3. Бес ғасыр жырлайды. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1989.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Мектеп, 1997.
5. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен әдебиеті терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1974.
6. Ахметов З. Қазақ поэзиясының көркемдік жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1979.
7. Қазақ хандығы және Бұқар жырау / ғылыми мақалалар жинағы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2016.
8. Электрондық ресурс:
 - <https://e-history.kz>
 - <https://adebiportal.kz>
 - <https://kitap.kz>

Қанат Оралгүл

Астана қаласы «№31 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКҚ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Бұқар жырау- ұлы даланың ұлы тұлғасы

Ғасыр жасаған Бұқар жырау өзінің саналы ғұмырын туған халқына арнады. Әзиз жұрты бастан өткерген ауыртпалықтың жүгін азайтуға жырымен де ісімен де қолдау көрсеткен. Аумалы-төкпелі кезеңдерде хан мен халық жанынан табылып, хандықтың көмекей әулиесіне, қабырғалы биіне сөздің мәйегін айтатын жырауына айналған.

Тарихи оқиғаларды өз халқымен бірге басынан өткере жүріп, қазақ халқы үшін оңтайлы шешілуіне елеулі еңбек сіңірген. Жырау шығармашылығына әдебиеттанушы ғалымдардың басым көпшілігі тоқталған. Шоқаннан басталатын алтын өзек әлі де жалғасып келеді. Қарт жырау ерлік пен елдікті, азаттық пен адалдықты, ақиқат пен өмір мәнін, дін мен пәлсапалық ойларды толғау жанры арқылы жеткізді.

Авторлық әдебиеттің бірегей өкілі саналатын Бұқар Қалқаманұлы өз заманының халқының жоғын жоқтап, елдік пен еркіндікті толғаған.

Қазақ халқының рухани тарихында ерекше орын алатын тұлғалардың бірі – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Ол – ел тағдырын тереңінен толғаған, жыраулық өнердің көрнекті өкілі ғана емес, сонымен бірге Абылай ханның сенімді кеңесшісі, ұлт бірлігінің жаршысы болған ұлы ойшыл. Бұқар жыраудың толғаулары – халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін, ел бірлігі мен азаттығын ту еткен тарихи құндылық. Бұл баяндаманың негізгі мақсаты – Бұқар жыраудың шығармашылығы арқылы ұлттық болмыс пен рухани мұраның мәнін ашу.

Бүгінгі таңда ұлттық бірлік пен рухани жаңғыру мәселелері өзекті болып отыр. Бұқар жыраудың шығармалары осы мәселелерге қатысты терең ойлар мен тұжырымдарды қамтиды. Оның толғаулары арқылы қазіргі қоғамда ұлттық сана мен бірлікті нығайтуға үлес қосуға болады.

Мақсаты: Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеу арқылы оның қазақ халқының тарихындағы рөлін анықтау, жыраудың толғаулары арқылы ұлттық бірлік пен рухани құндылықтарды насихаттау.

Міндеттері:

1. Бұқар жырау Қалқаманұлының өмір жолын зерттеу;
2. Жыраудың шығармаларын талдау;
3. Бұқар жыраудың тарихи оқиғаларға қатысуын анықтау;
4. Жыраудың шығармаларының қазіргі қоғам үшін маңыздылығын көрсету.

Ұлы даланың мәдениетінде Бұқар жыраудың рөлі туралы сөз қозғағанда, біз қазақ халқының рухани әлемінің тереңдігі мен байлығын түсінуге тырысамыз. Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ тарихында ерекше орын алатын тұлға. Ол XVIII ғасырда өмір сүрген, Абылай ханның кеңесшісі болған, және өз дәуірінің көрнекті жырауы ретінде танылған.

Бұқар жырау ұлы даланың ұлы тұлғасы ретінде қазақ халқының мәдениеті мен руханиятына үлкен ықпал етті. Оның жырлары мен толғаулары халықтың сан ғасырлық тарихын, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейді. Бұқар жыраудың шығармашылығы арқылы біз сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси және рухани жағдайын түсінеміз.

Бұқар жыраудың жырлары халықтың бірлігін, елдің тәуелсіздігін сақтауға үндейді. Ол Абылай ханның тұсында қазақ халқының басын біріктіруде маңызды рөл атқарды. Оның жырлары арқылы халықты бірлікке, ынтымаққа шақырғаны белгілі. Бұқар жыраудың толғауларында патриотизм, елге деген сүйіспеншілік, халықтың болашағына деген сенім айқын көрінеді. Ол өз шығармаларында елдің болашағын ойлап, халықты татулыққа, бірлікке шақырды.

Бұқар жырау – саяси сауатты адам және көзсіз ерлікке барудың еш қажеті болмайтын тұстарды ханға жеткізуші. Өзінен бұрын өмір сүрген жыраулар бойында қалыптасқан болжаушы, көріпкелдік қасиеттері жоғары деңгейге көтерілген тұлға.

Оның бір дәлелі орыспен соғысуға әскер жинап, аттанғалы тұрған Абылайды жорығынан бас тартқызуы. Кез келген ұрыстың халық берекесін алатындығын қарт

жырау білген.

Өтіңменен жарылма!

Өкпеңменен қабынба!

Орыспенен соғысып,

Басына моншақ көтерген,

Жұртыңа жаулық сағынба! – дейді

Халық аңыздарына сүйенсек, Абылай әскерін тоқтатып, Бұқар сөзіне тоқтам жасаған. Аласұрған хан мен батырларды сабырға келуін айтып, тыныштыққа шақырады.

Сонымен қатар, Бұқар жырау қазақ халқының мәдениетін, тілін, дәстүрін сақтау жолында да аянбай еңбек етті. Оның жырлары мен толғаулары қазақ тілінің байлығын, көркемдігін көрсетеді. Бұқар жыраудың шығармашылығы арқылы қазақ тілі мен әдебиеті дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жетті.

Бұқар жыраудың рөлі тек қана жыраулықпен шектелмейді. Ол өз дәуірінің саяси қайраткері, халықтың көсемі ретінде де танылды. Оның ақыл-парасаты, көрегендігі, батылдығы сол кезеңдегі қазақ қоғамының дамуына ықпал етті. Бұқар жырау қазақ халқының тарихында ұлы тұлға ретінде қалды, оның мұрасы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Бұқар жыраудың тағы бір қыры – әскерге нұсқау беруші. Қалмақпен қазақарасындағы ұзақ кескілескен ұрыстың бірінде тату болу үшін қазақтарға уәде берген қалмақтар көп ұзамай уәдені бұзады. Бұған кінәлі қалмақтың қарапайым халқы емес сол кездегі бектері мен билеушілері екенін Бұқар да толғауында айтады. Майдандаласына аттанғалы тұрған қалың қазақ әскеріне нұсқау береді. Елдің бірлігі мен болашағы үшін аянбау керек екенін баса айтады. Дегенмен, уәдеден тайған қалмақ бектері мен елінің басындағы басқыншы топты басқарған басшылар ғана екеніне скерттеді. Ал қарапайым халықтың еш жазығы да, кінәсі де жоқ екенін нақтылап айтады.

Момын елді күйдірме,

Ханы тартсын жазасын.

Ел шаруасын бүлдірме,

Қайтарар бір азасын.

Хан ордасын талқанда,

Ер екен деп қарасын

Бұқар жырау ұлы даланың мәдениетінде ерекше орын алады. Оның шығармашылығы мен қызметі қазақ халқының рухани байлығын арттырып, мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосты. Бұқар жырау – ұлы даланың ұлы тұлғасы, оның мұрасы біз үшін баға жетпес құндылық болып табылады. Бұқар жыраудың поэзиясы және оның маңызы туралы баяндама жасау барысында, біз қазақ халқының мәдениеті мен тарихында ерекше орын алатын ұлы тұлға Бұқар жыраудың шығармашылығына тереңірек үңілуіміз қажет. Бұқар жырау Қалқаманұлы — қазақ халқының рухани мәдениетінде ерекше орын алатын, XVIII ғасырда өмір сүрген көрнекті ақын, жырау және қоғам қайраткері. Оның поэзиясы мен шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетінің алтын қорына енген.

Бұқар жыраудың поэзиясы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, оның рухани және әлеуметтік мәселелерін тереңнен қозғаған. Ол заманының айнасы ретінде халықтың арман-тілегін, қайғы-қасіретін жырлап, елдің рухын көтеруге, бірлікке шақыруға тырысты. Жыраудың шығармалары өзінің терең философиялық мазмұнымен, ойшылдықпен ерекшеленеді. Оның поэзиясында ұлттық сана, елдік пен ерлік, әділдік пен адамгершілік мәселелері кеңінен көрініс тапқан.

Бұқар жыраудың шығармалары қазақ қоғамының түрлі кезеңдеріндегі тарихи оқиғаларға тікелей байланысты. Ол өз заманының көкейкесті мәселелерін қозғап, халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілектерін жырлады. Оның жырлары мен толғаулары сол кезеңдегі саяси және әлеуметтік жағдайларды терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұқар жырау ел басына күн туғанда, халықтың рухын көтеріп, батырлық пен бірлікке шақырған.

Бұқар жыраудың шығармашылығы қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосты. Оның поэзиясы халықтың ауыз әдебиетімен тығыз байланысты, сондықтан да ол қазақтың ұлттық болмысын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын тереңінен білуге көмектеседі. Бұқар жыраудың жырлары ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, халық жадында сақталып келеді. Оның шығармалары қазақ халқының рухани мұрасының ажырамас бөлігіне айналды.

Бұқар жыраудың поэзиясы қазіргі заман үшін де маңызды. Оның шығармалары арқылы біз өткенімізді тереңірек түсініп, бүгінгі күннің мәселелерін шешуде даналық пен көрегендікке сүйене аламыз. Бұқар жыраудың өлеңдері мен толғаулары бізді ұлттық құндылықтарды бағалауға, бірлік пен ынтымаққа шақырады. Оның поэзиясы арқылы біз қазақ халқының рухани байлығын, ұлттық мәдениетінің тереңдігін түсіне аламыз.

Қорытындылай келе, Бұқар жыраудың поэзиясы қазақ халқының рухани өмірінде ерекше орын алады. Оның шығармалары халықтың рухани мұрасының маңызды бөлігі болып табылады және бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұқар жыраудың шығармашылығы бізге ұлттық болмысымызды, мәдениетімізді, тарихымызды тереңірек

түсінуге көмектеседі. Ол ұлы даланың ұлы тұлғасы ретінде қазақ халқының жүрегінде мәңгілікке сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мекемтас Мырзахметұлы. *Бұқар жырау және оның заманы*. — Алматы: Ғылым, 1993.
2. Сүйіншәлиев Х. *Қазақ әдебиетінің тарихы*. — Алматы: Санат, 1997.
3. Бердібаев Р. *Қазақ эпосы*. — Алматы: Рауан, 1995.

Қазмағанбет Айбар Ғалиханұлы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің №1 Заречный жалпы білім беретін мектебі» КММ тарих пәнінің мұғалімі

Бұқар жыраудың поэзиясы — ортағасырлық мұсылман мәдениеті мен философиясының сабақтастықтың көрінісі

Бұқар жырау (1668–1781) XVIII ғасырдағы қазақ акын-жыраулары арасында ең ерекше және ірі тұлға ретінде танылады. [1] Бұқар жырау ақын, дана, дипломат, мемлекеттік кеңесші, болжамшы, ритуалды медиатор, халық көшбасшысы сипаттарын біріктіріп, көне дәуірдің синкретик рухын қайта жандандырған. Оның XVIII ғасырдағы саяси оқиғаларға және халық пікіріне әсері аса зор болды. Бұқар жыраудың халықпен байланысы — бұл дәстүрлі этномәдениеттің архетиптік тамырларынан, ұжымдық сананың терең қабаттарынан, жалпы және жеке болмыстың рухани біртұтастығынан туындайтын теңдессіз рухани байланыс. Осы тұрғыдан қарағанда, ұлы жырау мен халық арасында ешқандай қашықтық болмаған: ол халықтың дауысына айналды және ұжымның оқиғаларға қатынасын дәл көрсетті. Жырау халықтың тіршілік философиясын, ғасырларлық даналығын, дәстүрлі дүниетанымын ерекше жарқындық пен тығыздықпен бейнеледі. Оның шығармаларында халықтың көп ғасырлық эстетикалық, философиялық және рухани тәжірибесі, [2] сондай-ақ мифопоэтикалық сананың дәстүрлері үйлесімді синтезге айналды.

Бұқар жыраудың шығармалары философиялық-дидактикалық толғау түрінде бізге жеткен. Олар бейнелі суреттерге бай, ұлттық бояуға қанық, көркемдігі кемел. Жырау халықтың дәстүрлі ауыз әдебиетінің үлгілерін шебер пайдалана білген. «Өз заманындағы жандар бұл кісіні көмекей әулие деседі екен. [3] Қара сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен» деп жазады белгілі ғалым, фольклоршы, жыраудың тұңғыш биографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Бұқар жырау шығармаларының басты тақырыбы — халқына, отанына деген ыстық махаббаты. Ол отанды сүйуге, бір орталыққа бағынған іргелі ел болуға үндейді. Көреген ақын қазақ халқының ұлттық бірлігі қажет екендігін

айқын түсініп, бұл тұрғыда Абылайды бірлік идеясын жүзеге асыра алатын қайраткер ретінде жырына қосады, сыртқы жаулармен күресте қазақ жүздерін біріктіретін қолбасшы, көзсіз батыр ретінде суреттейді. Ал егер оның іс-әрекеті халық мүддесіне кереғар келсе қорықпай-үрікпей сын тезіне салады. Жырау шығармашылығындағы басқа бір маңызды тақырып адам табиғатының өзгеруі, дүниенің бір орнында тұрмайтындығы. XVIII ғасырда Бұқар жырау — көшпелі қоғамның дәстүрлі менталитетін ең айқын білдірген тұлға. Оның поэзиясындағы шығармашылық шарықтау кездейсоқ емес, өйткені жырау эпикалық сөз өнерінің ұзақ дәстүрін тұяқтап, көп ғасырлық мәдени тәжірибені шоғырландырды. Бұқар жыраудың беделі соншалықты жоғары болды, хан Абылай ақылшы, кеңесшісі етіп тағайындады.

Бұқар жырау діни мотивтерді кең әлеуметтік контексте қарастырады, оларды идеологемалар деңгейіне көтереді. «Айтар болсаң Алланы айт» шығармасында ақын Құдайдың атын семиотикалық қатардың басына қояды. [4] Бұл негізгі метасемантикалық мағынасы бар сөз рефрен рөлін атқарып, Құран философиясы, ислам мифологиясы мен нақтылықтарымен байланысты ассоциациялық тізбектерді туындатады. Осы рефреннен басталатын дыбыстық-бейнелі қатар мұсылман қауымының тіршілігін суреттейді: таң намазы (азан), мұәззиннің дауысы, имандыларды рәсімдерді орындауға шақыру сияқты көріністер бейнеленеді. Бұл діни сюжеттер, Құран лексикасы, мифопоэтикалық символдар тек ақынның дүниетанымын білдіріп қоймай, сонымен қатар оның жүрегіне жақын өмір салты мен мәдениеттің тұрақты белгілерін көрсетеді. Бұл тұжырым Бұқар жыраудың «Алыстан қызыл көрінсе» шығармасының мәтінімен, ондағы лексика мен мотивтердің функционалдығы арқылы расталады[5].

Кісі ақысын көп жеген,
Арам емей немене.
Іштегі сыр Аллаға мәлім,
Сыртындағы кулығың,
Амал емей немене.
Сусағанда берген су
Шекер емей немене.
Һәммәтсіз ерге біткен мал,
Бекер емей немене[6].

Шығармалардың мазмұнында адалдық, шыншылдық, жан тазалығы, парасыздық сияқты адамгершілік мәселелері басым. Олар семантикалық тұрғыдан жоғары құндылық — Құдай (Алла) концептісіне бағытталған. Құран метафизикасы мен психологиясына сүйене отырып, ақын адамның жүрегіндегі барлық нәрсенің Құдайға ашық екенін, сондықтан адамның жан тазалығын сақтауы қажет екенін атап өтеді. Басқа өлеңінде ол риторикалық түрде:

Көкте бұлыт сөгілсе,
Көктем болмас не пайда.
Көкіректен жан шықса,
Қайтып келмес не пайда.

Дін мұсылман болмаса
Тіл мұсылман не пайда[7].

«Дінге қатысушылықтағы формализм мен екіжүзділіктен бас тарту керек!»деп үндейді. Оның пікірінше, адамның сезімдері мен тәжірибелері әлеуметтік детерминизм заңдарына, мимикрия мен коммуникация талаптарына бағынатын болса, олар жалғандықпен шектеседі, сондықтан құндылыққа ие емес. Діни-философиялық мағыналар «Хақтың үйі мешітті» шығармасында айқын көрінеді: ақын адамзаттың рухани ізденістерін, шындық пен әділеттің тұрақтылығын Құдаймен байланыстырады.

Ибрахим халил жасады
Тәңірім уйі мешітті.
Құдайды білмес бинамаз
Құдайынан кешіпті.
Құдайыңа күл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң
Құдай тағалам өзі берер несіпт[8].

Бұл жолдарда діни кішіпілдікке, рәсімдерді сақтауға шақырыс жасалады; өмірдегі сәттілік, тағдырдың жемісі иманның шындығымен және Құдайдың қуатына сеніммен тікелей байланыстырады. Ақын анықтаған адамның мәртебесі негізгі діни канонға сәйкес келеді. Бұл шығарма және Бұқар жыраудың басқа да теологиялық бояуға ие туындылары 20-ғасырдың 30-жылдарында XVIII ғасырдың ұлы акынына қарсы дөрекі-идеологиялық айыптауларға себеп болды.[9] Бізге түсінуіміз керек: жырауды болашақта ол туралы не айтылатыны ең аз мазалаған — ол, халықтың рухани көшбасшысы ретінде, жоңғар басқыншылығы алдында халқының бірлігін нығайтуға және идеялық тұтастығын сақтауға ұмтылды. Дана жырау діннің халықты біріктірудегі, ұлттық сипатты қалыптастырудағы рөлін жақсы түсінген болатын.

Бұқар жырау өмірді кезең-кезеңге бөліп, адамның жасы оның санасын, мінез-құлқын, көңіл күйін, күш-жігерін қалай өзгертетіндігін көрсетеді. Оның поэзиясының халық арасына кеңінен тарап, ғақлия, нақыл, афоризмдерге айналуы, мақал-мәтел болып жетуі де көркемдеу тәсілінің кереметтігінде. Бұқар жырау Калқаманұлы шын мәнінде көне қазақ поэзиясының ең тұлғалы өкілдерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жаксылыков А. Ж. сравнительная типология образов и мотивов с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы эстетика, генезис.-Алматы «Қазақ университеті» 2012.-С.142.
2. Магауин М. Азбука казахской истории.— Алматы: Қазақстан, 1997. — С.54,62,76
3. Мәшһүр-Жүсіп (Көпейұлы). Шығармалары / Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. — Павлодар, 2006. — Т. 7: Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері. — 393 б.
4. Бухар жырау Калқаманұлы. Шығармалары.— Алматы: Мураттас, 1992. —С.14.
5. Бухар жырау Калқаманұлы. Шығармалары.— Алматы: Мураттас, 1992. —С.11, 13. .

6. Бухар жырау Калқаманұлы. Шығармалары.– Алматы: Мураттас, 1992. –С.11.

Кожаметова Жанат Кенжебековна

Астана қаласы Ш.Мұртаза атындағы №63

мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бұқар жырау Қалқаманұлы –өз дәуірінің асқан ақылгөй кемеңгері

Қазақ халқының рухани мұрасында жыраулық поэзияның алатын орны ерекше. Сол жыраулардың ішінде Бұқар жырау Қалқаманұлы — XVIII ғасырда өмір сүрген, ел тағдырына тікелей араласқан, саяси-әлеуметтік мәселелерге үн қосқан аса ірі тарихи тұлға. Ол Абылай ханның ақылшысы, ел бірлігін сақтаудағы рухани тірек, халықтың мұңын жеткізген шешен, ұлы көреген жырау ретінде тарихта қалды. Бұқар жыраудың мұрасы тек поэзиямен ғана шектелмейді — ол қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына, сыртқы саясаттағы маңызды шешімдерге тікелей ықпал еткен қайраткер.

Бұқар жырау Қалқаманұлы шамамен 1668 жылы дүниеге келген. Оның өмір сүрген уақыты — қазақ халқы үшін күрделі, саяси тұрақсыздық кезеңі. Жоңғар шапқыншылығы, елдің ішкі алауыздығы, үш жүздің бірігуі сияқты тарихи сын-қатерлер дәуірі еді. Бұқар жырау осындай кезеңде елдің сөзін сөйлеген, ханның кеңесшісі ретінде маңызды шешімдерге қатысқан, халықты бірлікке үндеген тарихи қайраткерге айналды.

Жыраудың өмірінің басым бөлігі Абылай ханның билік құрған кезеңімен тұспа-тұс келеді. Бұл кезеңде қазақ хандығының сыртқы саясатында, ішкі басқару жүйесінде ауқымды өзгерістер жүріп жатты. Осындай өзгерістердің бел ортасында Бұқар жырау жүрді.

Бұқар жыраудың тарихи рөлі, ең алдымен, Абылай ханның сенімді кеңесшісі болғандығынан көрінеді. Ол ханның жеке идеологы, ұлт мүддесін ойлаған ақылманы болды. Абылай хан елдің егемендігін сақтап қалуға бар күшін салған реформатор болса, Бұқар жырау сол күресте рухани тірекке айналды.

Жырау халықтың ішкі жағдайын, руаралық қатынасты, елдің болашаққа деген көзқарасын терең түсінді. Ол билік пен халықтың арасындағы алтын көпір рөлін атқарды. Өз толғауларында ханға тікелей ескерту жасап, ел мен жер мүддесін алға тартты. Мәселен, ол:

«Ауыздағыны жұлып жеп,

Жетім мен жесірді жылатып,

Бейбіт күнде жау шығарсаң,

Басыңа күн төнер!» – деп Абылайға тіке сын айтты.

Бұл жолдардан жыраудың хан алдында қаймықпай сөйлей алатын, шындықты тайсалмай айтатын биік тұлға екенін көреміз.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақ хандығының ішкі алауыздығы мен сыртқы жау — жоңғарлардың шапқыншылығы қазақ мемлекеттілігінің іргесін шайқалтты. Бұқар жырау осы кезде елдің бірлігі мен тұтастығын сақтау үшін жыр толғап, халықты бірлікке үндеді. Ол:

«Бірлік түбі — береке»,
«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» – деген қанатты сөздерді жиі қайталап, ел санасына сіңіре білді.

Жыраудың шығармаларында руға, жүзге бөлінуді қатты сынға алғаны байқалады. Ол үшін қазақ халқы — біртұтас ұлт, бірлікті сақтағанда ғана аман қалатынын жақсы білді. Сондықтан жырау әрқашан татулық пен тұтастықты дәріптеді. Бұл – оның қайраткер ретіндегі басты ұстанымдарының бірі.

Бұқар жырау тек ішкі саясатпен ғана шектелмей, қазақ хандығының сыртқы саясатына да ықпал еткен. Ресей мен Қытай сияқты алпауыт көршілермен қарым-қатынас орнатуда ол Абылайға ақыл-кеңес берген. Абылай ханның Ресей мен Цин (Қытай) империяларымен күрделі дипломатиялық байланыс орнатқан кезеңдерінде жырау да осы процестің идеологиялық демеушісі болды.

Жырау бұл мәселелерде теңгерімді саясат ұстануды ұсынды. Оның «Көршіңмен тату бол» деген ұстанымы ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатынан туған. Ол жаугершілікті емес, бейбіт қатынасты дұрыс көрді.

Бұқар жырау – тарихшы және болашақ көзі ашық қайраткер. Оның шығармалары — қазақ халқының сол дәуірдегі тарихының шежіресі. Ол ел ішіндегі, сыртындағы жағдайларды терең талдап, көрегендікпен болжаған. Оның толғауларында елдің өткен тарихы, қазіргі жағдайы және болашағы қатар жырланады.

«Кеше аттың басындай алтынды беремін деп,

Бүгін айғырдың жалындай жалыны бар қылышқа беріп отырсың» – деген жолдары халықтың байлығын сақтау мен дұрыс шешім қабылдаудың маңызын айтады.

Жырау – болашақты болжаған көреген, халықтың мүддесін заманына сай қорғай білген реформатор. Оның ойлары қазіргі саясаткерлерге де үлгі бола алады.

Бұқар жырау Қалқаманұлы — қазақ тарихындағы теңдесі жоқ тұлға. Ол — сөзбен саясат жүргізген ақылман, елдің ішкі және сыртқы мәселелеріне белсене араласқан ұлт қайраткері. Оның Абылай ханның ең сенімді кеңесшісі болуы, халықты бірлікке, ынтымаққа шақыруы, елдің дипломатиялық бағытын дұрыс бағытқа салуы — оны тек жырау емес, ірі тарихи тұлға ретінде танытады.

Бүгінде Бұқар жыраудың өнегесі – ел басқаруда парасат пен пайымды үлгі ететін, халықпен бірге тыныстай алатын басшы бейнесінің символы. Оның өмірі мен шығармашылығы – тек өткеннің мұрасы емес, қазіргі ұрпаққа да бағыт-бағдар бола алатын рухани темірқазық.

1. Әбілдаев, Қ. Қазақ жыраулық поэзиясының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1992.
2. Мағауин, М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жалын, 1986.
3. Кенжебаев, Б. Қазақ әдебиетінің тарихы мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1973.
4. Тәжібаев, С. Бұқар жырау және оның заманы. – Астана: Елорда, 2004.
5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-том. – Алматы: Санат, 1994.
6. Ахметов, З. Өмір шындығы және көркемдік шындық. – Алматы: Жазушы, 1973.
7. Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. – Алматы: Қазақпарат, 2007.
8. Әуезов, М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
9. Қасымжанов, А. Қазақ хандығы дәуірі және жыраулар поэзиясы. – Астана: Фолиант, 2012.
10. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. – Алматы: Атамұра, 1998.

Кожрахметова Шынар Капановна
Астана қаласы №104 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі:

«Бұқар жырау және Абылай хан тұсындағы бірлік мәселесі»

Бұқар жырау Қалқаманұлы - XVIII ғасырдағы қазақ халқының бірлігі мен тәуелсіздігі жолында еңбек еткен көреген ойшыл, мемлекет қайраткері. Абылай ханның сенімді кеңесшісі ретінде ел басқару ісіне белсене араласып, өзінің толғауларында ел бірлігі мен ынтымағын басты тақырып етіп көтерді.

XVIII ғасыр қазақ елі үшін ауыр кезең болды. Жоңғар шапқыншылығы, ішкі алауыздықтар мен сыртқы қауіптер қазақ халқының тұтастығына қатер төндірді. Осындай кезеңде ел бірлігін сақтау аса маңызды болды.

Бұқар жыраудың рухани ықпалы:

Бұқар жырау Қалқаманұлы — Абылай ханның кеңесшісі, дана би, әрі жырау болды. Ол:

- Ел бірлігін насихаттап, ханды әділ болуға шақырды;
- Халықты жауға қарсы жұмылып күресуге үндеді;
- Абылайдың елдік саясатын қолдап, оны тарихи жолда дұрыс шешім қабылдауға үгіттеді.

Бұқар жырау мен Абылай ханның қарым-қатынасы:

Қазақ тарихында халқының тағдырын сөзбен түгендеп, болашағына алаңдаған ұлы жыраулардың орны ерекше. Солардың ішіндегі ең көрнекті тұлғаның бірі – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Ол – тек ақын емес саясаткер, ел тағдыры шешілер сәттерде шешуші рөл атқарған, Абылай ханның кеңесшісі болған тарихи тұлға. Жыраудың «Ал, айтамын, айтамын...» деп басталатын толғаулары ұлттың бірлігі мен азаттығы үшін айтылған ұран іспетті.

Бұқар жырау мен Абылай хан тұсындағы бірлік мәселесі-қазақ тарихындағы маңызды тақырыптардың бірі. Қазақ хандығы сыртқы

жаулардан жоңғарлар, қалмақтар, орыс патшалығы, Қоқан хандығы қысымында тұрды. Осындай ауыр кезеңде елдің тұтастығын сақтау, үш жүздің басын қосу, халықты бірлікке шақыру мәселесі күн тәртібінде тұрды. Бұл бағытта Бұқар жырау мен Абылай ханның рөлі ерекше.

Абылай ханның бірлік жолындағы саясаты: Абылай хан (1711-1781) үш жүздің басын қосып, билік құруға тырысты.

Үш жүздің рубасыларымен мәмілеге келіп, бір тудың астына жинады.

Хан билігін күшейтіп, ел ішіндегі алауыздықты азайтуға күш салды;

Сыртқы саясатта Ресей мен Қытай арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, елдің тәуелсіздігін қорғауға ұмтылды.

Абылай ханның ақылшысы әрі жыршысы Бұқар жыраудың толғаулары Абылай ханға арналған — ел билігі, хандықтың тағдыры, ел бірлігі мен сыртқы саясат туралы терең ойлар мен көркем бейнелерге толы философиялық-поэтикалық шығармалар. Енді сол толғауларға талдау жа

1. «Абылай, Абылай!» толғауы

Бұл толғауында Бұқар жырау Абылайдың өмір жолын, жастық шағын, ерлік жолын, ел басқарудағы көрегендігін сипаттай отырып, болашақта болатын қиындықтар туралы ескертеді.

Үзінді:

«Абылай, Абылай,
Сен он бір жасында
Әбілмәмбет хандардың
Тұтқынында қалып ең...»

Талдау:

- Тақырыбы: Абылайдың балалық шағы мен хандыққа жету жолындағы қиындықтар;
- Идеясы: Ел басқар тұлғаның өмірлік жолы оңай болмайды, халқының мүддесін бәрінен жоғары қоюы керек;
- Көркемдік ерекшелігі:
 - o Тарихы мен шындық;
 - o Диалог формасы арқылы жырау мен хан арасындағы қарым-қатынас көрініс табады;
 - o Жыраулық дәстүрді дәріптеу

2. «Ханға айтқан» толғауы

Бұқар бұл шығармасында Абылай ханға оның билік жүргізу тәсіліне байланысты ақыл-кеңес береді.

Үзінді:

«Хан ием, естір құлақ болса, айтқанымды тыңдаңыз...
Атаның ұлы ер болмас,
Ата жолын қумаса...»

Бұқар жыраудың жырларынан мысал:

«Бірлік түбі — тірлік»,

«Ағайын — ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді»

Бұқар жырау мен Абылай хан елдің тұтастығын, бірлігін сақтап қалу жолында бірлесе қызмет етті. Абылай хан саяси тұтастықты нығайтса, Бұқар жырау рухани көшбасшылық көрсетті. Олардың бірлігі — сол дәуірдегі қазақ халқының аман қалуының кепілі болды

1. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі ел бірлігі туралы үндеулері

Бұқар жырау XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес кезінде ел бірлігіне аса мән берді. Қазақ халқының басына түскен ауыр кезеңде ол ру-тайпалар арасындағы алауыздықты сынап, елді тұтастыққа шақырды. Осы тұста жыраудың мынадай жыл жолдары кең танымал:

«Бақ қайда барасың десе ,

Бірлігі жарасқан елге барамын», –

деп, халықтың бақыт пен жеңіске тек бірлік арқылы жететінін ұғындырды.

2. Абылай ханның билікке келуі мен оны қолдауы

Бұқар жырау Абылай ханды ерекше құрметтеп, оның даналығын, ерлігін жырларында мадақтады. Ол ел билеушісіне ашық пікір айтып, сын мен қолдауды қатар жеткізе білген. Хан мен жырау арасындағы ерекше қарым-қатынасты жыраудың мына толғауынан байқауға болады:

«Айнала алмай ат өлсін,

Айыра алмай жат өлсін.

Жат бойынан түңілсін,

Бәрін бірдей ұстаңыз,

Алаш деген ел үшін!»

Бұл жолдарда жырау ел басқаруда алалаушылыққа жол бермеуді, барлық жұртты тең ұстау қажеттігін алға тартады.

3. Қазақ хандығының тұтастығын сақтау жолындағы қызметі

Бұқар жырау Қытай мен Ресей сияқты алпауыт мемлекеттермен қатынаста, сыртқы саясатта да терең ойлы кеңестер берген. Ол Абылай ханға қазақ жерінің тәуелсіздігін сақтау, сыртқы ықпалға ермеу жайлы айтып отырған. Бұл бағыттағы жырларынан:

«Көп ішінде бір болмас,

Көрген күнің күн болмас.

Ел шетіне жау келсе,

Алдыменен басып бер!»

деген жолдардан ел қорғаны болуды, өз мүддесінен биік болғандығын насихаттағанын көреміз

Бұқар жырау – тек жырау емес, заманның жанашыры, ұлт тағдыры үшін тер төккен қайраткер. Ол елдің ауыр кезеңдерінде жыр арқылы жол көрсеткен, ханды да, қараны да ойландырып, біріктіруге күш салған. Оның шығармаларынан әрбір жол– бүгінгі ұрпаққа да үлгі. Жұрау мұрасы келер ұрпаққа мәңгі сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тоғысбаев Б., Сужилова А. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2009. – 376 б.

2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. – II том.
3. Жармұхамедұлы М. Бұқар жырау / М. Жармұхамедұлы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 215 б.
4. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет / М. Мағауин. – Алматы: Атамұра, 2010. – 328 б.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы / Р. Сыздықова. – Алматы: Арыс, 2004. – 290 б.

Масалимова Гаухар Аскарбековна
Қарағанды қаласы, «№65 ЖББ мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақтан шыққан ірі мемлекет қайраткері, қазақ руханиятының жарық жұлдызы – Бұқар жырау Қалқаманұлы

Қазақтың басына төнген қиын-қыстау замандағы күрделі мәселелерге өзінің жалынды жырларымен жауап берген қазақ хандығының ірі мемлекет қайраткері, қазақтың ұлы жырауы, атағы жер жарған Абылай ханның ақылшысы, Қазақ – жоңғар соғысының бастаушысы әрі ұйымдастырушысы Бұқар жырау Қалқаманұлы алмағайып заманда Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, елді бір тудың астына топтастыруға күш салып, жауға қарсы күресте елді біріктіруге атсалысқан қоғам қайраткерінің бірі. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан түйдек – түйдек жыр төгілетін Бұқарды өз заманының сыншылары «*көмекей аулие*» деп атаған.

Бұқар жырау Қалқаманұлы — қазақ тарихындағы аса ірі тарихи тұлға, ел тағдырын шешкен ірі оқиғаларға белсенді араласқан көрнекті қайраткер, Абылай ханның ең сенімді серіктерінің бірі. Ол ханның сыртқы және ішкі саясатын қолдап, кейбір мәселелерде кеңесші рөлін атқарған. Көреген ақын Абылайды ірі қайраткер ретінде жырға қосады, оны сыртқы жаулармен күресте қазақ жүздерін біріктіретін қолбасшы, көзсіз батыр ретінде суреттейді. Жыраудың «Ханға берген кеңестері» – қазіргі күнге дейін маңызын жоймаған тарихи құнды мұралар қатарында.

Бұқардың көрнекті қайраткер ретінде ең көп қатысқан тарихи оқиғаларына тоқталатын болсам, ол біріншіден, Қазақ хандығының күшеюі және бірігуі. XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығынан кейін Қазақ хандығы ауыр кезеңді бастан кешірді. Осы кезеңде Бұқар жырау ел бірлігі мен тәуелсіздігін сақтау жолында маңызды рөл атқарды. Ол үш жүздің басын қосып, бірлікке үндеген насихатшы болды. Екіншіден, Абылай ханның тұсындағы біршама саяси шешімдерді қабылдауға ұйытқы болған ірі тарихи тұлға. Бұқар жырау — Абылай ханның сенімді кеңесшісі ретінде ханның сыртқы саяси қадамдарына ықпал етіп отырды. Ол орыс және қытай мемлекеттерімен жүргізілген келіссөздерге өз көзқарасын білдіріп, қазақ мүддесін қорғауға тырысты. Рухани құндылықтарды дәріптеген Бұқар

жырауды Абылай хан қасынан бір елі қалдырмаған. Үшіншіден, Жоңғар шапқыншылығы кезінде сарбаздарға рух беріп, батырларды ерлікке шақырып, рухани қолдау көрсетті. Оның жырлары елге жігер мен үміт сыйлап отырды. Халықты іргелі ел болуға үндеді. Қазақ халқына ұлттық бірлік қажет екендігін айқын түсініп, соған қызмет еткен тұлғаларды, халықты жаудан сақтаған батырларды дәріптеді. Бұл да Бұқар жыраудың тек ақын емес, ұлттық идеологияның негізін қалаушы екенін көрсетеді. Төртіншіден, Бұқар жырау қоғамдық – саяси пікір білдірудің хас шебері болған. Хан мен қарашаның арасындағы әділеттілікті сақтау, биліктің халық мүддесіне жұмыс істеуі керек екенін үнемі айтып отырған. Оның философиялық толғаулары ел ішінде тұрақтылық пен тәртіпті сақтауға негіз болды.

Ақын – жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі, қазақ руханиятының жарық жұлдызы Бұқар Жырау Жоңғар басқыншылығы тұсында өмір сүргендіктен, сол алмағайып замандағы шешуі қиын күрделі мәселелерге жалынды жырларымен жауап берген. Елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, халықтың бірлігін сақтап қалуға күш салды. Осы жолда аянбай еңбек еткен ұлы ойшыл, философ Абылай ханды халықтың бірлігін сақтап қалатын бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артады. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлады:

«Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай.
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай»

Осы бір шумақ өлеңде халық пен ханның арасындағы бірлікті жырлайды. Бұқар өз толғауларында Абылай ханның көрегендігін, білгірлігін, әділдігін, адамгершілік қасиеттерін, елдің болашағын, татулығын жырлайды. Сонымен бірге Абылайдың жанында жүрген батырларының да тарихи ерлік істерін қазақтың маңдайына біткен асыл ерлер деп асқақ жырлайды. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» толғауларында жырау қазақ елінің отарлау саясатын көздеп отырған елден алысқа, жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғайды. Бұл тығырыққа тірелген халықтың болашағы мен бірлігін сақтау мақсатында екенін өзінің жырларында көркем тілмен жеткізеді.

Бұқар жыраудың жырлары терең философиялық ойлармен ерекшеленеді. Ол замана тынысын, ел тағдырын, хан мен халық арасындағы қарым-қатынасты нақты суреттеп, әділеттілік пен бірлікті жырға қосты. Жырау өз туындыларында ұлттық болмыс, адамгершілік, имандылық, ерлік пен елдік мәселелерін басты тақырып етіп алған. Өзінің ұзақ ғұмырында Бұқар жырау

халқының көрген қиындығын өз көзімен бірге көрді. Сондықтан да оның шығармашылығында өзекті тақырыптар ретінде елдің бірлігі, бейбіт өмірі, өз отанына деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін қорғай білуі, сонымен қоса өскелең ұрпақ тәрбиесіне де ерекше мән береді.

Бұқар жырау — тек жырау емес, елдің тағдырын шешуге араласқан ірі қайраткер. Оның өмірі мен шығармашылығы қазіргі ұрпаққа үлгі боларлық. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының беделді кеңесшілерінің бірі болып, елдің бірлігі мен тұтастығын сақтау жолында қызмет атқарған тұлға. Қазақ даласында бейбіт өмір болуы, ел билеген хандардың ел бірлігін сақтау жолында қызмет етуіне кеңес береді. Ақын бірінші кезекте халықтың тыныштығының қымбат екенін, көрші елдермен достық қарым – қатынаста болуды, ханды халықтың мүддесіне қайшы келетін жағымсыз іс – әрекеттерден сақтандырады. Бұқар жырау жақсы мен жаман туралы, адамгершілік қасиетті, шынайы достық пен қастықты салыстыра отырып, жастарды тәлім – тәрбиелік мәні бар қасиеттерді бойларына сіңіруге шақырады. Бұқар жыраудың мұралары бүгінгі ұрпаққа рухани тәрбие беруде ерекше орын алады. Оның жырлары халық ауыз әдебиетінің алтын қорына енген. Жырау шығармашылығы — қазақ поэзиясының ғана емес, бүкіл түркі әдебиетінің де асыл қазынасы. Бұқар бейнесі жалғыз ғана ХҮІІІ ғасыр емес, қазақ топырағында туған, дамыған, өркендеген ғұламалық мектептің, шешендік өнердің, әдет – ғұрып, салт – сананың үйлесім тапқан жемісі. Қазақ елінің тәуелсіздігін қорғап, саяси орнықтылығын қолдап, елдің береке – бірлігін сақтап қалу үшін, қазақтың рухын көтеру үшін қаһарлы қызыл тілін жұмсап, тарих сахнасына шыққан кемеңгер Бұқар жыраудың мұрасы болашақ ұрпаққа үлгі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бұқар жырау. Энциклопедия. – Астана: Фолиант, 2013. – 632 б.
2. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2011.
3. Ж.О.Артықбаев. Бұқар жырау: ғұмыр белестері. – Қарағанды: «Мағжан, 2019. – 148 б.
4. Т.Т.Аршабеков, Ж.А.Жұмабеков, А.З.Жуманова. Арқа батырлары. – Қарағанды: Тенгри баспасы. – 448 б.

Мекебай Әсемгүл

Астана қаласы «Қасым Қайсенов атындағы
№27 мектеп-лицей» ШЖҚММК
қазақ тілі мен әдебиеті

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармаларындағы заман көрінісі

Әдебиет тарихынан елеулі орын алып, артына өшпес мұра қалдырған көрнекті жыраулардың бірі – Бұқар Қалқаманұлы. Халық өмірінің алмағайып

– аласапыран, тарихта қалу – қалмауы екіталай кезеңінде тұрмыс кешкен жырау өз толғауларында сол тұстағы көкейтесті, күрделі мәселелерге жауап іздеп, соның бірден – бір жоқшы – жыршысы бола білді. Ақынның жыр – толғауларының үнемі әлеуметтік өткір мазмұнға құрылып отыруының басты себебі осы деуге келеді.

Жырау, ең алдымен, шоғырланбай шашырап жатқан халықтың басын тас түйін біріктіру арқылы қанқұйлы жауға тойтарыс беру ісін ұйымдастыра алатын алғыр, қолбасшы – көсемнің қажеттілігін ерте түсінді, сөйтіп, осы ұлы мақсатқа орай ол әйгілі Орта жүз ханы Абылайға да тәуелсіздік үшін жан сала күрескен халық мүддесін терең түсініп, өзін бірыңғай сол күрес жолына арнады. Мұндай ақылы мен айласы астасқан кемеңгер басшының үлгілі істері мен оның төңірегіндегі белгілі батырларының жанқиярлық ерліктерін жырау үнемі асқақ жырлап, солардың өшпес әдеби бейнесін жасауға күш салды. Осының бәрі, түптеп келгенде, жыраудың туған халқының бірлігі мен болашағын ойлау мақсатындағы ерлікке барабар іс — әрекеттерін аңғартады. Бұқар жыраудың ұзақ жасаған жасындағы өмірлік деректері бізде көп сақтала бермеген. Тек саналы ғұмырының бәрі түгелдей дерлік Абылай ханның қасында, соның оң тізесін басқан қабырғалы да сәуегей биі, ақылшы – кеңесшісі ретінде өткені мәлім.

Бұқар шығармалары ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап жиналып, зерттеліп келді. Алғашқы жариялануы деп «Таң» журналында жарияланған жырларын айтамыз. Мұнда жыраудың «Бірінші тілек тілеңіз», «Ай не болар, күннен, соң», «Айналасын жер тұтқан», «Ақсаннан биік тау болмас», «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ей, Абылай, Абылай», «Керей қайда барасың?», «Ал, айтамын, айтамын», «Ханға жауап айтпасам» атты бір топ өлеңдері жарық көрді. Бұқар шығармаларын жариялауда С.Сейфуллин үлкен еңбек етіп, «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» атты жинағында жыраудың «Жал ,құйрығы қаба деп», «Ай не болар, күннен соң», «Асқар таудың өлгені», «Қалданменен ұрысып», «Атам болған жиырма бес», «Құбылып шыққан бәйшешек» атты толғаулары бастырылған. Бұқар туындылары алғаш рет толыққа жуық көлемде «Алдаспан» жинағында басылды. Бұған үлкенді – кішілі 49 толғауы енді. Алайда, Бұқар шығармаларының бізге жеткен асыл үлгілерін айтқанда, ең алдымен, белгілі фольклорист Мәшһүр Жүсіп Көпеев жырау туындыларын атап айтып кету керек. Неге десеңіз, Бұқар жырларының ең бастапқылары Ш.Уәлиханов, Г.Потанин, И.Березин қорында сақталып, кейбір үлгілері солардың жариялануымен басылған. Бір – екі толғауы Құрбанғали Халидұғұлының «Тауарих хамса Шархи» атты кітабында жарық көрген. С.Мұқанов Бұқар шығармаларының көпшілігі Абылай ханға арналып айтылғандықтан, өзі сырттай Орда ақынына ұқсағанмен, жырлары сол кездегі саяси — әлеуметтік тұрмыстың нақты көрінісінен туған деп атап көрсетеді.

Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетінің орта мектептерге арналған оқулықтарынан бастап, қазақ әдебиетінің 6 томдық тарихына жазған Бұқар туралы монографиялық тарауларында да, оны ХҮІІІ ғасырдың авторлығы сақталған тарихи әдебиеттің басы деп бағалай келіп, ол өзінің дидактикалық

толғаулары арқылы өмірге ескілік мұнарасынан қараса да, сол кезеңдегі әлеуметтік шындықтытап ббасып сипаттай алады деген. Ал Ә.Марғұлан Бұқар жырауды Абылай ханның белгілі жыршысы, кейінгі қазақ ақындарының бірден – бір көшбасшы ұстазы деп бағалайды. Осындай бағаны Ысмаилов, Кенжебаев еңбектерінен ұшыратамыз. 60-жылдардың соңында жазылған Х.Сүйіншәлиев пен Мағауин зерттеулерінде Бұқар шығармалары әдебиетіміздің даму жолында бір белес болғаны баса әңгімеленеді. Белгілі әдебиетші Ы.Дүйсенбаевтың Бұқар Қалқаманұлы туралы зерттеуі жырау шығармашылығы мен сол тұстағы тарихи кезеңді бағалауда болсын, жалпы мәселенің қойылып, шешілуі тұрғысынан болсын өзге еңбектерден шоқтанып жеке – дара тұр.

Бұқар жырау дәуір алшақтығына қарамай, жырларының әлеуметтік-саяси мазмұны мен тақырыбы жағынан да өзінен бұрынғы жыраулармен терең үндесіп отырады. Әсіресе, Жерұйық секілді құтты қонысқа көшу жайындағы қоғамдық ойларымен ол жыраулық поэзияның басында тұрған Асан қайғыға егіздің сыңарындай ұқсас, рухтас. Бұл орайда Бұқарды Асан қайғының ісін жалғастырушы шәкірті деп бағалаған Кенжебаев пікірін орынды деп санаймыз. Бір жағынан отаршылдық саясат белең алған кезде , екіншіден, жоңғар басқыншылары халқымызды «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшыратқан тұста Абылай ханның Асан жұмбағын шешу туралы өтінішіне би қырын қарап, көзіне жас алып, « бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді» деп қинала жауап береді.Осының өзі- ақ сол толғақты мәселенің жыраудың үнемі есінен кетпей, әрқашан ойында жүргенін анық аңғартады. Соған дейін Асан қайғының ханға да, қарашаға да жұмбақ болып келген «ақ шортаны мен шөлдегі қарағайының» мән жайын Бұқар жырау көсілте жырлап, түгелдей шешіп береді.

Бұқар жыраудың «Ханға жауап айтпасам» атты толғауын халық тағдыры мен оның болашағын жырлаған әлеуметтік – қоғамдық мәнімен де, айтар ойдың бас – аяғы тұтас табиғи бірлігімен де, сипаттаудағы көркемдік – бейнелеу, шеберлік тәсілдермен деөзге жырларынан жеке – дара тұр дей аламыз. Асан қайғы жыры да, оны Бұқар жыраудың шешуі де кешегі заманда ашықтан – ашық бүркемеліп жарияланбай келді.

Жыраудың дүниеге көзқарасы мен заман көрінісін көрсететін шығармаларынан оның «Бірінші тілек тілеңіз» атты толғауын бөліп атауға болады. Бас – аяғы 11 тілектен ғана тұратын бұл жырда Бұқар өз дәуіріндегі адамдардың ой – тілегі мен арман – мұратын жинақтап беруге талаптанады. Бұлары құдайға құлшылық пен 5 уақыт намаз, тыныштық пен адамгершілік, адалдық, тазалық туралы болып келеді.

Бұқардың «Асқардан биік тау болмас», «Айналасын жер тұтқан», «Ай не болар күннен соң»«Бағаналы орда, басты орда» атты толғаулары өз дәуірінің өмір көріністерін: көшпелі тұрмыс тұсындағы адамдардың өзара қарым – қатынастары мен қалыпты салт – сана, ұғым – түсініктерін, жалпы өмірдің құбылмалы екендігін баяндау тұрғысында келеді.

Бұқар жыраудың бір топ жырлары ел бірлігі, жақсы мен жаман, білімділік пен надандық, жалпы ізгілік мәселелерін қамтиды. Тағы бір

алуанында жыраудың әлеуметтік ортаға көзқарасы мен ішкі сезім – күйлері басым болып келеді.

Бұқар жырау Абылай ханның барлық іс — әрекет, ішкі – тысқы саясатын түгелдей қолтаптап, мақұлдап, бас изей бермеген. Хан үлкен елдік мәні бар ірі саяси мәселелер төңірегіндегі айтылған келелі кеңес, толғамды ақылға көнбеген кезде, ол Абылайдың бүгінгі өмірі мен кешегі қиыншылықты бастан кешкен азапты күндерін әдейі шеңдестіре, қарама – қарсы қойып толғайды. Мұндай сәттерде жырау оған ешкім батып айта алмайтын ащы да ауыр шындықты бүкпесіз бетке айтып, тартынбай сөйлейді. «Атаң – тексіз құл, анаң – түркменнің төріндегі күң, өзің жалаң аяқ жар кешкен арқар ұранды жат едің, момын елге келіп бек болдың» дейтін батыл айыптауға дейін барады.

Ел берекесінің ұйытқысы татулық – бірлікте, бейбіт өмірде деп санаған қарт жырау ханға «өлетұғын тай үшін, қалатұғын сай үшін» ерегіс–жанжалдың, қажетсіз қантөгісінің орынсыз екенін де батыл ескертіп отырады.

Бұқар жырау — өзі өмір сүрген дәуірдің болмыс – шындығын көркем бейнелеп, артына елеулі әдеби мұра қалдырған жырау. Ең алғаш ол ауыз әдебиетіндегі үлгілерден бастау алса да, дәуір талабына орай әлеуметтік мазмұн мен көркемдік сапаларды игерген жыраулық поэзия Бұқар шығармалары арқылы жаңа белеске көтеріліп, әдебиетіміздің байып, марқая түсуіне жол салды.

Бүгінде Бұқар жырау — қазақ руханиятының символына айналған, әдебиет пен мәдениеттің алтын діңгектерінің бірі. Жырау есімімен аталған аудандар, мектептер, жоғары оқу орындары — оның рухани мұрасының халық жадында мәңгі сақталатынын көрсетеді. Бұқар жырау – тарихтағы аса ірі тұлға, себебі ол өз дәуірінде елдің болашағын терең ойлап, ұлттық тұтастық, рухани жаңғыру, әділетті билік, халық даналығы сынды тақырыптарды көтеріп, жыраулық өнердің шыңына шықты. Ол тек өткеннің емес, бүгінгі мен болашақтың да рухани шамшырағы. Сөзімді С. Қасқабасовтың «Бұқар — қазақ философиялық поэзиясының негізін салушылардың бірі. Оның әрбір жыры – халық даналығының шежіресі» деген пікірімен аяқтағым келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин М. Қобыз сарыны: Ежелгі түркі жырлары мен қазақтың жыраулық дәстүрі туралы зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1986. Бұл еңбекте Бұқар жырау бастаған жыраулық поэзияның тарихи негіздері мен маңызы терең талданады.
2. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы: Білім, 1998. Бұқар жыраудың шығармалары мен тарихи кезеңі ғылыми тұрғыда сипатталады.
3. Бердібай Р. Күлтегіннен Абайға дейін. – Алматы: Білім, 1997. Бұл кітапта Бұқар жыраудың шығармашылық тұлғасы мен оның тарихи рөлі сипатталған.

4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. Қазақ әдебиетінің даму жолында Бұқар жырау секілді тұлғалардың орны кеңірек баяндалады.

Мустекова Раушан Каримовна

Астана қаласы

№22 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің

мұғалімі

«Бұқар жырау жырларындағы ел бірлігі мен ерлік тақырыбы»

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік ереулі орны бар, ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосарлық өшпес мұра қалдырған XVIII ғасыр әдебиетінің өкілдерінің бірі - Бұқар жырау Қалқаманұлы. Бұқар жыраудың поэзиясы қазақ жыраулық өнерінің биік шыңы болып саналады. Оның сөздері – философиялық терең ойлармен, халықтың тарихымен және өмірлік құндылықтарымен тығыз байланысты. Бұқар жырау – өз дәуіріндегі оқиғаларды жырға қосып, ел мен жердің тарихын сөзбен өрнектеді. Қазақ халқының тарихындағы қиын – қыстау кезеңде өмір сүрген жырау өз шығармаларында, халқының мұң-мұқтажын, күрделі мәселелерін, ел бірлігін жырлады. Баяндамада жыраудың ел бірлігі, әділеттілік, бейбітшілік пен татулық туралы толғауларының маңызы көрсетіледі.

«Қазақтың қаны бір, жаны бір, ұрпағы бір» деген пікір арқылы Бұқар жырау халықтың болашағы оның бірлігінде, бір мақсатқа ұмтылуында екенін түсіндіреді. Жеке басының қамы үшін емес, елдің болашағын ойлайтын жырау өмірдің өтпелі екендігін де, ел үшін жұмсалмаған байлықтың баянсыздығы мен байлаусыздығын ескеру керектігін және дініңе, тіліңе берік болу керектігін де айтып кетті.

Бұқар жыраудың жыр-толғауларында елдік, ерлік, бірлік, адамгершілік тақырыптары ерекше орын алады. Оның әрбір сөзі халқымыздың рухани әлемін байытып, келер ұрпаққа мұра болып қалды. Жырау өз толғауларында елдің бірлігі мен ынтымағын сақтауды басты мақсат етіп қойды. «Ел бірлігін сақтау» тақырыбындағы толғауларында ол елді бірлікке, татулыққа шақыра отырып, алауыздықтың қаншалықты қауіпті екенін ұғындырды.

Жырау ел басқару ісінде даналық көрсетіп, Абылай ханға ақылшы бола білді. «Ханға қырық кісінің ақылы керек» дегендей, Бұқар жыраудың көрегендігі ханның саясатының берекесін кіргізіп, елдің еңсесін тіктеді.

Батыста Ресей, шығыста – Жоңғар мен Қытай мемлекеттері қазақ даласының табиғи байлығы мен ұлан байтақ жеріне көзін тігіп, жаулап алу саясатын жүргізе бастаған кезде қазақ халқының тұтастығын сақтап қалу, тәуелсіз ел ету Абылай ханның мақсаты болды. Ханның осы саясатын қолдап, толғауларында халықты бір тудың астына топтасуға шақырады. Бұқар жырау шығармаларында елдік пен ерлік мәселесі: ел тағдыры ой

таразасына салып, тереңінен толғанады. Дана жырау халықты тұтастыққа, елді бірлікке шақырады.

Өлетұғын тай үшін
Қалатұғын сай үшін
Қылмандар жанжал-ерегес, не болмаса
Маң-маң басып жүріңіз
Байсалды үйге түсіңіз
Айнала алмай ат өлсін
Жат бойынан түңілсін,

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз! - деп жырлай отырып, елді ынтымаққа, жатқа тізгін бермеуге шақырады.

Бұқар жырау ел бірлігін оның болашағымен байланысты қарайды. Елдің мықты болуы хан мен қарашаның, яғни халқының ынтымағына байланысты деп, халыққа да, ханға да әділ бағасын беріп отырды:

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтады.
Қандыра жауап айтпасам,
Халқым не деп айтады.

Ол хан, сұлтандар арасындағы билікке талас, ру-тайпалар арасындағы өзара бақастық ешкімге опа бермейтінін жекелеген адамдар үшін ғана емес, бүкіл ордалы жұрт үшін оңалмас опатпен аяқталатынын нақты айғақтау үшін бір кездегі құдіретті жұрт ойрат ұлысының, Жоңғар хандығының қайғылы тағдырын мысалға келтіреді:

Кеше, қарақалпақ бұл ерде
Бозылардың билігі
Бұлт бұрқан болысты,
Уағдадан жылысты,
Буыршындай тіздесті,
Жамандықты іздесті,
Бірін-бірі күндесті.
Жаулаған ханың қара оңбас,
Хан қисайса бәрі оңбас.

Бұқар толғаулары қазақ рухын көтерді, елдік санаға, ел бірлігіне қызмет етті. Бұқар жырау халық батырларын дәріптейді, олардың ерлік, патриоттық іс-амалдарын тарихи шындық тұрғысынан көрсетеді. «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» ел қорғаған батырлардың ерлік істері мен қаһарман күштерін жырау жырлай біледі:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі Қара Тілеуке,
Қарақалпақ Құлашбек,

Тігеден шыққан Әскербек,
Шапырашты Наурызбай.

Бұқар баба тек жырау емес, халықты бірлікке шақырып, елдің тәуелсіз мемлекет болуы жолындағы ірі саясаткер Абылай ханның маңайына ер жүрек батырлардың, әділ билердің, халық жанашырларының топтасуына игі ықпалын тигізді.

Бұқар жырау жырларында елдің ынтымағы — ең басты құндылықтардың бірі ретінде дәріптеледі. Ол өз жырларымен халықты ауызбіршілікке шақырып, ұлттық тұтастықты сақтау идеясын ұсынған. Бұл жыраудың заманауи қазақ қоғамына да берер тағылымы мол екенін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бес ғасыр жырлайды. I том. Алматы. 1989
2. Қуанғанов Ш. Бұқар жырау. Алматы. 1992
3. М.Ж.Көпеев. I том. Алматы. 1993.
4. «Ай заман-ай, заман-ай». Жинақ. — Алматы. 1993. 497 бет
5. Көпеев М. Ж. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері Алматы. 1992
6. Х.Сүйіншәлиев. ХҮІІІ-ХІХ ғ қазақ әдебиеті. Алматы. 1981
7. М.Мағауин. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы. 1994
8. Бұқар жырау шығармалары. Алматы. 1992

Мукымжанова Жаныл Омановна

Алматы облысы, Жамбыл ауданы,
«Қарғалы №2 мамандандырылған лицейі» КММ
тарих пәнінің мұғалімі

«Бұқар жырау Қалқаманұлы – елдік пен ерліктің айнасы»

Қазақ халқының тарихында ерлік пен елдікті жырлап, ұлттың бірлігін сақтауға бар күш-жігерін арнаған дара тұлғалар аз емес. Солардың ішінде Бұқар жырау Қалқаманұлының орны ерекше. Ол – тек ақын-жырау ғана емес, ұлт тағдырын ойлаған кемеңгер, ел басқару ісіне араласқан саяси қайраткер, Абылай ханның бас кеңесшісі. Оның шығармашылығы – қазақ халқының ерлігі мен елдігінің көркем шежіресі, ұлт рухының көрінісі. Бұқар жыраудың жырлары мен толғаулары – ғасырлар қойнауынан сыр шертетін рухани мұра. Ол – елінің басына бұлт үйірілгенде, ерлерге дем берген, ханға жол көрсеткен, халыққа бағыт-бағдар сілтеген абыз. Осы баяндамада Бұқар жыраудың елдік пен ерлікті насихаттаудағы рөліне тоқталып, оның шығармашылығы мен тарихи қызметін жан-жақты ашып көрсету көзделді.

Елдік деген ұғым – тек мемлекеттілік емес, ол халықтың бірлігі, ынтымағы, болашағы үшін күрес. Ал ерлік – сол елдікті сақтау жолындағы күрестің көрінісі. Бұқар жырау осындай ұлы ұғымдарды жырының өзегіне айналдырды. Ол жырларында халықты елдікке, бірлікке, ерлікке үндеді.

Бұқар жырау өз толғауларында:

«Бірлік бомай тірлік жоқ,

Екі кісі бірін-бірі көре алмайды» деп, қазақ халқының басты байлығы – бірлік екенін еске салады. Бұл – тек жыраулық сөз емес, терең саяси пайым.

Оның жырлары сол замандағы халықтың ұлт ретінде қалыптасуына, сыртқы жауға қарсы бірігуіне зор ықпал етті. Бұқар жырау ұлттық сананың жаңғыруына, рухани тұтастықтың нығаюына үлкен еңбек сіңірді.

XVII-XVIII ғасырлар – қазақ тарихындағы ең күрделі, қиын кезеңдердің бірі болды. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ халқы ұланғайыр жерінен айырылып, босып кетті. 1723 жалғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы ел санасына ауыр жара салды. Жоңғар шапқыншылығы, ел ішіндегі алауыздық, сыртқы қауіп-қатер – осының бәрі халықты күйзеліске ұшыратты. Міне, осындай алмағайып заманда ел ішінен суырылып шығып, халықты біріктіруге, жауға қарсы жұмылдыруға белсене араласқан тұлғаның бірі – Бұқар жырау.

Ол халықты қайта рухтандыруда, жауға қарсы біріктіруде сөз қаруын шебер пайдаланды. Ол жырларында батырлардың ерлігін дәріптеді, халықтың отаншыл рухын оятты:

«Батыр болсаң, алдаспаның жалаулы болсын,

Жауға шапқанда шабысың алаулы болсын!» деген жолдары – соғысқа дайын сарбаздың рухын көтеруге арналған ұран іспетті.

Бұқар жыраудың елдік пен ерлік жолындағы қызметі Абылай хан дәуірінде ерекше көрінді. Ол ханның рухани тірегі, ақылшысы ғана емес, кейбір мәселеде ханмен тең деңгейде пікір білдіретін биік тұлға ретінде танылды. Бұл - Бұқар жыраудың білімінің, парасатының, ақылдылығының жемісі. Ол Абылай ханның тұсында мемлекет ісіне араласып, маңызды шешімдердің қабылдануына тікелей ықпал еткен. Бұқар жырау тек ақыл айтушы емес, ел болашағын болжаған, саяси көрегендігімен ерекшеленген қайраткер болды. Оның жырларында ел бірлігі, әділет, ерлік, парасаттылық секілді ұлттың ұлы ұғымдары кеңінен көрініс тапқан.

Бұқар жырау мен Абылай ханның арасындағы қарым-қатынас – ерекше тарихи құбылыс десек, жырау хан саясатын қолдап қана қоймай, қажет кезінде тура жолдан тайдырмауға тырысқандығы оның мына жырларында айқын көрініс табады.

«Хан – қазы, қарашасы – билер,

Ел бастайтын ерлерің

Дұрыс болсын, әділ бол!» деген мазмұндағы үндеулерін жиі кездестіруге болады. Абылай хан ел бірлігін сақтап, Қазақ хандығын қайта күшейтуге күш салғанда Бұқар жырау ханға үнемі ел мүддесі тұрғысынан кеңес беріп отырды. Ол өз жырларында Абылай ханға қарата айтқан:

«...Елу жасқа келгенде,

Үш жүздің бар баласын

Бастап өзің келдің де,

Аттарың бастарын

Бір кезеңге тіредің» деген сөздерін кездестіреміз. Бұл – жыраудың ел мүддесін жоғары қоятындығының айғағы. Оның мақсаты - ханның да,

қараның да елге адал қызмет етуі. Бұқар жырау үшін елдік мүдде – бәрінен биік болды.

Бұқар жыраудың шығармашылығы – елдің өмірлік философиясының айнасы. Себебі ол жырларында тек билік иелеріне емес, бүкіл халыққа үн қатты. Әрбір жыр жолдарынан терең ой мен ұлттық тәрбие байқалады. Сонымен қатар батырлар мен хандарды дәріптей отырып, қарапайым халықтың қадір-қасиетін де биік қоя білді:

«Қара халық – тірегің,
Қара орман – паналағаның,
Қара судың ағысы –
Қамқор болған бағысы!»

Мұнда халықты елдің негізі, тірегі ретінде тануы – жыраудың терең философиясының көрінісі. Сондай-ақ Бұқар жырау жастарға өнеге айтып, ерлікке тәрбиелейтін ойлар да қалдырған:

«Жас бала көрсең, анаңдай күт,
Қарт көрсең, әкеңдей сыйла.
Ерлік деген – қолдағы қару емес,

Ел үшін жанды қиюдың жолы» осылайша, жырау ерлікті тек соғыспен байланыстырмай, оны елге адал қызмет ету, әділдік пен парасаттылықпен байланыстырды.

Бұқар жырау ел тағдыры сынға түскен сәттерде батырларға рух беріп, ел басқарушыларға бағыт-бағдар беруі оның тек жырау емес, нағыз мемлекетшіл тұлға болғанын көрсетеді. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін Бұқар жыраудың мұрасы – баға жетпес қазына. Оның толғаулары ұлттық рухты, елдік сана мен отаншылдықты оятуға көмектесетін маңызды дүние. Қазақ жастары үшін бұл жырлар – елге қызмет етудің, ерлік пен парасаттың мектебі болмақ.

Бұқар жыраудың поэзиясында философиялық тереңдік, саяси кемелдік ереше көрініс табады. Ол болашақты болжаған, тарихтың ағысын бағамдаған кемеңгер ойшыл.

«Аспандағы жұлдызбен
Қатарласқан заман бар,
Қара бұлттай төнгенмен,

Артында шуақ жамылар...» - деген жолдары елге үміт сыйлап, заманның сындарлы сәттерінде халықтың рухын көтеріп, елдің тұтастығы үшін күресті. Қазақ халқының тарихи жады мен ұлттық рухының жаршысы, елдік пен ерліктің айнасы болып қала бермек. Бұқар жыраудың әрбір сөзі – терең тәрбие, ел болашағына сенім. Қорытынды

Бұқар жырау Қалқаманұлы – елдік пен ерліктің көркем символы. Оның жырлары – халықтың жүрегінен шыққан, халыққа арналған өмірлік өсиет. Ол тарихта тек ақын емес, саясаткер, би, ел қамын жеген тұлға ретінде қалды. Елдік пен ерлік жолында қызмет ету – Бұқар жыраудан алған ең үлкен аманат.

Бүгінгі таңда ел бірлігі, ұлттың рухани жаңғыруы мәселелері маңызды болып тұрған шақта, Бұқар жырау мұрасы – болашаққа бағдар болары анық. Ол – өткен мен болашақты жалғаушы алтын көпір. Бұқар жырау

Қалқаманұлы – қазақ халқының бірлігі мен тәуелсіздігін ту еткен, ірі тарихи оқиғаларға тікелей араласқан, ел басына күн туғанда даналығы мен шешендігі арқылы халықты біріктірген аса ірі тұлға. Оның өмір жолы мен шығармашылығы – бүгінгі ұрпаққа тағылым, ел басқарған ерлерге үлгі. Бұқар жыр

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2009. – 376 б.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. – II том.
3. Жармұхамедұлы М. Бұқар жырау / М. Жармұхамедұлы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 215 б.
4. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет / М. Мағауин. – Алматы: Атамұра, 2010. – 328 б.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы / Р. Сыздықова. – Алматы: Арыс, 2004. – 290 б.

Нурбаева Риза Абылаевна

Астана қаласы әкімдігінің
«№32 мектеп -гимназиясы» ШЖҚ МҚК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІ МЕН ЕРЛІК

Қазақ әдебиетінің тарихында Бұқар жыраудың орны ерекше. Ол – қазақ халқының ұлы жырауларының бірі әрі тұтас ұлттың рухани көшбасшысы ретінде танылған тұлға. Бұқар жырау шығармашылығы өз заманының күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларын терең түсініп, елді елдікке, халықты бірлікке шақырған жан еді. Оның жырларында ерлік, батырлық, әділдік, бірлік секілді тақырыптар айрықша орын алады. Бұл шығармалар халықтың рухын көтеріп, ұлттық сана-сезімді оятуға, ұлттың бірлігін нығайтуға үлес қосқан. Бұқар жыраудың жырлары тек өткеннің шежіресі ғана емес, сондай-ақ қазіргі заман үшін де рухани әрі мәдени бағдар болып табылады. Қазақ халқының рухани мұрасының айрықша бөлігі – жыраулар поэзиясы. Оның ішінде Бұқар жыраудың шығармашылығы ерекше орын алады. Бұқар жырау қазақтың ұлы жырауларының бірі, әрі халқымыздың тарихында маңызды рөл атқарған тұлға. Оның шығармаларында ел бірлігі мен ерлікті дәріптейтін терең ойлар, қоғам мен ұлттық рухтың негіздерін түсінуге шақыратын философиялық мәндер бар. Бұқар жыраудың жырлары тек тарихи кезеңнің куәсі ғана емес, сонымен қатар қазіргі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін, ұлтты біріктіруде маңызды құрал ретінде қарастырылуы керек. Бұл баяндаманың мақсаты – Бұқар жыраудың шығармашылығындағы ел бірлігі мен ерлікті талдап, оның қазақ қоғамы үшін қаншалықты маңызды екенін көрсету. Қазіргі уақытта әлемде, әсіресе тәуелсіз Қазақстанда ел бірлігі мен ерлік мәселелері аса маңызды болып отыр. Елдің тұтастығы мен бірлігін сақтау,

жастарға ерлік пен отаншылдық рухын тәрбиелеу – әр ұрпақтың міндеті. Бұқар жыраудың шығармашылығындағы ел бірлігі мен ерлік мәселесі қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтпайды. Жыраудың батырлық жырлары, елдіктің айшықты тұстары қазіргі жастардың санасына әсер етіп, оларды бірлікке, ел қорғауға, әділдікке тәрбиелей алады. Осы тұрғыдан алғанда, Бұқар жыраудың шығармашылығын зерттеу мен насихаттау, оның ұлттық рухты жаңғыртудағы маңызы зор. Қазіргі уақытта ұлттың тұтастығы мен бірлігі, елдіктің сақталуы, қоғамның рухани және мәдени құндылықтарының жаңғыруы өзекті мәселелердің қатарында тұр. Ел бірлігі мен ерлік – Қазақстанның болашағы үшін ең маңызды құндылықтар. Бұқар жырау шығармашылығында осы екі ұғым ерекше көрініс табады. Жыраудың халықты елдікке, бірлікке, батырлыққа шақыруы – бүгінгі таңда да мәнін жоғалтпаған идеялар. Ұлттық бірлікті сақтау мен ерлік рухын жаңғырту тек өткеннің үлгісімен ғана емес, қазіргі заманның талаптарына да сәйкес келетін міндеттер. Осы тұрғыда Бұқар жыраудың поэзиясын зерттеу мен талдау, оның жырларындағы философиялық мағына мен ұлттық болмысқа әсерін түсіну маңызды. Бұқар жыраудың жырларының негізгі тақырыптарының бірі – ел бірлігі. Ол өз шығармаларында халықтың бірлігін, ұлттық тұтастықты сақтау қажеттігін үнемі айтып отырады. Бұқар жырау елдің бақытты болашағы тек бірлік пен ынтымаққа байланысты деп түсіндіреді. Оның жырларында ұлттың тыныштығын, мемлекеттің тұтастығын сақтау үшін барша халықтың бір мақсатқа жұмылуы қажеттігі айтылады. Мұндай пікірлер оның өмір сүрген дәуіріндегі ішкі-сыртқы қауіптерге, тұрақсыздыққа байланысты маңызды болғаны сөзсіз. Бұқар жыраудың шығармаларында ерлік тек батырлық қана емес, сонымен қатар ел бірлігін сақтау үшін күресу ретінде сипатталады. Жырау ұлттың болашағы үшін батырлардың ғана емес, бүкіл халықтың ерлігін көреді. «Ерлік – елдіктің негізі» деген ой жыраудың шығармашылығында басты орын алады. Оның жырларындағы батырлар мен хандар, жауынгерлер тек сыртқы жауларға қарсы күресіп қана қоймай, өз халқын қорғап, оны біріктіруге тырысады. Ерлік – халықтың болашағына деген жауапкершілік, ол әрбір азаматтың жүрегінде болуы тиіс қасиет. Бұқар жыраудың жырларында ерлік пен ел бірлігі туралы ойлар терең философиялық мәнге ие. Ол тек физикалық ерлікті емес, моральдық ерлікті де дәріптейді. Бұқар жырау қоғамдағы әділдіктің, ар-намыстың, батылдық пен адалдықтың ел бірлігін нығайтатынын айтады. Жыраудың поэзиясында елдің қорғаны болу, жеке адамдардың немесе топтардың емес, бүкіл халықтың мүддесін қорғау басты міндет деп көрсетіледі. Ол елдің болашағы мен ерлікті жеке тұлғалардан емес, бүкіл халықтың бірлескен іс-әрекетінен іздейді. Бүгінде Бұқар жыраудың шығармашылығын қайта қарау маңызды. Оның ел бірлігі мен ерлік туралы ойлары, ұлттың тұтастығы мен өзара түсіністікті сақтау мәселелері қазіргі қазақ қоғамының дамуы үшін де өзекті. Жыраудың жырлары арқылы ұлттың бірлігі мен рухын нығайтуға, жастарды отаншылдыққа тәрбиелеуге болатындығы сөзсіз. Қазіргі уақытта жастарға ұлттың тарихи мұрасын таныту, ұлттық рухты көтеру, ерлік пен батырлықты

дәріптеу өте маңызды болып отыр. Қорыта айтқанда, Бұқар жыраудың жырлары қазақ халқының рухани мұрасы мен ұлттық болмысын қалыптастырудағы маңызды рөл атқарады. Оның ел бірлігі мен ерлік туралы ойлары бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпаған, заманауи қоғамға да қажет құндылықтар. Жыраудың шығармашылығында халықтың болашағы мен ерлік рухы терең философиялық мәнде көрсетілген, ол ұлттық бірлікті нығайтуда, жастарды батырлыққа, отаншылдыққа тәрбиелеуде айтарлықтай үлес қосады. Сондықтан да Бұқар жыраудың шығармашылығын зерттеу, оның жырларындағы терең ойларды ұрпаққа жеткізу, бүгінгі таңдағы маңызды міндет болып табылады. Бұқар жыраудың шығармашылығы қазақ халқының рухани байлығын, ұлттың бірлігін нығайтудағы маңызды көзқарасын көрсетеді. Оның жырларында ел бірлігі мен ерліктің терең философиялық мәні мен ұлттық тұтастыққа деген ұмтылыс айқын көрініс табады. Бұқар жырау елдің болашағы мен ерлікті тек жеке тұлғалардан емес, тұтас халықтың ортақ іс-әрекетінен іздеген. Оның шығармалары қазіргі заманға да өзекті болып табылады, себебі бүгінгі күнде ел бірлігі мен ұлттың рухы – елдің болашағы үшін маңызды құндылықтар болып табылады. Қазақ қоғамы үшін бірліктің, ерліктің мәні ерекше. Бұқар жыраудың шығармашылығы осы ұғымдарды қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Сондықтан, оның жырларын оқыту мен талдау жастардың рухани тәрбиесінде үлкен рөл атқарады. Бұл баяндама барысында бұқар жыраудың шығармашылығындағы ел бірлігі мен ерлік мәселесінің қазіргі кезеңдегі маңыздылығын көрсету мақсатында талқыланған ойлар, оның жырларының жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудегі маңызы зор екендігін тағы бір рет дәлелдейді. Бұқар жыраудың шығармашылығы бүгінгі қоғам үшін құнды әрі өзекті, себебі ол ұлттың рухын көтеріп, елдің бірлігін сақтауға үндеу тастайды. Осы орайда, оның жырларын тереңірек зерттеп, талдау қазақ халқының болашағы үшін маңызды қадам болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бұқар жырау. (2007). Бұқар жырау шығармалары. Алматы: Қазақ университеті.
2. Абдрахманова, Г. (2013). Қазақ жырауларының шығармашылығы және олардың тарихи-әлеуметтік маңызы. Алматы: Қазақ университеті.
3. Жұмағұлова, З. (2015). Қазақ әдебиеті тарихында Бұқар жыраудың орны. Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
4. Сейітов, Ә. (2010). Бұқар жырау: Поэзиясы мен философиясы. Алматы: Ғылым.
5. Қайыңбаев, Ә. (2016). Қазақ жырауларының ұлттық болмысқа ықпалы. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Нарботина Зина Кокашевна

Астана қаласы әкімдігінің

«№96 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

Бұқар жырау Қалқаманұлы – ел тағдырын жырлаған кемеңгер.

Бұқар жырау Қалқаманұлының дүниеге келген кезеңі – қазақ халқы үшін тағдыр таразысына түскен сын сағаттардың тұсы болды. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысы – сыртқы жаулардан төнген қауіп пен ішкі алауыздық қатар өршіп, елдің бірлігі мен тұтастығына зор қатер төнген алмағайып заман еді. Бұл кезең – қазақ даласының жоңғар шапқыншылығына ұшырап, талай өңірдің отқа оранып, сан мыңдаған бейбіт тұрғынның босқынға айналған уақыты болатын.

1680 жылдан бастап жоңғарлар қазақ даласына үнемі шабуылдап, мал-мүлкін тонап, халықты тұтқынға алып, елдің шекараларын ығыстыра бастады. Бұл зұлматтың шарықтау шегі – 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы еді. Халық туған жерінен, атамекенінен қуылып, аштық пен қырғынға ұшырады. Дәл осындай ауыр кезеңде елдің еңсесін тіктеп, жұрттың рухын көтеру үшін тек батырлық қана емес, рухани демеу, бас біріктіру, ауызбіршілік қажет болды.

Бұқар жырау осындай сындарлы уақытта сахнаға шықты. Ол – жастайынан ескі жыр-дастандарды, шежірелерді, аңыз-хикаяларды жаттап өскен, ислам ілімін меңгерген, сөз қадірін терең ұғынған бала еді. Ел ішіндегі қариялар мен жыраулардан тағылым алып, халық даналығының мәйегін бойына сіңірген. Осы тәрбиенің арқасында ол ерте есейіп, ел ісіне араласатын деңгейге жетті.

Бұқардың тұлға болып қалыптасуына ел ішіндегі қоғамдық қатынастар мен тарихи ахуал тікелей әсер етті. Ол туған заман – халықтың тек сыртқы жаумен ғана емес, ішкі бірліктің болмауынан зардап шеккен кез. Үш жүздің хандары мен сұлтандары өзара билікке таласып, бір орталыққа бағынбау салдарынан жауға жем болған қазақ елінің ең әлсіз тұсын жырау жақсы түсінді. Ол ұлттың аман қалуы үшін ең әуелі рухани бірлік пен саяси тиянақтылық қажет екенін жырлады.

Сол кезеңде қалыптасқан жыраулар институты – қазақ қоғамының рухани тірегі еді. Бұл институттың басты өкіліне айналған Бұқар жырау халықтың мұңын, елдің ертеңін жырға қосып, алдыңғы толқын Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің ізін жалғап, жаңа заманның рухани көсеміне айналды. Ол ел ішін аралап, жыр айтып, билік иелеріне ақыл-кеңес беріп, хан ордасына барып, ұлт бірлігін сақтау жолында тынымсыз қызмет етті.

Міне, осындай қиын-қыстау тарихи кезеңде елге дем, жұртқа тірек болған Бұқар жыраудың өмірлік жолы мен шығармашылық мұрасы – ұлттың тарихымен тұтас өрілген рухани шежіре. Халқының басына қара бұлт үйірілгенде, жыраудың сөзі – шырақ, ойы – жол, даусы – үміт болды.

Бұқар жырау Қалқаманұлының есімімен тығыз байланысты, қазақтың тәуелсіздігін сақтау жолында тізе қосып күрескен тарихи тұлғалардың бірі – Абылай хан. Бұқар мен Абылайдың арасындағы байланыс – тек жырау мен билеушінің қатынасы емес, ел болашағын бірге ойлаған, ұлт тағдырын бірге арқалаған екі кемеңгердің рухани және саяси үндестігі болатын.

Абылай – жаугершіліктің бел ортасында есейіп, елін жаудан қорғаған ер болса, Бұқар – сол ердің бағыт-бағдарын түзеп отыратын ақылман, кеңесші, жырау еді. Оның жыраулығы — қарапайым ғана өнер иесі болу емес, ол хан сарайындағы шешуші пікір иесі, халық пен билік арасындағы дәнекер болды. Бұқар жырау ханның алдындағы бір сөзінде:

«Ай, Абылай, Абылай,
Сен он бір жасыңда
Үйсін Төле билерге ердің,
Он бес жасыңда
Қалмаққа тиген албасты,
Қырық жеті жасыңда
Қазаққа ие болдың, –
Еңселі ер болдың!» – деп толғайды.

Бұл толғау жыраудың ханға деген шынайы бағасын білдіріп қана қоймай, ел алдындағы жауапкершілігін еске салады. Бұқар жырау Абылайға жағымпазданған емес, қайта қажет кезінде батыл сын айтып, дұрыс жолға бағыттап отырды. Жырау – әділдіктің айнасы, ханға да, халыққа да бірдей тура сөз айтқан тұлға. Ол Абылайдың сыртқы саясаттағы қадамдарына, ел ішіндегі ішкі тәртіп пен әділдікке байланысты батыл пікір білдіріп отырған.

Абылай хан да Бұқар жыраудың сөзін ерекше қадірлеген. Жыраудың әрбір толғауы – саясаттың негізіне айналып отырған. Оның «Ханға айтылар сөзім бар, тыңдасаң!» деп басталатын өлеңдері – нағыз мемлекеттілікке бағытталған терең ой, кемел кеңес.

Бұқар жырау – ақылшы ғана емес, ел мүддесін ханға жеткізуші халық өкілі болды. Ол кейде ханның шешіміне қарсы шығып, елге ауыр тиетін әрекеттерден сақтандырды. Бұқардың ұлт тағдырына деген жанашырлығы мен саяси көрегендігі – Абылайдың өзінен де биік көрінетін сәттер болған.

Жырау хан ордасындағы күрделі мәселелерге араласып, көрші мемлекеттермен қарым-қатынас, үш жүздің бірлігі, ел ішінде тәртіп орнату сынды мәселелерге пікірін ашық айтып отырған. Абылай да жыраудың парасатты кеңесіне сүйеніп, шешімдерін саралап отырған. Бұл – көреген хан мен дана жыраудың тандемі, елді аман алып қалған тарихи үйлесім.

Олардың арасындағы осы сенім мен сыйластық – қазақ мемлекетінің XVIII ғасырда жойылып кетпей, біртұтастығын сақтап қалуына тікелей әсер еткен. Бұқар жырау ханға сөз арнау арқылы тұтас ұлтқа үн қатты, ал оның жыры – сол дәуірдің саяси-халықтық шежіресіне айналды.

Бұқар жырау Қалқаманұлының жыр-толғауларының алтын арқауы – ел бірлігі мен ұлт тұтастығы. Ол өз дәуіріндегі қазақ халқының әлсіз тұсын терең түсініп, соған ем болатын жалғыз жол – бірлік екенін толғап өткен. Жырау үшін елдік – жай ұран емес, рухани терең тамыры бар, болашақтың іргетасын қалайтын қасиетті ұғым. Оның бірлік жайындағы әрбір сөзі – ұрпаққа өсиет, ұлтқа үндеу.

Бұқар жырау үш жүздің бөлшектенуі мен ру-руға жіктелуін алауыздықтың белгісі деп білді. Елдің басына күн туған кезде әр рудың өз

бетінше әрекет етуі – тұтас халықты әлсіретіп, сыртқы жаудың табанына таптататынын көре білді. Сол себепті де оның жырларында:

«Бірлік болмай тірлік болмас»,

«Бірлік түбі – береке»,

«Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын» —

деген терең мағынаға толы жолдар жиі ұшырасады.

Бұл сөздер тек көркем тіркестер емес, өмірден түйген үлкен философиялық тұжырымдар. Жырау әр қазақтың жүрегіне жол тауып, бірлікке үндеді. Ол ел тізгінін ұстаған ханға да, қара халыққа да бірдей бағыт-бағдар беріп отырды.

Бұқар жырау үшін ел болмысы – тек географиялық аумақ емес, ол – ортақ тіл, ортақ сенім, ортақ мұрат. Оның ойынша, ұлттың ұлы мұраты – сыртқы жауға қарсы тұрып қана қоймай, ішкі татулық пен рухани тұтастықты сақтау. Бұл тұжырым – қазіргі заманда да өзектілігін жоймаған, әрбір тәуелсіз елге бағыт-бағдар боларлық ой.

Сонымен қатар, Бұқар жырау елдік ұғымын тек саясатпен емес, адамгершілік, ар-ұят, намыс, әділет сынды ұлттың ішкі болмысымен байланыстырды. Ол ел болу үшін алдымен рух биік болуы керек екенін айтты. Бірлікті сақтау тек билеушілердің емес, әр азаматтың борышы екенін жырлады.

Жыраудың елдік туралы ойлары – көшпелі қазақ қоғамының ішкі тұтастығын сақтап қалуға бағытталған рухани бағдарлама іспетті. Оның жырлары арқылы сол заманның ғана емес, кейінгі ғасырлардың да жұрты бой түзеуге, ел болып еңсе тіктеуге тырысты.

Бұқар жырау Қалқаманұлының толғаулары – тек тарихи оқиғалардың куәгерлік жырлары ғана емес, адамзат пен жаратылыс, өмір мен өлім, адамгершілік пен имандылық жайлы терең пайымға толы рухани ойлар дүниесі. Ол өз заманының ғана емес, барлық дәуірдің адамдарына ортақ, мәңгілік мағынасы бар сұрақтарға жауап іздеді. Бұқар жырау шығармаларындағы рухани мазмұн – қазақ халқының дүниетанымының, сенімінің, ішкі мәдениетінің айнасы іспетті.

Жырау өзінің толғауларында адамның бұл дүниедегі тіршілігін Алланың сынағы деп түсіндіріп, шүкірлік пен тәубе, сабыр мен қанағат жайлы кеңінен жырлады. Ол дүниеқоңыздық пен атақ-мансапқа құмартқан пендені уақытша қызықтарға алданып, мәңгілік мұраттан адасып бара жатқан жан ретінде сипаттайды. Бұқардың:

«Бірінші тілек тілеңіз –

Бір Аллаға жазбасқа...»

– деп басталатын атақты толғауы нағыз рухани бағдарлама іспетті. Онда адам өмірінің мәні мен мақсаты, дұға мен ниеттің тазалығы терең поэтикалық бейнелеумен берілген.

Жырау шығармаларында жастық пен кәрілік, байлық пен жоқтық, мансап пен өлім жайлы терең философиялық тұжырымдар айтылады. Ол:

*«Жас өсер, көк шыбықтай иілер,
Кәрілік жетсе – бойдағы қуат күйілер...»*

– деп, адамның өмір жолын табиғатпен байланыстыра жырлайды. Бұл – өмірдің өткіншілігін ұғындыру арқылы адамдарды ізгілікке, ар-ұятты сақтауға шақырудың көркем тәсілі.

Рухани мазмұн жыраудың тілдік шеберлігімен де өріліп жатыр. Ол терең мағыналы ойды қарапайым әрі әсерлі тілмен жеткізе біледі. Бұл – Бұқардың ел жадында сақталуына, сөзінің ұрпақтан ұрпаққа жетуіне себеп болған басты қасиеттерінің бірі.

Қорыта келе, Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ халқының тарихындағы аса ірі оқиғаларға қатысқан көрнекті қайраткер, ел тағдырын жырмен жырлаған, халық пен хан арасын жалғаған дана тұлға. Оның шығармалары – ғасырлардан ғасырларға жалғасатын рухани қазына, ұлттық идеяның көркем тілдегі көрінісі.

Бүгінгі таңда оның жырлары мектеп бағдарламасына енген, ғылыми еңбектерге арқау болған, қазақ руханиятының ажырамас бөлшегіне айналған. Бұқар жыраудың мұрасы – Мәңгілік Ел болуға ұмтылған ұлттың мәңгілік рухы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бұқар жырау. *Шығармалар жинағы*. – Алматы: Жазушы, 1986.
2. Мырзахметұлы М. *Бұқар жырау және оның заманы*. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. *Көне мәдениет жазбалары*. – Алматы: Санат, 1991.
4. Қирабаев С. *Ұлт тағдыры және әдебиет*. – Алматы: Білім, 2001.
5. Әуезов М. *Әдебиет тарихы*. – Алматы: Ана тілі, 1991.
6. Қамзабекұлы Д. *Алаш және руханият*. – Астана: Фолиант, 2010.
7. Жармұхамедов М. *Бұқар жырау шығармаларындағы философиялық тұжырымдар* // Филология және өнертану сериясы. – №3 (75). – 2020. – Б. 48–52.
8. Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы: Дәуір, 1994.
9. Сүйіншәлиев Х. *Қазақ әдебиетінің тарихы*. – Алматы: Санат, 1997.
10. Сағындықұлы Б. *Әдебиет – ұлт шежіресі*. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Нурканова Жулдыз Агибаевна

Астана қаласы, 22 мектеп – гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Бұқар жырау – халықтың үнін жеткізген тұлға

Қазақ халқының тарихында ел бірлігі мен руханиятын сақтауда ерекше орын алған тұлғалардың бірі – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Ол XVIII ғасырда өмір сүрген, Абылай ханның ең сенімді кеңесшілерінің бірі болған және сол

дәуірдегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелеріне белсене араласқан ақын-жырау ретінде тарихта қалған. Бұқар жырау өз шығармаларында халықтың мұң-мұқтажын, үміт-армандарын, елдің тәуелсіздігі мен болашағы жайлы ойларын көркем тілмен жеткізіп отырған. Сондықтан оны әділетті түрде «халықтың үні», «халықтың сөзін сөйлеген тұлға» деп атаймыз.

Бұқар жырау шығармаларының басты тақырыбы – елдің бірлігі, еркіндігі, татулығы. Оның толғауларында халықтың арман-тілегі айқын аңғарылады. Ол ел ішіндегі алауыздықты сынап, бірлікті ту еткенде ғана ұлттың ұлы мұраттарына қол жеткізуге болатынын өсиет еткен. Жырау үшін ел тағдыры – жеке бастың қамынан жоғары тұрған қасиетті ұғым болды. Оның:

«Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінеки, бұзды елді...» – деген жолдары бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпай келеді. Бұл сөздер арқылы Бұқар жырау бірліктің қадірін ұқтырып, ел ішіндегі алауыздықтың үлкен апат әкелетінін ескерткен.

Бұқар жырау қазақ қоғамының ішкі саяси өміріне де белсене араласқан. Ол Абылай ханға ақыл-кеңес беріп, оның әділ саясат жүргізуіне ықпал еткен. Жырау ел арасында болып жатқан әрбір жағдайды жіті бақылап отырған және оны өзінің шығармаларында көркем бейнелеген. Бұқар жыраудың даналығы мен көрегендігі оның саяси толғауларынан анық байқалады.

Ел аузындағы аңыз әңгімелерге қарағанда, Бұқар жырау әз Тәуке ханның тұсында да Ордадағы беделді билердің бірі ретінде, ел басқару ісіне араласқан секілді. Оны Үмбетей жыраудың:

«Көріктей басқан күпілдеп, көмекейің бүлкілдеп, сөйлер сөзден таймадың. Тәукенің болып жаршысы, халқыңның болып заршысы, белді бекем байладың» деген сөздері де айғақтағандай. 18ғ. болған жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының мүлдем жойылып кету қаупін тудырғаны белгілі. Осы кезде «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған елдің басын қосып, ата жауға қарсы азаттық күресіне жұмылдыру бар ғұмырын халқының бірлік бүтіндігіне арнаған ұлы жыраудың басты мақсатына айналады. Оның сөздері осы кезде еліне есті кеңес, еріне әмір болып естіледі. Хан да, қара да тарих көшінің бағдарын, шиеленген қиынның шешімін Бұқардан күтеді. Халқының әулие данасы, дуагөй бітімшісі, көреген болжаушысы санатына көтерілген Бұқар жыраудың осы тұстағы даңқын орта ғасырдағы оғыз жұртының әулиесі Қорқытпен, ғ. ноғайлы елінің данасы Сыпыра жыраумен салыстыруға болады. Халық жадында сақталған бір әңгімеде Бұқар жырау ауырып жатқанда Абылай ханның алыстан күні түні аттан түспей жүріп келіп, көңілін сұрағаны айтылады. Бұл таққа ие болған ұлы ханның баққа ие болған ұлы жырауына деген ықылас ниеті, ерекше құрметінің белгісі болса керек. Заманында осылай ханы қадірлеп, халқы ардақ тұтқан жыраудың мұрасы халқымен мәңгі бірге жасай бермек. Бұқар жырау толғауларында өзі бастан кешіріп отырған алмағайып заманның келбеті бар болмысымен көрініп, өмір құбылысы мен дүние заңдылықтары, әлеуметтік жағдай мен адам тіршілігі кең тыныспен жырланады. Ондағы басты сарын елдің бірлігі мен ынтымағын күшейту мәселесі. Ол жан жақтан аңдыздаған жаулардан қорғануы үшін

басты шарт бірлік екенін терең түсінеді, ата жауға қарсы бірігіп, тізе қоса күрескен ерлерді өзгелерге үлгі етеді. «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, ормандай көп орта жүз, солардан шыққан төрт тірек» деп майдан даласында көрсеткен ерлігімен бірге елдің ұйытқысы болып, бірліктің тірегі болып жүрген ерлерді мадақтайды.

Сонымен қатар, Бұқар жыраудың тіл шеберлігі ерекше. Оның жырларында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, дүниетанымы көрініс тапқан. Ол өз ойларын қарапайым әрі терең мағыналы тілмен жеткізе білген. Әрбір сөзі халықтың жүрегінен орын тауып, санасына сәуле түсірген.

Қорыта айтқанда, Бұқар жырау – тек жырау ғана емес, халықтың көкірегіндегі үнді, елдің тағдырына алаңдаған үлкен жүректі тұлға. Оның асыл мұрасы бүгінгі ұрпаққа аманат болып жетті. Бұқар жыраудың шығармаларын оқу арқылы біз халқымыздың өткен өмірінен, ерлік пен бірлік жолындағы күресінен мол тағылым аламыз. Сондықтан оны шын мәнінде «халықтың үнін жеткізген ұлы тұлға» деп атауға толық негіз бар.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы: «Ғылым», 2001.
2. М. Мағауин. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: «Атамұра», 1992.
- 3.Б. Кенжебаев. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихының очерктері. – Алматы, 1949.
4. Бұқар жырау шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1981.

Оразалинова Дана Алпысбаевна

Астана қаласы «Шерхан Мұртаза атындағы
№63 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

«Бұқар жырау толғауларындағы адамгершілік пен әділдік идеялары»

Уақыт тудырған ұлылар көшінің бастауында жұрт «Көмекей әулие» атандырған Бұқар жырау тұр. Ол-қазақтың тарихынан ойып орын алған «халықтың бабасы, халықтың данасына» айналған, ұлт тұтастығы мен мемлекет идеологиясын қалыптастырған ұлы тұлға.

Бұқар жырау Қалқаманұлы шамамен 1668 жылдары Қазақстанның Оңтүстігінде, зерттеушілердің айтуына қарағанда, Бұқар шаһарында дүниеге келген. Жыраудың қайда сауат ашқаны, қандай өмір мектебінен өткендігі туралы нақты деректер жоқ. Ол даналығымен ертерек ел аузына ілігіп, Тәуке хан тұсында ықпалды билердің бірі болды. Бірақ жыраудың Тәукеден кейінгі әміршілерімен тіл табыса алмағаны аңғарылады. Тек Абылайдың тұсында ғана мемлекет істеріне араласты, өз замынының ұраншысына айналды. Белгілі зерттеуші М.П.Вяткин Бұқар жыраудың Абылай мен оның сұлтандары және батырларымен бірге отырып, қазақ даласын жоңғарлардан азат етудің жоспарын жасағанын, Қалба, Үржар, Емел маңындағы қалмақтармен шайқастар кезіндегі хан кеңесіне қатысқан дейді. Көне тарих

қарт жыраудың Шақшақ ұлы Жәнібекке Барақ сұлтанға, Қазыбек би мен Әбілмәмбет ханға жоңғарға қарсы күрес жолында араздықты коюын талап етіп, бастарын біріктіргені, жоңғарға қарсы жорықта Бөгенбай, Олжабай, Малайсары, Қабанбай, Баян, Наурызбай батырлардың бірлігін жарастырғанын айтады.

Бұқардың даналығы-ол-Тәуке ханның реформаторлығың, Абылайханның көсемдігін, үш жүз билері-Төле би, Қазыбек би және Әйтеке бидің шешендігің, бір сөзбен айтқанда, хан көсемдігін, батырлардың ерлігін бір бойына сіңіре білгендігіңде. Ол бірнеше ханның тұсында өмір сүреді. Бұл туралы қазақтың әйгілі жырауы Үмбетей: «Өткіздің тоғыз ханды толғауменен...» деп жырлады. Сонда Бұқар жырау Әз-Тәукеден бастап, Қайып хан, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Күшік, Әбілқайыр, Барақ Абылайлардың тұсында өмір сүрген, алайда солардың арасында Әз-Тәуке мен Абылайхан жыраудың қадір-қасиетін бағалаған екен. Ол қазақтың «Жеті Жарғысын» жасауға қатысты.

Бұқардың әкесі Қалқаман батыр шонжар емес, баласы Бұқар да қара таяқ кедей болған, қамқа тонды кимеген, жорға мініп жүрмеген деседі. Бірақ оның бақыты басқада еді. Абылай хан: «Қазына қайда?» дегенде Көмекей әулие: Басы жеткен жігіттің екі езуі қазына: бір езуі-алтын, бір езуі-күміс, аузы –қазына» деген екен. Осылайша байтақ Шығыстың ойшыл ғұламаларының бірі, қазына өнердің дүлдiліне айналған Бұқар жырау Абылай сұлтан көтерілген кезде ақ ордаға енеді.

Өле-өлгенше Абылаймен қол ұстасып өтеді. Абылайды қаһарлы хан демейді, қамал бұзған қаһарман батыр демейді, айтпайды, айтса қайтпайды, жалаң мақтауды сүймейді, орынсыз ақтауды білмейді. Оның қаруы шындық болды.

Жыраудың бізге жеткен мұрасы 13 жол ғана. Алайда, бір ғасыр бойы көмекейі бүлкілдеп, аузынан тоқтаусыз інжу-маржан сөз төккен жырау шығармалары ұшан-теңіз. Мәшһүр Жүсіп: Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплотонның ақылы керек»-деуі осыдан болса керек.

Бұқар жырау Қалқаманұлы-өз уақытының ұлы ойшылы, замана қайшылықтарын, дос пен дұшпан, адалдық пен антқа беріктік туралы нақыл өсиетпен, өрелі сөзбен бере білді. Оның қазақ-жоңғар, қазақ-орыс, қазақ-қырғыз, қазақ-қытай қатынасы хан мен қараның ара қатынасы туралы жырлары Абылай заманындағы мемлекеттік қайраткерлігінің биіктігін көрсетсе керек. Жырау Қытай мен Ресей империясының қыспағында қалған қазақтың сыртқы саясатына шешуші ықпал жасаған.

Күн шығыста бір дұшпан,
Ақыры шығар сол тұстан.....
Күн шығысқа қарайды,
Шышын алмай тарайды,-деп Ресей империясының «елінді алар қолыңнан» деп:

Шүршітпенен құлақтас,
Қырғызбенен жұбатпас

Ортасында ұйлығып ,
Кетейін десе жері тар,
Кетейін десе алды-артын,
Қоршап алған кәпір бар,
Ұйлыққан қойдай қамалып,
Бүйіріңнен шаншу қадалып,
Сорлы қазақ қалды, ойла!-деп Абылайды ойландырады. Империяның күшін баса көрсетіп, күндердің күнінде елімізді «алмай қоймайды деменіз», -деп ескерте отырып:

Соғыспа деп жырлайды!
Зарын қосып жылайды,
Бұқарекең деген кәріңіз,
Соғыспен кетер сәніңіз.....

Жаулық жолың сүймеңіз,-деп көрші елмен бейбіт өмір жолын таңдайды. Ал Абылай болса, Е. Пугачевтің көтерілісін қолдап, Жаңа Есіл линиясындағы бірнеше бекіністі жойып, патшаның жазалаушы әскерімен шайқасады. Осы сәтте жырау Абылайханға:

Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген

Жұртыңа жаулық сағынба, деп қазақ-орыс қарым-қатынасына жаңа бағыт сілтеген. Шығыс бүйірден шүйілген қытай-маньчжур саясатынан сақтану жолын еске салып:

Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт қаптаса,
Алып бір жейді ақтарып,

Көмулі көрден денеңді,-деп Қытай империясының қатерлі екендігін айтады.

Сүйеуге арқа жарайды,

Мынау көрші орысың, -деп екі империяның арасында қазақтың аман қалу жолын бағдарлайды. Қазақ-қалмақ қатынасына зейін қойған жырау 1745 жылы Халдан Цэрэн өлгеннен кейін қалмақта береке кеткенін де жырымен айтады. Атақты тарихшы А.Левшин сол кездегі қазақ-жоңғар қарым-қатынасы туралы былай деп түйіндейді: «Ақылды әрі амал тапқыш Абылай сұлтан жоңғар билеп-төстеушілерінің алауыздығын құр жібермей, пайдалана білді, олардың өзара қырқыса түсуіне әр кезде ықпал етті. Мұның өзі ел тыныштығын сақтау үшін, барлық қазақ жүзінің сыртқы қауіпсіздігі үшін, ежелгі жауын ыдыратып, күшін әлсірету үшін соншалықты қажет екендігін түсінді.

Бұқар жырау-төл тарихымызда Шоқан Уалиханов айтқандай, «Қазақтың ерлік қылған дәуірінде» (1723-1780жж.) ұлттық бірлікке жұмылдырудың арқасында жоңғар қалмақтарының тегеурінді шабуылын тоқтатып, оларды жерімізден аластатуға, Қытай экспансиясына қарсы тұра білуге, Ресеймен арақатынасты жақартуға, оңтүстіктегі көршілеріміз-

қырғыздар мен қоқандықтардың да қыбын табуға дипломатиялық нақты үлес қосқан мәлімгер.

Иә, Бұқар данамын деп таспады, тығырыққа тірелегенде абыржып саспады, барша қауымның бағы болды, түнекте жол сілтер шамы болды.

Абылай-Бұқар заманында қазақ елі қыспаққа түсті. Біздің мемлекетіміздің дипломатиясы қалыптасты. Сол кездегі көрші елдерге-Ресей мен Қытай мемлекеттеріне деген тұрақты, байсалды көзқарас, саясат сан тарапқа салып шешілген ұлысаралық бейбіт өмір үлгісі өз маңызын күні бүгінге дейін жойған жоқ. Бейбіт қатар өмір сүру, көрші елдермен татулық Бұқар жырау тағылымынан өрбиді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Бұқар жырау // Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық.-І том. -Алматы,1989.
2. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы, 1973
3. Қалқаманұлы Б. Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. –Алматы: Жалын, 1993
4. Мәдібай Қ. Хандық дәуір әдебиеті. Жыраулар поэзиясы. Алматы, 1996
5. Тоғысбаев. Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. Алматы кітап баспасы, 2012
6. Ұлт тағылымы. Ғылыми педпгогикалық басылым, 2004. №2

Оспанов Еркебулан Акарысович

Ақмола облысы, Қосшы қаласы

«Дара» бизнес академиясы» мектеп-лицейі

«Ел бірлігін аңсаған – дара жырау»

Қазақ халқының XVIII ғасырдағы рухани көсемдерінің бірі, ел бірлігі мен тәуелсіздігі жолында аянбай еңбек еткен, өз дәуірінің данагөй ақылшысы – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Ол тек сөз шебері ғана емес, сонымен қатар қазақ хандығының саяси өмірінде маңызды рөл атқарған мемлекет қайраткері болды. Жыраудың аты халық санасында ел басқарушыларға бағыт беретін, әділеттілікті насихаттайтын, ел ішіндегі ынтымақты сақтауға үндейтін данышпан ретінде сақталған.

XVIII ғасырдың алғашқы бөлігі қазақ халқы үшін өте ауыр, тауқыметті, қиын-қыстау жылдар болғаны белгілі. 1723 жылы қазақ жерінде құрғақшылық болып, егін-шөп шықпай, халықтың жағдайы нашарлады. Сыр бойын мекен еткен қазақ халқын қыс мезгілі үлкен жұтқа әкеліп соғар қаупі төніп тұрды. Осы мәселені өз пайдасына жаратқан Алатаудың шығыс беткейін мекен еткен Жоңғар хандығы қазақ елін жаулап алуды жоспарлап, жолға шықты.

Дәл осы кезеңдер қазақ мемлекетінің саяси басқару жағынан қиындыққа ұшырап жатқан сәттері еді. Жеке хандықтардан, тұтас бір мемлекет болып қайта құрылған қазақ халқы 1716-1717 жылдары Тәуке хан өлгеннен кейін береке-бірлігінен айырылып, ыдырап, өзара іштей хандыққа таласып, біте қайнасып жатқан кездер болатын. Оған дәлел, Кіші жүздің ханы – Әбілқайыр, Орта жүздің ханы – Әбілмәмбет, Ұлы жүздің ханы – Барақ

арасында хандыққа таласу, елдің Қазақ хандығының осындай әлсіреуін байқаған Жоңғарияның ханы Цеван Рабдан, қарамағында жиырма мың әскерімен қазақ жеріне келе жатты. Жоңғар әскерлері бұрынғыдағыдай ескі жүйедегі қарулармен яғни найза, садақ емес, Еуропа әдістерін қолдануды жөн көрді. Жоңғарияны жаңа әдіске үйреткен Швеция офицері Иоган Густав Ренат. Густав Ресей қолына тұтқынға түсіп, Тобылға жер аударылған Ресей генералы Бухгольцтің экспедициясына болған екен. 1715 жылы экспедиция Жоңғар әскерлерімен соғысып, солардың қол астында тұтқында болыпты. Густав, Жоңғар хандығында көп жылдар өткізіп, темір қорыту, оқ-дәрі жасау, зеңбірек құю, мылтық жасау құралдарын үйреткен. Содан кейін 1723 жылы Жоңғар хандығы қазақ елін жаулауға шығады. Қазақ хандығы көп шығынға ұшырайды, жан-жаққа қашады. Бұл уақытта әке ұлынан, ана қызынан айырылған ең зұлмат кезеңдердің бірі болды.

Қаратаудың басынан көш келеді.

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.

Ел-жұртынан айрылған жаман екен,

Екі көзден мөлтілдеп жас келеді, - деген өлең сол сұрапыл кезеңде шыққан.

Мемлекет әр тарапта болғандықтан, Ресей, Қытай, Жоңғария қайта-қайта шабуыл жасап тұрды. Осылай бытырап кеткен елдің басын біріктірген, рухын көтерген Абылай хан болатын.

1733 жылы Абылай хан сайланып, ел билігін алғаннан кейін елге ең қауіп төндірген – Ресей мемлекеті болатын. Оған мына жыр айғақ дәлел.

Асан қайғы: «Қилы-қилы заман болады,

Қарағай басын шортан шаян шалады, - деген екен. Соның мағынасы неде, деп Абылай Бұқар жыраудан сұраған. Сонда Бұқардың Абылайға айтқан сөзі:

Ханға жауап айтпасам,

Ханның көңілі қайтады.

Қандыра жауап қатпасам,

Халқым не деп айтады?

Хан Абылай, Абылай,

Қайғылы мұндай хабарды

Сұрамасаң не етеді?

Сұраған соң айтпасам,

Кісілігім кетеді.

Енді айтайын, тыңдасаң,

Маған қаһар қылмасаң.

Қарағай - судан қашықтап,

Шөлге біткен бір дарақ.

Шортан - шөлге шыдамсыз,

Балықтан шыққан бір қарақ.

Ойлама шортан ұшпас деп,

Қарағайға шықпас деп.

Күнбатыстан бір дұшпан

Ақырда шығар сол тұстан.

Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды.
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ,
Өзі сынды бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір
Жаяулап келер жұртыңа!
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жебірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей, ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды,
Еліңді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан!
Бұл айтқаным, Абылай,
Болмай қоймас артыңнан.
Тексізді төрге шығарып,
Істетер сұмдықты ұйғарып.
Асан сөзі осылай
Бүгін үшін аһ ұрған.
Жауабыма қандың ба,
Естіп болып қартыңнан?!, - деп жауап берген.

Осы жырдың тереңіне үңіліп қарайтын болсақ, Бұқар жырау Ресей империясын қазақ еліне жау ретінде қарайды. Себебі Ресей империясы отаршыл ұлттарға, оның ішінде қазаққа да тауқымет, зорлық көрсеткен. Абылай бастаған қалың топ Жоңғарияны жеңгеннен соң, Абылай ханның рухы оянып, ендігі кезекте Ресейге қарсы қол жинайды.

Қазақтың найза, садағы, Ресейдің қаруланған құралды әскеріне төтеп бере алмайтынын сезген Бұқар жырау – Жиделібайсын жеріне көшуді ойлайды. Жиделібайсын жері ол кезде Хиуа хандығына қарайтын. Хиуа хандығы ол уақытта қазақпен татулықта бірге өмір сүріп жатқан хандық болатын. Бұқар жырау бұл мәселені Абылайға мына өлең шумақтарымен жеткізеді.

Абылай ханның қасында,
Бұқарекең жырлайды.
Жырлағанда не дейді,
Соғыспа деп жырлайды,
Бұқарекең деген кәріңіз.
Соғыссаң кетер сәніңіз,
Бізден бұрын өтіпті,
Ғазіреті Ғалі шеріңіз.

Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние
Өтпей қалмас демеңіз.
Мұсылман болсаң кетіңіз,
Сырдарияның суынан
Көлденең кесіп өтіңіз.
Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделібайсын жетіңіз.
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған,
Қатын, бала қамы үшін,
Солай таман жетіңіз.
Менің жасым тоқсан үш,
Мұнан да былай сөйлеуім,
Маған да болар ауыр күш.
Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмаңдар жанжал, ерегіс.
Бұ қылықты қоймасаң,
Құдайдың бергеніне тоймасаң,
Ағаш үйде кәпір бар,
Көрерсің содан теперіш.
Пұсырманның баласы,
Сірә бір кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз.
Қалған елді тастаңыз,
Бөтен елмен үйір боп,
Іргеңізді қоспаңыз.
Кәпір алмас демеңіз,
Наны қатты жемеңіз.
Зәбірі қатты бұл кәпір
Алмай қоймас демеңіз!

Абылай, Бұқар жыраудың ақылық тыңдап, Ресеймен соғыспайды, бірақ Жиделібайсын жеріне көшу деген ұсынысын қабыл алмайды. Ол кезде Хиуаның жері шөлейтті еді. Арқаның жері орманды, суы мол, құнарлы болатын. Абылай қазақ халқын Хиуаға көшіргенмен, жақсы өмір күтпейтінін біледі.

Абылай «Орынбор» губернаторы Неплювке 1739 жылы Ресейге бағынамын деп ауызша уәде бергенімен, оның негізгі мақсаты-Жоңғарияны жеңу еді. Соғыстардың бірінде Жоңғария ханы Қалдан Сереннің баласын жаралап, тұтқынға түсіп қалады. 1745 жылы Қалдан Серен жараланып, Жоңғария мемлекетінің қуаттылығы азаяды. Балаларының арасында хандыққа талас жүргізіледі. Абылай хан өз арманына жете алмай, Жоңғарияны керісінше Қытай императоры Цян-Зун басып алады. Осы жылдары Қытай қазақ халқы қазақ даласын жаулап алуды ойлайды. Абылай

Қытайға әлі келмейтінін біліп, «саған бағындым» деп Қытайға уәде береді. Олардың ойынша, «Қытай билесе, заманақыр» болады деп сенген. Оны Бұқар жырау Абылайға былай жеткізеді:

Шүршіт келеді деген сөз бар-ды,
Көктен түскен төрт кітап.
«Енжіл» атты кәламда.
Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт қаптаса,
Алып бір кетер ақтарып
Көмулі көрден денеңді!

Бұқар жырау Абылай ханға сол уақытта да «Жиделібайсынға көшейік» дегенді айта бастайды. Ресей қазақ жерін отарлауды Петропавл жерінен (қазіргі Қызылжардан) жаулауды бастайды. Қызылжар қорғаны 1755 жылы Ресей патшасы ІІ Александрдың бұйрығымен салынды.

Қазақ жерін Ресей мен Қытай мемлекеттері қысады. Бірақ Абылай екеуімен де дипломатиялық қарым-қатынас орнатуды қалайды. Ресейге Абылайдың баласы Уәли хан кезінде бағынады.

Осылай берекесі кетіп, ел ішінде бытыраңқылық, алауыздық пайда болған кезде Бұқар жырау елді бірлікке шақырады. Оны мына өлең жолдарынан байқауға болады.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректтей болыңыз,
Судан суға шүйгумен
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұғлы шоралар
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз,
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілісін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз!

Ел бірлігін, ел тыныштығын ойлаған Бұқар жырау бірліктің негізгі кілті – хандық деп ойлайды. Бұқар жырау ел басқаруда хандық жүйе керек деп ойлады.

Бұқар жырау – діншіл. Бұқар жыраудың молдаларды жек көруінің негізгі себебі, Ресей империясы қазақ елін бағындыру үшін ислам дінін пайдаланған екен. Сол уақытта молдалар «Ресей империясына қарсы шықпаңдар»деп үгіттеген. Молдалардың сондай қылықтары үшін оларды жек көрген екен. Бұқар жырау молдаларды ел арасына іріткі салып, ел тыныштығын бұзатындығы үшін жек көреді. Сол үшін Бұқар оларға қарсы болған.

Бұқар жырау жырлары отаршылдық саясатқа ғана емес, ел тыныштығын ойлаған жырау болған. Қазақ халқының ашық аспанда бейбіт өмір сүруін қалаған. Оған мына өлең жолдары дәлел:

Бірінші тілек тілеңіз:
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз:
Ең шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз:
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз:
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз:
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз:
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың.
Күнінде ертең біреуге
Тегіннен тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз:
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз:
Сегіз қиыр шар-тарап,
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз:
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз:
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз:
Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Иісі жұпар аңқыған,
Дауысы құдай саңқыған,
Назыменен күлдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

Бұқар жыраудың шығармалары қазіргі ұрпаққа баға жетпес үлгі. Ол шығармаларында халық қамы, ел ішінде тыныштықты қалаған, ел бірлігін сақтап қалуды басты міндет санаған. Сол кездегі халықтың басты арманы – ел бостандығы, ел еркіндігі, ел тәуелсіздігі болатын. Қазіргі ұрпақ Бұқар жырау секілді тілі өткір, от жалынды, өз пікірін тура айтатын азаматтар жалғастырса, ел болашағы жарқын болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Бұқар жырау тағылымы. -Қарағанды,2018 -468 бет
2. Рухнама. Кереку-Баян кітапханасы. Бұқар жырау. 5-том

Рахымжүнісова Жарқынай Жұманқызы
Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы,
«Байқадам ЖББМ» КММ,
тарих пәні мұғалімі

Бұқар жырау Қалқаманұлының қазақ мемлекеттілігін сақтаудағы рөлі: тарихи-фольклорлық және саяси-мәдени талдау

Бұқар жырау Қалқаманұлы шамамен 1693 жылы қазіргі Қарағанды облысының Ұлытау өңірінде дүниеге келген. Ол Тәуке хан тұсында сарай жырауы ретінде танылып, кейіннен Абылай ханның басты кеңесшісі, рухани тірегі ретінде қазақ қоғамының саяси өміріне белсенді араласқан. Жастайынан діни және философиялық білім алып, суфизм мен көшпелілер дүниетанымын ұштастырған ойшыл ретінде қалыптасқан. Оның толғаулары мен жырларында ұлттық бірлік, әділеттілік, халық пен ханның өзара жауапкершілігі, ерлік пен даналық идеялары кеңінен көрініс тапқан.

Бұқар жырау – өз дәуірінің идеологы ғана емес, сонымен бірге ұлт тағдырын шешуші кезеңдерде стратегиялық бағыт ұсынған саясаткер. Ол тек жырау ғана емес, дипломатиялық тапсырмалар атқарған, ішкі және сыртқы саясатқа араласқан тұлға. Сондықтан оның шығармашылығын зерделеу арқылы біз қазақ мемлекеттілігінің ішкі идеялық-рухани негіздерін терең түсінуге мүмкіндік аламыз.

XVIII ғасыр қазақ халқы үшін жоңғар шапқыншылығына қарсы күреспен қатар, мемлекеттіліктің жаңа формасының қалыптасу кезеңі болды. Бұл үдерісте орталық тұлға – Абылай хан болса, оны рухани және идеологиялық тұрғыдан қолдаған жыраулар болды. Солардың ішіндегі ең көрнектісі – Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693–1789). Оның шығармашылығы, саяси қызметі мен философиялық ой-толғаулары жыраудың тұлғасын тек ақын ретінде ғана емес, мемлекет қайраткері ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеуде тарихи-сыни талдау, салыстырмалы-тарихи әдіс, мәтіндік және дискурстық контент-талдау тәсілдері қолданылды. Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері ретінде XVIII ғасырдағы қазақ жырауларының

шығармалары, отандық және шетелдік тарихшылардың еңбектері, сондай-ақ Ресей империясының архивтік материалдары пайдаланылды.

Атап айтқанда, Қазақстан мен Ресей архив қорларында сақталған Орынбор шекаралық комиссиясының жазбалары, Сібір губернаторлығының хаттамалары, Абылай хан мен оның серіктеріне қатысты ресми жазбалар зерттеуге тартылды. Бұл құжаттарда Абылай ханның дипломатиялық байланыстары, жоңғар мәселесіне байланысты сыртқы саяси қадамдары, сондай-ақ Бұқар жыраудың атынан берілген ресми хаттар мен сипаттамалар көрініс табады. Бұлар жыраудың тек рухани тұлға ғана емес, нақты саяси процестерге тікелей араласқан қайраткер болғанын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Ресей ғылым академиясы мен Орынбор генерал-губернаторы кеңсесінің мұрағаттарында сақталған материалдарда Бұқар жырау туралы жанама мәліметтер кездеседі. Бұл деректер қазақ хандары мен билерінің ішкі және сыртқы саясаттағы шешімдеріне жыраулар ықпалының ресми мойындалғанын көрсетеді. Осындай деректерді талдау жырау институтының саяси салмағын дәуірлік контексте бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында Бұқар жыраудың 28 толғауы мен дастандық үлгідегі шығармаларына мазмұндық және құрылымдық талдау жасалды. Сонымен қатар, оларды басқа жыраулар – Үмбетей, Ақтамберді, Тәтіқара шығармаларымен салыстыра отырып, тарихи оқиғалардың көркем бейнеленуіндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтар анықталды.

Дереккөздердің негізін жыраулардың эпикалық және поэтикалық мұралары, сондай-ақ В. В. Бартольд, Ә. Қ. Қоңыратбаев, Р. Б. Сүлейменов сынды ғалымдардың еңбектері құрайды. Ерекше назар Бұқар жыраудың отызға жуық толғауына аударылды, онда нақты тарихи оқиғалар мен батырлардың есімдері сақталған.

XVIII ғасыр қазақ халқы үшін аса күрделі, тарихи тағдыршешті кезең болды. Бұл дәуір – сыртқы қауіптердің күшеюімен қатар, ішкі бірлік пен мемлекеттік құрылымды қайта қалыптастыру қажеттілігі туындаған уақыт. Осындай сындарлы шақта Бұқар жырау Қалқаманұлының тарихи сахнаға шығуы кездейсоқтық емес, керісінше, дәуірлік қажеттіліктен туған құбылыс болды. Ол өзінің шығармашылығы мен саяси қызметі арқылы қазақ мемлекеттілігінің идеялық негіздерін қорғап қана қоймай, оның практикалық сақталуына тікелей ықпал етті.

Жыраудың поэзиясы белгілі бір көркем эстетикамен ғана шектелмей, қоғамдық-саяси бағдарламалық мазмұнға ие болды. Бұқар жыраудың толғауларында хан билігінің қажеттігі, ел бірлігі, батырлық пен әділеттілік идеялары жиі көтерілді. Бұл, өз кезегінде, оның поэзиясын нақты тарихи жағдайда саяси мобилизация құралына айналдырды. Мысалы, оның «Абылай, Абылай» деп басталатын толғауында ел тағдырын ханның жеке қасиеттерімен байланыстыру, мемлекеттік тұтастықтың негізін Абылайдың шешімдерінен іздеу мотиві ерекше орын алады. Бұл жырау мен ханның өзара сенімді қарым-қатынасын ғана емес, хандық институттың идеологиялық жағынан да легитимделуін көрсетеді.

Бұқар жыраудың шығармаларында батырлардың ерлігі мен елге сіңірген еңбегі нақты тарихи оқиғалармен сабақтастырыла беріледі. Оның 28 толғауында аталған батырлар – Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Шапырашты Наурызбай және т.б. – тек жеке тұлғалар ретінде емес, мемлекеттілік мүддесін қорғаушылар, рухани-әскери элитаның өкілдері ретінде сипатталады. Бұл батырлық институттың жыраулық поэзиядағы трансформацияланған бейнесін көрсетеді. Яғни, жырау батырлар ерлігін жырлай отырып, ұлттың мемлекеттілікке ұмтылған тарихи санасын қалыптастырады.

Сонымен қатар, Бұқар жырау Абылай хан саясатының негізгі бағыттарына рухани-идеологиялық сүйеніш бола білді. Ол жоңғар-қытай-қазақ үштігі арасындағы күрделі геосаяси ойындарда Абылайдың дипломатиялық ұстанымдарын қолдап, ішкі элита мен халық арасында түсіндіруші қызметін атқарды. Осы арқылы жырау «мәдени делдал» рөлін де атқарған. Оның кеңестері хан шешімдеріне ықпал етіп қана қоймай, олардың қабылдануын жеңілдетті, қоғамның біртұтас мобилизациясын қамтамасыз етті.

Ресей империясының құжаттарында Бұқар жырау есімі тек идеолог немесе кеңесші ретінде емес, кей жағдайларда нақты келіссөздер мен делегациялар құрамында көрінеді. Бұл жыраудың мемлекеттік маңызы бар істерге тікелей қатысқанын дәлелдейді.

Жырау шығармашылығында мемлекеттілік мәселесі тек сыртқы қауіптермен емес, ішкі бірлік, заң үстемдігі, әділеттілік, хан мен қараша арасындағы тепе-теңдік арқылы да бейнеленеді. Бұл ұстанымдар Тәуке хан тұсында қалыптасқан «Жеті жарғы» тәрізді заңдық негіздермен үндесіп жатыр. Бұқардың поэзиясындағы моральдық-этикалық императивтер – билеуші мен халық арасындағы қатынасты тұрақтандыру тетігі ретінде де маңызды.

Зерттеу барысында байқалған тағы бір маңызды аспект – Бұқар жыраудың шығармашылығында тарихтың тек хроникалық емес, философиялық түрде берілуі. Ол оқиғаларды жай баяндамайды, олардың мәнін, сабақтарын ашуға тырысады. Бұл жырауды тек ақын емес, тарихи-философиялық ойшыл деңгейіне көтереді.

1. Бұқар жырау – дәуір шежірешісі және бірліктің идеологы

Бұқар жырау XVIII ғасырдың тарихи оқиғаларына куә ғана емес, тікелей қатысушысы да болды. Ол өз толғауларында Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек сынды батырларды мадақтап, олардың ерлігін ұрпақ жадында мәңгі қалдыруға тырысты [Қазақстан тарихы. Т. 3, 146-б.]. 28 толғауында ол нақты батырлардың атын атап, ұлт-азаттық күрес кезеңінің рухын сипаттайды.

2. Билікке кеңесші ретінде жырау қызметі

Бұқар жыраудың Абылай хан сарайындағы орны оның даналығы мен саяси көрегендігіне байланысты болды. Ол ел ішіндегі ақсүйектер мен хан арасындағы байланыстырушы рөлін атқарды. Орталықтандырылған хандық билікті қолдай отырып, жырау Абылайдың билігін заңдастыруға ықпал етті [Сүлейменов Р. Б., Моисеев В. А., 34-б.].

3. Жырау поэзиясындағы мемлекеттілік идеалдары

Бұқар жыраудың шығармашылығы терең философиялық мазмұнымен және саяси ой-тұжырымдарымен ерекшеленеді. Ол халық тағдырын билік, әділет пен рухани тұтастықтың бірлігі ретінде қарастырады. Оның жырларында Абылай дана саясаткер, батыр қолбасшы ретінде сипатталады, ол ішкі тартыстар мен сыртқы қауіптерге қарсы тұра алатын кемеңгер тұлға ретінде көрінеді [Бартольд В. В., 224-б.; Шымырбаева Г.].

4. Жыраулар шығармашылығы мен ұлттық сана қалыптастыру

Жырау феномені халық жады мен рухани болмыстың көрінісі ретінде, әсіресе ұлт басына қауіп төнген кезеңдерде ерекше маңызға ие болды. Бұқар жырау, Ақтамберді, Ұмбетей, Тәтіқара, Шал ақын сынды жыраулар «қазақ рыцарлығы» дәуірін жырлап, батырлық пен отанға адалдық идеяларын насихаттады [Поэзия жырау. – Алматы: Жазушы, 2002. – 36-б.].

Осылайша, Бұқар жырау Қалқаманұлы XVIII ғасырдағы қазақ саяси-мәдени өмірінің орталық тұлғасына айналды. Оның ақындық, ойшылдық және кеңесшілік қызметі қазақ халқының тарихи жады мен саяси санасының қалыптасуына зор үлес қосты. Оның шығармашылығы арқылы ұлттық бірлік, ерлік және әділеттілік идеялары көркем және саяси бейнеге ие болып, сыртқы және ішкі тұрақсыздық жағдайында қазақ мемлекеттілігін сақтап қалуға шешуші ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жыраулар поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 2002. – 72 б.
2. Абылай – хан. Тарихи жырлар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 210 б.
3. Қоныратбаев Ә. Қ. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
4. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. – 166 б.
5. Қазақстан тарихы (ежелгі заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. Т. 3. – Алматы: Атамұра, 2000. – 390 б.
6. Бартольд В. В. Түркі және моңғол халықтарының тарихы мен филологиясы бойынша еңбектер. // Бартольд В. В. Шығармалар. Т. 5. – М., 1968. – 759 б.
7. Сүлейменов Р. Б., Моисеев В. А. Абылайдың ұлт-азаттық күрестегі және қазақ халқының бірігуіндегі рөлі. // Абылай хан. Кенесары: Ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1993. – 119 б.
8. Шымырбаева Г. Хан Абылай. Мақсатты өзгеріссіз, одақтастарды ауыстырған саясаткер. // www.baiterek.kz, 27.09.2015.
9. Масанов Н. Э. және т.б. Қазақстан тарихы: халықтар мен мәдениеттер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 600 б.

Жетписбаев Еркін Рахимбаевич

тарих пәнінің мұғалімі

«Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы
тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ

«Алты алаштың ақылшысы - Бұқар баба»

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693–1787) – әйгілі жырау, Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап калатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде Абылай дәуірінің айнасы.

Бұқар өмір сүрген дәуірдің ұлы оқиғасы- жоңғар қалмақтарының өктемдігі, олардың қазақ жерін баса көктеп енуін білеміз. Қалмаққа қарсы ұрыс басталған шақтан аяғына дейін бар ауытпалықты Бұхар елімен бірге кешкен. Ол әсіресе, өзі туған өлкесін азат ету күресіне тікелей араласып, қолбасшыларымен бірге, ақылшы, үгітші болып белсендік көрсеткен. Абылай Бұхармен осы тұста қатты санасқан. Қалмақ қолына қарсы тұрған қазақ қолын Абылай хан басқарып, оны Айдаболдан Аталық батыр мен Сүйіндік елінен шыққан Олжабай (1696–1792 ж) батырлар қолдаған. Қалмақтар арылғаннан кейін Абылай көрші Қырғыз, Ташкенттегілермен ерегісіп, оларға қыр көрсеткен. Олжабай Абылайдың бұл саясатына қарсы болды. Бұхар жырау Олжабайды қолдайды. Осы тұста халық аңыздарында Олжабай келіссөз жүргізіп қырғызды соғыссыз бітіреді-міс. Ауыз бірлігі мол кезінде Абылай қолы қалмақтың Қалден Серен хонтайшысын Қарқаралы, Баянауыл

жерлерінен ығыстырып, көп олжалы болады. Бұқар Бөгенбайдың өлімін хан Абылайға естіртуші жыраудың бірі. Ол батырдың тарихи рөліне танып, оған деген халықтың қайғысын хан қайғысына ұштастыра жырлаған. Қазақтың даңқты батырлары қатарына алып, оны даралай да білген:

Қазақтың ханы Абылай,
Абылай ханым бұл қалай?
Ақиықты аспанға
Ұштаспай қып торлады.
Құлағанға ұқсайды,
Қазақтың қамал қорғаны.
Қайғырамыз ханзадам,
Айтпасыма болмады-
Батырың өтті Бөгенбай!

Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі Қытай мен Ресей аты қос алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасаған. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттелген. Әсіресе, оның толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленген. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар «Күнбатыстан бір дұшпан, Ақырында шығар сол тұстан. Өзі сары, көзі көк, Діндарының аты боп Күншығысқа қарайды. Шашын алмай, тарайды, Құдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жок, Затсыз, тексіз бір кәпір, Аузы-басы жүн кәпір, Жемқорларға жем беріп, Азды көпке теңгеріп, Ел қамын айтқан жақсыны, Сөйлетпей ұрар ұртына. Бауыздамай ішер қаныңды, Өлтірмей алар жаныңды, Қағазға жазар малыңды. Есен алар пұлыңмен, Солдат алар ұлыңнан, Күндердің күні, Абылай, Жаяулап келер жұртыңа, Жағалы шекпен кигізіп, Балды май жағар мұртыңа, Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан», табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді. Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жалайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған.

Бұқар Абылай ханды да, Бөгенбай батырды да өз ортасында, басқа батырлармен бірге суреттейді. Олар бірінен бірі асып түсіп отыратын қайтпас ерлер. Солардың ішінде Бөгенбайдың тұлғасы өзгеше.

Бұхардың бұл сөздері қазақ хандығының сыртқы саясаты туралы айтылған ақылдар. Мұның өзі- жыраудың кезінде ел арасындағы саясатқа тікелей араласып отырғанының куәсі. Бұхар өлеңдері- өзінің стилі жағынан

ауыз әдебиетімен және өзінен бұрын жасаған Асан, Қазтуған, Шалғез жыраулар толғаулармен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретіндегі толғаулар.

1992 жылы Қазақстан Ғылым академиясы әдебиет және өнер институты жыраудың тұңғыш жинағын шығарды. Оны құрастырушы М. Жармұхамедұлы.

Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғамдарын білімпаздықпен саралаған М. Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», — дейді. Жыраудың толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар 7–8 буынды, ұйқастары еркін. Тегінде, толғау музыкалық аспаптардың (қобыз яки домбыра) сүйемелдеуімен орандалады. Толғауларының поэзиялық сәулеті, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше «Бұхарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек» — деп жазады жыраудың тұңғыш библиографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Жыраудың шығармаларының текстологиясы әлі күнге ретке келтірілмеген. Ең қажетті таңдамалы сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер іріктеліп, сұрыпталып алынбаған, дұрыс, түзу, мұқият салыстырулар жүргізілмеген. Бұл болашақтың ісі. Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ. Халид, Г. Потанин, Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, М. Мағауин, Р. Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген.

Әдебиеттер:

1. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. — Алматы, 1992. — 94 б.
2. Бұқар жырау. Шығармалары // Нар мен зар заман поэзиясы. — Алматы, 2002. — 45 — 58 б.
3. Қалқаманұлы Б. Ай, Абылай!: Толғаулар. — Алматы, 1993. — 96 б.
4. Жеті ғасыр жырлайды. 2 томдық: ХІҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары / құраст. : Е.Дүйсенбайұлы, сүретші Т.Мұқатов. — Алматы: Жазушы. — 2008.
5. Т.1: ХІҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. — 400 б.

6. Т.2: ХІҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. — 2008. — 528 б.
7. Ақылғой абыз // Дала даналары. – Алматы, 2001. – 248 — 298 б.
8. Бұқар жырау Қалқаманұлы (1998-1781) // Баянаула. — Алматы: Фолиант, 2001. – 88 — 89 б.
9. Бұқар жырау // Ертістің Павлодар өңірі : энциклопедия. – Алматы, 2013. – 258 — 230 б.

Сагандыков Темирлан Камалович

Астана қаласы әкімдігінің

«№96 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

тарих және құқық негіздері пәні мұғалімі

БҰҚАРУ ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Ғасыр жасаған Бұқар жырау өзінің саналы ғұмырын туған халқына арнады. Әзиз жұрты бастан өткерген ауыртпалықтың жүгін азайтуға жырымен де ісімен де қолдау көрсеткен. Аумалы-төкпелі кезеңдерде хан мен халық жанынан табылып, хандықтың көмекей әулиесіне, қабырғалы биіне сөздің мәйегін айтатын жырауына айналған. Тарихи оқиғаларды өз халқымен бірге басынан өткере жүріп, қазақ халқы үшін оңтайлы шешілуіне елеулі еңбек сіңірген. Жырау шығармашылығына әдебиеттанушы ғалымдардың басым көпшілігі тоқталған. Шоқаннан басталатын алтын өзек әлі де жалғасып келеді. Қарт жырау ерлік пен елдікті, азаттық пен адалдықты, ақиқат пен өмір мәнін, дін мен пәлсапалық ойларды толғау жанры арқылы жеткізді. Авторлық әдебиеттің бірегей өкілі саналатын Бұқар Қалқаманұлы өз заманының халқының жоғын жоқтап, елдік пен еркіндікті толғаған. Туған жылы мен дүниеден өткен жылы туралы нақты ақпарат жоқ. Жыраулар поэзиясын зерттеуге саналы ғұмырын арнаған Мұхтар Мағауин еңбегінде Абылай ханнан бұрын дүниеге келіп, хан дүниеден өткеннен кейін дүние салғандығы айтылады (Мағауин, 2006: 88). Тәуке ханның тұсынан бастап тарих сахнасына көтерілген жырау Абылай заманында қанатын алысқа сермеді. Сәкен Сейфуллин: «Бұқар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршы, шешен, ақылшысы болған. Бұқар жыраудың моласы Баян аулада, Далба тауының ішінде» (Сейфуллин, 1931: 84).

Сәкен Сейфуллиннен бұрын да, кейін де зерттеу жұмысын жүргізген зерттеушілер осы пікірді қуаттайды. Сөздің мәйегін жүрекпен сезіне білген жыраулық өнердің қалыптасуы мен дамуы қай кезеңде болмасын құндылығын жойған емес. Қазірдің өзінде жыраулар мұрасының еш өнерге ұқсамайтын ерекшеліктері мен өнер иелерінің функциялары түрлі зерттеу жұмыстарының негізгі тақырыптарына айналды. Ұлттық ерекшелік пен миссияны қалыптастыруда да жыраулардың алатын орны ерекше.

Бұқар жырау – саяси сауатты адам және көзсіз ерлікке барудың еш қажеті болмайтын тұстарды ханға жеткізуші. Өзінен бұрын өмір сүрген жыраулар бойында қалыптасқан болжаушы, көріпкелдік қасиеттері жоғары

деңгейге көтерілген тұлға. Оның бір дәлелі орыспен соғысуға әскер жинап, аттанғалы тұрған Абылайды жорығынан бас тартқызуы. Кез келген ұрыстың халық берекесін алатындығын қарт жырау білген.

Өтіңменен жарылма!

Өкпеңменен қабынба!

Орыспенен соғысып,

Басына моншақ көтерген,

Жұртыңа жаулық сағынба! – дейді (Жыраулар поэзиясы, 2022: 87).

Халық аңыздарына сүйенсек, Абылай әскерін тоқтатып, Бұқар сөзіне тоқтам жасаған. Аласұрған хан мен батырларды сабырға келуін айтып, тыныштыққа шақырады. С. Қасқабасов осы толғау жайында: «Қаруы күшті, адамы да, әскері де көп Ресейдің ерте ме, кеш пе қазақ жеріне ауыз салатынын Бұқар жырау жақсы біледі, онымен соғысуға қазақ елі дәрменсіз екенін сезеді, сол үшін Абылайға орыспен соғыспа деп кеңес береді» (Қасқабасов, 2022: 87).

Бұл толғаудан жырау бойындағы – кеңесшілік қасиетін аңғарамыз. Жырау – хан кеңесшісі. Кеңесшілік арқылы ханға тигізген импактісін бағамдауға болады. Кеңесшілік – хан қасында жүрген жыраулардың барлығына тән қасиет. Жыраулық өнердің ішіндегі ең айтулы қызметтердің бірі. Қазақ хандығы тұсында жыраулардың осы қызметі ерекше статуска ие болды. Біз кеңесшілігіне зер салдық. Жыраудың бізге жеткен толғауларының басым көпшілігі Абылай ханға қаратыла айтылған. Бұқар жырау толғауларын оқи отырып Абылай ханның елін қорғаудағы қайсарлығымен және асқан саясаткерлігіне куә боламыз. Жырау өз толғауында:

Алыстан тоят тіледің,

Қылышыңды тасқа біледің,

Алмаған жауың қоймадың,

Алған сайын тоймадың,

Несібеңді жаттан тіледің, - дейді (Жыраулар поэзиясы, 2022: 85-86).

Әйгілі зерттеуші Шоқан Уалиханов: «Абылай дәуірі – қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған», – деп Абылай ханның тұлғалық қасиетіне баға береді (Уәлиханов, 2010: 188).

XVIII ғасырдағы төл әдебиетіміздің рухани қазығына айналған Бұқар толғаулары – қазақ хандығының өркендеуін, даму кезеңдерін сатылай көрсетті. Үш жүздің басын қосқан Абылай хан бейнесін толғау жанры арқылы танытты, ханға кеңесшілігін көрсетті. Кезекті бір толғауында Абылай ханға:

Үш жүздің баласының

Атының басын бір кезеңге тіредің

Елу бес жасқа келгенде,

Жақсы болсаң толарсың,

Жаман болсаң, маужырап барып соларсың.

Алпыс бес жасқа келгенде,

Әрбір атқа қонарсың (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 94).

Осы толғаудың басы «Ей, Абылай, Абылай», - деп басталады. Қазақ пен орыстың арасындағы оқиғаларға тікелей байланысты айтылған. Толғаудың басқы бөлігінде Абылай ханды жас күнінен бастап сөзбен суреттейді. Абылай хан заманында Төле бидің түйесін бағып, ақылын тыңдап ер жеткенін де баяндайды. Ханға кеңесшілік жасаған Бұқар жыраудың зілді сөздерін де көтере білетін Абылай ханның кемеңгер тұлға екеніне көз жеткізесіз.

Бұқар жыраудың тағы бір қыры – әскерге нұсқау беруші. Қалмақ пен қазақ арасындағы ұзақ кескілескен ұрыстың бірінде тату болу үшін қазақтарға уәде берген қалмақтар көп ұзамай уәдені бұзады. Бұған кінәлі қалмақтың қарапайым халқы емес сол кездегі бектері мен билеушілері екенін Бұқар да толғауында айтады. Майдан даласына аттанғалы тұрған қалың қазақ әскеріне нұсқау береді. Елдің бірлігі мен болашағы үшін аянбау керек екенін баса айтады. Дегенмен, уәдеден тайған қалмақ бектері мен елінің басындағы басқыншы топты басқарған басшылар ғана екенін ескертеді. Ал қарапайым халықтың еш жазығы да, кінәсі де жоқ екенін нақтылап айтады.

Момын елді күйдірме,

Ханы тартсын жазасын.

Ел шаруасын бүлдірме,

Қайтарар бір азасын.

Хан ордасын талқанда,

Ер екен деп қарасын (Бұқар жырау тағылымы, 2023: 145).

Бұқар жырау – халқымыздың тарих бетінде алтын әріппен қалған ең беделді ғұламаларының бірі. Қарт жырау замандастарының алды болып, барлығы байқай бермейтін кейбір мәселелерді аңғарды. Толғауларында адам болмысы мен өмір мәні, табиғат пен адамның үндестігі, тіршіліктің пайда болуы сынды түрлі маңызды тақырыптарды қамтыды. Шығармашылығы ақиқатқа жүгіну, тек қана шындықты айту деген ұғымдармен жанасып жатыр. Бұқар Қалқаманұлы жалпыадамзатқа қатысты мәселелерді ешкімнен именбей айта білген. Адам баласы қалай бақытты да баянды ғұмыр кешу керек деген сұраққа жауап тапқан. Адам басына іс түскен сәтте қулыққа салынбай, тура жолды қалай таба алу керектігін де тілге тиек етеді. Бұл жыраудың бойындағы тұтас халық тіршілігіне беретін кеңесшілік атты қасиеттің Бұқардың бойында әуелбастан болғандығын көрсетеді.

Бұқар Қалқаманұлы толғауларының барлығы ізгілік атты құндылықпен сабақтасады. Қарашаның мұңы мен мұқтажын хан мен бектерге бүкпесіз жеткізе білуімен халық жадында мәңгілік қалды. Жер мен елдің бостандығы үшін жанын салып, қызмет еткен.

Заманында жырау айтпаған, жырламаған тақырып жоқтың қасы. Тек қана жырлап қоймады, толғаудағы көтерілген мәселенің де орындалуын қадағалады. Осы атқарған істер өнер болып қалыптасты. Кешегі Қорқыттан бастау алып, Асан Қайғымен түрленген, Доспамбет, Шалкиіздермен буыны бекіген өнерді Бұқар жырау кемеліне келтірді.

Жыраулар теңдессіз. Еш өнер иелеріне ұқсамайтын құндылықтарды қалыптастыруда Бұқар Қалқаманұлы «жыраулық өнер» деп аталатын ұлы өнердің қалыптастырушы жырауы болып тарихта қалды.

Пайдалынылған әдебиеттер:

1. Жыраулар поэзиясы. – Алматы: Мазмұндама қоғамдық қоры, 2022. – 232 б.
2. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014 – 344 б
3. Мағауин М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын жыраулары. – Алматы: Атамұра, 2006. – 264 б.
4. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. – Қызыл-Орда: Қазақстан баспасы, 1931. – 152 бет.

Садыкова Гүлмира Жумабаевна

Астана қаласы № 31 мектеп-гимназиясы

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ – ҰЛЫ ДАЛА КЕМЕҢГЕРІ

*Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған*

Қазақ халқының тарихи жадында жыраулар поэзиясы — ұлттық рухтың, елдік сананың, қоғамдық ойдың айнасы. Сол жыраулардың ішінде Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693–1787) – XVIII ғасырдағы қазақ руханияты мен саяси өмірінің аса ірі тұлғасы, Абылай ханның басты кеңесшісі, жыраулық дәстүрдің көрнекті өкілі. Ол тек жырлап қана қойған жоқ, елдің тағдырын шешкен ірі тарихи оқиғалардың тікелей қатысушысы, хан мен халық арасындағы алтын көпір бола білді.

Бұқар жырау атамыз өз дәуіріндегі күрделі тарихи-әлеуметтік жағдайларды шебер бейнелеп, қазақ қоғамындағы саяси тұрақтылық пен ұлттық бірліктің маңызын толғаулар арқылы жеткізді. Оның шығармаларында елдің ішкі-сыртқы саясаты, ханның рөлі, халықтың рухани жағдайы, жас ұрпақтың тәрбиесі сынды мәселелер кеңінен қамтылды. Қазақтың үш жүзін біріктіру ісіндегі рөлі арқылы ол тек әдебиет өкілі емес, нағыз ұлт көшбасшыларының бірі болды.

Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығын зерттей отырып, оның қазақ тарихындағы ерекше орнын анықтау. Жыраудың шығармалары мен саяси қызметінің қазақ қоғамы үшін маңыздылығын ашу.

Қазіргі таңда ұлттық тарихты жаңғырту, қазақ халқының рухани мұрасын дәріптеу және тарихи тұлғалардың ықпалын бағалау маңызды. Бұқар жырау өз шығармашылығында халықтың болашағы үшін жаһандық және ұлттық деңгейде терең ойлар айтқан тұлға болып табылады. Оның ойлары, әсіресе елдің тәуелсіздігі мен бірлігі мәселелері бүгінгі күні де өзекті.

- Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірбаянын және оның тарихи оқиғаларға қатысуын зерттеу;
- Жыраудың шығармашылығының басты тақырыптарын анықтау;
- Бұқар жыраудың қазақ қоғамындағы рөлін, оның саяси ықпалын түсіндіру;
- Жыраулық поэзияның қазақ әдебиетіндегі орнын көрсету.

Бұқар жырау Қалқаманұлы — XVIII ғасырдағы қазақ халқының ойшылы, ақын және саяси қайраткері. Оның шығармашылығы қазақ халқының мәдениеті мен тарихының терең қабаттарын ашады. Бұқар жырау өз өлеңдерінде халықты бірлікке, тәуелсіздікке, әділеттілікке шақырып, қазақ қоғамының дамуына үлкен әсер етті. Ол тек ақын ретінде ғана емес, ұлы хандармен бірге халықтың саяси өміріне де белсене араласқан тұлға болды. Бұл баяндамада біз Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығының осы аспектілерін қарастырамыз.

Бұл мақалада Бұқар жыраудың шығармашылығы мен саяси қызметі талданып, оның тұлғалық ерекшеліктері мен тарихи маңыздылығы жан-жақты қарастырдым.

Бұқар жыраудың өмір жолы мен дәуірі. Бұқар жырау 1693 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл өңірінде дүниеге келген. Жастайынан ел ішіндегі дау-шарларға араласып, би, шешен, ел ақсақалдары ортасында өсіп, дана кісі болып қалыптасқан. Жыраудың өмірі мен шығармашылығы Қазақ хандығының тарихи тағдырындағы шешуші кезең – Жоңғар шапқыншылығы, үш жүздің бірігуі, Абылай хан билігінің орнауымен тұспа-тұс келеді.

Жыраудың ұстанымы – «Бірлік бар жерде – тірлік бар» қағидасына негізделді. Оның бүкіл қызметі осы идеяны жүзеге асыруға бағытталды. Ол Абылай ханның ел басқарудағы негізгі кеңесшілерінің бірі бола отырып, көптеген саяси шешімдерге ықпал еткен [Сейфуллин С., 2005, 45-б.].

Бұқар жыраудың саяси қайраткерлігі. Жырау ел ішіндегі беделімен қатар, сыртқы саясат мәселелеріне де араласқан. Оның кейбір толғауларында көрші Ресей мен Қытайға қатысты саяси көзқарастары айқын байқалады. Мысалы, Абылайға айтқан кеңестерінде ол Ресеймен бейбіт қатынас орнатуды, алайда ел тәуелсіздігін сақтау керектігін баса көрсетеді. Бұл – Бұқардың тек идеолог емес, мемлекеттік ойшыл екенін дәлелдейді.

Абылай ханның Тәшкен, Сайрам, Шымкент, Жетісу аймақтарына жасаған жорықтары мен ел ішіндегі татуластыру шараларында жыраудың даналық сөзі шешуші рөл атқарды [Қалиев Т., 1994, 131-б.].

Шығармаларындағы ұлттық идея мен ел бірлігі. Бұқар жырау поэзиясы – ұлт тағдырын арқау еткен терең философиялық дүниелер. Ол халқына:

«Бірлік түбі – тірлік,

Жанжал түбі – шіркіндік...» – деп үн қатты.

Оның өлеңдеріндегі «ел, жер, ұрпақ қамы» — бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған тақырыптар. Ол ханға да, халыққа да әділдік, парасаттылық пен жауапкершілік жүгін жүктеді. Жырау сөзінде

отансүйгіштік, ел қамын ойлау, дін мен дәстүрді сақтау идеялары терең өрілген.

«Айнала алмай ат өлсін,

Айыра алмай жат өлсін,

Жат бойынан түңілсін,

Бірлік түбі — ел болсын!» [Бұқар жырау, 2000, 36-б.]

Бұқар жыраудың шығармашылық мұрасының маңызы. Жыраудың шығармалары бүгінгі күнге толық жетпегенімен, сақталған жыр-толғаулары — қазақ халқының рухани конституциясы іспетті. Ол өз заманының шежірешісі ғана емес, рухани ұстаз, ұлттық идеолог болды. Оның поэзиясы бүгінгі рухани жаңғыру, ұлттық сана, тәуелсіздік идеяларымен үндес келеді.

Әдебиетке шолу. 1. Әуезов М. Абай жолы. Алматы: Жазушы, 1980.

Бұл шығарманың авторы Мұхтар Әуезов Абайдың шығармашылық мұрасы мен қазақ қоғамындағы орнына қатысты кең көлемде пікір білдіреді. Әуезовтің еңбегі Бұқар жыраудың философиялық ойлары мен ақындық қызметінің ұлттық мәдениеттегі маңыздылығын зерттеуге негіз болды. [Әуезов М., Абай жолы, 1980, 420-бет.]

2. Сейфуллин С.Бұқар жырау Қалқаманұлы. Алматы: Қазақ университеті, 2005. Сейфуллин өзінің еңбегінде Бұқар жыраудың қазақ халқының қоғамдық және саяси өміріндегі ықпалын жан-жақты талдады. Осы кітапта жыраудың тек ақын емес, сондай-ақ қоғамдық қайраткер ретіндегі маңызы көрсетілген. [Сейфуллин С., Бұқар жырау Қалқаманұлы, 2005, 56-бет.]

3. Қалиев Т. Қазақ әдебиеті тарихы. Алматы: Ғылым, 1994.

Бұл еңбек қазақ әдебиетінің тарихы мен дәстүріне қатысты маңызды мәліметтер береді. Бұқар жыраудың шығармашылығына арналған арнайы тарауларда оның философиялық және әлеуметтік ойлары сипатталған. [Қалиев Т., Қазақ әдебиеті тарихы, 1994, 132-бет.]

Зерттеу әдіснамасы.

- «Тарихи-әдеби талдау» әдісі қолданылады, бұл әдіс Бұқар жыраудың шығармашылығының тарихи және әлеуметтік мәнін анықтауға көмектеседі.

- «Салыстырмалы талдау» әдісі арқылы Бұқар жыраудың шығармалары мен басқа дәуір өкілдерінің шығармаларын салыстыра отырып, оның өзіндік ерекшеліктерін көрсету.

-»Философиялық және мәдени контексте талдау»әдісі арқылы жыраудың дүниетанымын және оның қазақ қоғамындағы рөлін тереңірек зерттеу.

Нәтижелері

Бұқар жырау бабамыздың шығармашылығы қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған маңызды мұра болып табылады. Оның толғауларындағы терең философиялық ойлар мен әлеуметтік мәселелер бүгінгі таңда да өзекті болып отыр. Бұқар жыраудың ықпалы тек поэзияда ғана емес, саяси өмірде де айқын көрініс тапты. Оның көрнекті тарихи тұлға ретіндегі орны қазақ халқының тарихында мәңгі сақталады.

Бұқар жырау бабамыздың шығармашылығы мен тарихи қызметі қазақ халқының мәдени және саяси өмірінде ерекше орын алады. Оның толғауларында қазақ елінің бірлігі мен тәуелсіздігі жайындағы ойлар көрініс тапқан. Жыраудың өмірі мен шығармашылығын зерттеу қазіргі қоғам үшін маңызды, себебі оның ойлары мен көзқарастары ұлттың рухани жаңғыруына жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай жолы. Алматы: Жазушы, 1980.
2. Сейфуллин С. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Алматы: Қазақ университеті, 2005.
3. Қалиев Т. Қазақ әдебиеті тарихы. Алматы: Ғылым, 1994.
4. Құнанбаев А. Қара сөздер. Алматы: Жазушы, 2006.

Сауыт Жұмагүл Қабидоллақызы

Астана қаласының №96 мектеп- гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.

Бұқар жырау - тарихи тұлға

Бұқар жырау – қазақ халқының көрнекті ақыны, шешен жырауы және саяси қайраткері болған. Ол XVII-XVIII ғасырлар аралығында өмір сүріп, қазақ қоғамындағы рухани және саяси ахуалға айтарлықтай әсер еткен тұлға ретінде трахита ерике орун аллоды. Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығы оның қоғамдағы орны мен тарихи рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді. Ол тек ақын ғана емес, сонымен қатар өз заманындағы саяси оқиғалар мен өзгерістерге қатысты белсенді пікір білдірген тұлға болып табылады. Бұқар жыраудың шығармашылығы қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген аса маңызды мұра болып табылады. Осы баяндамада біз Бұқар жыраудың өмірі, шығармашылығы, оның тарихи тұлға ретіндегі орны мен қазақ халқының тарихындағы маңыздылығына тоқталамыз.

1. Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығының бастаулары

Бұқар жырау, шын атымен Бұқарбай, 1668 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Шу өзенінің бойында дүниеге келген. Ол қазақ халқының көрнекті тұлғаларының бірі болып, өз өлеңдері мен толғауларында халықтың әлеуметтік және саяси жағдайын сипаттап, өз кезіндегі маңызды мәселелерге назар аударды. Бұқар жырау қазақтың батырлар жырын, ақындық мұрасын және философиялық ойларын өз шығармашылығына арқау еткен.

XVIII ғ. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілінің бірі Бұхар жырау Абылай хан заманында өмір сүрген. Әкесі Қалқаман белгілі батыр. Оның өлеңдері өзі тұстас ақындармен салыстырғанда кейінге молырақ жеткен. Жыраудың шығармашылығы көбінесе ел басқарушыларына кеңес беру, халықты бірлікке шақыру, әділдік пен еркіндікке ұмтылу идеяларымен байланысты. Оның поэзиясы қазақ халқының ұлттық санасын көтеріп,

халқына рухани азық берді. Бұқар жыраудың шығармашылығы жеке тұлғалардың емес, халықтың қажеттілігі мен мүддесі үшін бағытталды.

2. Бұқар жыраудың тарихи рөлі мен саяси көзқарастары

Бұқар жыраудың өмір сүрген дәуірі – қазақ тарихында күрделі кезеңдердің бірі. XVII ғасырдың соңғы жартысы мен XVIII ғасырдың басы қазақ хандығының ішкі алауыздығы мен сыртқы жаулардың қысымынан туындаған үлкен саяси дағдарыстар мен өзгерістердің кезеңі болды. Бұқар жырау осы кезеңдегі қиын-қыстау уақыттың куәгері әрі қатысушысы ретінде ел басқарушыларымен тығыз қарым-қатынаста болды.

Бұқар жырау хандық биліктің дұрыс жүргізілуін талап етті. Ол ханға халық мүддесін қорғауды, әділ билік жүргізуді және елдің тұтастығын сақтауды ескертіп, өзінің шығармашылық мұраларында осы мәселелерді көтерді. Бұқар жыраудың өлеңдерінде ханның әділ болуы, халықтың қамын ойлауы, елдің бірлігін сақтау сияқты саяси ойлар айқын көрініс табады.

Әсіресе Тәуке хан мен оның билігі кезінде Бұқар жыраудың маңызды рөлі болды. Бұқар жырау Тәуке ханға өзінің саяси кеңестерін беріп, елдің тұтастығы мен халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін маңызды ұсыныстар айтқан. Ол ханға халықтың алдындағы жауапкершілігін түсіндіріп, елдің бірлігі мен әділ биліктің қажет екенін үнемі ескертіп отырған.

Бұқар жыраудың тарихи тұлға ретіндегі маңыздылығы оның халықты басқаруға қатысты дұрыс көзқарастары мен саяси ұстамдылығында жатыр. Ол тек ақын ғана емес, сондай-ақ қоғамның моральдық және саяси негіздерін нығайтушы

3. Бұқар жыраудың саяси көзқарастары

Бұқар жырау өзінің өлеңдерінде қазақ халқының бірлігін, елдегі әділеттілікті, ханның халық алдындағы жауапкершілігін алға тартты. Ол елдің болашағы үшін қайраткерлік тұлғалардың әділ әрі дана болуын маңызды деп есептеді. Бұқар жырау хандарға арналған өсиеттерінде оларды халықтың мүддесін қорғауға, әділ билік жүргізуге шақырды. Ол әсіресе Қасым хан, Тәуке хан сынды тұлғалармен замандас болған және оларға өз ақылын айтқан.

4. Бұқар жыраудың ұлттық рухты сақтаудағы рөлі

Бұқар жырау өзінің шығармашылығында қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, тілін сақтауға күш салды. Ол ұрпақтарға әділдік, адалдық, ел мен жерге деген сүйіспеншілік сияқты құндылықтарды насихаттады. Бұқар жыраудың өлеңдері мен толғаулары ұрпақтар арасында ұлттың рухани негіздерін сақтауға көмектескен.

5. Бұқар жыраудың философиялық ойлары және ұлттық құндылықтарға қосқан үлесі

Бұқар жыраудың шығармашылығы философиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Оның өлеңдері мен толғаулары тек көркемдік туындылар ғана емес, сонымен қатар халықтың ой-санасына әсер еткен құнды философиялық мұра болып табылады. Бұқар жырау өз шығармаларында адам өмірінің мәні, әлеуметтік әділеттілік, ұлттық бірлік сияқты терең мәселелерді қозғады. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілі – Бұқар жырау (1668-

1781). Арқалы жырау, қабырғалы би Бұқар өз тұсындағы қазақ хандығының бас идеологы болады

Оның шығармашылығында қазақ халқының рухани дүниетанымының негіздері мен адамгершілік құндылықтары басты орын алады. Бұқар жырау әділеттілік, шыншылдық, адамгершілік, отаншылдық сияқты қасиеттерді дәріптей отырып, қазақ халқының мәдениетін сақтау мен дамытуға зор үлес қосты.

Сонымен қатар, Бұқар жырау өз шығармаларында ұрпақтарға ар-намыс, адамдық құндылықтар мен елге деген адал қызметтің маңыздылығын түсіндірді. Ол жастарды әділ болуға, еңбекқорлыққа, ел мен жерге деген сүйіспеншілікті терең сезінуге шақырды.

6. Бұқар жыраудың ұлттық мәдениеттегі орны

Бұқар жырау тек өз заманының ғана емес, бүкіл қазақ халқының рухани мұрасын байытқан тұлға болып табылады. Оның шығармалары тек тарихи немесе саяси сипатта емес, мәдени, этикалық құндылықтарға да зор әсерін тигізген. Бұқар жырау қазақтың дәстүрлі поэзиясында жаңа бағыттар мен өзгешеліктер енгізіп, ақындық өнерді терең философиялық деңгейде дамытуға ықпал етті.

Бұқар жыраудың өлеңдері мен толғаулары қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Оның шығармаларында өзекті мәселелердің қойылуы, мәселен, халықтың бірлігі мен тәуелсіздігі, әділ билік пен адамгершілік, қоғам мен табиғат арасындағы үйлесім мәселелері кеңінен қозғалған.

Сонымен қатар өз шығармаларында Россиямен жауласпау, онымен тату көршілік сақтау керегін насихаттайды. Алайда, Бұқар патша өкіметінің түпкілікті мұратын да нақты пайымдаған еді.

Бұқар шығармаларынан жыраудың өзі өмір сүрген қилы заман келбеті айқын танылады. Хан – сұлтандардың, ірі феодалдардың әр жүзде, тіпті, кейде жекелеген руларда өз билігін жүргізбек болған, ұлттық мүддеге қайшы, бақ-құшар саясаты, руаралық тартыстың күшеюі, заманның өзгеруіне байланысты адамдардың санасындағы құбылыстар – міне, осының бәрі де белгілі мөлшерде жырау өнернамасынан көрініс тапты. Бұқар көне патриархалдық қатынастар бұзыла бастағанын көреді, осының бәрі болашақта жүзеге асар түбегейлі өзгерістердің басы ғана екенін түсінеді. Алайда жырау мұндай құбылыстардың көбін ұнатпайды, оған сенімсіздікпен қарайды. Тіпті, туған халқының болашағына күманданып, пессимизмге берілетін тұстары да бар.

Бұқар жырау қазақ мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде бүгінгі күнге дейін маңызды. Оның шығармашылығы қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтап, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін алтын көпір болып табылады.

Бұқар жырау - қазақ халқының ұлы тұлғасы. Оның шығармашылығы мен саяси көзқарастары қазақ қоғамының тарихында үлкен із қалдырды. Бұқар жырау халықты бірлікке, әділдікке, елдікке шақырып, ұлттың рухани құндылықтарын сақтап, дамытты. Оның өлеңдері мен толғаулары тек өлеңдік

шығармашылық қана емес, сол дәуірдің әлеуметтік-саяси мәселелеріне арналған терең философиялық пайымдаулар болып табылады.

Бұқар жыраудың даналығы мен халыққа деген сүйіспеншілігі бүгінгі ұрпаққа да үлгі-өнеге боларлықтай. Оның шығармашылық мұрасы қазақ халқының рухани байлығын сақтап, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне үлкен әсер етті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Ана тілі, 2002.
2. Қойгелдиев М. Бұқар жырау және оның әдеби мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1998.
3. Шәлекенов Б. Бұқар жырау. – Алматы: Мектеп, 1972.
4. Жолдасбеков Қ. Бұқар жырау – халықтың тарихи тұлғасы. – Астана: Фолиант, 2010.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Білім, 2006.
6. Сейітова М. Бұқар жырау және қазақтың философиялық ойы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2015.

Такебаев Руслан Манарбекович

Астана қаласы әкімдігінің
«№43 қосымша білім беру
мектеп-орталығы» ШЖҚ МҚК
тарих пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ -КӨМЕКЕЙ ӘУЛИЕ

Бұқар жырау – аса ірі тарихи тұлға. Тәуке мен Абылай хан замандарында өмір сүріп, ең көп жасаған мемлекет қайраткерлерінің бірі. Бұқар жырау Қалқаманұлы қазақ хандығы кезеңіндегі үлкен саяси оқиғаларға қатысып, оларды өз шығармашылығы арқылы суреттеп, еңбектерінде көптеген тарихи оқиғаларды болашақ ұрпаққа қалдырды. Ол туралы өзінің толғауларында жазылған мәліметтер бірқатар ақпарат береді [1]. Абылай хан ел билей бастаған кезеңде Бұқар жырау орта жасқа келген, атағы бүкіл аймаққа жайылған атақты жырау болған. Бірақ ол кісі жыр-толғауларды жырлап қана қоймай, сол кездегі мемлекеттің ішкі және сыртқы істеріне белсене араласқан [2].

Кейінірек атақты жырау Абылай ханның беделді мемлекет қайраткерлерінің бірі, тәжірибелі сыншысы болады. Сондықтан да аңыз-әңгімелерде жазылғандай, қарт жырау Абылай ханның саясатын қолдап отырып, ал қате жіберген жағдайда ханға ол туралы бетіне баса айта алатындай дәрежесінің жоғары болғандығын көруге болады [3].

Сол себепті де:

Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,

Көтеріп қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба,
Күнінде мендей жырлайтын,
Тоқсан үште қария,

Енді де саған табылмас!..[4] деген сын сөзінде жырау Абылай ханды сынап, беделіне нұқсан келтіріп отырған жоқ, керісінше елдің тыныштығын ойлап, болашақта мемлекеттің іргесі шайқалмайтындай Абылай ханның қамын жейтіндігін жасырмайды. Патша үкіметінің мықты мемлекет екенін, орыс халқының қазақтармен бұрынғы замандардан көрші болып келгенін, екі елдің арасындағы тату дос көрші болу саясатын назарда ұстау керектігін Бұқар жырау жақсы түсінді. Осыған орай, хан мен оның төңірегіндегі батырлардың жорық жоспарын құрып, жан-жағына көздерін тіккен шақта, көпті көрген жырау оларға ылғи да ақыл-кеңесін айтып отыратын.

Бұқар жырау толғаудың қас шебері, өз заманының шындығын жақсы көрсете білген көрнекті ақын. Өзінің толғауларында бытыраңқы болып келген қазақ руларының басын қосу мақсатында көп тер төкті. Абылай хан тарапынан да осы мәселені шешуді күтті. Жырау өмірінің біраз бөлігін Абылай ханның маңында өткізіп, ел басқару ісіне белсене араласқан [5].

Бұқар жырау Абылай ханда ерекше бір қасиет бар екендігін көрді және оған сенді. Ханның мемлекетті басқарудағы идеялық шабыттандырушысы болды. Білікті дипломат, қарт жырау Абылай ханмен барлық көрші елдерде болды. Әскери жорықтарды бастау үшін қолайлы уақытты дәл болжады, қиын сәттерде пайдалы кеңестер беріп отырды [6].

Жыраудың негізгі мекен-жайы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы жеріндегі Далба тауының маңында дүниеге келіп, ұзақ жасап, жамбасы осы жерге тиген. Яғни осы жерде жерленген. Ұрпақтары Баянауыл мен қазіргі Ботақара төңірегін мекендейді. Дүние салар шағында өзінің өсиеті бойынша осы аймақта жерленген. Негізі ел басқарған, халық қалаулылары киелі Түркістан шаһарына апарып жерлену керек еді. Бірақ қарамағындағы адамдары жыраудың соңғы сөзіне тоқтап, арманын орындаған.

2023 жылдың мамыр айында біз Үштөбе тірек мектебі (РО) КММ мектебінің тарих және әдебиет пәні мұғалімдері оқушыларды алып осы киелі жерге, ел басқарған мемлекетшіл тұлға Бұқар жырау бабамыздың басына барып зиярат етіп қайттық. Негізгі мақсатымыз – болашақ ұрпақтың оқушы жастарға осындай аңыз адам туралы ақпарат беру. Жыраудың тұлғалық қасиеті, ұлтжандылығы, қанатты сөздерін жас буынның бойына сіңіру.

Жоғарыдағы мақала тақырыбым да «Тұлғаға тағзым» деп аталуы осыған байланысты еді. Осындай қазақ тарихында ерекше орын алатын, халық жадында мақтанарлық дәрежеде есте қалған ел ардақтыларының шығармаларын, ерлік істерін ұлықтау.

Қазақ қоғамында жыраулар халықтың алдында беделді, айтар ойлы сөзі бар рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыра алатын, елді соңынан ертіп, сөзін тыңдата алатын қабілеті бар қайраткер де ықпалды тұлға. Жырау хандар мен сұлтандар, батырлар мен билердің жанында жүріп, халық пен билікті дәнекері қызметін атқарған [7].

Үштөбе ауылынан Далба тауына дейін шамамен 290-300 км болатын. Сол араға жеткенше шейін оқушыларымызға Бұқар жырау шығармаларындағы мемлекетшілдікті, еліне адал қызмет жасау, болашақта ел басқару тізгіні қол тигенде, жұрттың қамын ойлап, жағдайын жасап, мемлекетке адал қызмет атқару жөніндегі нақыл сөздерін айттық. Адамгершілік, Отанды сүю сияқты мәселелерді тәрбиемен ұштастырып, балаларға оның мәнін түсіндірдік.

«Бірлік болмай, тірлік болмас», - деген. Сырт жау соқтыға алмайтын қуатты мемлекет болу үшін жұрттың ынтымағы, ауызбіршілігі болу қажет. Бұл жайды Бұқар жырау жақсы түсінеді. «Ел бірлігін жырлау - «Бұқар жырау өлеңдерінде негізгі мәселенің бірі. Ол ел бірлігі мәселесіне үлкен мән береді [8] деп жазады. Жырау қазақ руларының өзара тату тұрын, мал үшін, жайылым жерлер үшін бекер қырқыспауын насихаттайды.

Осындай мәселелер қазір біздің қоғамда да кездеседі. Жаһандану заманында алпауыт мемлекеттердің көмейінде кетіп қалмау үшін, өзіміздің бірлігімізді, татулығымызды сақтап қалу үшін Бұқар жыраудың жоғарыдағы айтқан сөздерін естен шығармауымыз керек. Осы жағынан оқушыларға жыраудың ел бірлігі, татутылқ, дұрыс білім жөнінде көп айтылды.

Бұқар – қазақ халқының арман-тілегін, елдік ынтымақ-бірлігін көксеген жырау, мемлекет қайраткері, терең ойшыл. Оған мына өлеңі дәлел:

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шапырашты Наурызбай –
Қазақтан шыққан үшемді
Ардақта, жұртым, ардақта!
Ту түбінде тұр еді.
Абылай хан асқынды,
Беретін шүлен-шұр еді.
Үшемге келді жақындап
Шақшақтың ұлы Жәнібек
Жаныкештің жанында
Өңкей алмас, бәрі бек.
Алтайдан шыққан Олжабай,
Құдаменді құлжадай
Матайдан шыққан шәкерім,
Бурадан шыққан Боранбай,

Көрсеткен жауға қаһарын [9] деп қарт жырау қазақтың батырларының ерліктерін жырлады. Оқушыларға осы толғауларда жырланған батырлардың бейнесі мен жасаған ерлік істерін айтылып отырды. Ол батырлардың елді қорғаудағы соғыс өнерлерін Бұқар бабамыз шебер суреттеген. Шайқасқа

шығар алдында батырлардың намысын, бойларын өзінің суырып салма жыр-толғауларымен қайрап отырған.

Біз Бұқар жыраудың мазарына дейін тарихи маршрут жасадық. Сол жердегі шырақшы жыраудың өміріне қатысты аңыз-әңгімелермен бөлісті. Ол жердің табиғаты өте керемет. Шырақшының айтуы бойынша, жырау Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының түсіне кірген екен. Яғни аян беріп, менің басып келіп бір белгі қоймайсың ба деп айтқан дейді. Сосын ол кісі жолға шығып, қарт жыраудың жерленген жерін тауып, үлкен таспен белгі орнатып қайтқан екен. Ол тас сол жердегі мұражайда тұр.

Бұдан кейін мұражайға келдік. Оқушыларымызбен мұражай ішін аралап, біраз құнды жәдігерлермен танысып шықтық. Кесене 1993 жылы тұрғызылған. Ал мұражай 2000-ші жылдары ашылған. Мұражайда жыраудың өміріне мен хандық дәуірдегі қызметі жайында қызықты материалдар баршылық екен. Шырақшы ағай сол құнды жәдігерлер туралы ақпарат бере отырып, шәкірттерімізге тың деректер арқылы мол мағлұмат берді.

Келер ұрпақ осындай дара тұлғаларымызды біліп жүруі керек. Сол үшін туристік маршруттар ұйымдастырып, киелі жерлерге апарып тұру қажет деп ойлаймын. Сол кезде оқушылардың еліне, жеріне, туған жерін жаудан қорғап қалған батырлар мен хандарға деген мақтаныш сезімдері оянады. Егеменді елде өмір сүріп отырған әрбір азамат өзін патриот сезінуі керек. Жастар елінің, туған жерінің тарихын, тілін, ұлттық құндылықтарын жете меңгеруі тиіс. Ол үшін осындай тарихтағы тұлғалардың ерлік істері мен қалдырып кеткен мұраларын оқыту керекпіз.

Мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатына араласып, ел мүддесін жоғары қойған, өз заманының саяси тұлғасы болған Бұқар жырау толғауларының тағылымы терең. Жоңғар шапқыншылығы тұсында, өз заманындағы күрделі мәселелердің шешімін айтып, Абылай ханның ақылшысына айналды. Жоңғарларға қарсы соғыста ханның сүйеуі, батырлардың рухани қолдаушысы болды.

Әсіресе бұқара мен ханның дәнекеріне айналып, орынды жерде дат айтып, халықтың жоқтаушысы бола білді. Біздің мақсатымыз – жыраудың жерленген жеріне оқушыларды апару арқылы, олардың осындай тарихи тұлғаның тарихта қалдырып кеткен мұрасын, жыр-толғауларын біліп жүрсе екен деген ниетте жасалған еді. Бұл бір үлкен жұмыс болды. Бұқар жырау шығармашылығынан алар рухани-мәдени тәлім мол. Жыраудың жалынды жырларын кеңінен насихаттап, оны бойымызға сіңіру біздің парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Үш ғасыр жырайды. (революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары) Алматы. 1964 ж. 9 б., 11-б.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Алматы, 1992 жыл
3. Нар заман мен зар заман поэзиясы. Жыр-толғаулар. Алматы. 2007.
4. Қалқаманұлы Бұқар. Ай Абылай! Абылай! Толғаулар. Алматы: Жалын, 1993.

5. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по обследованию степных областей. - Т. VI. - СПб., 1905. – 28-б.
6. Қарағанды облысы. Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. – 424-б., 89 б.
7. Әдікенұлы М. Тарихи тұлғаларға ескерткіш орнатылды // Жұлдыз. - 2005.- №10. - 144-бет.

Туребекова Балкия Темирхановна

Астана қаласының

«№39 кешкі (ауысымды) мектеп» КММ,

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Бұқар жырау шығармашылығындағы заман бейнесі

Халқының жоғын жоқтаған,
Ханының әділін мақтаған,
Қай заманда да халыққа,
Қаймықпай шындық айтқан жан.
(Халық ауыз әдебиетінен)

Қазақ әдебиеті мен руханиятының алтын қорында жыраулар поэзиясы ерекше орын алады. Жыраулар – елдің шежіресін өлеңмен өрнектеген, заманының шындығын жырға қосқан тұлғалар. Солардың ішіндегі шоқтығы биік тұлға – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Ол – тек сөз шебері емес, халқына бағыт-бағдар көрсеткен кемеңгер кеңесші, заманның шындығын, елдің тыныс-тіршілігін, халықтың арман-тілегін тереңнен толғаған ойшыл. Бұқар жырау шығармашылығында сол кезеңдегі заман келбеті, елдің саяси жағдайы, әлеуметтік ахуалы мен рухани болмысы айқын көрініс тапқан.

Бұқар жыраудың толғауларында XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік, рухани ахуалы көркем тілмен бейнеленген. Ол өз заманының кемшіліктерін де, артықшылықтарын да ашық айтқан. Оның толғаулары – халық тарихының көркем шежіресі, елдің өткенін, бүгінін, ертеңін тереңнен толғаған көркем шығарма. Оның толғауларындағы заман бейнесі арқылы біз XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының бүкіл тынысын сезе аламыз.

Бұқар жырау өмір сүрген дәуір – қазақ халқы үшін сын сағаттарға толы, тарихи маңызды кезең болды. Бұл кезең – жоңғар шапқыншылығы, елдің әлсіреуі, руаралық алауыздықтың күшеюі, ал одан кейін Абылай ханның билігі арқылы елдің біртіндеп бірігу кезеңі еді. Жырау сол тарихи сәттерді өз шығармаларында көркем тілмен өрнектеп, заман бейнесін шебер жеткізе білді. Осындай қиын шақта Бұқар жырау халықты ауызбіршілікке, ел бірлігіне үндеп, өзінің толғаулары арқылы ұлттық идеяны қалыптастырды. Ол ел ішіндегі берекесіздік пен алауыздықты сынай отырып, жұртты бірлікке, тұтастыққа шақырды:

Бас-басыңа би болсаң,

Манар тауға сыймассың,
Бас алпысқа толғанда,
Төрде отырып тонбассың.

Бұл жолдар ел ішіндегі дара билікке ұмтылғандарды сынап, ынтымақ пен ортақ мүддені бірінші орынға қою қажеттігін аңғартады. Жырау үшін заман тыныштығы – халық бірлігі мен әділ басшыға тікелей байланысты.

Жырау заманды бейнелей отырып, оның өзгермелі, кейде әділетсіз сипаттарын ашық жырлады:

Заман ақыр жамандығы,
Баяғыдай бар ма еді?
Алуан-алуан жау шықты,
Алыстан салып өрнекті...

Бұқар жырау бұл жолдар арқылы заманның қиындап бара жатқанын, сыртқы жаудың күшейіп, ішкі бірліктің әлсірегенін білдіреді. Ол мұндай ауыр жағдайдан шығудың жалғыз жолы – татулық пен бірлік екенін үнемі еске салады.

Жырау толғауларында адамгершілік, әділдік, намыс, сабыр секілді қасиеттер кең көрініс табады. Оның шығармалары замана бейнесін тек сыртқы саясатпен емес, ішкі рухани күймен де сипаттайды. Ол үшін әділ билік пен халықтың арасында сенім болса ғана қоғам дамиды:

Би болған соң әділ бол,
Жан-жағыңа қарағай,
Әділетсіз болсаң егер,
Қанатыңнан жарамай.

Бұл үзіндіден байқағанымыздай, Бұқар жырау билік иелеріне де, қараша халыққа да моральдық жауапкершілік жүктейді. Оның заман туралы көзқарасы – халық пен билік арасындағы тепе-теңдікке негізделген.

Бұқар жырау шығармаларында Абылай хан тұсындағы бейбітшілік пен тұрақтылық жоғары бағаланады. Жырау Абылайды дана, ержүрек, көреген басшы ретінде сипаттайды. Ол ханның ерлік істерін мадақтай отырып, оның ел алдындағы жауапкершілігін де ұмыт қалдырмайды. Мысалы, бір толғауында былай дейді:

Сенен басқа хан жоқ па,
Тәңірі берген таққа отырдың!

Бұл жерде Бұқар жырау Абылайдың билігінің Құдайдан берілгенін мойындай отырып, оны әділдікпен билік жүргізуге үндейді.

Жырау хан мен халықтың арасындағы қарым-қатынасты, ел басқарудың маңызын тереңінен ашып көрсетеді. Ол Абылайдың ел бірлігін сақтаудағы рөлін дәріптейді:

Күн тұтылып, ай батса,
Жұлдызың сөнбес, Абылай!

Бұқар жырау ханға ақыл-кеңес беріп, қажет жерінде турасын айтып отырған. Бұл оның рухани биіктігін, шыншылдығын білдіреді. Жырау үшін жақсы заман – ел басқарушының парасатымен, халықтың бірлігімен тікелей байланысты.

Бұқар жырау толғауларында ханға деген адалдықпен қатар, халықтың мүддесі басты орын алады. Ол кейде Абылайға тура сөз айтып, ақыл қосады:

Хан бір кісі, халық көп,
Жолдан тайсаң, тұрар жоқ!

Осы секілді жолдар жыраудың ханға жағымпазданбай, ел мүддесі үшін тіке айтатын батылдығын көрсетеді. Бұл – Бұқар шығармашылығының үлкен ерекшелігі.

Қорыта айтқанда, Бұқар жырау шығармашылығындағы заман бейнесі – тек тарих шежіресі емес, сонымен қатар халықтың рухани өмірінің көрінісі, қазақ халқының тағдырымен тығыз байланысты асыл мұра. Оның толғауларында XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының күрделі кезеңдері, ел басындағы қиындықтар, халықтың мұңы мен арманы көркем бейнеленген.

Жырау шығармаларындағы заман келбеті – ұлттық сана мен тарихи тәжірибені ұштастыра отырып жасалған көркем сурет. Жырау өз заманын терең сезініп, халықтың мұң-мұқтажын, арманы мен үмітін көркем тілмен бейнелеген. Сондықтан оның заман бейнесі туралы ойлары тек әдеби шығарма ғана емес, ұлттық сананы оятатын ірі дүниелер болып қала бермек. Оның шығармаларында айтылған ойлар, көтерілген мәселелер бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Заман өзгерсе де, елге, жерге, әділетке деген көзқарас еш өзгермейді. Бұқар жырау соны ұғындырған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мырзахметұлы М. Жыраулық поэзия және заман шындығы. – Алматы: Санат, 2001.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 2002.
3. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
4. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Толғаулар. – Астана: Фолиант, 2010.

Хабдулин Габит Токшилыкович
Астана қ. № 43 ҚББМО

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ: ТАРИХИ ОҚИҒАЛАРДЫҢ КУӘГЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕШІМДЕРДІҢ САРАПШЫСЫ

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысы қазақтың ұлы жырауы, мемлекет қайраткері Бұқар жырау Қалқаманұлының (1668-1781) тарихи тұлға ретіндегі қызметіне арналған. Мақалада жыраудың XVIII ғасырдағы маңызды тарихи оқиғаларға қатысуы, Абылай ханның ақылшысы ретіндегі саяси рөлі, қазақ-жоңғар соғысындағы және Ресей мен Қытай арасындағы күрделі дипломатиялық қатынастар кезеңіндегі белсенді қызметі талданады. Жыраудың мемлекеттік деңгейдегі шешімдерге тигізген ықпалы, саяси көрегендігі мен дипломатиялық қабілеттері арқылы оның қазақ тарихындағы

алатын орны анықталады. Зерттеуде Бұқар жыраудың қазақ халқының бірлігі мен мемлекеттілігін сақтаудағы тарихи еңбегі қарастырылады.

XVIII ғасыр қазақ халқының тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл дәуірде қазақ даласы жоңғар шапқыншылығының зардаптарын бастан кешіп, шығыста Цин империясы, солтүстікте Ресей империясы сияқты алып мемлекеттердің геосаяси мүдделерінің тоғысу аймағына айналды. Осындай тарихи жағдайда Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) елдің тәуелсіздігін сақтау мен мемлекеттік саясатты қалыптастыруға белсенді қатысқан көрнекті тұлға ретінде тарих сахнасына шықты.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Бұқар жыраудың тек ақын-жырау ғана емес, сонымен қатар тарихи оқиғалардың тікелей қатысушысы, ірі мемлекеттік шешімдердің сарапшысы және қазақ дипломатиясының шебері ретіндегі қызметін анықтау.

Зерттеу барысында мынадай сұрақтарға жауап іздейміз:

1. Бұқар жырау қандай тарихи оқиғаларға тікелей қатысты және қандай рөл атқарды?

2. Абылай хан мен Бұқар жыраудың арасындағы саяси серіктестік қандай тарихи шешімдерге әкелді?

3. Жыраудың қазақ мемлекеттілігін нығайтудағы нақты қадамдары қандай болды?

Бұқар жырау өмір сүрген кезең қазақ-жоңғар соғысының шешуші кезеңімен тұспа-тұс келді. Тарихи деректерге сүйенсек, жырау жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі болды. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жазбаларында Бұқар жыраудың Абылай ханмен бірге жоңғарларға қарсы әскери жорықтарға қатысқаны, тіпті кейбір шайқастарда жауынгерлерді рухтандырып, жігерлендіретіні айтылады.

Жырау өзі туған өлкесі Баянауыл аймағын жоңғарлардан азат ету жолында белсенді күрес жүргізген. Ол Абылай ханның қолбасшыларымен тығыз байланыста болып, әскери стратегияны құрастыруға өз үлесін қосқан. Жыраудың бұл қызметі оны қарапайым ақыннан гөрі тарихи тұлға ретінде қарастыруға негіз береді.

Бұқар жырау Қалқаманұлының ерекше қызметінің бірі – дипломатиялық миссияларға қатысуы. Ол Абылай ханның елшісі ретінде Ресей империясы мен Цин мемлекетіне жіберілген делегациялардың құрамында болды. Жыраудың білімділігі, шешендігі мен дипломатиялық қабілеті оны осындай маңызды миссияларға таңдауға себеп болған.

Әсіресе, Цин империясымен қарым-қатынас орнатудағы рөлі айрықша. Бұқар жырау қазақ-қытай келіссөздерінде Абылай ханның ұстанымын қорғап, қазақ мемлекетінің мүддесін алға тартқан. Жыраудың «Қазақтың ханы Абылай» толғауында Қытаймен қарым-қатынастың күрделілігі мен маңыздылығы көрсетілген, бұл оның осы мәселеге тікелей араласқанын дәлелдейді.

Бұқар жырау Қалқаманұлы қазақ қоғамының ішкі саяси мәселелеріне де белсенді араласқан. Ол Орта жүз бен Кіші жүз арасындағы

келіспеушіліктерді шешуге, рулық қақтығыстарды тоқтатуға үлкен үлес қосты. Жыраудың «Садыр, қайда барасың?» толғауынан оның қазақ руларының бірлігін сақтау үшін нақты дипломатиялық қадамдар жасағанын көруге болады.

Бұқар жырау Абылай ханның кеңесшісі ретінде қазақ хандығының әкімшілік-саяси жүйесін жетілдіруге қатысты. Ол ханның ең жақын серіктестерінің бірі болып, мемлекеттік басқару жүйесін нығайтуға атсалысты. Жыраудың бұл қызметі ханның беделін арттырып, мемлекеттің ішкі тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталды.

Бұқар жырау мен Абылай ханның арасындағы қарым-қатынас жай ғана ақын мен патшаның арасындағы байланыс емес, екі тарихи тұлғаның стратегиялық серіктестігі болды. Жырау ханның жанында тұрақты кеңесші қызметін атқарып, маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдауда шешуші рөл ойнады.

Тарихшы Қ. Халидтің еңбектерінде Абылай ханның Бұқар жыраудың кеңесінсіз маңызды шешімдер қабылдамағаны туралы мәліметтер бар. Мәселен, Абылай ханның Ресей империясымен қарым-қатынасын анықтауда жыраудың пікірі шешуші болған. Бұқар жырау Ресейдің отарлық саясатының қауіптілігін алдын-ала көріп, ханға сақ болуға кеңес берген.

Бұқар жырау Қалқаманұлы Абылай ханның сыртқы саясатын анықтауда маңызды рөл атқарды. Ол Ресей мен Қытай арасындағы тепе-теңдікті сақтау саясатын жүргізуді ұсынған. Жыраудың «Қилы заман» толғауындағы:

«Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақырында шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Діндарының аты боп,
Күншығысқа қарайды...»

деген жолдары оның Ресей империясының отарлық саясатының қауіптілігін алдын-ала болжағанын көрсетеді. Бұл болжамдар кейінгі тарихи оқиғалармен расталды. Жыраудың стратегиялық көрегендігі елдің тәуелсіздігін сақтауға бағытталған саясаттың қалыптасуына әсер етті.

Бұқар жырау әскери-стратегиялық шешімдер қабылдауда Абылай ханның серіктесі болды. Ол жоңғарларға қарсы күрестің стратегиясын жасауға қатысып, қазақ әскерінің жеңісіне үлес қосты. Жыраудың әскери істегі тәжірибесі мен білімі оны мемлекеттік деңгейдегі шешімдерге қатысуға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік деңгейдегі шешімдер тек әскери мәселелермен шектелмеді. Жырау елдің шекарасын анықтау, көршілес мемлекеттермен сауда-саттық қатынастарын дамыту, ел ішіндегі әкімшілік-аумақтық құрылымды жетілдіру сияқты маңызды мәселелерге қатысты.

Бұқар жырау Қалқаманұлының тарихи тұлға ретіндегі ерекше қызметі – қазақ халқының бірлігін сақтау жолындағы ерен еңбегі. Ол рулар арасындағы қақтығыстарды шешу үшін арнайы сапарларға шығып, билер кеңесін өткізуге ұйытқы болды. Жыраудың «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» толғауында осы қызметінің нақты көрінісі бар.

Бұқар жырау қазақ халқының үш жүзінің бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосты. Ол Орта жүз бен Кіші жүз арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, Ұлы жүзді Абылай ханның билігін мойындауға шақырды. Жыраудың бұл қызметі қазақ хандығының біртұтастығын сақтауға бағытталды.

Бұқар жырау Абылай ханның кеңесшісі ретінде мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге үлес қосты. Ол билер сотының қызметін жандандыруға, әділ билік жүргізуге, халықтың мүддесін қорғауға бағытталған шаралардың жүзеге асуына ықпал етті. Жыраудың «Ер жігітке жарасар, Қолына алған найзасы. Би жігітке жарасар, Халқына тиген пайдасы» деген жолдары оның мемлекеттік басқару жүйесіне деген көзқарасын көрсетеді.

Бұқар жырау Қалқаманұлы Абылай ханның жанында тұрып, қазақ мемлекеттілігінің негізін қалайтын маңызды шешімдерге қатысты. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде бірлік, әділдік, халықтың мүддесін қорғау принциптерін алға тартты.

Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ тарихындағы ерекше орын алатын тұлға. Ол тек ақын-жырау ғана емес, маңызды тарихи оқиғалардың куәгері және қатысушысы, мемлекеттік шешімдердің сарапшысы, Абылай ханның ақылшысы және қазақ дипломатиясының шебері болды.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Бұқар жырау қазақ-жоңғар соғысының белсенді қатысушысы болып, әскери-стратегиялық шешімдер қабылдауға ықпал етті.
2. Ол қазақ мемлекетінің сыртқы саясатын анықтауда, әсіресе Ресей мен Қытаймен қарым-қатынасты реттеуде шешуші рөл атқарды.
3. Бұқар жырау қазақ халқының бірлігін сақтап, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге зор үлес қосты.

Бұқар жырау Қалқаманұлының тарихи тұлға ретіндегі қызметін зерттеу қазіргі тәуелсіз Қазақстан үшін де өзекті. Оның мемлекет басқару, дипломатия, халықтың бірлігін сақтау саласындағы тәжірибесі бүгінгі күні де құнды. Сондықтан, жыраудың мұрасын тек әдеби тұрғыдан ғана емес, тарихи-саяси тұрғыдан да зерттеу маңызды.

Жырау мұрасының тәрбиелік мәні де зор. Оның толғауларындағы мемлекетшілдік, елжандылық, стратегиялық көрегендік идеялары жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде қолданылуы мүмкін. Бұқар жырау Қалқаманұлының тарихи тұлға ретіндегі өнегесі қазіргі қазақстандық қоғамда мемлекеттік сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы / М.О. Әуезов. – Алматы : Ана тілі, 1997. – 240 б.
2. Жармұхамедұлы М. Бұқар жырау / М. Жармұхамедұлы. – Алматы : Ғылым, 1992. – 215 б.
3. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет / М. Мағауин. – Алматы : Атамұра, 2010. – 328 б.

4. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы / Р. Сыздықова. – Алматы : Арыс, 2004. – 290 б.

5. Мұқаметқанов Қ. Бұқар жырау шығармашылығы / Қ. Мұқаметқанов. – Павлодар : Кереку, 1997. – 180 б.

Халыкова Жанна Сергеевна

Астана қаласының №111 орта мектебі,
тарих пәнінің мұғалімі

XVIII ғасырда халық өмірінде сан қилы аласапыран, күрделі оқиғаларға толы ауыр кезеңде тұрмыс кешкен, сол кезеңнің әлеуметтік мәселелерін басымырақ жыр еткен – жыраулардың бірі Бұқар жырау Қалқаманұлы болатын. Бұқар жырау ерекше бедел мен құрметке Абылай хан билік құрып тұрған кезде ие болды. Бұқар жырау шығармалары өткір әлеуметтік мазмұнымен суралып отырған. Қалмақ басшылығы тұсында жырау шашырында елдің басын біріктіріп, қанқұйлы жауға тойтарыс беретін басшының қажеттілігін түсіне білді. Ол Абылай ханға үлкен үміт артып, оның ел басқарудағы оның елбасқарудағы саясаты мен жорықтарын қолданды. Абылай хан таққа отырған кезде Бұқар ел арасына атағы жайылған ақын, дуалы ауыз би, едәуір жасқа келген егде адам еді. Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Халқымыздың кемеңгер ойшылы, Абылай ханның кеңесшісі, «Көмекей әулие» атанған мемлекет әрі саясат қайраткері Бұқар жырау Қалқаманұлының ерліктерін ауыз толтырып айтарлықтай. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» т.б. атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. Жыраудың «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халықтың егемендігі мен бейбітшілікті, отарлауды көздеген жаулардан жыраққа, Жиделі байсынға көшу туралы мәселелерді қозғайды. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Жыраудың табиғат пен адам өмірін астастыра суреттейтін жырлары да мол: «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Әлемді түгел көрсе де», т.б. Осының бәрі жыраудың кәнігі шеберлігі мен талғампаздығын танытады. Бұқар Жыраудың толғаулары, шын мәнінде, Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша

рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі — жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі. Әсіресе, Бұқар Жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді. Абылай тұсындағы жоңғар қалмақтарының күшті ханы – Қалдан Серен. Ол – 1723 жылы қазақ елін «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшыратушы. Оны Абылай бастаған қазақтардың ойсырата жеңгенін, сондағы ханның бұйрық-жарлықтарын бұлжытпай орындаған сенімді серіктері, көзсіз ерліктерімен дараланған батырларды сипаттайды. Қазақтың қолын бастап, халқын қорғап, өмірлерін жауға қарсы күреске арнаған Бөгенбай, Ер Олжабай, Қабанбай, Наурызбай, Баян, Малайсары, Жәнібек, Райымбек, Тілеуке тағы осылар сияқты жаужүрек қолбасшылар жырауды пір тұтқан. Батырлар жыраудың бірге болуын қалап, жеңістің нышаны санаған. Өйткені соғыстың ауыр сәтінде әулие жырау ұран тастап, әскерді әруақтандырып отырған. «Әлемді түгел көру», «Аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап міну» деген данышпандық сөздері рухты мән мағыналы сөздер. Бұқар Жырау толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ойға толы пікір, ауызекі сөйлеу стиліне жатқызамыз. Жырау елдің тағдыры – «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығарып, қазақтың өзара елдігін сақтауында, сонда ғана тізгінін жауға бермейді – деп ынтымақшыл, бауырмашыл болуға шақырады. Толғаудың мазмұны мен негізгі идеялары «Ал, айтамын, айтамын» толғауында жырау ел басындағы қиындықтар мен қоғамдағы келеңсіздіктерді ашық түрде баяндайды. Ол өз заманының шындығын көрсетіп, билеушілерге сын айтады. Жырау биліктегі адамдарды әділеттілікке шақыра отырып, олардың халық алдындағы жауапкершілігін еске салады.

Көргені көп, тоқығаны, түйгені мол жырау өмір құбылыстарына іштей бойлап, заманы жайын тереңдей суреттеген, үлгі-өнегеге құрылған толғаулары кейінгіге мирас болуда. Бұқар жырау – заманындағы ел тіршілігінің бірден-бір көзі – бірлікті ту етіп ұстап, жұрт іргесінің сөгілмеуін көздеген. Өз заманының халқына саяси ықпал ете алған тарихи дана тұлға. Заманы қантөгіс ұрыстарға, тынымсыз жорықтарға дөп келген баба жырау ел билеу, қол бастау, көш түзеу істеріне қатысып отырды.

Көрнекті тұлға Ә.Марғұлан: «Бұқар жырауды Абылай ханның белгілі жыршысы, кейінгі қазақ ақындарының бірден-бір көшбасшы ұстазы» деп бағалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995.
2. Қуанғанов Ш.Т. Бұқар жырау. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1992. - 48 б.
3. Ақын-жыраулар поэзиясы. Оқу құралы – Алматы: Ғылым, 2001. - 280 б

Матаева Дана Болатовна

Астана қаласының Сарыарқа ауданы №15
мектеп-лицейі тарих пәні мұғалімі

Бұхар жырау толғауларындағы адамгершілік пен әділдік идеялары

Бұхар жырау (1668-1781) — қазақ халқының көрнекті өкілдерінің бірі, қазақ әдебиетінің ақыны, ойшылы, жырауы, өз заманының ақылгөйі әрі дана тұлғасы. Оның шығармалары терең философиялық мазмұнға ие және сол замандағы қоғамның әлеуметтік, саяси және рухани өмірін бейнелейді. Бұхар жыраудың толғауларының негізгі тақырыптарының бірі — адамгершілік пен әділдік. Оның өлеңдері өз кезеңінің рухани, әлеуметтік проблемаларына жауап беріп қана қоймай, бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұхар жырау адамгершілік, әділдік, ұлттық құндылықтар туралы көп айтқан, сол арқылы қазақ қоғамына рухани бағыт-бағдар берген тұлға болып табылады.

Ақын өз шығармаларында адамгершілік пен әділдік мәселелері негізгі орын алады. Оның айтуынша, адамгершілік — адам бойындағы ең жоғары құндылық, адамды қоғамда қадірлі, сыйлы ететін қасиет. Ол адам бойындағы ар-ұждан мен моральдық тәртіпті жоғары бағалап, адамды өз іс-әрекетінде дұрыс бағытта ұстап тұратын бағдар ретінде көрсетеді.

Мысалы, жыраудың мына өлеңінде адамгершілік пен ар-ұжданға ерекше мән беріледі:

«Өзін-өзі билеген адам – ер,
Ер көңілі байыған адам – тәңірі.
Арынан айрылған адам – қор,

Артында қалдырғаны – мұң», - деп, жырау адамның ішкі рухани күшін, өзін-өзі басқарудың маңыздылығын көрсетеді. Оның пікірінше, адам баласы ар-намысты сақтап, өз іс-әрекетін адалдықпен жасау арқылы ғана тұлға болып қалыптасады. Ар-ұжданның жоғалуы, жыраудың айтуынша, адамның барлық қасиеттерін жоғалтуға әкеледі.

Бұхар жыраудың толғауларындағы осы идеялар оның әділдік, мейірімділік және ар-ожданның жоғарылығын көрсетуге арналған пікірлерінен көрініс табады.

Бұхар жырау адамгершілік, әділеттілік және қоғамның ұстанатын моральдық нормалары туралы терең ойлар айта отырып:

«Ел болам десең, бесігіңді түзе,

Жер болам десең, сазыңды түзе.

Адам болам десең, ар-ұжданды түзе,

Өзгенің ала жібін аттама!», - деп, адам болудың негізі ар-ұждан мен моральдық тазалық екендігін түсіндіреді. Ол сонымен қатар, адамды және қоғамды түзетудің бірінші қадамы – өз бойындағы ар-ұжданды тазарту, әділ болу екенін ескертеді. Бұл ұстаным сол замандағы қазақ қоғамы үшін өте өзекті болып, адамгершілік пен әділдікке бағытталған терең философиялық көзқарасты білдіреді.

Бұхар жырау өз толғауларында әділдікті тек жеке адамның моральдық нормасы ретінде ғана емес, билік жүргізушілердің міндеті ретінде де қарастырады. Оның пікірінше, билік әділ болғанда ғана халыққа игілік әкеледі. Бұхар жырау өзінің ханға арнаған өлеңдерінде әділдікті, теңдікті басты ұстаным ретінде көрсетті. Мысалы:

«Әділ бол, халқыңды сүй,

Халықтың мұңы мен қайғысын түсін,

Жақсылыққа жақ бол,

Жамандықтан аулақ бол».

Бұл өлең жолдарында жырау билеушіге халықтың мұң-мұқтажын түсінуге, әділ болуға шақырады. Әділдік тек бір адамның емес, бүкіл қоғамның игілігіне айналуы керек. Жыраудың мұнда айтқысы келгені — билік жүргізушінің басты қасиеті әділдік, халыққа жақсылық пен қамқорлық көрсетуі қажет. Келесі өлең жолдарын оқып көрейік:

Адам болар ісі мен қылығың,

Өзіңе қара, жатқа сөзің.

Ей, адам, жүректен шыққан сөзің

Айтылғанға сай болсын бәрі!

Бұл жолдардан Бұхар жыраудың адамгершілік пен шыншылдыққа деген ұстанымын байқауға болады. Адамды өзінің жүрегінен, ниетінен тану керектігін, сөз бен істің үйлесімді болуы қажеттігін айтады. Бұл өлең жолдары арқылы Бұхар жырау адамның өз ішкі дүниесін тазартуы керек деп есептейді.

Бұхар жырау әділдікті қоғамның маңызды тірегі деп санайды. Әділетсіздік, оның пікірінше, қоғамның құлдырауына, адамдар арасындағы қатынастардың бұзылуына алып келеді. Ол халықты әділдік жолын ұстануға, өзара түсіністік пен сыйластықты сақтауға шақырады. Бұхар жыраудың өлеңдерінде әділдіктің жеке тұлғаның өмірінде ғана емес, ел басқару ісінде де маңызды рөл атқаратыны айтылады. Ол сонымен қатар, адамды және қоғамды түзетудің бірінші қадамы – өз бойындағы ар-ұжданды тазарту, әділ болу екенін ескертеді. Бұл ұстаным сол замандағы қазақ қоғамы үшін өте өзекті болып, адамгершілік пен әділдікке бағытталған терең философиялық көзқарасты білдіреді.

Бұхар жыраудың адамгершілік туралы ойлары туралы айта отырып, «Жырау» деген сөздің өзіне де назар аударған жөн. Себебі бұл сөз қазақ тілінде ақылгөй, данагөй деген мағынаны білдіреді. Яғни, Бұхар жырау толғауларындағы адамгершілік пен әділдік идеяларының көрінісі де —

халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған жырау және адамгершілік ұғымын өзінің шығармаларында үнемі айтып, елді дұрыс жолға бастауға ұмтылған тұлға болуына байланысты. Оның «Адам бол» деген өлеңінде адамгершілік туралы терең ойлар айтылған. Бұхар жырау адамды өз іс-әрекетінде, сөзінде адал болуға шақырады. Адамгершілік пен әділдік, оның пікірінше, адамды адам ететін басты қасиеттер болып табылады.

Сонымен қатар, Бұхар жырау өзінің толғауларында адам бойындағы жаман қасиеттерден — зұлымдықтан, арамдықтан, жалақорлықтан арылуға шақырады. Оның айтуынша, жақсы адам өзіне және қоғамға пайдалы болу үшін әділ, адал, мейірімді болуы керек.

Бұхар жыраудың шығармаларындағы әділдік мәселесі тек жеке тұлғаға қатысты емес, сонымен қатар бүкіл қоғамға қатысты. Ол әділдік туралы сөз қозғағанда, қоғамдағы әділетсіздікке қарсы шығады. Бұхар жырау ел басшысы мен билеушілерді әділ болуға шақырады, себебі олар халықтың тағдырын шешуші рөл атқарады. Оның түсінігінше, әділетсіз билік халықты дұрыс жолға бастай алмайды, себебі қоғамда әділдік болмаса, бәрі бүлінеді.

«Тура биде туған жоқ» деген сөз Бұхар жыраудың шығармашылығынан алынған тұжырым болып табылады. Ол әділдікті жоғары бағалап, қоғамда әділетті билік пен тәртіптің орнауы үшін күрескен.

Бұхар жырау өз толғауларында халықты әділеттілікке, адалдыққа және моральдық тазалыққа үндейді. Ол «Қара қылды қақ жарған әділдікті» барлық ісінде ұстануға шақырады. Әділдік пен адамгершілік оның шығармаларында ең маңызды философиялық құндылықтар ретінде қарастырылады. Оның шығармаларында бұл екі ұғым өзара тығыз байланыста болады, себебі әділдіксіз адамгершілік мүмкін емес деп есептейді.

Ол қоғамдағы әділетсіздіктерді сынап, әділдікті тұғыр етіп ұсынды. «Әділ патша» идеалы да Бұхар жыраудың шығармашылығында ерекше орын алады, ол қоғамның өзара сыйластықта өмір сүруі үшін билеушінің әділ болуының маңыздылығын айтып өткен.

Сонымен қатар, жырау өз толғауларында халықтың рухани дүниесін жоғары бағалаған. Ол халықтың бақыты мен тыныштығын ханның әділдігімен байланыстырады. Халықтың жақсы өмірі тек әділ биліктің арқасында ғана жүзеге асуы мүмкін екендігін айтқан:

Тар жерде тау құлапты,
Ашық жерде дау құлапты.
Әділ болар едің хан болсаң,

Жұртқа тыныштық орнатар едің, - деп, ханның әділдігі мен халықтың тыныштығы арасындағы тығыз байланысты айтады. Әділ билік орнаған жерде ғана халықтың өмірі жақсарып, қоғам бейбіт болады. Бұл өлеңнің мәні — әділетсіздік елдің тыныштығына нұқсан келтіретінін ескерту.

Бұхар жыраудың шығармаларында әділдіктің тағы бір маңызды аспектісі — ол әділ билік пен басқару мәселесі. Жырау билеушілер мен халық арасындағы байланысқа ерекше назар аударған. Әділ билік — оның түсінігінше, қоғамның әділдікті ұстануына ықпал ететін маңызды фактор. Билеушінің халыққа әділ әрі мейірімді болуы, қоғамның дамуы мен

халықтың рухани тұрғыдан өсуіне зор әсер етеді. Бұхар жырау «Әділ билік» ұғымын көп дәріптеп, оны өз шығармаларында кеңінен талқылайды.

*Әділ патша — мұрат еді,
Қара қылды қақ жарған.
Құл да болса, қиянатты,
Соттайтын болар тағдыр.*

Бұл өлеңде жырау әділ билеушінің қоғамдағы маңыздылығын түсіндіреді. Ол әділ биліктің халықтың сенімін ақтайтынын және әлеуметтік тұрақтылықтың негізі екенін айтады. Бұхар жырау әділдікті «қара қылды қақ жарған» деп сипаттайды, бұл әділдік — тек қатаң, бірақ әділетті, әркімнің тағдыры мен құқықтарын қорғаушы құрал.

Бұхар жыраудың шығармашылығында адамгершілік пен әділдік ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Әділ болу үшін адам ең алдымен өзінің ішкі дүниесін таза ұстап, ар-ұжданын сақтауы керек. Әділдік, оның пікірінше, сыртқы әлемде ғана емес, ішкі әлемде де болуы тиіс. Адам өзінің жүрегінде әділдікті ұстай білмесе, сыртта әділ бола алмайды. Сондықтан Бұхар жырау адамгершілік пен әділдікті біртұтас қарастырады.

Қорытындылайтын болсақ, Бұхар жыраудың шығармаларында адамгершілік пен әділдік мәселесі терең және кең ауқымды қарастырылатынын байқадық. Оның шығармашылығындағы негізгі идея — адамгершілікті сақтау және әділ болу арқылы ғана қоғамда тәртіп орнатуға болады. Бұл бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпаған маңызды мәселелердің бірі. Бұхар жырау өз шығармаларында әділдік пен адамгершіліктің қоғамдағы барлық қатынастарға әсер ететінін және олардың әлеуметтік әділеттілікті орнатудағы рөлін көрсетеді. Оның өлеңдері әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай, адамзаттың моральдық және этикалық негіздеріне терең әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұхтар Әуезов. «Әдебиет тарихы». — Алматы: Жазушы, 1972. 205 бет.
2. Қирабаев С. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Мектеп, 1990. 110-120 бет.
3. Кенжебаев Б. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Қазақ университеті, 2001. 131-135 бет.
4. Сүйіншәлиев Х. «Бұхар жырау және қазақ әдебиеті». — Алматы: Ғылым, 1985. 85-90 бет.
5. Жұмабаев М. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Атамұра, 1997. 250 бет.
6. Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Шығармалар жинағы». — Алматы: Жазушы, 1975. 55-60 бет.
7. Кенжебаев Б. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Қазақ университеті, 2001. 131-135 бет.
8. Сағындықұлы М. «Бұхар жыраудың әдеби мұрасы». — Алматы: Қазақстан, 2000. 105 бет.

Бектуров Ринат Шакербаевич

Астана қаласы, Б.Момышұлы атындағы
№53 мектеп-лицейі, тарих пәнінің
мұғалімі

Бұқар жырау толғауларындағы көрініс

Ғасыржасаған Бұқар жырау өзінің саналы ғұмырын туған халқына арнады. Жырау жұртты бастан өткерген ауыртпалықтың жүгін азайтуға жырымен де ісімен де қолдау көрсеткен. Аумалы-төкпелі кезеңдерде хан мен халық жанынан табылып, хандықтың көмекей әулиесіне, қабырғалы биіне сөздің мәйегін айтатын нағыз жырауына айналған. Тарихи оқиғаларды өз халқымен бірге басынан өткере жүріп, қазақ халқы үшін оңтайлы шешілуіне елеулі еңбек сіңірген.

Жырау шығармашылығына әдебиеттанушы ғалымдардың басым көпшілігі тоқталған. Шоқаннан басталатын алтын өзек әлі де жалғасып келеді. Қарт жырау ерлік пен елдікті, азаттық пен адалдықты, ақиқат пен өмір мәнін, дін мен ғылыми ойларды толғау жанры арқылы жеткізді. Авторлық әдебиеттің бірегей өкілі саналатын Бұқар Қалқаманұлы өз заманының халқының жоғын жоқтап, елдік пен еркіндікті толғаған. Туған жылы мен дүниеден өткен жылы туралы нақты ақпарат жоқ. Жыраулар поэзиясын зерттеуге саналы ғұмырын арнаған Мұхтар Мағауин еңбегінде Абылай ханнан бұрын дүниеге келіп, хан дүниеден өткеннен кейін дүние салғандығы туралы өзінің болжам, тұжырымы айтылады. (М.Мағауин, 2006:88) Сәкен Сейфуллин: «Бұқар жырау Абылайханның заманында ханның бірінші жыршы, шешен, ақылшысы болған. Бұқар жыраудың моласы Баян ауладағы Далба тауының ішінде» деген ақпарат қалдырады.

Сөздің мәйегін жүрекпен сезіне білген жыраулық өнердің қалыптасуы мен дамуы қай кезеңде болмасын құндылығын жойған емес. Қазірдің өзінде жыраулар мұрасының еш өнерге ұқсамайтын ерекшеліктері мен өнер иелерінің функциялары түрлі зерттеу жұмыстарының негізгі тақырыптарына айналды. Ұлттық ерекшелік пен миссияны қалыптастыруда да жыраулардың алатын орны ерекше. Жыраулық өнердің жан-жақты қырларын зерделеп зерттеу бүгінгі ғылым үшін маңызды әрі кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармашылығы бізге дейін зерттелген. Жыраулардың ішінде ең көп ғылыми тұрғыдан жүйелі қарастырылғаны да – Бұқар жырау. Мақаламыздың басты жаңашылдығына айналған тақырып – жырау толғауларындағы үздіксіз байланыс (синкреттілік) көріну сипатын анықтау. Жыраулық өнерге қатысты мәнін ашып, түсіну бүгінгі күн үшін маңызды. Біз осы тұста Бұқар шығармашылығындағы көрінісін ғылыми тұрғыдан зерделейміз. Бұқар толғаулары кірген «Жеті ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды» сынды жинақтардан үзінділер алынады. Бұқардың әдеби-мұрасын және өмірін зерттеген Шоқан Уәлиханов, Мәшһүр-

ЖүсіпКөпейұлы,Мұхтар Әуезов,БейсенбайКенжебаев, Қажым Жұмалиев, Мұхтар Мағауин, Ханғали Сүйіншәлиев, Қабіболла Сыдиқов, Сейіт Қасқабасов сынды зерттеу жүргізген әдебиеттанушы ғалымдардың ғылыми мақалалары мен түрлі еңбектері басшылыққа алынады.

Қазақ хандық дәуір әдебиетінің көшін жалғастырушы өнер иелерінің ішіндегі шығармашылығы оқырманға жете таныс жыраулардың бірі – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Қазақ хандығы тұсындағы орын алған барлық мәселелерді толғауына арқау еткен. Маңызды оқиғалардың жанынан табылып, пікір ғана білідіріп қоймай, дұрыс шешім шығуына себепкер болған. Шашыраған жұрттың басын біріктіріп, алмағайып заманда хан қасынан табылған.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Бұқар шығармашылығы мен өмірін зерделей келе мынандай тұжырымға тоқтайды: «...Бұл кісінің өмірі, сөзін түгендеп жазуға бір қап жан керек. Нұхтың ғұмыры керек, Аюптыңсабырыкерек,Қаронныңбайлығыкерек» делінген. Бір жыраудың бойында бірнеше қасиеттердің болуы – аталмыш өнерде жол ашты. Яғни, хандық дәуір әдебиетін қалыптастырған жыраулар хан қасынан табылып, елбасқару ісіне етене қатынасқан. Хан мен батырға дер кезінде кеңесін айтып, ел билеушісінің оң шешім шығаруына ықпал жасаған. Абыройы асқақтап, аты шыққан қолбасшылардың ерліктерінжырға қосып, ел рухын асқақтатқан. Жыраулар шежірені жақсы меңгеріп, тарихи жырлардыдажатқаайтқан.Жырау–әскербасы, қолбасы және хан жанындағы сауатты стратегиялық жоспар құрушы;

Хан мен халық арасындағы байланысты нығайтып, даулы мәселелерді де бір ретке келтірген. Хан кеңесінде сөз алып сөйлеп, жорық кезінде хан, қолбасы сынды билік өкілдерімен қатар тұрған. Жауынгерлер мен халықтың рухынкөтеріп,жорық,жаугершіліксарындарындашеберсөйлеген.Осықатарлық өп функциялы қызметтерді толық меңгерген жыраулар өнер қалыптастырды. Хандық кезеңде бір жыраудың бойынан ғана табылған өнер – Бұқар жыраудың да тұлғалық қасиеті мен тұтас өміріне орныққан. Жырау – ханға тікелей қателігін де әділдігін де қоспасыз айта алатын әділетті билік өкілі;

Бұқар жырау – саяси сауатты адам және көзсіз ерлікке барудың еш қажеті

болмайтынтұстардыханғажеткізуші.Өзіненбұрынөмірсүргенжырауларбойында қалыптасқан болжаушы, көріпкелдік қасиеттері жоғары деңгейге көтерілген тұлға. Оның бір дәлелі орыспен соғысуға әскер жинап, аттанғалы тұрған Абылайды жорығынан бас тартқызуы. Кез келген ұрыстың халық берекесін алатындығын қарт жырау білген.Бұқар жырау – халқымыздың тарих бетінде алтын әріппен қалған ең беделді ғұламаларының бірі. Қарт жырау замандастарының алды болып, барлығы байқай бермейтін кейбір мәселелерді аңғарды. Толғауларында адам болмысы мен өмір мәні, табиғат пен адамның үндестігі, тіршіліктің пайда болуы сынды түрлі маңызды тақырыптарды қамтыды. Шығармашылығы ақиқатқа жүгіну, тек қана шындықты айту деген ұғымдармен жанасып жатыр. Бұқар Қалқаманұлы адам баласы қалай бақыттыда баянды ғұмыр кешу керек деген сұраққа жауап тапқан. Адам

басына іс түскен сәтте қулыққа салынбай, тура жолды қалай таба алу керектігін де тілге тиек етеді.

Бұқар Қалқаманұлы толғауларының барлығы ізгілік атты құндылықпен сабақтасады. Қарашаның мұңы мен мұқтажын хан мен бектерге бүкпесіз жеткізе білуімен халық жадында мәңгілік қалды. Жер мен елдің бостандығы үшін жанын салып, қызмет еткен. Бұқар жырау – бітімгер тұлға. Ру арасындағы түрлі жағдайларға байланысты мәселелерді шешіп отырған. Мадақ ұранға салып руға бөлінбей, ұлт болып еңбек етуге шақырады.

Жамбыл Омари осы турасында: «Бұқар бір атаның, бір рудың намысын жырлаған ақынемес, ол халық ісін меңгерген кемеңгер» деген ой түйген. Жоғарыда біз бітімгер дедік. Бұқар заманында Сыр бойындағы орта жүз рулары Арқаның етігін жайлап, қоныстанып жатқан кез.

Арғын мен Найман ертеден бір-біріне жақын қоныстанған ел. Жақын отырған екі рудың арасы татулықпен байланған. Барлығы да бір қазақтың қамын ойлаған. Татулықпен қатар кейде келеңсіздіктер де орын алған кездер болған. Найманның ішіндегі садақтың бір жігіті арғынның Ақмырза атты азаматын жазым етіп, басы жалаға ілігеді. Қапыда кісі қолынан қаза тапқан Ақмырза арғынның қаржас тармағынан тарайды. Бұқар жыраумен ата жағынан өте жақын туысқан. Садыр жағы құн төлеуден безілді сөзден сескенді ме көштің басын Сарысуға қарай бұрды. Ізінен арғынның ғана емес қалың қазақтың атынан Бұқар Қалқаманұлы аттанады.

Жалпы алғанда Бұқар Қалқаманұлының толғауларының қамтитын аумағы өте ауқымды. Өмір мен өлімнің, ізгілік пен қатыгездіктің ара салмағын түсіндіре жырлаған. Бұқар жырау Қазақ хандығы деп аталатын мемлекеттің іргесін нығайтып, өзінен бұрынғы сөз зергерлерінің ізін жалғап, кейінгі сөз ұстайтын шығармашыл тұлғаларға өшпес даңғыл жол салып кетті, жыраулық өнер қалыптастырды. Жыраулық өнер – синкреттілікті ішкі мазмұнына қалыптастырған, бірнеше қабілеттерді жинастырған, түркі халықтарының бай тарихымен жалғасып келе жатқан, арғысы оғыздардың ұзандары бергісі жыршылық дәстүрмен сабақтасқан қазақтың төл өнері. Жыраулық өнердің қоғамдағы импакті көрсеткіші жыраулардың атқарған қызметтерімен селбесіп жатыр. Сонымен, хандық дәуір әдебиетінде өнердің барлық тармақтары ашылды. Жырау бойында қандай өнер болу керектігін де тұтас халық білді. Алтын Орда, Ақ Орда және одан ары Қорқыт заманынан жалғасқан мәдениет, өнер, әдебиет тармақтары Қазақ хандығы тұсында да жандана түсті. Сол алтын іздің өкілдері саналатын өнер қалыптастырған да жыраулар. Бұқар жырау сынды жыраулар бір өнермен шектеліп қалған жоқ.

Жырау–шығармашыл тұлға; Жырау–жыр мақамдарының негізін қалаушы, ақын;

Жырау–өмір сүрудің мәнін яғни, экзистенциялық мән іздеуші; Жырау импровизатор; Жырау–хан кеңесшісі; Жырау–соғыс кезінде әскер алдында рухани тұрғыдан жігер беретін мотиватор;

Жырау—халықтың өтінішін билік өкілдеріне бүкпесіз жеткізетін, ел үмітін арқалаған адам; Жырау—сонымен қатар қоғамның кез-келген мәселесіне позитивті тұрғыдан әсер ете алған потенциалы жоғары өнер иесі.

Зерттеу мақаламызда синкретті, яғни жырдағы айтылған ойлардың біте байланысуы, жыраулық өнердің қалыптасуына негіз болған жыршы Бұқар Қалқаманұлының шығармашылығын зерделей отырып, жыраудың тарихи оқиғаларды жеткізуші, көшбасшы, кеңесші, нұсқау беруші, хан мен халық арасын байланыстырушы, қауіптің алдын алушы, жауынгерлерді жігерлендіруші және осы қатарлы бірнеше қасиеттерді бойына жинақтаған тұлға болғанын көре аламыз. Жыраулар теңдессіз, еш өнериелеріне ұқсамайтын құндылықтарды қалыптастыруда бірнеше компоненттер сол адамның болмысынан қасиет болып суырылып шыққан. Авторлық ауыз әдебиетіне тән импровизаторлық синкретті өнерді қалыптастырушы жыраулар өмір мәнін ізгілік жолымен түсіндіре білген. Бұқар Қалқаманұлы осы «жыраулық өнер» деп аталатын ұлы өнердің қалыптастырушы жырауы болып тарихта қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлтай А. Ақын-жыраулар поэзиясы (XV-XVIII ғғ.). – Астана: Ақжолтай, 2013. – 232 б.
2. Әлтай А. Д., Жалелов Д. С. Жиёмбет жырау толғауларындағы көшбасшылық идея // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы – 2023. – №1 (142). – 119-125 бб. DOI:
3. Электрондық ресурс: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-119-125>

Айсариева Пердекуль Алданышовна

Астана қаласы, №39 кешкі (ауысымды)

мектеп, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бұхар жыраудың дүниетанымы мен философиясы: өмір, өлім, тағдыр мәселелері

Бұхар жырау — қазақ халқының ұлы жырауы, терең философиялық ойлары мен дүниетанымымен белгілі тұлғаларының бірі. Оның шығармалары — қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған аса маңызды мұра. Бұхар жыраудың поэзиясында өмір мен өлім, тағдыр мен адам рухының жай-күйі, адамның осы дүниедегі орны туралы философиялық ойлар мен түсініктер кеңінен көрініс табады. Жырау тек өз заманының ғана емес, қазіргі уақытта да өзекті болып қалатын мәселелерді қозғаған. Бұхар жыраудың дүниетанымы мен философиясы — оның өмір мен өлім, тағдыр мен тұрмыс туралы терең пайымдауларынан тұрады.

Баяндаманың мақсаты — Бұхар жыраудың дүниетанымы мен философиясындағы өмір, өлім және тағдыр мәселелерін талдап, олардың мәнін және қазіргі кездегі өзектілігін қарастыру.

Бұхар жыраудың шығармашылығының ең маңызды тақырыптарының бірі — өмір мен өлім мәселесі. Жырау өзінің толғауларында адам өмірінің өткіншілігі мен өлімнің қайталанбас шындық екенін жиі айтады. Бұхар жырау адамның өмірінің мәнін тек жеке бастың мүддесімен емес, жалпы қоғам мен әлемнің бір бөлшегі ретінде түсінеді. Оның пайымдауынша, әр адамның өмірі — уақыттың бір сәті, ал өлім — осы дүниенің табиғи үдерісі. Жыраудың өлім мен өмір туралы ойлары оның философиялық дүниетанымының басты тұжырымдарына жатады. Мысалы:

«Өмір — өткінші, өлім — шексіз,

Кетеді жан, қалмайды тән.

Бақыттысың, көңілің тыныш,

Құдайдан сәлем аласың сен», - деп, жырау адамның өмірінің өткіншілігіне тоқталып, өлімнің барлығына ортақ шындық екенін айтады. Бұхар жырау адамның өмірінің мәнін жоғары рухани құндылықтарда, оның жан дүниесінің тыныштығында көреді. Өлім — бұл табиғи заңдылық, оған қарсы тұру мүмкін емес. Бірақ өлімді қабылдай отырып, адам өз өмірінің мәнін түсінуі керек екенін көрсетеді.

Бұхар жыраудың тағдыр туралы көзқарасы туралы сөз қозғайтын болсақ, тағдыр мәселесі жыраудың философиялық ойларында маңызды орын алады. Жырау адам тағдырының алдын ала белгіленгенін, оны өзгерту мүмкін емес екенін айтады. Тағдыр — бұл тек жеке адамның ғана емес, бүкіл адамзаттың жүріп өткен жолы. Бұхар жыраудың пікірінше, адамның өмірі мен тағдыры бір-бірімен тығыз байланыста. Әр адам өз тағдырын өз әрекеттерімен, ниетімен қалыптастырады, бірақ оны толық өзгерту мүмкін емес. Бұхар жыраудың осы мәселеге қатысты ойларын оның «Қасым ханға арнау» шығармасынан да көруге болады. Ол Қасым ханға, тағдырдың адамды қалай сынайтынын және оның алдын алу мүмкін еместігін түсіндіреді. Мысалы, келесі өлең жолдарында жырау тағдырдың құдіреттілігіне және оны өзгерту мүмкін еместігіне тоқталады. Ол тағдырдың құпиясын терең түсінген адам ғана оны қабылдап, одан ешқандай қорқынышсыз өтетінін білдіреді:

«Құдайдың жолы әділ,

Жалпы жұртты таң қылдырар.

Қасиет жоқ, жаттың тілін,

Құдайға шүкір, сен де дәл қылдырар»

Сонымен қатар, Бұхар жыраудың дүниетанымындағы рухани құндылықтар мен адам болмысы туралы айта кету қажет. Себебі Бұхар жырау тек өлім мен тағдыр туралы ғана емес, адамның рухани болмысы мен өмірдің мәні туралы да терең ойларды айтады. Оның дүниетанымында адам ең алдымен өз ішкі жан дүниесін, рухани әлемін дамытуы керек. Жыраудың шығармаларында адам өз өмірінің мәнін іздегенде, ең бірінші өзінің ішкі әлеміне үңілуі керектігі айтылады. Ол адамды тек сыртқы әлеммен байланыстырмай, оның ішкі жан дүниесінің тазалығына да баса назар аударады.

«Әр адамға өз жүрегі тыңдаса,

Жолын тапқан, бағытты білсе.

Елдің қамын ойлап, сүйіспеншілікпен
Жүрсе, онда адам болып кеткені рас»

Бұл өлең жолдарында Бұхар жырау адамның өзінің ішкі дүниесін, жүрегін тыңдап, тек сол арқылы өмірдің дұрыс бағытын табуға болатындығын айтады. Оның философиясында рухани жетілу мен ішкі тыныштық адам өмірінің мәніне жол ашады. Рухани тазалық, әділдік, шынайылық — бұлар адамның болмысын дұрыс қалыптастыратын негізгі факторлар.

Бұхар жыраудың дүниетанымында тән мен рухтың байланысы да маңызды мәселе. Ол адамды тек дене емес, сонымен бірге рухани жанның бірлігі ретінде қарастырады. Жырау адамның тәні өліп, кетсе де, оның рухы мәңгілік болып қалатынын айтады. Бұл тұжырым оның өлім туралы түсінігімен тығыз байланысты. Адамның өмірінде тәннің уақытша екенін, ал рухтың мәңгілік екенін түсіну жыраудың философиясындағы басты принциптердің бірі.

*«Өлсең де жан кетпейді,
Байтақ жерге сыймайды.
Тән сол жерде қалса да,
Рух көрмейді шекара».*

Бұл өлең жолдары арқылы Бұхар жырау рухтың мәңгілік табиғатын және оның ешқашан өлмейтінін білдіреді. Тәннің өлімі, оның топыраққа айналуы табиғи үдеріс болғанымен, жанның мәңгі өмір сүруі — ол адамның табиғатынан тыс, ерекше заңдылық болып табылады.

Қорытындылай отырып, Бұхар жыраудың дүниетанымы мен философиясы қазақ халқының рухани және мәдени болмысын айқындайтын маңызды мұра болып табылады. Оның шығармашылығында өмір, өлім, тағдыр және рухани ізденістер туралы терең философиялық ойлар бар. Бұхар жырау өзінің толғауларында адам өмірінің мәнін іздеудің, өлімнің табиғи шындық екенін қабылдаудың және тағдырды түсінудің қажеттілігін айтады. Өмір мен өлім мәселелері оның шығармашылығында өзара тығыз байланысты болып, адам болмысының тереңдігін ашады. Бұхар жыраудың философиясы тек өзінің заманында ғана емес, қазіргі таңда да адамгершілік пен рухани құндылықтардың маңыздылығын түсіндіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. «Әдебиет тарихы». — Алматы: Жазушы, 1972. 210 бет.
2. Қирабаев С. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Мектеп, 1990. 120-130 бет.
3. Сүйіншәлиев Х. «Бұхар жырау және қазақ әдебиеті». — Алматы: Ғылым, 1985. 90-95 бет.
4. Жұмабаев М. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Атамұра, 1997. 250 бет.
5. Кенжебаев Б. «Қазақ әдебиетінің тарихы». — Алматы: Қазақ университеті, 2001. 135-140 бет.

6. Сағындықұлы М. «Бұхар жыраудың әдеби мұрасы». — Алматы: Қазақстан, 2000. 110 бет.

Жасұлан Хамитов

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы,
Ақбел ауылы

Қаныш Сатпаев атындағы орта мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бұқар жырауша

«Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер».
Жон арқанды сыпырып,
Қайыс қылып, таспа етер.
Маңдайыңды тілгілеп,
Мәңгүрт етер, қасқа етер.
Тамырыңнан айырып,
Болмысыңды басқа етер.
Бар өмірің қор болып,
Жылауменен босқа өтер.
Балаң туар жасық боп,
Байың қалар пасық боп.
Жат тізгінді алған соң,
Сөйлер сенен асып көп.
Атамекен жеріңді,
Иемденер басып кеп.
Ұрпағыңды құл қылар,
Қара құрттай жосып кеп.
Бұл күніңе зар болып,
Қан ағызып жыларсың.
Барар жерің тар болып,
Алладан медет сұрарсың.
Күлтөбеге жиылып,
Мәслихатты құрарсың.
Бір-біріңе бауыр боп,
Бірлікке бетті бұрарсың.
Бірлікке бетті бұрмасаң,
Кәрі ағаштай құларсың...
Азаттығың ардағың,
Ардағыңды бағала.
Қолыңдағы бар бағың,
Сіңіргейсің санаң.
Орындалды арманың,

Арман болған бабаңа.
Құдіреті күшті Құдайдан
Иман тіле балаңа.
Отаныңның иесі
Ие болар далаңа.
Тізгініңді алғызба,
Тізесіне салғызба.
Тізгініңді аларда,
Тізесіне саларда
Өзекті жанға бір өлім,
Өр мінезді, ер елім,
Бір жағадан бас көтер!

Төкенов Нұрлыбек

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы,
Шешенқара ауылы «Руханият» ҚББО

Бұқар жырауша!

Бірінші тілек тілеңіз
Бір Аллаға жазбасқа
Екінші тілек тілеңіз
Елім деп жүрген ерлерім
Қапыда қаза қалмасқа
Үшінші тілек тілеңіз
Үш жүздің басы бөлініп
Дау дамай салмасқа
Төртінші тілек тілеңіз
Төрелерім төрдегі
Әділдіктен танбасқа
Бесінші тілек тілеңіз
Бес саусақтай жиылмай
Елдігің ада болмасқа
Алтыншы тілек тілеңіз
Алауыз болып алты алаш
Сырттан келген дұшпаның
Ішіңе іріткі салмасқа
Жетінші тілек тілеңіз
Жетесіздік танытып
Ата жолдан жаңылып
Әлпештеген ұл қызың
Әдепсіз іске бармасқа
Сегізінші тілек тілеңіз
Сертке берік ұланы

Ұмыт қылып мұраны
Басқадан тәлім алмасқа
Тоғызыншы тілек тілеңіз
Топқа түсер тұлпардың
Бүгіліп белі қалмасқа
Оныншы тілек тілеңіз
Салтын білмей бұрыңғы
Аруларым бұрымды
Таңдамасын деп жол басқа
Он бірінші тілек тілеңіз
Жақсылығы дарысын
Бабасының мұрасын
Дәріптеп жүрген ар жасқа!

Бекежан Әмзе

«Ақмола облысы білім басқармасының
Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі
Өтеміс ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ директоры,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Толғауы тоқсан әулие. Арнау

Орайы келер, нобайы терең сөз өнер,
Иесін тапса Елің де құтқа кенелер!
Буынсыз тілі шүлдіреп біткен буынға,
Садаға күмән, санаға сансыз өре бер!

Қадірі кетіп, қаңқасы қалған қызыл тіл,
Толғатып өткен бабаларыңның бірін біл!
Көмейі күміс жырымен жанды жылытып,
Жүректері де рухқа толы жұмыр дүр!

Аймалап ана, арқадан қаққан атаның,
Тәлімін көріп, тарихын біліп тарамын.
Өскелең ұрпақ ұлықтау керек бүгінде,
Толғауы тоқсан әулие Бұқар бабаны!

Көнеден қалған көзімнің ағы, қарасы,
Болжамы бағдар, толғауы Тәңір парасы.
Қазақтың құты, берекесімен артады,
Дәуірлер өтіп Бұқарекеннің бағасы!

Жауһары жырдың жайылар жұртқа күн туды,
Бұқардың жыры бетпаққа біткен гүл сынды...

Кешегі буын өлмесі үшін күн кешсе,
Өскелең ұрпақ өрлеуі үшін ұмтылды!

Өскелең ұрпақ өткеннен алып өнеге,
Біліммен озық бақытқа бастап бөленер.
Бұқардың бізге қалдырған мұраларымен,
Аңсаған баба келешегіне кенелер!

«Бұқар жырау — даланың дана биі»

Абайтова Жанагул Тургынбаевна
Қосшы қаласы №1 Р.Қошқарбай атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі
Арнау

Бұқар жырау — даланың дана биі,
Шежіредей шертеді ұлы үйі.
Қалың елге жол сілтеген дара ер,
Сөз қадірін бағалаған әулиелі.

Тар заманда ту көтерген ұранды,
Жырмен тербеп, жақсылыққа құрады.
Хан кеңесін ханнан бұрын сөйлеген,
Қара қылды қақ жарған бір дара-ды.

Жетім-жесір еңсесін де тіктірген,
Түбі терең тарихы боп күттірген.
Әділдіктің ақ туындай асқақтап,
Ел намысын ерлікпенен үгіттеген.

Қаз дауысты Қазыбектей би өткен,
Төле бидің төрелігі биік пе?
Сол ұлылар санатында Бұқар да,
Шежіредей сарқылмайтын биік те.

Сөз бастаған шешендердің төресі,
Күмбірлеген көне күннің көмесі.
Даласына дәм боп біткен дара ер,
Елі сүйген ардақтының үлгісі.

Ақ найзалы аламанның алдында,
Тұрып айтқан туралықтың заңында.
Бұқар бабам жырдан өріп тағдырды,
Бекемдеген бірліктің де бауында.

Көңілдегі шерді тарқат бір ауыз,

Кеңес беріп, көкейлерді қуантып.
Бұқар жырау ақылымен, парасат,
Бұлақ болып ағатұғын бұрқақ боп.

Тарих көрген, тағылымды тілеген,
Көштің басын көсем етіп жыр еткен.
Даласына даңқы кеткен дара ер,
Бұқар жырау — рухтың ұлы білегі ең.

Асыл сөзін аманаттай жеткізген,
Ел намысын жүрегіне бек күткен.
Қарт Бұқардың кемел ойлы кеңесін,
Бүгінгілер тәубе етіп, ес білген.

Бұқар бабам — рухтың алтын өзегі,
Күмбірлеген көне заман көкжиегі.
Даламыздың даналығы, дарасы,
Еліміздің жүрегінде мәңгілік бір өшпеді!

Ащрепова Динара Арнаевна

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы,
Ботақара кенті, «Сұлтанмахмұт Торайғыров
атындағы тірек мектебі (РО)» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Әй заман-ай, заман-ай
Әй заман-ай, заман-ай,
Өзгеріп кеткен заман-ай.
Бұрынғылар қалдырған
Асыл мұра жоғалды-ай.
Аманатқа қиянат
Жасап жатыр тірі жан.
Әлсіздерді басынып,
Әлділерге табынған.
Шала әлсіз қоғам-ай!
«Әй»дейтін бір әже жоқ,
«Мен, мен» дейтін қожа көп.
Бала түгіл үлкеннің
Ақылы жоқ, ары жоқ,
Бұлдыраған ғалам-ай!
Бұқар жырау атам-ай,
Өзіңнен қатты ұялам.
Өзгерді қоғам осылай,
Бұған қалай көне алам?!

Өзің едің біз үшін
Даналықтың дарасы.
Кімге бізді қалдырдың?!
Ойланып бір қарашы.
Ата-баба арманын
Жырларыңмен жеткіздің,.
Батырлардың аңызын
Сыр қып бізге шерткіздің.
Қай заманда болмасын,
Дана халық аузында.
Нақыл сөзге айналған,
Толғауларың алтын кен.
Мен сенемін, сенде сен!

Бұқар жырауға арнау

Қазақта кім көп десең батырлар көп,
Алтын кен өлеңдері ақындар көп.
Не айтсада шындықты бетке басар,
Күйімен толғаулатқан жыраулар көп.
Жыраулар жазып өтпес өтірікті,
Бітіріп қулықпенен көп тірлікті.
Ондай жоқ қазағымда, бәрі шыншыл.
Шындықпен қаратады көпшілікті.
Жырау жайлы сұрасаң бізден сұра,
Қалдырған ақыл-кеңес, қымбат мұра.
Даналығы шек білмес, ол- ақылгөй,
Атыңнан айналайын, Бұқар баба!
Заманы қиын болды бұраңдаған,
Сол дәуірде өмір сүрді қыран бабам.
Жырымен тебірнетті бар әлемді
Көзінде нұр, жүрегінде от лаулаған.

Айтуар Боранбайұлы

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы,
Ботақара кенті

Бұқарша ой толғау

Өлең десе, әрқашан елең елім,
Келешегің көктемдей кемел елім!
Жыраулардың зер салса толғауына,
Көкесін көрер едің өнегенің!
Төртеу түгел болса, егер, уа, ағайын,
Толықтай келеді онда төбедегін...
Бүгінгінің әкімі Абылай болса,

Бұқар болып өлеңді төгер едім...
Бұл далама көз алартса жау, дұшпаным,
Батырлардың ұрпағымын, жан пида деп,
Бастарыңа қаһар боп төнер едім!
Сын сағатта ерттеулі атқа қонар,
Сақадай сай әрқашан ерен ерің!
Көктемдей пейілмен келер болса,
Көңілімнің ұшырар ем көбелегін!
Ақын болып мен, осы не бітірдім,
Жазылған мардымды бір жоқ өлеңім!
Жауқазындай жыр емес, құр әншейін,
Сахараның шырқын бұзған ебелегім!
Ойлар болсам, Құдай маған бәрін берді,
Ал мен оған қайтарып не беремін?!
Бірді айтып, басқаға кетіппін ғой,
Тазалап алғаным жөн ой елегін...
Бақытты болса егер, әр қазағым,
Ғаламат сезімге мен бөленемін,
Бұқардайын абыздың ұрпағы - асыл,
Жаулайтұғын әманда өнер-өрің!
Жаңғыртайық діліміз, тілімізді,
Жаһан білсін елімнің төл-өнерін!
Бір қазаққа егер де қауіп төнсе,
Күллі әлемнің алдында шөгер едім!
Бабадан тараған ек о басында,
Абадан боп, тіл үшін жөнелемін.
Санасына сіңсін әбден жастарымның,
Лұғат сөз, жыр-маржан, көне өлеңі!
Бұқар үні шарласын ғаламдарды,
Тосқауыл боп, оны ешкім бөгемегін!
Кәміл сенем, елімнің ертеңі ерек,
Терезесі өзге елмен теңелерін!
Азғындықтан ада боп жүрсін мәңгі,
Қол-аяқ, көз бен сөз, денелерің!
Мүмкін болса, әттеген, жамандықты,
Кәдімгідей көр қазып көмер едім...
Аяқтан шалу деген қажет емес,
Бәйге алса бір қазақ аламанда,
Мың қазақ боп қиқула, деме елім!
Шадыман күй, шат көңіл, болса ғой деп,
Осы жырмен жеткізейін деген едім!
Күндеріңіз күлсін тек, пай, жамағат,
Көк тіресін үнемі төбелерің!
Иттік қылмай, бауырмал болайықшы,
Ит жесін аяғанды сеннен, елім!

Астана қаласы
Қасым Қайсенов атындағы
№27 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Садихина Алмагуль Дюсенбаевна

Сәлем –сөздің анасы

(Бұқар жырау ізімен)
Сәлем-сөздің анасы,
Көңілдің бір панасы.
Басталған әр ісіміз,
Сәлемменен жарасты.

Ата салтын, ар ұжданың,
Бойыңа жиар әр ұланың.
Сәлем беріп үлкен жасы да,
Сөз қадірін білген досың да.

Сәлем-ниет, әсем нұр,
Көңілдегі көркем сыр.
Шындап айтқан ақылдың,
Алдыңғыға жетерең дүр.

Есті жанға ескерту,
Тәртіп пенен тектілік.
Сәлем берген әр адам-
Көңілге төккен мейірлік.

Хан да, қара-бәріне,
Ортақ парыз, шын ізет.
Сәлем-елдің есігі,
Сыйластық қой ол ниет.

Сәлеміңмен ел таныр,
Көреген жердің баласын.
Көңіліңнен мұз кетер,
Сәлеммен тез тарасын.

Қадірлі ер қашанда,
Қалдырмас сәлем-хатты бос.
Сәлем-жүрек жаршысы,
Адалдықтың басшысы.

Бұқардай дана сөз айтқан,

Бір айтпаған, мол айтқан.
«Сөз қадірі-ел қадірі», -
Деп халқына жол ашқан.

Сәлем –салттың асқары,
Бабалар жолы,асқағы.
Босағадан кеп аттаған,
Жас келіннің бастауы.

Қонақ келсе, жол тосқан,
«Сәлем бер!»деп сөз қосқан.
Бата алып, қол алысқан,
Салтыммен халқым толысқан.

Қазағымның жасай берсін дәстүрі,
Өсе берсін азат елдің жастары.
Сәлем сөздің мағыналы тынысы,
Азаймасын, өсе берсін ырысы!

Мазмұны

1.	Алғы сөз.....	4
2.	Абдрахманова Гулжаухар Жалгасбаевна.....	6
3.	Агадилов Багдат Балтабекұлы.....	9
4.	Алпысбаева Назгуль Абдильдаевна.....	12
5.	Альжанова Назгуль Сапарбековна.....	16
6.	Апенцова Бейнегуль Тлеужановна.....	17
7.	Ахмедова Саламат Оразовна.....	20
8.	Ахметова Назгуль Муратовна.....	24
9.	Байшокина Айжан Сайыновна.....	27
10.	Бердешова Баянсулу Бекполатовна.....	32
11.	Букетова Гульмира Калиевна.....	35
12.	Генжегулова Алима Есенкосовна.....	39
13.	Джунусова Айнур Балгабаевна.....	41
14.	Дулатбай Күлхан Кеңесқызы.....	43
15.	Ермухамбетов Бауыржан Ермухамбетович.....	46
16.	Есимсеитова Алмагуль Жаппасовна.....	49
17.	Ескулова Арманай Аширалиевна.....	53
18.	Жумагулова Шолпан Амантаевна.....	57
19.	Исина Гульдариға Есламбековна.....	60
20.	Искакова Мереке Ардаковна.....	62
21.	Калиева Самал Жанабиловна.....	66
22.	Кенжебекова Жұлдызай Құдабайқызы.....	68
23.	Қуанбаев Серік.....	71
24.	Қанат Оралгүл.....	74
25.	Қазмағанбет Айбар Ғалиханұлы.....	77
26.	Кожаметова Жанат Кенжебековна.....	80
27.	Масалимова Гаухар Аскарбековна.....	85
28.	Мекебай Әсемгүл.....	88
29.	Мустекова Раушан Каримовна.....	91
30.	Муқымжанова Жаныл Омановна.....	94
31.	Нурбаева Риза Абылаевна.....	96
32.	Нарботина Зина Кокашевна.....	99
33.	Нурканова Жұлдыз Ағибаевна.....	103
34.	Оразалинова Дана Алпысбаевна.....	105
35.	Оспанов Еркебулан Ақарысович.....	107
36.	Рахымжүнісова Жарқынай Жұманқызы.....	113
37.	Жетписбаев Еркін Рахымбаевич.....	117
38.	Сағандықов Темирлан Камалович.....	120
39.	Садыкова Гүлмира Жумабаевна.....	123
40.	Сауыт Жұмагүл Қабидоллақызы.....	126
41.	Такебаев Руслан Манарбекович.....	129
42.	Туребекова Балкия Темирхановна	133
43.	Хабдулин Габит Токшилыкович.....	136

44.	Халыкова Жанна Сергеевна.....	139
45.	Матаева Дана Болатовна.....	141
46.	Бектуров Ринат Шакербаевич.....	145
47.	Айсариева Пердекуль Алданышовна.....	148
48.	Жасұлан Хамитов.....	151
49.	Төкенов Нұрлыбек.....	152
50.	Бекежан Әмзе.....	153
51.	Ащрепова Динара Арнаевна.....	155
52.	Айтуар Боранбайұлы.....	157